

00.5(5К93)

M 82

к



Алаш тұрасы

ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ



3

13-31345  
M.2



ШИРМЫК КАЗАКСТАН  
ОДЫРЧИН СІЛДІ  
ШИРМЫК КАЗАКСТАН ОРДЫҢДАРЫН  
МЕДЕХТЕТ САСЫРМАСЫ



Медехтет  
пәндертері

А. Н. БАЙЖАНОВА  
О. Г. АБДУЛАЕВА  
А. А. АБДУЛАЕВА  
А. А. АБДУЛАЕВА

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

# ҚАЙЫМ

---

# МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАФЫ

Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТИНІҢ "ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ"  
ФЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

83. 3/6/2009

M 82  
к



# ҚАЙЫМ

---

# МҰХАМЕДХАНОВ

3

Абайдың  
ақын  
шәкірттері



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2005

**ББК 84 Қаз 7  
М 83**

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы:  
М. Құл-Мұхаммед, Е. Қосубаев, Ф. Әннес, С. Қаскабасов, М. Қойгелдиев,  
З. Қабдолов, С. Қирабаев, К. Нұрпейіс, Р. Нұргалиев.

Жауапты редакторы — филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жүртбай.


Колжазбалар мен фотосуреттер Қайым Мұхамедхановтың балалары — Мұслиманың, Розаның, Жәнібектің, Назымның, Бекеттің, Қанаттыйң, Динаның, Дегдардың, Қарлығаштың және Қазыбектің отбасы архивтерінен алдыны.

**Мұхамедханов Қ.**

**М 83 Қөп томдық шығармалар жинағы. 3-том. —Алматы, “Алаш”, 2005. —328 бет.**

**ISBN 9965-669-53-8**

Белгілі әдебиетші ғалым Қайым Мұхамедхановтың (1916–2004) көп томдық шығармалар жинағының бүл үшінші томына оның Құнанбай немерелері: Ақылбай, Мағауия, Турагул Абайұлдары, Қекітай Ыскакұлы, Әрхам Қекітайұлы және Әубәкір Ақылбайұлы туралы жазылған зерттеу мақалалары және осы атапған ақындардың архивтерден ғалымның озі тапқан тол шығармалары топтастырылып отыр.



**М 4702250200**  
**00(05)-05** — хабарландырусыз—2005

**ББК 84 қаз 7**

**ISBN 9965-669-53-8-(T.3)  
ISBN 9965-669-35-X**

**© Мұхамедханов Қ., 2005  
© “Алаш”баспасы, 2005**

## АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТЕРИ

Абайдың ақындық өнердегі тарихи еңбегі қазақ халқының мәдени даму, өркендең өсү жолындағы ерекше елеулі кезеңдерінің бірі болды. Абай – өз халқының ең ардақты асыл арманын, ой-пікірін, сезім-сырын жеріне жеткізе жырлай алатын жаңа бағыттағы, жаңа жазба әдебиеттің атасы. Қазақ көркем әдебиетінің корікті әдеби тілін шырқау биікке көтөріп, өркенін өсіріп, байытқан ұлы ақын Абай екені даусызы.

Көркем әдебиеттің заман талабына сай келіп, биік идеялы, терең магналы болуы – ең негізгі қағида деп білген Абай, “куатты ойдан бас құрап” шыққан құдіретті қөркем жырымен халықтың сана-сезімін сергітіп, ел конілін өмірдің келелі мәселелеріне аударып, болашаққа бой ұрган мұрат-мақсатының жетекшісі болды.

Қазактың ақындық өнерін нағыз халықтық, ұлттық биік дәрежеге көтерген, тұңғыш кеменгер қалам қайраткері де Абай.

“Ұлы жазушы өз елінде қандай орында болу керек болса, бүкіл орыс жүртшылығының көз алдында, сондай ардақты орынға ие болған тұңғыш ақын Пушкин болды”, – дейді Н. Г. Чернышевский (Н. Г. Чернышевский. “О классиках русской литературы”, 1949, стр. 70).

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың ие болып отырған құрметті орны жайында да, Н. Г. Чернышевскийдің Пушкин туралы айтқан осы өділ ой-пікірін, айнитпай айта ала-мыз.

“Ақын” деген ұғым, Абай атымен, оның әдеби еңбегімен келіп үштасқаннан бастап, қазақ әдебиеті тарихында жаңа мағынаға ие болып, ең ардақты атаққа айналды. Ақынның қоғам өміріндегі орны, халық алдындағы міндеті, абырайлы мұрат-мақсаты бұрынғыдан әлде қайда айқындала түсті. Абай әдебиет майданына шыққаннан бастап, қазақ жазба әдебиеті тарихында “акын” деген ұғым саяси-әлеуметтік мәні зор, құрметті абырайға ие болды.

Алексей Максимович Горький А. С. Пушкинге арнаған мақаласында:

“Әдебиеттің өте маңызды үлттық мәні бар екендігін бірінші рет көре білген, кеңседе, патша сарайында отырып қызмет істеуден де артық деп санаған Пушкин ғана. Жазушының атағын жоғары көтерген, қол жеткісіз биікке шығарған да Пушкин. Пушкинше: ақын халықтың барлық сезімі мен ойын жарыққа шығаруышы, ақын өмір құрестеріне толық түсініп, суреттеп беру үшін туады”, – дейді (М. Горький. “Әдебиет туралы”, 1949, 79-бет).

Пушкин туралы М. Горький атап айтқан ардақты биік дәрежеге қазақ әдебиеті тарихында түңғыш ие болған да, ақынның атағын жоғары көтеріп, қол жеткісіз биікке шығарған да – Абай. М. Горькийдің Пушкинге арнап айтқан ойпікірін, асыл сезін Абайға да арнап, қаймықтай қайталап айтуымызға өбден болады. Абайдың өзін сөйлетіп көрейік:

Адамның кейбір кездері  
Көңілде алаң басылса,  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім  
Тас бұлактың суындей.  
Кірлеген жүрек өзі ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап  
Үйқыдан көніл ашар көз.  
Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,  
Алды-артына қаранар.  
Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан зұлымға,  
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға  
Сынатып көрген-білгенін.  
Білдірер алыс-жақынға  
Солардың сөйле дегенін.

Ізалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, аңы тіл.  
Не жазып кетсе, жайы сол,  
Жек көрсөндер, өзің біл.

Ұлы ақын Абайдың осы бір өлеңінің талдау мәселесін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке берейік:

— “Абай бұл өлеңінде шынайы ақындық шабыт үстіндегі шарқ ұрарлық, өскелен қалды алады. Еліктеу жок, бірақ, өз түсінігімен, өз тілімен көріктеп берген осы өлеңінде Абай Пушкин дәстүрін анық еске түсіреді. Орыстың ұлы классигі жазған “Поэт” және “Поэту” деген өлеңдеріндегі ақын шабыты турасындағы аса биік саналы түсініктер Абайдың өлеңінен анық бой көрсетеді.

Сонда Пушкиннен ақынның құрбандық тілейтін Аполлон, біздің ақында “тәнірге” айналады. Жайшылықта көптің ішіндегі көрнекісіздің бірі бол жүрген ақынның шабыт үстінде шалқып кететіні айттылса:

...Кірлеген жүрек өзі ішін  
Тұра алмас өсте жуынбай...

...Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар, —

деуменен шабыт үстіндегі ақын қатардағы адамнан асқындалап озып, биікке кетеді, — дейді. Сол биігінен қарағанда, айналадағы тіршіліктің бар зұлымдығын айқын көріп, іркілмей ашып береді”, — дейді.

Пушкинше ақынның көрегендігі ұябасар бүркіттің қыратылығына теңеледі. Абай да өзіндік, халықтық теңеуді анық өз бойынан бейне етіп отырып толғайды.

...Кыранша қарап қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан зұлымға,  
Шиыршық атар толғанар.

Әділет пен ақылға  
Сынатып көрген-білгенін,  
Білдірер алыс, жақынға  
Солардың сойле дегенін... —

дейді.

— Осындағанамен жауыздық, надаңдыққа кектенген

әділ сыншы қоғамдық шындықтың үкімін айтады. Жалтармай, жасқанбай бар сорақылықты басқа соғып, көзге шұқып айтады.

...Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, аңы тіл.  
Не жазып кетсе, жайы сол,  
Жек көрсөндер, өзиң біл, —

дейді.

— Улгіні, үлкен гуманистік дәстүрді орыстың классик поэзиясынан ала отырып, ақын қазақ әдебиетіне және де жаңаша бір міндет артып, сап таза сипат бітіреді. Әрі мәдениетті ақындық дәстүрін әкеледі. Әрі соны окушысына ерекше жақын етіп, қамқорлықпен үғымды, қонымды етіп береді. Және де әсіреле ақын атаулыға, шынымен халыққа жақын жазушы боламын деген қазақ жасына жол нұсқайды. Сатымсақ, ардан кешкен арзан ақын болма, жуандарға қостаушы, құптаушы, кошеметші болма, қайта олар істейтін жауыздықтың шындығын ашып, әділет пен ақылдың тілшісі бол, өмір сорақылықтарының үкімшісі бол дейді.

— Бұл тұста Абай, сөз жок, Чернышевский атаған әлеуметтік, эстетикалық талапты түгел актайды. Чернышевскийдің ойы бойынша, ақын өмір шындығына түсінік беріп, шешу айтып қана қоймау керек, ол өмірдің бар мініне үкім де шығару керек. Абай өз ақындығын қоғамдық тартыстың актысы деп түсіндіргенде, осы Чернышевскийдің нұсқаган түрғысынан барып шығады (М. 0. Әуезов. “Абай Құнанбаев”. Мақалалар мен зерттеулер. 1967, 159–160-беттер).

XIX ғасырда бүкіл дүние жүзінде ең озық идеяның жаршысы болған, еркіндіктің ұранын, бостандықтың туын көтерген орыс әдебиеті еді.

Абай көркем әдебиетте Пушкин бастаған, Пушкин атасы болған реализм мектебінен үлгі-өнеге алды. Сыншыл реализм әдеби мектебінің тұңғыш негізін салған да Пушкин. “Евгений Онегин” романы сол мектептің алғашқы қаланған іргетасы сияқты еді. Пушкин шығармаларынан “Евгений Онегин” романын таңдал алып, романнан аударма жасауы Абайдың терен ойлы кеменгерлігін көрсетеді.

Пушкин шығармаларының негізгі идеясы – патща үкіметтінің деспотизміне қарсылық, халықтың правосын қорғау, халыққа деген сүйіспеншілік, әділетті жақтау, бостандықты аңсау. Бұл Пушкин заманындағы ең озық идея болатын. Гуманизм, өмірге құштарлық, оптимизм – Пушкин поэзиясының қасиетті қағидасы. Пушкиннің сан сала-

лы, әдеби көркем мұрасы – орыс халқының шындық өмірінің айнасы.

Пушкиннің үшан-теніз әдеби мұрасын негіз ете отырып, данышпан сыншы Белинский өзінің реалистік эстетикасының қағидаларын жазды.

Орыстың XIX ғасырдағы ең ірі жазушыларына Белинскийдің идеясы өнегелі мектеп болды. Орыс әдебиетінің ұлы классиктері Белинскийді өздерінің өрі қатал, өрі әділ сыншысы, айнымайтын, аумайтын терең негізді озық ой-пікірлердің жетекші-көсемі, ұлы ұстазы деп санады.

Белинский Пушкиннің орыс әдебиеті тарихында алатын орнын анықтап, оның үшан-теніз, әр жақты әдеби мұрасын талдау үшін тарихи түрғыдан қарады. Россияда бүкіл бір ғасыр ішінде жазылып, жарияланған әдеби шығармаларды шолып шығып, ақын-жазушыларға дұрыс, әділ баға беріп, олар туралы бұрынды-сонды айтылған үшқары, негізсіз қым-қигаш сын мен пікірлерден аршып, арылтуға тұра келді.

Абай Белинский еңбектерінен бүкіл орыс әдебиетінің тарихын, даму жолдарын үгып, біліп зор мектептен өтті.

Пушкиннен басталатын реалистік мектептің өүелгі іргетасын салысушы жазушының бірі – Крыловты Абайдың аударуы, орыс әдебиетіндегі озық идеяның, жаңа бағыттың негізі мен дамуын терең түсінінде.

Абай тек Пушкиннің данышпан ақындығына бас иіп, орыс әдебиетін талғаусыз қызықтаушы ақын емес, сол сияқты еліктеуші болған ақын да емес. Пушкиннен басталған орыс әдебиетіндегі жаңа бағытты, оның даму жолдарын Абай терең білген.

Пушкиннің нағыз мұрагері, өз заманындағы жауыздыққа қарсы ыза мен кектін жырын жырлаған, Россияның аспанағына төнген қара түнекті қақ жарып, жай отындей жарқылдаған жалынды ақын Лермонтовты Абай ерекше бағлады. Лермонтовтың отты жыры Абайдың да жүрек сырына жалғасады. Тар заманының қапасынан еркіндікке бой үрган екі ақынның терең сезімінен тебіреніп шыққан жырлары іштей жалғасып, үнемі үндес келіп отырады.

Абай – XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің даму жолындағы әдебиет майданындағы күрестің қазақ даласындағы жақтаушы калам қайраткерінің бірі.

Белинскийдің Гоголь туралы және Гоголь бастаған орыс әдебиетіндегі “натуралдық мектеп” туралы айтқан терең пікірін Абай түгелдей қабылдайды. Абай “натуралдық мектептің” ұстаған жолының дұрыстығын мақұлдарап қана қоймай, қазақ әдебиетіне сыншыл реализмді енгізеді. Орыс

әдебиетіндегі “натуралдық мектеп” қазақ әдебиетіндегі Абай бастаған жаңа бағытқа өнеге болады. Абай сыншыл реализм жайындағы Белинскийдің қағидаларын өзінің ақындық өнеріне негіз, жол-жоба деп біледі.

“Қазақ халқының XIX ғасырда ояны мен жаңаруына басшы болған Шоқан, Ыбырай, Абайлар Белинский ойлары мен өситеттерінен, үлкен сындарынан мол нәр, тәрбие алған. Абай шығармаларындағы, Алтынсарин өситеттеріндегі халық қамын жейтін сан толғауларды Белинский енбектерінен аудысқан өнімді ойлар өсерін тану қын емес”, – дейді Мұхтар Әуезов.

XIX ғасырдың 50–60-жылдарында Белинскийдің идеялық мұрагерлері Чернышевский бастатқан революцияшыл-демократтар, данышпан сыншы Добролюбов, Салтыков-Щедрин, Некрасов сияқты ұлы ақын-жазушылар болды.

Белинский қайтыс болған соң орыс әдебиетіндегі реалистік бағытты жақтап, оның ілгері даму жолындағы күрес туын Чернышевский көтерді. Чернышевский “таза көркемөнерді” жақтаушыларға қарсы күресіп, Белинскийдің идеясын қорғап, ілгері дамытты.

Алпысыншы жылдардағы осы идея өсіреле Некрасов пен Салтыков-Щедрин шығармаларынан жарқын түрде көрінеді. Чернышевскийдің реализм жайындағы озық пікірі Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың әдеби шығармаларының негізгі идеялық мазмұны болады. Чернышевский Некрасовтың поэзиясын, Салтыков-Щедриннің шығармаларын халыққа деген мақаббаты үшін, айқын реализмі үшін ерекше бағалады.

Чернышевскийдің Пушкин, Толстой, Островский туралы жазған мақалалары 60-жылдардағы әдебиет сыннының тамаша үлгілері еді.

Чернышевский бастатқан демократтардың Абайға тигізген игілікті әсері Абай шығармаларының идеялық-мазмұнын онан сайын терендетеіп, өмірге сыншылдық қозқарасын онан сайын күштейтті.

Чернышевский “орыс әдебиетіндегі Гоголь дәуіріндегі очерктер” жайындағы мақаласында орыс әдебиетіндегі сыншыл реализм Гоголь шығармаларынан басталғанын айқыннады. Чернышевский көркемөнердің мақсатын айта келіп, әдебиеттегі реализм идеясын терендете түсті.

Көркемөнер өмірді суреттеумен бірге өмір құбылыстаурына өзінің үкімін айтуга тиісті. Әдебиет бұқара халықтың мұддесін қорғауға міндепті, әдебиет қоғам омірінде белсенді әлеуметтік күш болу керектігін Чернышевский ерекше атайды. Крепостнойлық құрылышты сынап, өшкереleуде ол

кезде көркем әдебиетте Гогольге тендес жазушы болмап еді. Сондықтан Чернышевский Гогольді ұлы жазушы деп бағалап, Гогольдің әдебиет мектебінің орыс әдебиеті тарихында алатын орнына үлкен мән берді.

Абайдың әлеуметтік тақырыпта жазылған өлеңдерінің Гоголь, Салтыков-Щедрин, Некрасовтармен үндес болып отыруы орыстың демократ жазушыларынан алған үлгі-өнеге еді.

Абай XIX ғасырдағы орыс әдебиетін өзіне зор мектеп еткенде, сырттай еліктеуші емес, орыс әдебиетіндегі реалистік дәстүрді қазақ әдебиетіне творчестволық жолмен қабыстыруышы болды.

Абайдың ұлылығы – өзінің өскен орта, туған елінен қол үзбей, қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетін сын көзімен қарап менгерे отырып, орыс халқының мәдениетін өзіне өнегелі мектеп етуінде.

Абай поэзиясы қазақ халқының үлттық мақтанышы. Өйткені, Абайға дейінгі бір де бір ақын қазақ халқының өмірі мен түрмисын Абайдай кеңінен қамтып, терең жырлап бере алған жоқ.

Тек қана Абай өлеңдерінен: қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, салт-санасы, үлттық ерекшелік қасиеттері бар жағынан түгел көрініп, сезілетін. Мұндай ақындық дәрежеге XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде ешбір ақын жеткен жоқ.

Қазақтың жаңа әдебиетінің атасы, ұлы ақын “Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп үтіну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасына арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Әсіреле, бұлардың саны, Абай шығармалары қазақ сахрасына жайыла бастаған сайын молая түсken”, – дейді Мұхтар Әуезов. Және 1909 жылы ұлы ақынның өлеңдер жинағы басылып шыққан соң, “Абайға еліктеп өлең жазушы ақындар Қазақстанның кай жерінде болса да кездесетін болады”. “Бұл жағынаң қарасақ, – дейді Мұхтар Әуезов, – XX ғасырда Абайдың әсері көпке жайылып, кең өріс таба береді. Ақын мұрасының өзінен соңғы қазақ әдебиетіне бұлайша қатынасуы, оның жалпы қазақ әдебиет тарихына көрсеткен үлгісі, әсері деп түсінеміз”. Бұл мәселені зерттеу тексерулер XX ғасыр әдебиет тарихының міндеттіне қарай ауысатының айта келіп, Абайдың өз айналасында үнемі бірге болып, ұлы ақынның анық жақын шәкірті болған ақындардың шығармаларын

зерттеу мәселесіне көніл аударды. Мұхтар Әуезов “Абай шәкірттері туралы” атты мақаласында:

“Абайдың көзі тірісінде, оның айналасына жинаған талапкер, өнерлі жастардың саны көп болған. Бұлардың ішінде әншілер, композиторлар, халық фольклорын жырлаушылар, әнші ақындар, орыс мәдениетін білуге талпынған жай көзі ашық жастар аз емес еді. Бұлар әр буыннан шыққан болатын. Иштерінде жас жағынан Абайға тетелес: Көкбай, Мұқа, Бейсембай ақын сияқтыларынан бастап, Абайдың балалары: Ақылбай, Мағауия және інісі – Кәкітай сияқты көп адамдар болады...” – дейді.

Ақылбай, Мағауия, Көкбай сияқты ақындар туралы айта келіп, Әуезов:

“Бұлардың еңбектерін шолуда, алдын ала есте тұтатын бір жайды ескерте кету керек. Ол – осы шәкірт ақындардың еңбек үлгілерінен және айқындалп көріне түсетін, Абайдың езінің ерекшелігі болады.

Озге ақындар “шәкірт” деп аталған соң, Абай, әрине, олардың басшысы – ұстаз ақын болмакка керек. Әрбір әдебиеттік мектеп осындай аға мен іні ақындардың екі буыннан құралатын болса, ең алдымен сол әдебиеттік мектепте басшы ақынның бағыты, өзгеше идеялары, өз халқының әдебиет тарихына кіргізген анық тарихтық, көркемдік жаңалықтары – қысқасынан айтканда, барлық қасиеттері, әралуан түрде бой көрсететін болады”, – дейді.

Мұхаң осы айтқандарын ғылыми түрғыдан дәлелдеп, 1950 жылы “Абай шәкірттері туралы” атты әдеби зерттеу мақаласын жазып, онда Ақылбай, Мағауия, Көкбай ақындардың шығармаларына талдау жасап, өмір тарихтары жөнінде мағлұмат берген болатын.

Ол кезде Абай шәкірттерінің шығармалары, өмірбаяндары туралы тарихи деректер толық жиналып, зерттеле қойған жоқ еді. Сондықтан Мұхтар Әуезов Көкбай ақын туралы макаласында: “Абай мектебінің, өзгелерден көбірек жазған көрнекті адамының бірі – Көкбайдың ақындық, шығармалық еңбегі жиналып зерттелмегендіктен, біз өзірше оның тарихтық еңбегін, Абайдың мұраларына істеген қызыметі жағынан көбірек бағалап отырмыз. Өзіндік мұралары туралы өзіргі тексеру, талдау жұмыстарымыздың жеткіліксіз болып отырғанын өзіміз мойынға алып, бұның себебін, Көкбайдың көп шығармалары жиналып, жарияланбағандықтан екенін айтумен, өзірге сөзді аяқтаймыз”, – дейді.

Ол кезде Көкбайдың, Мағауияның қай кезде, қайда

окығаны жөнінде де нақтылы тарихи мағлұмат жоқ болатын. Және Ақылбайдың “Зұлыс” поэмасының кейінгі табылған бір тарауын Мұхтар көре алмады.

Қазір Қекбайдың бір талай шығармалары жиналып, зерттелді. Қекбай мен Мағауияның өмір баяны жайында архивтен тарихи нақтылы деректер табылды. Абайдың басқа шәкірттерінің де шығармалары жиналып, өмір тарихтары туралы архив материалдары мағлұм болып отыр. Әріп ақынның өмірі мен қызметі туралы әдебиет тарихында, оқулықтарда жазылып жүргендегендің де тарихи негізі жоқ, үстірт айтылған сөздер. Әріп Тәнірбергенов жайында нақтылы деректер архивтерден табылып, тағы бірталай жаңа өлеңдері жиналып, зерттелді. Әсет ақынның өмірі мен творчествосы жайында соңғы кезде қызықты мақалалар жарияланып жатқаны мәлім.

Мұхтар Әуезовтің ақыл-кеңесі бойынша, Абай шәкірттерін зерттеу мәселесімен 1940 жылдан бері шұғылданып келе жатқан әдебиетшінің бірімін.

Мұхтар Әуезов: “...Абайдың шығармаларын, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын әңгіме еткенде, Абай тәлім-тәрбие беріп өсірген, немесе оның тікелей әсері тиғен шәкірттерін еске алмай болмайды”, – деп жазған еді.

Ұлы жазушы, кеменгер әдебиетші—ғалым, абайтану ілімінің негізін салған Мұхтар Әуезов: “Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ”, – деген болатын. Мұхаңның дәл осы сезін Абай шәкірттерін зерттеу мәселесіне арнап, айнаңтай қайталап айтуға әбден болады.

Абайдың ақын шәкірттері туралы сөзді Ақылбай, Мағауия, Турагүл – яғни ұлы ақынның өз балаларынан бастаймыз.

## АҚЫЛБАЙ АБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ

(1861–1904)

Ақылбай Абайдың Ділдә деген бәйбішесінен 1861 жылы туған тұнғыш баласы. Ділдәдан Ақылбайдан басқа Әбдірахим (Әбіш), Магауия деген балалары болған.

Құнанбайдың кіші өйелі Нұрғаным, өзінен бала болмағандықтан, Ақылбайды кішкене күнінен өз бауырына басады. Ақылбай туғанда Абайдың өзі де жас, жана отау иесі еді. Сөйтіп, Ақылбай жас күнінен Нұрғаным тәрбиесінде болып, Құнанбай баласы, Құнанбайдың кенже тоқалының еркесі атанаңып еседі.

Ақылбайды Нұрғаным жас басынан бетімен жіберіп, аса шолжың ерке бала етіп өсіреді. Ақылбайды тек 9–10 жас шамасында, Құнанбайдың указной молдасы атанған Фабит-ханға окуға береді. Ақылбай 4–5 жылдай молдадан оку оқиды. Одан әрі оқымайды. Ақылбай бір жасынан бастап, Нұрғаным қолында өскендіктен және Абайдың 16 жасында туған баласы болғандықтан, өз әкесі Абайға баласы сияқты емес, ағайындас Ырғызбайдың бір мырзасы сияқты көрінеді.

Құнанбай өзімен тең жерден қыз айттырып, Ақылбайды үйлендіреді.

“Өзімен тең жер” деген сөзімізді түсіндіре кетейік. “Біржан-Сара” айтысында Сараның аузынан айтылған:

...Құдайдан қорықкан Арғын осал демес,  
Қарадан хан боп шықкан Қисық ерді, –

деген сөз бар. Қисық Тезекұлы Найман ішінде Мұрын рұының басшы адамы. 1844 жылы құрылған Кекпекті (Семей облысы) округінен аға сұлтан болып сайланған. Сондықтан Қисықты: “Қара қазақтан шығып, хан болған” деп дәріптейді.

Найман рұының шежіресін өлеңмен жазған Қырықмыл-тық Сулеймен би, Қисық шежіресін былай таратады:

...Көшкімбайдың баласы Тезек дейді,  
Тезек ұлы Қисық хан найман білген.  
Жұмақан, Қасен, Әлсейіт, Нұрпейістер —  
Төртеуі хан баласы улғі көрген.

Құнанбай, өзі сияқты қарадан шығып “хан” болған, яғни аға сұltан болған, өзімен тенденс Қисықтың Жұмақан деген баласының қызы Ізіқанға құда түсіп, Ақылбайды үйлендірген.

Үйленген соң Ақылбайға енші бөліп беріп, Құнанбай бұл баласын да жеке бір ауыл етеді. Бұл кездердегі біраз жыл, Ақылбай сияқты Құнанбайдың жаңа отау көтерген мырзасының ауылы болып, сауық-сайранмен өтеді. Жасынан көрген тәрбиесі, үшқан ұсы, Құнанбай аты Ақылбайды масаттандырауды. Ақылбай жас күнінен талантты домбырашы, өлеңші де болады. Бірақ ол Құнанбай атағына, нағашыларының ата аруағына масаттанатын. Бұл кездердегі Ақылбай айтатын өлең сарыны:

Нагашым ер Қазыбек әулие өткен,  
Фәниден уақыт жетіп о да кеткен.  
Сасқан жан жер шетінен бабам десе,  
Аруағы көз ашқанша келіп жеткен, —

деген сияқты болатын. Ақылбайдың “Нагашым ер Қазыбек” дейтіні: Қаракесек, Қаздауысты Қазыбек би. Оның баласы Бекболат би, оның баласы Тіленші би, Тіленшінің баласы Алшымбай би, Алшымбайдың баласы Жүсіп. Жүсіптің қызы Ділдәға 1860 жылы Абай үйленген. Абайдың Ділдәдан туған тұңғыш баласы Ақылбай.

Ақылбайдың “Нагашым ер Қазыбек” — дейтіні сол. Сейтіп Ақылбай Абай маңына да жақын тартып жуынқырамай, сирек қатынасып жүреді. Сонымен қатар Ақылбай соншама ақ көңіл, алды-артын ойламайтын, аңқылдаған адам болған. Бір іске көңіл аударып, бет қойып беріліп кетсе, аса қабілетті де болады.

Ақылбайдың жас күнінен өкесі Абайдан аулак өскенін, оның ақ көңіл аңқаулығын пайдаланып, Абай дүшпандары өке мен баланың арасына от жағып, зұлымдық айла жасап, екеуін мүлдем ажыратпақ та болған.

Абай баласының осындай мінездеріне, жасынан көрген жағымсыз тәрбиесінен пайда болған әдеттеріне қатты кейіп “Ата-анаға көз куаныш” деген өлеңін (1890) жазады.

Абайдың бұл өлеңі талпынбай жүрген талантты Ақыл-

байға үлкен ой салып, қатты толғантады. Бұл кезде Абай ауылы нағыз үлкен үлгілі мектепке айналған болатын. Ақылбай жігіт ағасы болып қалған кезі де еді.

Енді бұданбылайты Ақылбай өмірі Абай алдында ақын шәкірт болып, өзінің талантты інілеріне ақын аға, Ақыл аға атанып етеді. Ақылбай аса шебер музықант, домбыра, гармонь, скрипкаға жүйрік, мақтаулы өнерпаз болады.

Құнанбайдың мырзасы атанып, “бұлғыннан ішік киіп” бұлғақтап өткізген мағнасыз өмірін Ақылбай қалжың-шыны аралас:

Бұлғыннан ішік кидім көмшат жаға,  
Сарп еттім дүниені білмей баға.  
Талай қыз “Ақылжан” деп түрушы еді,  
Дейтүғын сүмдүк шықты-ау: “Ақыл-аға”, –

деп кейін өлең етеді. Бұл өлеңнің арнаулы әні де болған.

Ақылбай – Абай төңірегіндегі әр жақты талантты шәкірттерінің бірі. Ақылбайдың ақындығымен бірге ән шығаратын композиторлық өнері де болған.

“Ақылбай сауықшыл әнші, скрипкашы болатын... Домбыраға қазақтың ескі күйлері: “Азамат қожа”, “Бұлаң жігіт”, “Бес тере”, “Асыр қалша” деген күйлерді тартатын. Скрипкаға Абайдың әншісі атанған Мұқадан үйренген бірнеше түрлі орыс күйлерін тартатын. Дойбы ойынына Ақылбайды ұтатын адам бола қойған жоқ”<sup>1</sup>, – дейді Ақылбайдың замандасы Рақымжан Мамырқазов.

Оз ойынан шығарған біз білетін екі әні бар. Біріншісі, “Ішік кидім бұлғыннан көмшат жаға”. Екіншісі, мынандай өлеңмен айтылады:

Матай да алыс бірталай жер деген соң,  
Бір ән тауып Әлекем бер деген соң.  
Он минутта ойыма осы ән түсті,  
Қапаш-құпаш көнілді сермеген соң.

Бұл кейінгі өнді Матай еліне, Абайдың бір баласы, Ақылбайдың інісі Тураштың қайнұна күйеу жолдас болып бара-рында әнші Әлмағанбет: “Ақыл аға, бір жаңа ән тауып берші”, – дегендеге қолма-қол айтып берген әні екен.

Ақылбайдың жастық, махабbat тақырыбын жазған көп-

<sup>1</sup> Рақымжан Мамырқазовтың естегісінен, Абай музейінің қолжазба қоры, номер 23, 24-беттер.

теген өлөндері болады. 1895 жылы Әбдірахим өліміне жазған жоқтау өлеңі болған. 1904 жылы інісі Мағауия қайтыс болғанда жазған жоқтауы сақталған.

Ақылбайдың ақындық атын тарихта қалдырған оның поэмалары. Ақылбайда бізге мәлім ондай поэмалар үшеу. Ол: “Дағыстан” (“Кәрі Жұсіп”), “Зұлыс”, “Жаррах батыр”.

“Жаррах батыр” поэмасы бізге жетпеген. “Зұлыс” поэмасының баскы бір-екі бөлімі ғана сақталған. Бұл поэманың үзіндісі 1924 жылы “Сана” журналының 2–3 санында басылған. “Дағыстанның” (“Кәрі Жұсіптің”) үзіндісі 1918 жылы “Абай” журналының 5 санында жарияланған.

Ақылбай жас кезінде төрт-бес жыл Құнанбай аулының молдасынан ескіше оқып хат танығаннан басқа, үзап оқымаған. Абайдың үлгі-өнегесімен Ақылбай заманының саналы азаматы, әдебиетке шын берілген ақын болады. Абайдың әдебиет, өнер-білім жайындағы, адамгершілік, мәдениет жайындағы өсиеті Ақылбайдың дүниеге көзін ашады. Әсіресе, орыс мәдениетінен өнеге алуы, орыс әдебиетінен үлгі алып өсуі, ақындық таланттына кең жол ашады. Ақылбай Абай осиетін тыңдалғанда емес, өз бетімен орыс ақындарын окуға, терең түсініп ұғуға қолы жетеді. Пушкин мен Лермонтов Ақылбайдың сүйікті ақындары болады. Осындағы ұлы ақындарды оқып, өнеге алған Ақылбай – қазақ әдебиетінде тұңғыш Кавказды жырлаған ақын.

Ақылбай үстазы Абайдың ақылымен тау халқының өмірінен “Дағыстан” (“Кәрі Жұсіп”), Африкадағы зұлыстар жайынан “Зұлыс” сияқты тамаша романтикалы поэмалар жазып, қазақ әдебиетінде поэма жанрының жаңа түрін дамытқан, талантты мәдениетті ақын.

Ақылбай өкесі Абаймен бірге 1893–1894 жылдар Семей қаласындағы бастауыш білім беру ісіне қамқорлық жасайтын Қоғамның толық мүшесі болады. Сөйтіп өз түсінда мәдени-агарту ісіне де қатынасқаны байқалады<sup>1</sup>.

Ақын өмірінің соңғы жылдары ауыр қайғымен өтті. Әйелі қайтыс болады. 1895 жылы інісі Әбдірахим (Әбіш) қайтыс болады, 1904 жылы екінші інісі Мағауия қайтыс болады. Мағауияның соңынан көп кешікпей өкесі Абай қайтыс болады.

Ақылбай Абай өлімінен қырық күннен соң, әкесінің қырқын берген күні, 1904 жылы 43 жасында Семей қаласында кенеттен қайтыс болған.

<sup>1</sup> Отчет совета Общества попечения о начальном образовании в г. Семипалатинске за 1893/94 год.

Ақылбай бейіті Семей облысы, Абай ауданы, өз қыстаяу – Тышқан бұлағының қасында.

Ақылбайдан үш бала болған: Әлімкүл, Әубекір және Исаил.

Исаил скрипка, домбыраға шебер музыкант еді. Өз әкесі Ақылбайдан және Мұқалардан естіп үйренген қырыққа тарта қазақ, орыс күйлерін орындағайтын. Олардың ішінде “Ала байрақ”, “Бұлаң жігіт”, “Кертолғау”, “Балбырауын”, “Саймақтың Сары өзені”, “Азамат қожа”, “Бес төре” сияқты қазақтың халық күйлері, Абай әндері, орыс музыкасынан: “Тоска по родине”, “Осенняя мечта” деп өз естуінше атап тартатын күйлерден басқа, аттары есінде жоқ талай ән-күй орындағайтын еді.

## “ДАҒЫСТАН”

“Дағыстан” поэмасының тақырыбын ақын шәкірттеріне Абай өзі ұсынады. Бұл поэманды жазуға Ақылбай, Мағауия, тағы бірер шәкірті кіріседі. Поэманды бәрінен бұрын жазып шығып, оқыған Ақылбай болады. Ақылбай жазған “Дағыстан” Абайға және барлық ақын шәкірттерге ұнайды да бұл тақырыпты менгерген Ақылбай деп үйғарады.

Поэмандың тақырыбы әділет пен жауыздық күресі, “Махаббат пен гадаут майдандасқан” тартыс. Әділет пен жауыздық тартысы – Абай поэзиясының негізгі бір желісі. Махаббат мәселесі мен әділет, адамгершілік мәселесі Абайда бір-бірінен бөлеқ емес. Махаббаттың мәні адамның бас бостандығында. Байлық пен ескі әдет-ғұрып, зорлық, жауыздық үстем болып тұрганда махаббат бостандығына, адамның бас еркіне, бостандыққа жол жок. Ондай бостандықтың жолы – күрес. Поэма осыны жырлайды. Өзінің сенген жолына шексіз берілген, бірбеткей, ер мінезді, қайсар жандардың жеке дара бейнесі мен ерекше мінез-құлықтары, іс-әрекеттері суреттеледі. Ескі әдет-ғұрып, салт-сананы бұзып, еркіндікке бой ұрган, махаббаты үшін құрбандыққа бас байлаган ер мінезді тау халқының ер ұлы, өзет қызы сипатталады.

Поэмандың оқиғасы: Пушкин мен Лермонтов бастатқан орыстың ұлы ақын, жазушыларының ақындық қиялын қанаттандыратын, еркіндік аңсаған қоңілдерін шалқытып, өлең-жырының “бесігі болған” қарт Кавказда отеді.

Поэмандың бас тұлғасының бірі – кәрі Жусіп. Бұл ежелгі қаталдық, жауыздық бейнесі. Зұлымдықтың тұлғасы сияқ-

ты қарт Жүсіп. Жүсіп басынан бір ауыз сөз асырмаған, қаһары мен қанжары қатар жүретін Дағыстанның әрі бай, әрі батыры. Қарсы келгенде қанмен жуып, өзінен ешкімнің артықтығын асырғысы келмейтін өзімшіл, тәккаппар. Жүсіпте адамға деген рақымшылық жоқ. Кеудесі кектің үясы. Поэмадағы жауыздық бейнесінде қаһарлы қарт Жүсіптің бір беткей кесек тұлғасы суреттеледі. Оның зұлымдығы сипатталады.

Жүсіптің өзіне тартқан бес бірдей ұлы бар. Оның бәрі де ер, бәрі де қайсар қатал жандар.

Осылардың ортасында сусыз шөлге шыққан бір тұп қызыл гүл сияқты Зәнира. Ол бүкіл черкестің аузындағы сұлуы, алақанында аялаған аруы. Поэмада жауыздыққа қарсы қойылатын тұлға осы Зәнира және оның ғашығы Жәберәһил.

“Дағыстан” поэмасының құрылышы, оқиғаның даму жолдары қазақ поэзиясында бұрын болып көрмеген жаңалық. Ақын поэмасын тәккаппар қарт Кавказдың тамаша тұлғасын суреттеуден бастайды.

Қазақтың “Қап” дегені Кавказ серек,  
Төнірім сұлу, биік еткен ерек.  
Ақырып айдаһардай жүз толғанып,  
Тауды бұзып тас жарған долы Терек...  
Кавказды сұлу қылған құдай қалап,  
Көрген адам кете алмас тамашалап.  
Белгілі ер черкестен көп халық бар,  
Сол тауда өмір сүрген жанасалап, —

деп поэмалың уақиғасы қай елде, қандай жерде өтетінін әйгіләп айтып берген соң, сол елдің өзіне тән ерекше мінезін сипаттайды. Дағыстан елі өр мінезді өзімшіл, қайтпас қайсар ер, ашуы алда, ызакор, кешірімсіз кекшіл, қатал, жау жүрек, қытығына тисе, қанжар жұмсаудан тайынбайтын, басқа елден ерекше мінездерімен сипатталады.

Сейлейін сол таудағы Дағыстаннан,  
Жауменен жалығу жоқ шабысқаннан.  
Күні бүтін іркіліп көрген емес,  
Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан.  
Әдеті ата мұра баяғыдан,  
Айтылар әнгімесі аяғынан.  
Қаны қызыса қанжарын қайтармайды,  
Басқа елдің бұрын сермен таяғынан.

Уақиғаға араласатын елдің мінездемесін баяндап берген соң, ақын енді таң атып келе жатқан сәттегі Кавказ табиғатының тамаша көрінісін суреттеп, көз алдыңа әкеледі.

Ақ жиек, көкшіл сұрғылт сәуле берген,  
Мұнартқан Кавказ буы көтерілген.  
Алтын шатыр сәулесі тау басында,  
Атырабы мәлім болды талай жерден.  
Бұлбұл құс үйқысынан көзін ашып,  
Түріне гүл, бәйшешек таңырқасып,  
Күн ыстығы тускенше сермелік деп,  
Үнін, жұнін түзетті жабырласып.  
Квінттей үнін түзеп шырқатады,  
Көмейін қайырып, толғап ыргатады.  
Толғантып тоқсан екі мұн мен зарды,  
Тәнірінің берген үнін зырлатады.  
Сайраған құмыры бұлбұл үні шықты,  
Кемпір қара шәлісін бүркеп тықты.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Елеріп тік қарайды Кавказ мықты... —

деп табиғат бейнесін әрі әдемі, әрі әсерлі етіп сипаттап бергеннен кейін, талай-талай соғыстың күесі болған Дағыстанның қалаларына көңіл аударады.

Сөкпе қалса созімнің шалалары,  
Кітапта жазған орыс даналары.  
Бұрын неше соғыста ойран болған,  
Көрінді Дағыстанның қалалары, —

деп, Дағыстан қалаларын суреттей отыра, ұстазы Абай қадірлейтін орыс жазушыларын Ақылбай да құрметтеп, олардан тағлым алғанын айқындаپ айтЫП және оларды жайғана ақын, жазушы деуді олқы көріп, “даналар” деп ерекше зор сүйіспеншілікпен атап айтады.

Қалалардың жайын баяндай келіп, ақын енді бір қаланың ішіндегі бір үйге назар аударады. Ол үй поэмалың басты кейіпкерінің бірі — Жұсіптің мекен-жайы.

Бұзылған Дағыстанның қу қаласы,  
Көрінді қарт Жұсіптің үй ханасы.  
Жұсіп түр қайғы басқан үй алдында,  
Дүниенің әсер бермей тамашасы, —

деп ақын уақиғаға кірісіп, тартыс желісін тартып, қайғы басқан Жұсіптің жайына көшіп, уақиғаның түйінін түйеді.

Осындағанда отырган Жұсіпке үйден шығып, “асырып дегбірі жоқ асып-сасып” бір әйел келеді.

Жұсіп айтты қатынға: шақырды ма,  
Көрейін жалғызымды болса нәсіп! –

дейді, Әйел: Шақырған жоқ. Әкенде шақырайын ба дегенде де бір ауыз жауап қатпады, жалғызының халі ауыр, – деген жауап береді. Осы сөзді естігенде, түнеріп отырган карт Жұсіп терең күрсініп, өмір бойы істеген жауыздығы көз алдына келеді. Сол жауыздық ісінен шеккен қайғы мен қасірет көзінен “улы жас” болып агады. Ақын Жұсіптің осы бір күйініш кезеңін, атқан оқтай, қайтарып алуға болмайтын, зұлымдық ісінің екінші үстіндегі халін былай деп суреттейді:

Жас ыршып екі көзден ытып кеткен,  
Тоқтамай сорағытып әжім беттен.  
Жуан, қалың, білектей бурыл мұртқа  
Домалап улы жасы барып жеткен, –

дейді.

Ақын Кавказ тауының айдынды тұлғасын, сұлу табиғатын оқушысының көз алдына әкеліп, Дағыстанның кәрі Жұсіпінің сол Кавказдың қойнында қайғы-қасіретке батып еніреп отырган күйімен поэманның оқиғасын түйіндейді.

Сөйтіп барып:

Жұсіптің қандай іспен өскендігін,  
Басынан қандай өмір кешкендігін,  
Баяндан үқтыруға жаңа келдім,  
Неліктен осы қайғы түскендігін, –

деп шегініс жасап, оқиғаны енді басынан бастайды.

Дағыстанда жасынан елге мәлім тәкаппар Жұсіп батыр – басынан бір ауыз сөз асырмайтын, өр көкірек, маңынан жан баспайтын кекшіл.

Отты көз, өр көкірек батыр Жұсіп,  
Тік қарап, тұра ажалмен қарсыласқан, –

дейді ақын.

Білімді, қалжыңға ұста, сөзі майда, әрі батыр, әрі мерген, бір кемпірдің жалғызы, Ибраһим деген жігіт болады.

Дағыстан елінің он екі айда бір той жасап, бас қосып, кім мерген, кім ер, кім жақсы — осы тойда әңгіме болады. Сол атақтың, сол мактаудың бәріне Ибраһим ие болып мадакталады. Оның үстіне Ибраһим Жұсіпке бір қалжың айтса: “Тұрпайы тасырлыққа тап келген сон, долданып Жұсіп ыза бола қапты”, — дейді ақын.

Осы кектің түйінін улы қанжар шешеді. Тауда арқар атып жүрген Жұсіпке Ибраһим кездесіп, Жұсіп ата алмаған арқарды атып жығып, тағы зілсіз қалжың айтады. Жұсіп осы арада Ибраһимді қапылыста қанжар салып өлтіреді. Ибраһимнің жалғыз шешесі, баласын өлтірген жауыз жанға ана атынан қатты қарғыс айтып, зарлық етіп өледі.

Әртүрлі Әлі кемпір зарлық етті,  
Әлбетта бұл қарғысын қабыл етті, —

дейді ақын. Кім қабыл етті? Ол — жұмбак. Ақынның сенетін бір күші бар, тағдыры бар. Ол — жауыздықты жазалаушы күш. Ол — әлі көзге корінген, шындық өмірдегі күш емес, арманнан туған күш. Жауыздық жазаланады деген сенім.

Жұсіп жауыздықтың бейнесі, ол бір тамырланып алған зұлымдықтың тұтас тұлғасы сияқты.

Жұсіптен бес үл туып ер жетеді.

Ақынның поэмадағы сүйікті тұлғасы Зәнира. — Зәнираны ақын ерекше сипаттайды.

Зәнираны көрген жанда қалмайды ес,  
Қара қасы қыылған, көзі нәркес.  
Алақанға көтеріп, аялады,  
Бұл бір жан деп өзгеше бүкіл черкес.  
...Бұралған тал шыбықтай қыпша белі,  
Бес үлдың ортасында шыққан гулі.  
Женіл басып, киікше жүреді деп,  
“Фазел” деп атын қойған оның елі, —

деп Ақылбай сұлуының сипатын әрі шебер, әрі дұрыс береді. Кавказ тауында өскен Зәнираның киікше жеңіл басып жүруін көркемдік бейне етіп алу ақынның ол елге лайық шындықты жақсы түсінгенін көрсетеді.

Ақын Зәнираны сипаттай отырып “Тақпактап жарамайды айта берген, қызды әркім мактағанын көзім көрген” — деп үстазы, өз әкесі, Абайдың сұлулық тақырыбына жазған, өз “көзі көрген” тамаша өлеңдерін есіне алып, әзілдің де үшігын сездіреді.

Ақын Зәнираның сыртқы сұлулық сипатына:

“Ақылы, міnezі мен тұлғасы сай”, –

деп келеді.

Сол Зәнираға ғашық: “жарлының бір жалғызы ер Жәбәрәнил есті, сұлу, ерлік бар қабағында”. Жәбрәнил кедей, ғашықтығын айта алмай, іштей күйеді. Жәбрәнил мақсатқа жетуге оңай жол іздемейді. Жүсілтен үміт жоқ. Оған мал керек. Жәбрәнил Дағыстанның жауына аттанады. Бұл сапарға Жүсіптің Әлі, Мұса деген екі баласы да аттанып, екеуі бірдей қаза табады. Жәбрәнил жауға қарсы ерекше ерлік көрсетіп, Жүсіптің екі баласының сүйегін жау қолынан алып шығады. Қатты жараланып қайтып, ұзак үақыт жатып, жазылады.

Сөйтіп Жүсіптің қолынан қаза тапқан Ибраһимнің шешесі Әлі кемпірдің қарғысы Жүсіп басына келе бастайды.

Бір күні Жүсіптің Жағыфар, Таир деген балалары Кавказға аң атуға шығады. Тауда жүргенде нөсер жауын жауып, қатты дауыл соғып, екеуі бірдей суға кетіп өледі.

Тағы бір күні тауда аң атып жүрген Жәбрәнилмен Рахым кездеседі. Рахым Жүсіптің ендігі қалған жалғыз кенже баласы еді. Жәбрәнил: “Рахым, саган айттар бір мұңым бар, аттан түсіп сөйлессек болар ма еken?” – дейді.

Керіліп кекір Рахым аттан тұсті,  
Тәқаппар зор көкірек сондай құшті.  
Өзін артық онымен тең көрмейді,  
Менсінбей азар ғана сөз сойлесті.  
— Рахым, құрбылас еді сенің жасын,  
Әрекет бір қайғыңа менің басым.  
Зәнирадай әйел адам жарала ма,  
Өзгеше көрінеді қарындастын.  
...Жіберді сонда Рахым тасырлыққа,  
Ешқашан сендей жанға бас үрдышқа па.  
Зәнираның сұлулығын хұп білемін,  
Сұрамақшы шығарсың қатындыққа!

Жәбрәнил сұрайын деп жүргенін жасырмайды. Бұл сөзді естігендеге Рахым:

— Бұл сөзге мен көнбеймін, әкем көнсе,  
Азғырган сен кедейдің тіліне ерсе.

Әкемнің де құлы көп сен секілді,  
Атылып өлмеймін бе саған берсе, —

дейді. Ер жүрек, намысшыл жігіт Жәбрәһил де тайынбайды. Рахым қамшы жұмсайды. Ерегестің ақыры қанжарласуға ұласып, Рахым қатты жарапанады. Қансырап жатқанда біреу кездесіп, үйіне жеткізгенде: “Әке”, “Зәнира”, “Жәбрәһил”, “Кегім” деген сөздерге ғана тілі келеді де, Рахым өледі.

Жұсіп ант етіп, қанды кек қуады. Зәнираға да ант еткізеді.

Жәбрәһил қашқын болып, тауды паналайды. Ағасының қазасынан кейін, қайғылы қөңлін көтеру үшін Зәнира тауға шығып журуді әдет етеді.

Ақылбай ақын енді екі жастың басындағы ғашықтық драманы соншама шиеленіскең халде суреттейді.

Әдет қып Зәнира шығар тау басына,  
Бұлбұл көніл қоя ма аумасына.  
Ояуда ойлап, тусінде көрген емес,  
Бір жұмыс кездеседі сау басына.  
— Ей, Фазел, қасыңызға рұқсат па! — деп,  
Күніренген үн шығады тау басында,  
Фазел де естіген соң мұндан зарды,  
Жүрек сезді жігітте ғашық барды.  
Ағынымен үйіне қайтса дағы,  
Япырмай, бұл қалай деп аң-таң қалды,  
Зәнира кетті үйіне қадам басып.  
Ғашықтан құтыла ма адам қашып.  
Көзін жұмса жігіт тұр сұп-сұр болған,  
Не болды деп қараиды көзін ашып.  
Ғашықтық Зәнираға да келіп түсті,  
Еркектен әйел дерті болар күшті.  
Таң атқанша көзінен бір кетпейді,  
Жас жүрекке тұсірді мұндан істі.  
Ертең тұрып сол тасқа тағы барды,  
Іздеген сол жігіті кез боп қалды.  
Күнде көріп, жолығып, ойнап-куліп,  
Ғашықтың ынтық болған дәмін алды.  
Жетіпті мұратына екі ғашық,  
Қосылып бір-бірімен айқаласып.  
— Қарағым, мұнда тұрмай, бір шет жаққа,  
Кетейік осы арадан аулақ қашып, —

десе Жәбрәһил, Зәнира: “Әкемнен сұра, мені саған берер...”

— дейді. Жәбрәһил осы жерде бар сырын ашып, “әкең мені өлтіруге бөгелмейді, мен Жәбрәһилмін, сен дағы ант еткенсін, егер өлтірем десен, мен дайынмын” дегенде:

Білгені қызға жаман кетті батып,  
— Қасқунемге кез кеппін қарап жатып.  
Жалғыз баурым Раҳым естен шығып,  
Мен ит болған екем деп кетеді атып.  
— Өлтірмек Зәһира сенің уағдан бар,  
Не қылсаң да мен дайын, міне қанжар.  
Кетсең де өлем, бәрібір өлтірсөн де,  
Мен жазықты болмаймын, оны да ангар.

Сөйтіп Жәбрәһил қанжарын қыз қолына беріп, адал сырын ашады:

Зәһира өткір қанжарды қолына алды,  
Қане, айтышы, естиін деп өткен халді.  
Алса дағы маҳаббат кекті жеңіп,  
Қолынан қанжар жерге түсіп қалды, —

дейді ақын.

Зәһираның қолынан түскен қанжар, кәрі Жұсіптің қолынан түспеді. Аңдып жүрген Жұсіп Жәбрәһилді өлтіреді.

Енді жалғыз қызы Зәһира қайғыдан өлім халінде жатыр:

...Баста айтқан кәрі Жұсіп қапалығы,  
Сонда Зәһира өлер боп жатқан екен, —

деп ақын поэмасын аяқтайды.

“Дағыстан” поэмасының идеялық мазмұнында Абай заманы үшін зор саяси-әлеуметтік мән бар. Поэманың оқиға желісі ескі мен жаңаңың қүресіне арналған. Ақын поэмасында ескіге қарсы қүресті арман етеді. Ескіліктің бейнесі есебінде қайырымсыз, қатал, қара күш пен зорлықтың иесі Жұсіп образы беріледі.

Жұсіп ежелгі көне ескіліктің бар белгісін басына жиган кәрі Жұсіп. Оның бес баласы сол ескіліктің қорғаушы қүші — ата-бабаның ескі соқпағынан танбаған, мылқау, мейірімсіз қүштер.

Поэмадағы бұл қара қүштер ескілік шенберінен аттауға бой үргандыққа барынша қарсы. Жұсіп өзінен басқа ешбір жаннның қандай жақсылық ісі болса да дәріптелмесін деген мақсатта. Ол адамның жеке басының еркіне қарсы. Адам-

ның өнері мен талабына қарсы. Ондай істен ескілікке қарсы шығатын қүш туады деп үрэйленетін Жұсіп, өзіне жағымсыз деп білгеннің бәрін аяусыз құртып отырмақ. Жұсіп адамшылық армен, адам қанымен есептеспейтін, ескі сеніммен қатып қалған қатыгез, қайырымсыз жан.

Ақын поэмада сондай ескілік бейнесі етіп суреттейтін Жұсіпті, әдейі кәрі Жұсіп деп беріп отыр. Жұсіп жайы жырланғанда, қаталдыққа мейірімділікті қарама-қарсы қойғандай, табиғат бірде майысқан гүл мен ағашты суреттеген күйде берілсе, бірде тас бауыр Жұсіпті:

Әр жерінен ажалдың иісі шығып,  
Суық түспен қарайды кәрі Кавказ, —

деген суық суретке мензей сипаттайты. Ақын жауыздықты әшкерелейді. Сонымен қатар поэмада жауыздық катты жазаланады. Жазықсыз Ибраһимді өлтірген Жұсіп жазасын тартады. Ақын тамырланағып, тарамданып өскен ескілік зұлымдыққа әділет балтасын шабады. Жұсіптің айналасы — бес баласы түгелдей қазаға ұшырап, кәрі Жұсіпке әділет үкімі айтылғандай болады.

Ақылбай поэмасында Әлі кемпірдің (Ибраһимнің шешесі) зарына мән беріп, Жұсіпті тағдыр табасына ұшырату сарыны бар. Бұл — жауыздық өрби бермек емес, оған да тосу бар, жаза бар деген мақсатты дәріптең, арман ете жырлаудан туған романтизмге тән нәрсе.

Поэмадағы оқиға желісі ширап, шиелініскен кезеңде Жұсіпке қарсы Жәбрәһіл шығады. Жәбрәһіл — поэмадағы әрі жатымды, әрі басты тұлға. Жәбрәһіл де Ибраһимдей жақсы жан. Бірақ ол Ибраһимнен ерекше образ.

Адамгершілігі бар, ақ көңіл, талапты Ибраһим, көңілін аққа беріп жүріп, өзінің адап жүргегіне сеніп жүріп, Жұсіптің қолынан аңдаусызыда қаза тапты. Ақын, жауыздық — мейірімсіз, одан жақсылық күтүгеге жол жоқ деген идеяны береді. Ибраһим Жұсіптің қолынан қаза тапқанда ақын былай дейді:

Уа, дүние, қане сенің мактағаның,  
Жақсылығын орнымен актағаның.  
Қиянат жок, жалған жок, таза жүрек,  
Мынау ма жас өмірді сақтағаның.

Кәрі Жұсіп Ибраһимнің “жазықсыз жас өмірін қанмен жуған” жауыз деп әшкереленеді.

Жәбрәһіл де ададық жолындағы таза жанды, талапты жас. Ол жауға істеген қайратымен, ел үшін еткен еңбегімен,

тіпті жау қолынан Жұсіп балаларының сүйегін алғып шыққан жанқияр ерлігімен жақсы атаққа ие болып, мақсатқа жетпек. Бірақ мұндай ерлік істесе де, ол еңбегі Жұсіп алдында еленбей қалады. Жәбрәһил әлі де үміт үзбейді. Жұсіптің кенже баласы Рахымға сырын ашып, басына қамшы тигенде барып, жауыздыққа, қайырымсыз қаталдыққа көзі жетеді. Сонда барып қолына қанжар алғып, адамгершілік арын қайратымен қорғауға шығады.

Зәһира – тау халқының таза жанды, өр мінезді, асқан сұлу аруы.

Жұсіп қаншама қатал болмасын, Зәһирада атага деген жүрек бар. Зәһира бірге туған аға, інілеріне деген бауырмалдық мейіріммен қарайды. Екі ағасы тауға аң атуға кеткенде Кавказдың долы дауыл, нөсер жауынан қауіптенген Зәһираның алғып үшіп қорықкан жүрегін, жан толқынын ақын былай сипаттайды:

Сонда да Зәһира бұған сенбейді көп,  
Қан басып қара көзін, бірге ере кеп.  
Кавказға сүп-сүр болып қарап тұрып,  
Қол сермейді: – Эй, әке, келмейді деп.

Зәһира Рахым қаза тапқанда інісін өлтірген жаннан қанды кек алуға ант етеді.

Сөйткен Зәһира сүйген адамын тауып, махабbat құшалына енгенде, сол рахат, сол еркіндікке жол бермейтін жауыздықтың иесі өз әкесі, өз ағалары екеніне көзі жетеді.

Зәһира барлық ескі сенімді, әдет-ғұрыпты аттап, ата алдындағы антты бұзып, махаббатын ардақтайды. Жауыздыққа қарсы шығады.

Бәрінен махабbat күшті. Ақын поэмасын осылай қорытады.

Көрі Жұсіп, Зәһира, Жәбрәһил – поэмадагы толық жасалған көркем образдар.

Поэмада Жәбрәһил де, Зәһира да өледі. Бірақ олар жауыздыққа бас иіп өлмейді. Жауыздықпен жағаласып, махаббат бостандығы, бас еркі үшін күрес үстінде қаза табады.

Көрі Жұсіп айналасын өрт алғандай, тамыры қурап, өмірі бітіп бара жатқан бір көрі томардай болып қалады.

Әзірге үстемдікке ие сол Жұсіп. Бірақ омірі ұзақ емес. Зәһира, Жәбрәһилдердің жолы жеңеді, әділет жеңеді, ол үшін Жәбрәһил, Зәһирадай – ер үл, ер қыз керек деген ақынның идеясы поэмада ашық көрінеді.

Ескінің бейнесі көрі Жұсіпке қарсы күрескен жас

тілектер, жаңа күштер деумен бірге, ақын поэмада әлеуметтік теңсіздікті ашады. Поэманың жатымды тұлғасы Жәбрәnil кедейдің жалғызы. Жүсіппен келісе алмаудағы негізгі себеп те сол.

...Жарлының бір жалғызы ер Жәбрәnil,  
Есті, сұлу, ерлік бар қабагында, —

дейді ақын.

Жәбрәnilдің сырнының қызыға көп уақыт ашылмауының себебі оның кедейлігі, Жүсіппей байдың қызын сұрауга:

Айтуға бата ала ма байға кедей,  
Тұра ма әл келмесе кедей демей, —

дейді Ақылбай.

Поэмадағы Ақылбай романтизм сарыны шындық өмірмен тығыз байланыста.

“Дағыстан” – негізінен нағыз романтизм үлгісіндегі поэма. Поэманың басты геройларының іс-әрекеттерінде, мінез-құлықтарында әрбір геройдың өзіне тән ерекше бір сезімі баса сипатталып, асқақтата жырланады.

Қызғаныштан туған кек күн жолына түскен қатал мінезді бірбеткей қаһарлы Жүсіпті көрсек, махаббат жолына базын байлаған, айнымас адаптация көректі, өр мінезді, ізгі көңілді Зәнира мен Жәбрәnilді көреміз.

Оқиға құрылышы мен көркемдік идеяның ерекшеліктері поэмадағы романтизм стилінің белгілерін әбден анғартады.

“Дағыстан” – бұрын қазақ поэзиясында үлгісі болмаған жаңалық.

“Дағыстан” поэмасының өлең құрылышы, соз қолдану жолдары, тіл көркемдігі даусыз Абай үлгісі.

Ақылбай Терек өзенін сипаттағанда:

Ақырып айдаһардай жұз толғанып,  
Тауды бұзып, тас жарған долы Терек, —

дейді.

Бұл Абай мен Лермонтовтан алынып жатқан ақындық үлгі екені көрініп түр. “Еліріп тік қарайды Кавказ мықты”, “Кемпір кара шәлісін бүркеп тықты”, “Гүл мен ағаш майысып қарағанда”, “Суық түспен қарайды көрі Кавказ” деген сияқты метафоралар Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде болмаған. Бұл – классикалық орыс әдебиетінің, үлкен жазба

әдебиетінің үлгісі. Ақылбай поэмасы өзінің тіл көркемдігі, сөз образымен де жаңалық ерекшелігін әйгілеп тұр.

Толқынды қара шашы жібек талдай,  
Көрген адам қарайды көзін алмай.  
Аласы аз, нұрлы қара үялды қөз,  
Жаралған бір денесі қапы қалмай, –

деген Зәһира кескінін суреттеуде Абайдың сұлу қызды сипаттауы көз алдына келгендей.

Ақылбай бұлбұлдың сайрауын: “Квінтадай үнін түзеп шырқатады”, – деп сипаттайды. Бұлбұл даусын скрипканың ең жоғарғы тонды, ең нәзік бірінші шегінің үніне, квінтага салыстырып жырлауы да Ақылбайдың ақындық мәдениетін көрсетіп тұр.

Скрипкада жақсы ойнаған Ақылбай, музыка мәдениетіне де жақсы таныстырып көрсетеді. Бұл дау жоқ Әбдірахим (Әбіш) арқылы келген орыс мәдениеті әсерінің бір толқыны сияқты.

Поэмада Кавказ табиғаты асқақтаған ақындық рухта тамаша көркем суреттеледі.

Ақылбайдың ең үзап барған жері Семей қаласы мен Шыңғыс тауының сырты мен бөктері гана. Ал Кавказды, Дағыстан жұрттының мінез-құлқын жазуда козімен көріп әсер алған ақындей суреттейді. Шындықтан қол үзіп шығып кеткен қиялдан ақын мұлдем аулак.

Бұл жөнде ақынның мәдениетінен Абай өнегесі көрініп отырады. Ұстазы Абайдың:

Талап қыл артық білуге,  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге, –

деген өсietіn Ақылбай орындағанын көрсетеді.

“Дағыстан” поэмасын жазу үшін орыс классиктерін, өсіреле Пушкин, Лермонтовты қатты зер салып қығанын көреміз.

Сөкпе қалса сөзімнің шалалары,  
Кітапта жазған орыс даналары, –

деп, өкесі Абай үлгі алған зор мектеп – орыс әдебиетін ардақтаған, орыстың ұлы ақындарын аса үлкен құрметпен атайды. “Дағыстан” поэмасының үлгісі – орыс романтизмі. Орыс романтизмі болғанда, қиял дүниесіне, мистикаға

кететін романтизм емес. Жуковский жырлайтын романтизм емес. Орыс әдебиетін дамытуда революциялық маңызы болған, Пушкин бастаған прогрессившіл романтизм.

Ақылбайдың “кітапта жазған орыс дاناалары” деп сүйсініп оқып, өнеге алғаны осы Пушкин, Лермонтовтардың кітаптары. Осы ақындардың романтикалы өлең, поэмаларын өзіне үлгі етеді.

Ақылбайдың Кавказ тақырыбына жазған “Дағыстан” поэмасында Пушкин, Лермонтовтың сол тақырыпта жазылған романтикалы поэмаларының жақсы өсері тигені айқын көрінеді. Бұл жөнде аз салыстыру ретінде шолу жасауға болады.

Лермонтовтың “Демон” поэмасындағы:

И Тerek, прыгая, как львица  
С косматой гривой на хребте<sup>1</sup>...

деп келетін долы Терек өзеніне берілген сипаттау, Абайдың “Теректің сыйын” аударғандағы: “Арыстанның жалын-дай бүйра толқын” деп келетін, “Дағыстандағы”: “Ақырып айдаһардай жұз толғанып, тауды бұзып, тас жарған долы Терек” деген ақындық суреттеулердің түп атасы туысып жатқаны көрінеді.

“Демондағы” Кавказ тұлғасын суреттеудегі Лермонтовтың:

И башни замков на скалах  
Смотрели грозно сквозь туманы —  
И врат Кавказа на часах  
Сторожевые великаны!<sup>2</sup>

деп келетін сөз образдары, метафоралар Ақылбайдың “Еліріп тік қарайды Кавказ мықты” деп Кавказ тауын кесек тұлғалы, жанды бейнеде суреттеуінде де өсері айқын көрініп түр.

Ақылбай поэмасында:

Бұлбұл құс үйқысынан көзін ашып,  
Түріне гүл бәйшешек таңырқасып.  
Күн ыстығы түскенше сермелік деп,  
Үнін, жүнін түзетті жабырласып, —

<sup>1</sup> М. Ю. Лермонтов. Полное собрание сочинений, т. 2. стр. 137.

<sup>2</sup> Там же.

деп келетін жерлер сол “Демондағы” суреттерді елестеткендей.

И кучи роз, где словьи  
Поют красавиц безответных  
На сладкий голос их любви<sup>1</sup>, —

деп келеді Лермонтов.

“Дағыстандағы” кәрі Жұсіптің қайғылы халде отырған қалпын, дүниеден безіп, түнгіліп отырған кезін суреттегенде, ақын Кавказдың көркін, тамаша табиғатын, мәуелі жазды, сайраған бұлбұлды... жырлай келіп:

Жұсіп түр қайғы басқан үй алдында,  
Дүниенің әсер бермей тамашасы, —

дейді. Бұл да дүниеден безген, күгүндегі Демонның өмір қызығынан ләззат ала алмайтын күйін сипаттағандағы Лермонтов сарынына жақын келетін сипаттау.

Природы блеск не возбудил  
В груди изгнанника бесплодный  
Ни новых чувств, ни новых сил,  
И все, что пред собой он видел,  
Он презирал, иль ненавидел<sup>2</sup>, —

дейді “Демонда”.

Бұл, әрине Лермонтовтан Ақылбай көшіріп алды емес, ұлы ақыннан келген жақсы әсер, өнеге, үлкен мектеп үлгісі. Соны Абай шәкіртерінің терең үғып, жоғары бағалап үйренине білгені, творчестволық жолмен орыс әдебиетінің асыл мұраларын менгере білгені деп үгүймыз керек.

Ақылбай өзі көрмеген Кавказ жайын Пушкин, Лермонтов еңбектері арқылы жақсы танып, терең сезініп жырланған. “Дағыстандағы” жырланатын черкес жұртының мінездерін, ерлік бейнесін суреттеуде Ақылбай үлгіні “Демондан” емес, Пушкиннің “Кавказ тұтқынынан” алады. Пушкин өзі бұл поэмасының ең дұрыс, ең сәтті шыққан жерлері — черкестің тұрмыс-салты суреттелген бөлімі деген. Ақылбай да өз поэмасында Дағыстандағы толып жатқан тау жұртының ішінен черкес елін алып жазды. Сонда:

<sup>1</sup> М. Ю. Лермонтов. Полное собрание сочинений, т. 2. 1947 год, стр.137.

<sup>2</sup> Там же.

Күні бүгін іркіліп көрген емес,  
Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан, —

не болмаса:

Қаны қызса қанжарын қайтармайды,  
Өзге елдің бұрын жұмсар таяғынан, —

деп черкестерге берілетін ерлік, қайсарлық мінездер Пушкин жырлаган черкес мінездерімен, салтымен дәл түсіп отырады.

Пушкин “Кавказ тұтқынында”:

Черкес оружием обвешен,  
Он и гордится, им утешен<sup>1</sup>, —

дейді.

“Дагыстанда” Кавказдың адамды апатқа ұшырататын дауылы мен нажағайлатқан нөсер жауынын, тау тасқынын Ақылбай:

Кавказдың қара бұлты шықты аспанга,  
Түсі сүйк, қорқыныш байқасқанға.  
Еңсергенде екпіні тау жыққандай,  
Шыдар емес ешбір жан шайқасқанға.  
Бір түрлі жауын жауды сатырлаған,  
Жүктей тас домаланып бытырлаған.  
Бір минутта он-он бес жай түсіп тұр,  
Корқытты жан иесін шатырлаған, —

деп суреттейді.

Кавказ тауының қолма-қол үйіріліп шыға келетін қара бұлты мен дауыл, тасқынын, оның жойқын апат күшін Пушкин де сипаттайды. “Кавказ тұтқынында” бұл жай былай жырланады:

... Шум табунов, мычанье стад,  
Уж гласом бури заглушались...  
И вдруг на доли дождь и град  
Из туч сквозь молний низвергались:  
Волнами роя крутизны,  
Сдвигая камни вековые,  
Текли потоки дождевые...<sup>2</sup> —

дейді.

<sup>1</sup> А. С. Пушкин. Полное собрание сочинений. Изд. АН СССР. 1937 г., т. IV стр. 99, 100.

<sup>2</sup> Там же, стр. 99.

Ақылбай да Жүсіптің екі баласы бірдей апатқа ұшырайтын сапардағы Кавказ қаһарын осы Пушкин үлгісінде суреттеген. Кавказдың бейнесін дұрыс сипаттауда орыстың ұлы ақындарынан үйренгені айқын көрінеді.

Сонымен бірге Пушкин, Лермонтовтың Кавказ тақырыбындағы поэмаларында жырланатын орыс адамдары (тау халқына қарама-қарсы қойылатын) “Дағыстан” поэмасында кездеспейді.

“Дағыстанда” черкестердің жаумен соғысы да суреттеледі. Ақын соғыс сипаттын аса шебер береді.

Көбелектей көп әскер сайдан дулап,  
Қамданған қалың кісі шықты шулап.  
Қара қошқыл түтіннен от жарқылдан,  
Қорқынышты дыбыспен оқ зуылдан.  
Оқ тигендер құлайды оннан-бестен,  
Шалшықтағы балықтай жатыр тулас,

дейді.


Ақынның адамға әсерлі жақсы жазылған дастаны экрандағы киноның лентасы сияқты көз алдыңдан лезде өте шыққандай болады. Окушысының көз алдына бұрын көрмеген жаңалықтарды әкеліп, ақыл, ой дүниесін кеңейтіп, алысқа көз салғызып, қөніл тербейтін, сезімін сергітіп, киялым қанаттандырып, жігер беріп, рухтандыра алатын ақындық шығарма — адам санасын тәрбиелейтін озінше бір жақсы мектеп сияқты. Адамның ақылына қонымды, сенімді, әрі көркем, әсерлі шығарма ақынның талантына ғана емес, біліміне, мәдениетіне де байланысты.

“Дағыстан” поэмасы құрғақ еліктеуден туған шығарма емес, ақын жыр етпек ел-жүртyn, ол елдің тарихын, түрмис салтың, елдік ерекшеліктерін жақсы түсініп жазған. Ақын Дағыстан жүрті жайында көп ізденіп, жырлайтын тақырыбын әбден менгеріп, шын беріліп, ақындық шабытпен жазған.

Ақын Дағыстан елінің тарихи шындығын жақсы біліп жырлаған. “Дағыстан” поэмасының “Қазактың Қап дегені Кавказ серек” деп басталуының өзі, тау суреттерін поэмадағы негізгі табиғат бейнесі етіп алуы “Дағыстан” деген сөздің мәнін ақын жақсы түсініп жырлауында.

“Бұл (“Дағыстан”). К. М.) монгол сөзі, таулы жер (“гористая страна”) деген сөз. Каспий теңізінің батыс жағалауына келген татарлар берген ат екені құдіксіз”. Дағыстан

<sup>1</sup> Журнал “Современник”, 1851 г., том 23, стр. 74.



жұрты ерте заманда татарлардың тықсыруымен тауға шығып кеткен ел. Одан кейінгі замандарда да Дағыстан басып алу саясатының нысанасы болған ел. Дағыстанды жаулап алу мәселесі XVI-XVII ғасырда көтеріледі. I Петр түсында (1722 ж.) Дербентті орыс әскері басып алады. “Дағыстан” поэмасының авторының осындай тарихи жайлардан үлкен хабары болған. Сондықтан поэмада:

Бұрын талай соғыста ойран болған,  
Керінді Дағыстанның қалалары, –

деп жыр етеді.

Поэмада қанжарласып бірін-бірі өлтіріп тастау, өш алу, ант, қанды қанмен жуу – қанды кек әдеті үлкен орын алған. Ақын бұл мәселені де тарихи шындықтан шықпай жыр етеді. Дағыстан елінде, тау халқында қанды кек куу XIX ғасырдың екінші жартысында да болғаны тарихи шындық. Бұл жөнде Кавказдағы Авар экспедициясына қатынасқан Я. Костенецкий деген адам “Современник” журналында былай деп жазады:

“Азamatтық дауды, яғни жеке меншік туралы дауды, әрбір қоғам өзі қалап алған кадилар шешеді, ал қылмысты іс пен дауды, жеке бастың кегіне байланысты тартысты қанды кек алу (қанлы) әдеті бойынша әркім оз қолымен шешеді”<sup>1</sup>.

Ақылбай “Дағыстан” поэмасында тарихи шындықты бұрмаламай, біліп жырлаған.

“Дағыстан” поэмасының көркемдік, идеялық мазмұны, тарихи шындық жағынан құнды болып шығуына орыс әдебиетінің жақсы ұлгісі, ақынның кітап мәдениетін менгерге білгендігі – Абай өнегесі зор мектеп болды дедік. Сонымен қатар тау халқының мінез-құлқын ақынның жақсы біліп, дәл суреттеуіне себеп болған тағы бір жай бар. Ол – Ақылбайдың Кавказ адамдарын көріп біліп, бірге журіп, олармен істес болуы. Олар арқылы тау елінің салт-санасымен, әдет-ғұрпымен, мінез-құлқымен таныс болуы. Олардан Кавказ жұрты туралы әңгіме-аңыздар, жауынгерлік жорықтар жайында көп нәрселер естіп-біліп, қанық болуы. Ақылбай істес болған Кавказ адамдарының өздері талай жорықты, жауынгерлікті басынан кешірген адамдар болуы.

Абайды дана көріп келген талантты адамдармен бірге, Абайды пана көріп келгендері де Абай аулында көп болған. Бұл жерде біз Ақылбай поэмасына байланысты Кавказдан

<sup>1</sup> Журнал “Современник”. 1851 г., том 23, стр. 75-76.

келген черкестер жайынан мысал үшін айтпақтыз. М. Эуезов “Абай” романында Ақылбайдың Балқыбек съезіне бара жатқанын суреттей келіп, оның қасындағы екі күтуші, атшысын айтады:

“Бірі – Қазақбай, зор денелі, үлкен қошқар тұмсықты, шұнірек көк көзді кісі. Тұқымы черкес. Ендігі аты Қазақбай атанған, Құнанбай ауылының көршісі. Ол жас жағынан Ақылбайдан көп үлкен Абай құралыптас”.

Бұл жазушының ойдан алып жазған адамы емес, тарихи шындық. Жалғыз Қазақбай емес, Абай ауында черкестен бірнеше адам болған. Кейбір Кавказ елінің адамдары Абайды панарап ауында жатып кеткен. Кейбірі Абай ауының адамы болып біржола тұрып қалған. Соның бірі осы Қазақбай.

“Құнанбай ауына келген черкес нәсілді, Кавказ тауының баурында туып өсken, өз айтуынша аты Хасен еді дейді. Бұл жерге келіп орныққан соң Құнанбай оның атын Қазақбай қойыпты. Қазақтан қатын әперіп, уй қылып, мал шаруашылығына айналыстырган. Келбетіне, түсіне қараганда анық Кавказ халқы екендігі байқалып тұрушу еді... Қазақбайдан Омарқан, Сейтқан, Ережеп дейтін балалар туып, ер жетті”<sup>1</sup>.

Екінші бір черкес жігіт –

“1893 жылы... Семей арқылы... Абай ауынан келді... Өз айтуынша: “Арзум деген қалада туып өстім. Соғыс ғылыми үйрәндім, қылыш шабуға аса ұста болдым. Өз елімнен бірнеше адамдардың өліміне себеп болдым. Сондықтан өз елімде тұра алмай... панаулаға келдім”, – дейтін. Бұл жігіт Мағауия мен Кәкітая ауылдарында кезек қонақтап үш жыл жүрді. 1901 жылы Мағауия ауында жас жігіттерге соғыс өнерін көрсетем деп... Ділдә бәйбі sheden, Әбіштің қылышиң бер дейді, соны маған bere тұрыныз, жастарға өнер көрсетейін деп сұраған соң, бәйбіше береді. Қолына қылыш тиген соң әрлі-берлі сермен, неше түрлі шабу әдісін жүртқа көрсетіп жүріп, бір мезгілде айғайлап, көзі бұзылып, сендерді де өлтірейін деп қасындағы Садық деген Абай үйінің, бір жігітін қылышпен салып жіберіп саусағын шауып түсіреді. Одан қорқып жүрт бет-бетіне қашқан соң, ерттеуді тұрған атқа мініп, ауылды айнала шауып елді коркытады”<sup>2</sup>. Сөйтіп, есінен адасып, акыры Семейдегі есаланңдар үйіне түседі.

<sup>1</sup> Абай музейінің қолжазба қоры, номер 22, 30-бет.

<sup>2</sup> Абай музейінің қолжазба қоры, номер 22, 31-32-беттер.

Бұлардан басқа 1892—1893 жылдары бірнеше черкестер Абай аулында болған.

Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасын жазғанда черкестердің түрмис-салтын дұрыс суреттеуіне, поэмадағы кейіп-керлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті шындықпен берілуіне, сөйтіп, дұрыс көркем образ жасалуына жоғарғыдағы айтылған черкестерді көріп, білу сөзсіз әсер еткен деп ойлаймыз.

“Дағыстан” поэмасы — қазақ әдебиетіндегі жаңа үлгінің бірі. Орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінен келген өнеге. Орыс әдебиетіндегі Пушкин, Лермонтов үлгісіндегі прогрессившіл романтизмнің Абай арқылы келген әсерінің бірі — Ақылбайдың осы “Дағыстан” поэмасы. “Дағыстан” поэмасы жазыла сала, Абайдың әнші, ақын шәкіртері арқылы елге тез тарап кеткен. Қолжазбадан-қолжазба, ауыздан-ауызға көшіп, сол кездегі Семей облысына қарайтын елге түгел тараған.

“Дағыстан” поэмасы бейне бір Кавказ тауынан шырқалған қазақ ақынның қуатты дауысындағы, ел қулағын елең еткізіп, көңілін көкке көтеріп тастағандай болады.

“Дағыстан” поэмасына еліктеп жазушы ақындар да болған. Сондай ақынның бірі — марқұм Иса Байзаков. Иса Абай шәкіртерін жақсы білген, елге таратуышының бірі болған. Исаның “Кавказ” поэмасы Ақылбайдың осы “Дағыстан” поэмасының тікелей әсерімен жазылған.

## “ЗҰЛЫС”

Ақылбай ақын “Зұлыс” атты үлкен поэмасын 1900 жылдары жазған. Зұлыстар туралы поэманды өуелде Мағауия жазбақ болып жүреді екен. Кейіннен Мағауияның денсаулығы нашар болуы себепті жазбақ поэмасының ойлаган оқиғасын ағасына айтып беріп, “Зұлысты” Ақылбай жазып шығады.

Ақылбай поэмасын толық жазып шыққан соң қолжазбасы қолдан-қолға тарап кетеді. Бұл қызықты үлкен поэмандың қолжазбасы, не кошірме қолжазбалар қазірде түгелдей табылмай отыр.

Поэмандың бастапқы бір бөлімі (көлемі 104 жол) тек 1924 жылы “Сана” журналының 2—3 санында басылған.

1950 жылы поэмандың тағы 140 жол өлеңін тапқан едік. Бұл табылған 140 жол олең — жоғарыда айтылған журналда жарияланған поэмандың бастапқы болімінің жалғасы.

Поэмалың журналға шыққан бөлімінен қалып қойған бір шумақ өлең де кейін табылды. Осының бәрі “Зұлыстың” түгел болмаса да бір талай толықтырып, поэмалың мазмұнын, көркемдік қасиетін бұрынғыдан әлдеқайда айқындай түсті. Және ақын поэмасының оқиғасын қайдан алып, қалай жырлағанын ашуға да мүмкіндік туды. “Зұлыстың” 140 жолы жарты ғасырдан кейін табылуы – іздеу, зерттеу нәтижесінде поэма түгел табылар деген үмітті онан сайын күштейтіп отыр.

\* \* \*

“Зұлыс” поэмасының оқиғасы ағылшын жазушысы Хаггард, Генри Райдердің (1856–1925) “Сүлеймен патшаның қазынасы” “Копи царя Соломона” атты әйгілі романынан алынған. Хаггардтың бұл романы 1886 жылы ағылшын тілінде баспадан шығып, 1891 жылы орысшаға аударылған. Бұл роман дүние жүзінде көптеген тілдерде аударылып, осы күнге дейін басылып қеледі.

Орыс тілінде 1891 жылдан бастап бірнеше рет баспадан шықты. Соңғы кезде орыс тілінде 1957 жылы басылды.

Романның жазылу тарихы да қызық. Бұл жөнінде “Сүлеймен патшаның қазынасын” 1922 жылы Петербург қаласында басылған кітабына жазған алғы сөзінде К. Чуковский былай дейді:

— Бұдан қырық жыл бұрын Онтүстік Африкадағы, Замбези өзенінің маңындағы ертеде бір заманда болған ескі қаланың бұзылған орнына саяхатшылар тап болады. Бұл бұзылған қаланың мән-жайын ешкім білмейді. Тек жергілікті халық ерте кезден бері Замбабве деп атайды, яғни тас сарай немесе тас шаһар деген сөз. Бұндай қала кү медиен, құла дүзге қайдан пайда болды.

Осьдан барып аңыз туады. Ел бұл қаланы аса ескі заманда, әлденеше мындаған жылдар бұрын, Файса тумай түрын көп бұрын, тіпті Сүлеймен патшаның кезінде болған қала деген қауесет таратып өкетеді. Сойтіп, Забабве шаһарының даңққұ бүкіл Африкаға әйгілі болып жайылады.

Бұл оқиға ғалымдардың да конілін аударып, олар бұзылған қала орнына келіп орбір тасына дейін қадағалан зерттейді. Ғалымдар қаланың салынған уақыты берігі за-

<sup>1</sup> Г. Р. Хаггард. “Копи царя Соломона”. “Прекрасная Маргарет”, Деткин, 1957 г., Москва.

ман, яғни төрт-бес жұз жылдың шамасы, Сүлеймен патша есімінің бұл қаланың тарихына ешбір қатысы жоқ деген қортындыға келді.

Ол жерде бір кезде айырбас саудасын жүргізетін бекініс қана болған. Сонымен қала тарихының шындық сырь ашылып, ол туралы қызықты аңыз мәнін жойған болар еді. Бірақ сол Сүлеймен атына байланысты аңыз Хаггард романының оқиғасына кіріп, ерекше көркемдік қасиет тауып, жандана түседі.

Әрине, Хаггард романының жазылуына осы аңыз ғана негізгі оқиға болды деуге болмайды.

XIX ғасырдың басында Англия Оңтүстік Африканы отарлау әрекетіне кіріседі. Оңтүстік Африка сияқты алыс аймақ өзінің жер, кен байлығымен ашқезді ағылшын отаршыларына ерекше бір ен байлықтың сырлы өлкесі сияқты көрінетін.

1867 жылы Оңтүстік Африкадағы Кимберли қаласының маңынан алмас кен байлығы табылды.

Бұндай ғажайып ен байлықты ести сала, артта қалған негр еліне неше түрлі авантюристер, саудагерлер, тез, онай баудын жолын іздеген алаяқтар ағыла бастайды. Алыстан араның ашып келген ашқарақ алаяқтар дәл өртегілердегідей қас пен көздің арасында шаш етегінен байлыққа кенеледі.

Бұған дейін ағылшын өкіметі Кап (Кейптаун), Наталь сияқты Оңтүстік Африканың провинцияларын ғана басып алған еді. Отар саясатын жүзеге асыруға сол жерлерге ірге тебу жеткілікті деп санайтын. Ал алмас кен байлығының табылуы ағылшын отаршыларының араның ашып, қызғаныш отын лаулата түсті.

Алмас табылған жер негр тайпаларының бір бөлігінің мекені болатын.

Ол жерді бурлар иемденетін (Оранжевая республика буров). Ағылшындар енді алмас байлығын өз қолына алуға жанталасып кіріседі.

1871 жылы ағылшын өкіметі өзінің Қаптағы губернаторына алмас кені табылған жерді басып алуды тапсырады. Бес жылдан соң бурлар республикасына небәрі 90 мың фунт стерлинг төлем, ағылшын өкіметі алмас байлығына түпкілікті ие болып қалады.

Осыдан былай ағылшындардың Оңтүстік Африканы отарлау дәүірінің қызу кезеңі, нағыз шектен шыққан жыртқыштық әрекеті басталады. Бейбіт жатқан елге қару жұмсал,

<sup>1</sup> Г. Р. Хаггард. “Копи царя Соломона”. Повесть под редакцией и с предисловием К. Чуковского. Петербург, 1922 г.

қан төгу, не алуан айуандық провокациялар, кісі өлтіру, бір үлтты екінші үлтқа шағыстырып, араларына от салып, бірін-біріне айдаپ салу сияқты зұлымдықтар Англияның отаршылдық саясатына тән ежелгі дәстүрге айналған ісі болатын.

Болашақ жазушы Г.Р.Хаггард осы оқиғалардың күесі де, қатысуышы да болады.

Өздерінің жас жеткіншектерін, үстем тап өкілдеріне қажетті тәжірибе алып, өмір мектебінен өту үшін отар елдерге жіберу – ағылшын аристократтары үшін ежелгі дәстүрге айналған іс еді.

Хаггард ес біліп, ер жеткен кезде, ағылшындардың аса көңілін аударып, отаршылдық саясаттың нысанасына алғаны Оңтүстік Африка болатын. Сонымен он тоғыз жасар Г.Р. Хаггард 1875 жылы Натальдағы ағылшын губернаторының секретары болып Оңтүстік Африкаға барады.

Хаггард қызмет жөнінен Оңтүстік Африканы аралап, негрлердің тұрмысымен, әдет-ғұрпымен танысады. Негрлердің басшыларымен кездеседі. Талай-талай әрі қауіпті, әрі қызықты оқиғаларды қозімен көріп, басынан кешіреді. Зұлыстардың, бурлардың ағылшын отаршыларына қарсы ерлік күрестерін көреді.

Хаггард отаршыл өкіметтің ресми қызметкері ғана болып қалмайды. Өмірге көрекендікпен коз жіберетін, сергек сезімді, терен ойлы, ақылмен аңғаратын жазушы болады.

Ағылшын отаршылары зұлыстардан, бурлардан қанша-ма құшті қарсылық көріп, қатты соққыға ұшыраса да, отаршылдық саясатын күшпен іске асырып, ақыры 1902 жылы бұларды отар елге айналдырып, дүние жүзіндегі ең бай алмас, алтын казынасына ие болғаны белгілі.

Хаггард Англияға қайтқан соң, осы көрген, білген оқиғаларының негізінде көркем шығармалар жазуға кіріседі.

Ағылшындарға қарсы зұлыстардың курсін басқарған қолбасшының ерлігін өңгіме етіп, Хаггард 1882 жылы роман жазады. Бұдан басқа жазған екі кітабының бірі – ағылшындар мен бурлар соғысында ағылшын армиясының жеңіліп калуын суреттеуге арналған. Бірақ жазушының бұл романдары Хаггардқа абырой әпере алмайды.

Хаггардтың “Сүлеймен патшаның казынасы” (“Копи царя Соломона”) атты романы 1886 жылы жарыққа шыға сала, бірнеше күннің ішінде жазушының данқын көтеріп әкетеді.

Міне, осы романның оқиғасының негізінде ақын Ақылбай өзінің “Зұлымс” поэмасын жазып шыққан.

\* \* \*

“Сүлеймен патшаның қазынасының” қысқаша мазмұнына тоқтайық. Хаггард романдағы оқиғаны шығарманың бас кейіпкері Аллэн Кватермэн атынан баяндайды. Кітап оқушыға романды жазған сол Кватермэн сиякты көрінеді. Романның “Сөз басын” да сол Кватермэн атынан жазады.

“Елу бес жасқа келгенде тұнғыш рет қолыма қалам алым өрескел-ақ көрінетін шығар”, – деп бастайды Кватермэн әңгімесін.

Кватермэн – ежелден піл атып, оның азын, сүйегін сатып кәсіп етіп келе жатқан ер жүректі, әккі, кәрі мерген.

Кватермэн атқан пілдерінің сүйегін алмас кені шығатын жерге апарып сатып, пароходпен Натальға қайтып келе жатады. Сол пароходқа Англиядан келе жатқан жолаушылар да мінеді. Пароходқа мінген жолаушылардың ішінде екі адам елден ерекше Кватермэннің көзіне түседі. Оның бірі – алып денелі, сымбатты Генри Куртис, екіншісі – дембеліше, орта бойлы Джон Гуд. Кватермэн Генриді бір адамға ұқсатады. Бірақ кімге ұқсатқанын есіне түсіре алмайды.

Сонымен бұлар әңгімелесіп кетеді. Кватермэннан әрнені сұрап Гуд әңгімелесіп отырады. Бара-бара әңгіме піл ату жайына ауысады. Сол кезде бұларға таяу отырган біреу: “Е, мырза, дәл түстіңіз. Піл жайында әңгімені біреу келістіріп айтатын болса, Кватермэн мерген айтады да”, – дейді.

Бағанадан үндемей тыңдап отырган Генри “Кватермэн” деген есімді естігендे елең ете қалады. – Фапу етіңіз, сіз Аллэн Кватермэн емессіз бе? – дейді Генри. Кватермэн екенін білген соң, Генри оған өзінің сырын ашады. Генридің Джордж деген жалғыз інісі болады екен. Аса жақсы көретін інісімен бір ретте Генри үрсисып қалады да, бес жыл бойы көріспей кетеді. Осы кезде бұлардың әкесі қайтыс болады. Әкесі өлерде өсінет қалдырымайды. Барлық мұлікке Генри ие болып, Джордж құрқол қалады. Оның үстіне ешбір мамандығы да болмайды. Ағасына бас иіп Джордж да келмейді. Інісіне Генри де илікпейді. Бірақ Генри дүние үшін інісін сатпак емес, іштей жаны да ашиды. Джордж кішілік етіп

<sup>1</sup> Романның 1922 жылғы баспасында “Аллэн Кватермэн” деп, 1957 жылғы баспасында “Аллэн Кватермейн” деп берілген. Ағылшын сөздері, кісі аттары орысша жазылғанда әртурлі жазылуы – ағылшын тілінің өзіне тән ерекшелігін қорсетеді. Біз 1922 жылғы аударма бойынша “Кватермэн” деп алдық. Ақылбай поэмасында да осыған жакын “Кватерман” делинген. – К.М.

келер деп күтеді. Олай болмайды. Джордж бір күні банктегі өзінің азғана ақшасын Невилль деген жалған атпен алады да бау мақсатымен Оңтүстік Африкаға аттанады.

Генри кейін біліп қалып, інісін іздеуге кіріседі. Інісіне хат жазады. Ешбір хабар ала алмайды. Содан бері үш жыл өткен. Кватермэн Невилльді (Джордж), касында Джим деген аңшы бар, екеуі алыс сапарға аттанып бара жатқанда көрген. Біреудің сұрауы бойынша осы жайды хат арқылы Кватермэн хабарлаған. Кватермэннан Невилль жайын сұрап хат жазып, хат алғанда Генридің кісісі еken. Кватермэннің хаты Генридің қолына тиген. Міне, енді інісін іздеу сапарына шыққан Генри керекті адамы Кватермэнді кездестіріп отыр.

Генри Кватермэннен інісі Джордждың қандай сапарға аттанғанын анық білгісі келеді. Кватермэн бұдан бұрын ешкімге ашпаған сырын айттып, Джордждың Сүлеймен патшаның қазынасын іздеуге аттанғанын хабарлайды.

“Сүлеймен патшаның қазынасы деймісі! Ол қазына қай жерде?” – деп Генри мен Гуд елең ете түседі.

Кватермэн тұнғыш рет піл атуға шыққанда Иванс деген мергенге кездеседі. Сол Иванс Сүлеймен тауы, ол таудың аржағындағы Сүлеймен қазынасы (алмас) сактаулы жайды Кватермэнге айтқан. Иванс әлдекашан өлген. Кватермэн ол әңгімені естігелі отыз жыл өткен. Иванс сол ескі замандағы бір қаланың орнын да көрген. Иванс таудың аргы бетіндегі елдің зұлыстардың бір түкімі екенін де айтқан. Ол кезде Иванстың сезіне жас Кватермэн мән бермеген.

Иванс өлгеннен кейін жиырма жылдан соң тағы да Сүлеймен тауы туралы, ол таудың аргы бетіндегі ел жайында Кватермэнге португалдық Хозе Сильвестр деген адам толық мағлұмат береді. Хозе Сильвестр де Сүлеймен қазынасын іздеу сапар шегіп бара жатқан адам екен. Ол Кватермэнге:

– Қош бол, сеньор, егер бір-бірімізді көруге жазса, мен ол кезде дүние жүзіндегі ең бай адам болам, сонда сені де үмытпаспын, – деп Хозе Сильвестр батысқа бет алып, бетпақ шөлге сапар шегеді.

Бір жұма өткенде Кватермэн шөлден жүдеп-жадап, қалжыраган өлім халіне жеткен Хозе Сильвестрді даладан көріп, шатырына алғызыады. Хозе Сильвестр өлер алдында Кватермэнге бір документ беріп, “Шөл сапарына шыдасаң, ол жерге сен жетерсің”, – дейді.

Хозе Сильвестрдің берген документі тот түстес көмескі жазу жазылған, тозығы жетіп сарғайған алақандай шуберек, оған ораған бір қағаз болады.

“Қағазға көшіріп жазылған жазу да сол шүберектегі жазу. Осы жазудың ие екенін шешу үшін көп жыл уақыттым кетті. Менің аргы бабам Лисабоннан еді, ол саяси эмигрант болған, тұңғыш осы жағаға келген португалдықтардың да бірі сол. Оған дейін және одан кейін де ақ нәсілден ешкім аяқ баспаған таудың ішінде өлгелі жатып, осы документті жазып қалдырған менің бабам. Ол бұдан үш жұз жыл бұрын өмір сүрген адам, есімі де Хозе де Сильвестра”, – дейді. Одан әрі ол документті Хозе де Сильвестраның қасында болған адам, оның семьясына жеткізіп бергенін, содан бері ол документті ешкім оқып білуге, сырын ашуға шұғылданбағанын, ол сырды тек осы Хозе Сильвестр ғана ашып, ақыры арманына жете алмай кетіп бара жатқанын айтады.

– Бұл документ енді басқа біреудің дүние жүзіндегі ең бай адам болуына көмегі тиіп қолын жеткізер. “Бұл қағазды енді ешкімге де бермей, ол сапарға өзің аттан!” – деп Кватермэнге ақырғы сырын айтып, Хозе Сильвестр өледі.

Генри мен Гуд Кватермэннен ол документтің қайда екенін, онда не жазылғанын сұрайды.

– Жазу жазылған шүберек пен ондағы жазудың аудармасы үйімде сактаулы, қазір қойын дәпттерімде оның ағылшын тілінде аудармасы және картаның кошірмесі бар, – дейді Кватермэн.

Ол документтің мазмұны былай: Хозе де Сильвестра Сүлеймен қазынасын тапқан. Тұпсіз мол қазнаның (алмастың) сактаулы жеріне шейін барып, көзімен көрген. Бірак, Гагула дейтін жәдігөй кемпірдің кеселінен ол қазынадан еш нәрсе ала алмай, өз басын әрен сауғалап құтылған. Содан бір үңгірдің ішінде аштан өлгелі отырып, бір сүйектің сынығын қалам етіп, киімінен жыртып алғып, соған өз қанымен жазу жазып қалдырған. Онда Сүлеймен қазынасына баратын жолдың жайын жазып, картасын сызған. Оның бұл документтің жазған уақыты 1590 жыл екен.

Кватермэннің Сүлеймен қазынасы жайындағы бұл әңгімесі Генри мен Гудты қайран қалдырады.

Кватермэн осы Сүлеймен қазынасы жайындағы әңгімесіне байланысты Генридің інісі Джордждың жайын баяндаиды. Джордж сапарға шығатын күні оның қасына еріп бара жатқан Джим деген мергенмен Кватермэн сөйлесіп, олардың Сүлеймен қазынасын іздеп бара жатқанын біледі.

Кватермэн Джимге: Егер сендер Сүлеймен қазынасын іздесендер бара жатқан беттерің дұрыс емес және бұл сапардан аман кайтар ма екенсіндер деген қауіп айтады.

Джим Кватермэннен Сүлеймен қазынасы туралы еш-

теңе естігенің бар ма? – деп сұрайды. Кватермэн жай бір негізсіз әңгіме естідік дейді.

“Ол негізсіз әңгіме емес. Мен бір кезде жас баласымен сол жақтан келген әйелді қөргенім бар. Сүлеймен қазынасы туралы сол әйелден естідім”, – дейді Джим.

Джорджбен бара жаткан Джимге, Сүлеймен казынасын баратын жол жайын жазып, Кватермэн қағаз береді. Бірақ бұл қағазды пәлендей жерге жеткенде ғана қөрсет, әйтпесе сенің қожаң менімен сөйлесем деп әуре етеді, дейді.

Сонымен Джордж (Невиль деген жалған атпен жүрген), Джим екеуі кете барады.

Міне, Кватермэннің Генридің інісін соңғы рет қөргені осы. Осы әңгімені естіген соң Генри: “Мен енді інімді іздеуге аттанам. Соның ізімен Сүлеймен тауына дейін барам. Қажет болса, одан да әрі асам. Інімнің не өлі, не тірі екеніне көзім жеткенше іздеймін”, – дейді. Романдағы уакыға желісінің түйіні осы.

Генри Кватермэннің окудағы баласын қаржымен қамтамасыз ететін болады. Сөйтіп бұлар: Генри, Гуд, Кватермэн Джорджды (Генридің інісі) іздеуге – сапарға әзірленеді.

Романның оқиғасы осылай басталады.

Кватермэндердің сапарға шыққалы жатканын естіп, Омбопа (Ақылбай поэмасында Омпапа дейді) деген алып денелі, әсем тұлғалы зұлыс жігіт бұлардың қауіпті, қын сапарында жолдас болғысы келетінін айтады. Ол ешбір ақы да қажет етпейді. Одан басқа Вентфогель және Хива деген жас зұлысты жолдастыққа алып, тағы бірнеше кісі қызметші, өгіз айдаушылармен жиырма өтізге азық-түлік, сауыт-саймандарын артып, Генрилер алыс жолға шыгады.

Бірталай жүріп, жолдың қын кезеңіне келген соң өгіз, арбаларын тастап Кватермэн, Генри, Гуд, Омпапа, Хива, Вентфогель – алтауы жаяу кетеді. Романда бұдан әрі олардың жолда пілге, арыстан сияқты жыртқыш андарға кездесуін, піл атып жүргенде жарапы пілден Хиваның қаза тапқанын, одан арғы сапарда шөлге душар болғандарын, ашыққандарын әңгіме етеді.

Жол азабы романда соншама әсерлі, қызықты суреттеледі. Бұлар Сүлеймен тауына жеткенде сүйкқа ұрынады. Ол таудың бір үңгірінен өлтірілген кісінің сүр боп қалған денесін көреді (Ол баяғы Ҳозе де Сильвестра). Тауга жеткенде Вентфогель үсіп өледі. Ақыры таудан асып, арғы беттегі елге – Кукуан (зұлыстардың бір бұтағы) жүртynа келеді.

Ол ел мылтықты білмейді. Бұлар киік, өгіз атып өлтіріп, оларға “керемет” қөрсетеді. Генрилер өздерін жұлдыздан түскен адамбыз деп таныстырады.

Романда ол елдің жабайылық әдет-ғұрпын сипаттайды. Әсіресе, королі Твала мен жүзден жасаған жәдігөй кемпір Гагуланың құдікті деп ойлаған адамдарды қойдай қырган қанішерлігі ерекше әңгіме етіледі.

Твала бұл елде жолсыз король болып отырады екен. Ол былай болады. Ол елдің бұрынғы королінің әйелі егіз бала табады екен. Ол егіз баланың алғашқы дүниеге келгені Имоту деген болады да, екіншісі Твала болады. Елдің салты бойынша егіз баланың нашарлауы өлтірілуі керек те, біреуі ғана корольдің мұрагері болып қалуы керек екен. Сонымен Имоту аман қалып, Твала өлтірімек болады. Бірақ оның шешесі Тваланы өлімге қимай жасырып қалады. Кейін король өлген соң Имоту король болады. Оның нақ сүйер әйелінен бір үл туады. Ол үл үш жасқа келгенде елде соғыс болады. Аштық болады. Имоту соғыста жарапанып жатып қалады. Халық арасында корольға наразылық туады. Осы кезде Тваланы жасырып, сақтап жүрген Гагула кемпір, Имоту заңсыз король, шын король мынау деп Тваланы халық алдына алып шығады. Сонымен Твала Имотуды өлтіріп, король болады.

Имотудың әйелі үш жасар баласымен қашып кетеді. (Жоғарыда Джимнің көрген әйелі сол). Сол Имотудың баласы – Игнози “Омпапа” деген жалған атпен қашып жүрген екен. Оның Генрилермен еріп келуі де сол.

Омпапа өз еліне келген соң Генри, Кватермэндерге шын сырын ашып, өзінің шын аты Игнози екенін айтады. Тваланың әскер басы оның інісі (шешесі бөлек) Инфадус болады. Ол да жоғарыдағы тарихты жақсы біледі. Тваланың қанішерлігіне наразы, іштей қарсы. Омпапа оған сырын айтады. Сонымен ол Омпапага (Игнози) болысып, Генри, Гуд, Кватермэн бәрі – Тваланың көп әскерін өздеріне қараташып алып, қырғын соғыс жасап, Генри Тваланы жекпе-жекте өлтіріп, Омпапа (Игнози) король болады.

Генри бұл жақтан інісі Джорджды таба алмайды. Енді Сүлеймен қазынасына баруды ойлады. Сүлеймен қазынасына баратын жолды білетін жалғыз Гагула болады. Игнози Генрилерге кісі қосып, Гагуланы қорқытып, Сүлеймен қазынасын көрсетуді бүйірады.

Гагула бұларды тау астындағы бір ғажайып үңгірге апарады. Онда неше алуан кереметтерді кореді. Ақыры Сүлеймен қазынасына апарады. Жер астындағы тас қақпаның жоғары сырлылып ашылатын сырын Гагула ғана біледі. Қакпа ашылған соң Генри, Гуд, Кватермэн үңгірге кірсе, сандықсандашып асыл тас, алмас, алтынның мөлшері жоқ. Бұлар ғажайып қазынаны қызықташ жүргенде Гагула шыға жөнене-

леді, қақпа да жабыла бастайды. Қақпаның ар жағында бұларға еріп келген Фулата деген қыз қалған екен. Ол қызды Генрилер Твала мен Гагула өлтірмек болғанда ара түсіп алып қалған. Сол қыз қақпаны жауып кетіп бара жатқан Гагуламен алысады. Гагула оған қанжар салып өлтіреді. Бірақ өзі де жабылған тас қақпаның астында қалады. Генри, Гуд, Кватермэндер шығуға үлгермей, каранғы үнгірде қалып қояды.

Романда бұлардың үнгірдегі ауыр азабы сипатталады. Ақыры, үшеуі бір жол тауып, үнгірден шығады. Шығарда тек Кватермэн ғана бірталай алмасты қалталарына толтырып ала шығады.

Кватермэн, Генри, Гуд – үшеуі Игнози (Омпапа) корольға келіп, қош айтысып еліне кайтады. Игнози бұларды құрметпен аттандырады. Қастарына өскер қосып береді. Өскер бұларды таудан асырып, шөлге ұрынбай баратын тұра жолға түсіріп жібереді.

Генрилер жолда аққан бұлак, бір жазираға келсе, ол жерде тігулі шатыр тұр. Ол шатырдан сақал-мұрты ескен, аң терісінен киім киген екі адамға кездеседі. Олар Генридің жоғалтқан інісі Джордж және Джим екен. Джордж Сүлеймен қазынасына жете алмай, жолда аяғын сындырып, Джим екеуі аң аулап күн көріп жүр екен.

Сонымен Генри аман-есен інісін тауып, барлығы еліне кайтады. Кватермэн өзінің бастан кешкен осы уақығасын әңгіме етіп жазған болады. Міне, Хаггардтың “Сүлеймен патшаның қазынасы” атты романының қысқаша мазмұны осы.

Оңтүстік Африканың байлығына аранын ашып анталаған ағылшындарға Хаггардтың романы ол кезде соншама ерекше қызықты көрінеді. Хаггард қиялға ұштасқан ғажайып оқиғаны романында соншама әсерлі, әрі нағымды етіп шебер суреттегені сондай, Оңтүстік Африка байлығына, сырлы қазынага көзі тұнып, көnlі ауған женіл ойлы ағылшын окушылары романдағы Сүлеймен қазынасы жайындағы аңызға шын деп сенеді. Кейбіреулері Хаггардқа хат жазып, Сүлеймен қазынасына қалай барудың жөн-жобасын сұрайды. Бір ағылшын Сүлеймен қазынасының қай жерде екенін Хаггард айтпаса да, экспедиция жабдықтаپ, өз бетімен іздейтінін романның авторына хабарлайды.

Кезінде осы жайдың өзі-ақ Хаггардтың романының даңқын онан сайын көтереді.

Әрине, романның негізгі қасиеті Оңтүстік Африканың таңғажайып аңызға айналған бай қазынасына деген ағылшындардың қомағайлығын қоздырып қызықтыруында ғана

емес. Ондай болса кейіннен Онтүстік Африка Англияның отарына айналып, ағылшындарды ынтықтырып, көнлін аударған Сүлеймен қазнасы жайындағы аңыздың сырь ашылған соң, романның да мәні түсіп, окушыларын қызықтырудан қалған болар еди.

Хаггардтың “Сүлеймен патшаның қазынасы” романы осы қүнге дейін көп тілдерге аударылып, үздіксіз басылып, жасөспірім, ересектердің, жалпы көркем әдебиет окушылардың көнлін аударып, қызыға оқитын кітабына айналып отыр.

Романда қиялға ұштасқан шытырман ғажайып оқиғаларды окушыға қызықты әрі әсерлі, әрі тартымды, көңілге қонымды етіп сипаттап беруде автордың тамаша шеберлігі көрінеді. Шығарма өзінің жоғары дәрежедегі әдеби-көркемдік қасиетімен құнды. Автор романдығы кейіпкерлердің барлық сыр-сипаты мен мінез-құлқын нанымды етіп ашып береді. Геройларының әр қайсысының өз басына тән қасиеттерін айқын қөрсетіп, олардың жарқын бейнесін көз алдына әкеледі. Ол кездегі Батыс Европа әдебиетінде ғажайып халді суреттеуге арналған романдарда сюжетті динамикалы етіп құрып, жасанды жайлармен окушысын қызықтырмак болу негізгі мәселе саналатын.

“Сүлеймен патшаның қазынасы” ондай романдардың қатарынан ерекше жеке тұрған шынайы көркем шығарма.

Романдығы бас кейіпкер Кватермэн – өмір тәжірибесі бай, көпті корген, егде тартқан ер мерген. Ол – бүкпе сырь жоқ, ашық-жарқын, қарапайым адам. Романдығы оқиғаның осы Кватермэн атынан баяндалуы шығарманың құндылығын арттыра түседі. Кватермэнмен бірге қауіп-қатері мол қын сапарға шыққан романдағы басқа кейіпкерлер де адамгершілік қасиеттерімен, ерлік іс-әрекеттерімен окушыға жағымды, жақсы әсер қалдырады.

Абайдың және оның ақын-шәкірттері Мағауия, Ақылбайлардың көнлін аударған, бір жағынан, романның осындағы әдебиеттік, көркемдік қасиеті болса, екінші жағынан, Батыс Европа әдебиетінде XIX ғасырдың аяғында, әсіресе XX ғасырдың басында мол орын алған “отаршылдық” романдар дейтін шығармалардан “Сүлеймен патша қазынасының” жеке дара тұрғандығы. Батыс Европада көп тараған “отаршылдық” роман деп аталатын шығармалардың қайсысында болмасын, қалай бүркемеленбесін, ақ нәсілдің артықшылығы деген жат пікір дәріптеліп, отаршылардың “цивилизаторлық” миссиясы деген жалған идея мадақтаратыны (қазір де солай) көрініп тұрады.

Міне, осындай адамды жиіркентетін нәсілшілдік сарын,

“отаршылдық” романдарға тән, адамгершілікке жат, жалған идея Хаггардтың “Сүлеймен патшаның қазынасы” романында жоқ. Хаггард романында өзі ішінде болып, көзімен көріп, білген зұлыстардың және басқа негр тұқымдас жұрттың тұрмыс-салтын, өмірін нақтылы дұрыс жазады. Олардың адамгершілігін, калтқысыз адалдығын автор ерекше атап, ізгі көңілмен, сүйіспеншілік сезіммен сипаттайды.

Романның бас кейіпкері Кватермэн:

— Джентелмень деген не сөз? Бұл сөз маган аса түсінікті емес. Мен өз өмірімде талай ниггермен (расистер негрді менсінбей жек көріп “ниггер” деп атайды екен. — К. М.) істес болдым... Жоқ, мен бұл сөзді сызып тастаймын, тіпті жаныма жат сөз! Мен жергілікті жұрттың (туземцы) нағыз джентелмендерін білем... Сол сияқты нағыз онбаған, арамза ақ нәсілді адамдарын да білем, ақшалары сонша көп болса да, олар бірақ джентельмен болған емес, — дейді.

Хаггард қырыққа тарта роман жазса, сол романдарының ішінен жоғарыдағы айтылған жағымды жайларымен әлемге әйгілі болған “Сүлеймен патшаның қазынасы” атты романына Абай көніл аударып, өзінің ақын шекіртіне осы романның оқиғасы негізінде поэма жазғызған.

Ақылбай романның атын да өзгертіп, өзінше “Зұлыс” деп атаған. Тегінде Абай романдағы Сүлеймен қазынасы деген аңыздан гөрі Англияның жаулат алған елі Зұлыстардың тағдырына көніл бөлгөн.

Ақылбай ақын романының оқиға желісін өз шығармасының негізі ете отырып, өзінше жырлап кетеді. “Сүлеймен патшаның қазынасындағы” әңгімені Кватермэн аузынан емес, ақын негізінен озі баяндайды. Қажетті жерінде кейіпкерлердің диалогтерін береді. Романдағы суреттегетін Сүлеймен тауының орнына, Ақылбай Зұлыс тауы деп алып, сол тауды сипаттайды.

Ақын поэманды Зұлыс тауын суреттеуден бастайды.

Зұлыс деген бір тау бар үлкен биік,  
Басы қарлы таянып кекке тиіп.  
Пілден пайда етуші жансебіл бар,  
Қаракет қып сүйегін, атып, жиып.  
Орта жері отша ыстық піл ойнағы,  
Өзге нөрсе шыдамас, кетер күйіп.  
Жаралы піл жабыспай жібермейді,  
Ер атады еңбек қып жанын қып.

Қалың төғай, қара үңгір, қын жартас,  
Қасқунем хайуанаттар тұрган сыйып.  
Дейтуғын Кватермэн бір мерген бар,  
Бейнет ішіп, күн көрген қатер киіп, –

деп ақын Оңтүстік Африка табиғатын романда берілген суреттерге дәлме-дәл келетін бейнемен сипаттайты.

“Орта жері оттай ыстық”, “қалың төғай, қара үңгір”, “қын жартасты” неше алуан жыртқыш хайуанаттар мекен еткен, хауіпті жерде піл атып, “бейнет ішіп, қатер киіп” күн көрген мерген Кватермэннің ерлік тұлғасы, салған жерден оқушының көңлін аударып, қызықтырады.

Хаггард романында уақыға Кватермэн атынан баяндатының айтқан едік. Ақын сол жайды да поэмасында өңгіме етеді. Жырламақ оқиғасын ер мергеннің көз көргенін жазып кеткен кітабымен де таныс екенін де ескертпі:

Құралайды көзге атқан екен мерген,  
Мекен қып өмір сүрген қандай жерден.  
Көз көргенін кітап қып тасниф еткен,  
Өлең қылдым өнерлі сондай ерден, –

дейді.

Енді ақын атқан пілдердің сүйегін сатып, қайтып келе жатқан Кватермэннің кеме үстінде екі жолаушымен кездесіп, танысқанын баяндайды:

Кеменің үйі де көп, кісі қалың,  
Аяқ басып жүргүре келмейді әлің.  
Екі адам бір бөлмеде бөлек отыр,  
Кім екені аңшыға емес мәлім, –

деп, сол екі адамның портретін береді.

Біреуі ұзын бойлы, қыр мұрынды,  
Қымбатты оңаша алған бір орынды.  
Қара мұрт, қызыл жүзді, кең жауырынды,  
Сөзі әдемі, киімі әм форымды.  
Кемедегі кісіден иығы аскан,  
Келісімді, келімді, кердең басқан.  
Кішкене қабагында кейісі бар,  
Оғат етіп айтпасам, байқамастан, –

деп, Генри Куртисты сипаттайты.

Романда Генридің портретін:

— Я никогда не встречал человека такого богатырского сложения. У него были соломенного цвета волосы, густая борода, правильные черты лица и большие, глубоко сидящие глаза. В своей жизни я не видел более красивого человека, и он чем-то напоминал мне древнего датчанина, — деп суреттейді.

Ақылбай романдағы Генри сипатының ең елеулі, өз оқушысына түсінікті болар деген жақтарын алып бейнелеғен. Ол — Генридің алып тұлғасы мен қажымас күш, мол қайраттың иесі екенін аңғарту. Ол қасиеттерін ақын: “Ұзын бойлы, кең жауырынды”, “Кемедегі кісіден иығы асқан”, сол алып тұлғасы өзінің жалпы келбетіне, жүріс-тұрысына лайықты: “келісімді”, “келімді”, “керден басқан”, — деп берген.

Романда Кватермэн Генриді көргенде оған үқсаған адамды бұрын бір жерде кездестіргені көз алдына елестейді. Бірақ кім екені ол жерде есіне түспейді.

— Он очень напоминал мне еще кого-то, но кого — я не мог вспомнить, — дейді Кватермэн. (Ол адам кейін Генридің інісі болып шығады). Ал, Ақылбай роман оқиғасына қажетті осы жайды қағыс қалдырмайды. Өзінше:

Кішкене қабағында кейісі бар,  
Оғат кетіп айтпасам, байқамастан, —

деп өз атынан төлеу салады. Ақынның бұл сипаттарынан Генридің жай жолаушы емес, көnlі алаң, бір өкінішке ұшыраган адам екені — қабағындағы кейіс белгісінен байқала-тының оқушыға аңғартылады.

Екінші жолаушыны, Генридің жолдасы Джон Гудты:

Біреуі толық келген, орта бойлы,  
Кемеш кісі секілді білімге ойлы.  
Үлбіреген ак тәнді, көзі кекшіл,  
Нағылса ол да жақсы адам сойлы, —

деп бейнелейді.

Романда Британия флотында он жеті жыл қызмет еткен, капитан атағымен резервке шыққан, енді Генриге жолдас болып, оның інісін іздеуге аттанған Джордж Гудты:

— Это был коренастый человек, лет тридцати, среднего роста, темноволосый, плотный, довольно оригинальный с виду. Он был чрезвычайно опрятно одет, тщательно выбрит и всегда носил в правом глазу монокль, — деп суреттейді.

Ақылбай романдағы кейіпкерлердің бейнесін сипаттауда романдағы мінездемелерді сөзбе-сөз аудармай, адам тұлғасын романдағы қалпына сәйкес ете өзінше суреттеп береді. Ақын романды бастан-аяқ зерттей оқып шығып, кейіпкерлерге романның әр тарауында біртіндеп беріліп отыратын сипаттамаларды жинақтап, ықшамдап, өлең шумақтарынан сыйғыза беруді мақсат еткен. Мысалы, романның алғашқы тарауында Гудке берілген сипаттамада, Ақылбай айтқан, “Үлбіреген ақ тәнді” деген сөздер кездеспейді. Ал “Үлбіреген ақ тәнді” деген сипаттаманың романның оқиғасына туралай байланысы бар.

Романның VII тарауында Генри, Кватермэн, Омпапа, Гудтар зұлыстардың жеріне жетіп, олармен алғаш кездескенде зұлыстар түңғыш рет көрген ақ нәсілді адамдарға таңырқап, қайран қалады. Далада бұлақ басында жолаушылар мен зұлыстар тұтқылда кездесіп қалады да, енді бұларды еліне бастап апармак болады. Дәл осы кезде суға түсіп жатқан Гуд түгел киінуге де үлгермейді. Оның көзіндегі моноклі де, алынбалы-салмалы тісі де (протезі), “үлбіреген тәні де” зұлыстарға таң көрінеді. Зұлыстар жолаушылардың нәрселерін алып жүрмек болып, Гудтың киімін киінүне де мұршасын келтірмейді. Гуд киімді кием деп таласып:

— Но я хочу надеть снова свои брюки! — ревел Гуд по английски.

Омпапа перевел его слова.

— О повелитель мой! — воскликнул Инфадус. — Неужели ты хочешь скрыть свои прекрасные белые ноги от взора своих покорных слуг. (Гуд брюнет, но кожа у него необычайно белая). Чем мы прогневили тебя, о повелитель, что ты хочешь-то сделать.

Глядя на Гуда, я буквально разрывался от смеха. За это время один из туземцев уже успел схватить одежду капитана и убежать с нею, — дейді Кватермэн.

Ақылбай поэмасының экспозициясында Гудпен окушысын таныстырып, оны сипаттағанда: “Үлбіреген ақ тәнді” деуі де осы. Осы мысалдың өзінен-ақ Ақылбайдың “Сүлеймен патшаның қазынасы” романымен жете таныс болғандығын айқын көреміз.

Сөйтіп Генри мен Гуд кеме үстінде Кватермэнмен танысады. Генри Кватермэнге інісі туралы хат жазғанын, інісімен не себепті араздасқан сырын айтады. Інісінің мергенге жолыққан жайын естігенін, енді оны іздеуге бел байлап шыққанын баяндайды:

... Еміс хабар естідім жолықты деп,  
Сізге кез менің інім болыпты деп.  
Зұлыс тауда піл атып жүргенінде,  
Үйіңе қонақ болып қоныпты деп.  
Осы еді, Кватермэн, менің жайым,  
Зор қайғы інім еске түскен сайын.  
Бар өмірінді жолына құрбан қылдым,  
Еріксіз жатқызбайды қайғы-уайым.  
Жалғыз інім Джорджға менирбанмын,  
Қалайша кеткеніне өзім таңмын.  
Көргенінді көмескі қылмай сөйле,  
Осылай әуре болған мен бір жанмын, —

дейді Генри. Кватермэн да одан көрген-білгенін жасырмайды.

Аңшы сонда, інінді көрдім, депті,  
Ол оңай қайтпас жерді сапар етті.  
Сүлейменнің қазынасын іздемекке,  
Талап етіп екі адам журіп кетті.  
Бару қыын дедім мен, айттым жайын,  
Адам аман қайтпаган барған сайын.  
Ақыры болмаған соң копия бердім,  
Жол планы бар еді менде дайын, —

деп Кватермэн Джордждың қауіпті сапарға аттанғанын айтады. Романда Джорджben бірге аттанған аңшы Джимнің жайын әңгіме етуді Ақылбай қажет деп таппаған.

Енді романда Кватермэн әңгіме ететін Сүлеймен қазынасы жайындағы аңыз (мергеннің Иванстан естіген әңгімесі, Хозе Сильвестрдің өлер алдында Сүлеймен қазынасына баратын жол жоспарын беріп кетуі, т. б.) “Зұлыс” поэмасында қысқаша жырланады. Кватермэннің Джорджға Сүлеймен қазынасына баратын жол планынан копия бергенде, планның өзін қайдан алғанын ақын Кватермэн аузынан айтқызады:

— Бір күні мен Зұлысқа шықтым аңға,  
Піл кез келер деп ойлад аңдығанға.  
Ыстықтан қап-қара боп тілі түскен,  
Жығылып-турған жолықтым халсіз жанға.  
Көтеріп алып келдім балағанға,  
Қуандым көз ашуға жарағанға.  
“Алмас... алмас...” деді де жаны шықты,  
Қойнынан қағаз таптым қараганда.

Сүлеймен планы екен қазынасының,  
Білмедім қайда екенін жолдасының...

дейді. Бұл “алмас, алмас” деп келген белгісіз адам — романдағы Хозе Сильвестр. Кватермэн соның қойнынан шыққан планнан Джорджға копия берген. Сол жобамен Джордж Сүлеймен қазынасын іздеп кеткен.

“Сана” журналына басылған “Зұлыс” поэмасы оқиғаның дәл осы жеріне жеткенде, аяғы табылмады деп үзіледі.

Поэмада осы үзілген жеріне дейін жырланатын оқиға “Сүлеймен патшаның қазынасы” романының I, II тарауларындағы (Глава I. Я встречаюсь с сэром Генри Курти-сом. Глава VII. Легенда о копях царя Соломона) әңгіме желісі. Оқиғаның баяндалуы романнан алшақ емес. Негізгі сарыны сақталып жырланған.

Поэмандың кейін табылған бөлімі осы айтылған оқиғаның жалғасы. Генри інісін іздеу сапарында Кватермэнның серік, жолдас болуын өтінеді. Романда Генри бұл сапарға тек інісін іздеу мақсатымен ғана аттанбақ. Оны дуние — Сүлеймен қазынасы қызықтырмайды. Егер қазына табыла қалса, ол байлыққа ортақ болмақ емес.

... Если же нам посчастливится добраться до Сүлейменовых копей и найти алмазы, вы поделите их поровну с Гудом. Мне они не нужны, — дейді Генри (романда) Кватермэнге.

Ал, Ақылбай бұл арада Генри бейнесін өзінше береді. Оны байлыққа бас имейтін адам деп романдағыша дәріп-темейді. Генридің аузына:

Осы жолы менімен болсан жолдас,  
Дос боламын өмірге жанды аямас.  
Сыбағаң өзімменен бірдей болсын,  
Құдай ондал табылса брильянт тас, —

деген сөз салады. Ал, Кватермэн бұл сапарға Генридің беретін ақшасына қызығып бармайды:

Басым сатып бармаймын мен пұлыңа,  
Сізді қимай еремін бұл жолыңа, —

дейді.

Бұларға ақысыз, пұлсыз серік болып, сапар шегуге келген “төрт кезден аса бойы бар” зұлыс жігіті Омпапаны ақын сүйсіне, мадактай жыр етеді:

Омпапа айтты: ұзын ғой менің бойым,  
Генри де талықпас, менің ойым.  
Ми қайнарлық ыстық бар, қатты сүйк,  
Кім көйпектеп жүреді салмай ойын.  
Құдайым екеуімізге берген сыйын,  
Жүк емес азық-тамак, мылтық-киім.  
Гуд пенен Кватермэн қысқа жілік,  
Задор Зұлыс асуға ісі қыын.  
Отырды ішкілікпен ойнап құліп,  
Бірінің айтқан сөзін бірі іліп.  
Не десе де сөзі жөн Омпаланың,  
Құдай артық жаратқан атан жілік.

Ақын бұлардың “тройка атпен” (романдағы өгіз орнына) Зұлыс тауының бектеріне келгенін әңгіме етеді.

Ақылбай ақын поэмада өр мінезді, алған бетінен аумайтын, айнымайтын, қыындықтан қашпайтын, табанды, жігерлі, қайратты ер адамдардың дара бейнесін ақын тілімен сипаттап береді. Бұлар үйреншікті түрмис, күнделікті таныс өмірдің жағдайында әрекет ететін жандар емес. Олар қауіп-қатері мол, қыын сапарда сан алуан шытырман оқиғаларға кездесіп, жат жерлерде таңғажайып оқиғаларға ұшырап, сырлы табиғат аясында тартысқа түсетін нағыз романтикалық сипатта асқақтата жырлайды:

Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі сүйк,  
Басына жан бармаған мұның жуық,  
Алабас ақ бурадай бүркыраған,  
Үскірік, қарлы бүлт басын жуып.  
Зор кеудемен Зұлыстың асқан басы,  
Күн ашықта жалтырлап жылтыр тасы.  
Аю, арыстан, піл, барыс – хайуаннатор,  
Қойныңда бір сақтаған – ол анасы.  
Аю, арыстан үн берер кешкө таман,  
Жан иесі көрінсе қалмайды аман.  
Жалбырап қалың шашы көзін жауып,  
Ақырып аю да жүр жалпақ табан.  
Кірсен түрар сайынан күн көрінбей,  
Шытырманнан жан өтпес бір сүрінбей.  
Ажал іісі шығады өр сайынан,  
Қараңғы жаһаннамның үнгіріндей.

Осы аз ғана өлең шумағынан қандай тамаша көркем сөз образдарын кездестіреміз.

“Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі сұық” дегендегі эпитеттер табиғатты жанды бейнеде кейілтеу (олицетворение), “ала бас ақ бурадай бүркыраған” деген көркем теңеулер, күрделі метафоралар, екпінді, әсерлі дыбыс үндестіктері, осы шумактардың өн бойында кездесетін өлең өрнектері, ажарлы сөз айшықтары нағыз ақындық образдар. Осының бәрі – Ақылбайдың Абай поэзиясынан алған ақындық өнердегі үлгі-өнегесін айқын анғартады.

Ақын Зұлыс тауын суреттеуде романнан да алғақ кетпейді. Тау суреті романның VI тарауында беріледі.

Поэмада енді нағыз қызықты оқигалар басталады. Жолаушылар жеті күн жол жүріп, піл жайланаң жерге жетеді. Осы арада бұлардың піл атқаны, жаралы пілден Гудты аман алыш қалып, өзі қаза тапқан бала зұлыстың ерлігі айтылады.

Генри атқан піл жығылады да, Гуд атқан піл жараланып, оның өзіне қарсы үмтүләді. Ақын бала зұлыстың (Хива) ажалға ара түскен жанқиярлық ерлігін емірене жырлайды.

Генри атқан жығылды сонда барып,  
Гуд атқан жығылмады жараланып.  
Түтінге қарсы өкіре жүгіреді,  
Гудты талқан қылмақ бол ызаланып.

---

<sup>1</sup> “На расстоянии не более сорока или пятидесяти миль от нас, сверкая, как серебро, в утренних лучах солнца, высилась Грудь Царицы Савской, по обе ее стороны на сотни миль тянулись великие горы Сулеймана”.

“...Прямо перед нами высились две огромные горы, по крайней мере в пятнадцать тысяч футов высотой, подобных которым, я думаю, нет больше в Африке, да, вероятно, и во всем мире. Соединенные обрывистым скалистым отрогом, они отстояли не более чем на дюжину миль одна от другой, торжественно вздымая прямо в небо свою величественную белизну”.

“... Я не в силах описать ослепительную красоту этого вида. В величественных очертаниях этих колоссальных вулканов – так как горы несомненно были потухшими вулканами – было нечто столь торжественное и подавляющее, что у нас захватило дыхание. Некоторое время утренний свет играл, переливаясь, на снегу и на конусообразных коричневых массах гор ниже линии снега. Затем, словно для того, чтобы скрыть величественное зрелище от наших взоров, странные клубы тумана и облаков, постепенно сгущаясь, заволокли горы, пока наконец мы едва могли различить их чистый гигантский контур, вырисовывающийся, подобно видению, сквозь облачную пелену”.

Піл жүгірді тоқтамай терен сайдан,  
Қойсын ба ұмтылған соң анадайдан.  
Гуд жанына таянып келген кезде,  
Бала келіп жабысты әлде қайдан.  
Жан қіған ерлік шықты мұндай жастан,  
Өлмеймін деп келген жоқ байқамастан.  
Гуд жанынан қудерді үзген кезде,  
Бала қанжар салады тайқамастан.  
Күшті піл бір-ақ тарпып жерге басты,  
Ашуланса сындырган қара тасты.  
Басып тұрып денесін дар айырып,  
Ақырып лактырды есіл жасты.  
Оны өлтіріп, жүгірді Гудке таман,  
Не қылса қояр емес оны да аман.  
Тез оқтап екі көздін арасынан,  
Генри саспай атты, ол майталман.  
Генри талай қөрген мұндай істі,  
Сүйтсе де өлтірер деп зәресі үшты.  
Қақ мандайдан қапысыз оғы тиіп,  
Өкіріп піл бұқасы шөке түсті.

Осы оқиғаны ақын романдағы әңгімеге аса жақын, тіпті дәлме-дәл суреттеп берген.

Романның IV тарауын (Кватермэн атынан) былай аяқтайды:

— Что касается Гуда, он поднялся и, ломая руки, предался отчаянию над останком храбреца, который пожертвовал своей жизнью, чтобы его спасти. Хоть я и много испытал в своей жизни, но тоже почувствовал комок, подступающий к горлу. Амбопа стоял, созерцая огромного мертвого слона и изуродованные останки бедного зулуса.

— Что же, — вдруг сказал он, — Хива, правда, умер, но умер, как мужчина.

Ақылбай да поэманиң осы бір тарауын:

Баланың бар денесін алды теріп,  
Әрқайсысы жыласты бойы еріп.  
Жас жанын жолдас үшін құрбан қылған,  
Әділ ер, кез болмас деп, мұндай серік, —

деп аяқтайды.

Ақын зұлыстардың адамгершілігін, жолдас үшін жан қиятын адалдығын, ерлік қасиеттерін ерекше көрсетіп жырлайды.

Поэма оқиғаның дәл осы арасына, зұлыс баланың ерлікпен өлген жеріне келгенде үзліп қалады. Поэманиң кейін табылған жалғасында жырланатын оқиға романның III, IV тарауларының мазмұнына сәйкес (глава III. Амбопа поступает к нам в услужение. Глава IV. Охота на слонов).

Ақылбай поэмасын тегінде түгел аяқтаған.

Біз жоғарыда әдейі романның қысқаша оқиғасын айттып кеткен едік. “Зұлыс” поэмасының қолжазбасын оқыған және поэмани естіген адамдар, өлең күйінде жатқа білмен, поэманиң үзліп қалған жерінен байлайғы мазмұнын түгел әңгіме етіп айтып береді. Олардың айтқан әңгімесі (поэмани оқығанда, не тыңдағанда есте қалғандары) түгелдей дерлік роман сюжетімен дәл түсіп отырады.

Әзірге поэманиң жалғасы табылмағандықтан “Зұлыс” жайындағы мәселені осымен аяқтаймыз. Поэма толық табылған соң, оны әдеби зерттеу ісі тереңірек жүргізілуі кепек.

\* \* \*

“Зұлыс” поэмасы – Абайдың ағартушы-тәрбиешлік, ақын ұстаздық еңбегінің жемісі. Ақылбай сияқты ақын шәкіртіне ағылшын жазушысы Г.Р. Хаггардтың шығармаларының ішіндегі ең тандаулысын танып тауып, таныстырыған және “Сүлеймен патшаның қазынасы” романының са-рынымен поэма жаздырған Абай екені даусыз.

Абайдың тәрбиешлік, ұстаздық қызыметіне тоқтай келіп, М. 0. Әуезов былай дейді:

“Бұл уақытта, жалғыз өз өситетін айтпай, орыс кітаптары арқылы таныс болған бұрынғы-соңды данышпан, ғалым, ақын-жазушы атауының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдарының көбін өз тілі, өз аудармасымен (редакциясымен) әсем әңгіме қып айтып береді.

Абай айтуынан тараған осындағы жаңа, соны әңгімелердің ішінде өз уақытына жаңа болған “Мың бір тұн”, “Шаһнама”, “Бақтажар”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Көрүғлы сұлтан” сияқтылардан басқа, орыс пен Европаның да талай романдары болады. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың “Үш мушкетері”, “Он жылдың соңғысы”, “Король қатын Маргосы”, Лесаждың “Ақсақ французы” (Хромой бес), Пушкин, Лермонтов әңгімелері және Батыс Европада ортағасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін

“Қызыл сақал” деген роман, онан соң Америка, Африка жабайылары ортасында күн кешкен “жәһәнкездер” жайындағы романдар да көп айтылатын болған<sup>1</sup>.

Осы айтылған Африка жабайылары ортасында күн кешкен “жәһәнкездер” жайындағы романдардың бірі – Хаггардтың “Сүлеймен патшаның қазынасы” атты романы болған.

Сол роман сарынымен жазылған Ақылбайдың “Зұлым<sup>2</sup> поэмасы Абайдан бұрын қазақ әдебиетінде болмаған жаңалық – нағыз көркем жазба әдебиет үлгісіндегі шығарма.

---

<sup>1</sup> “Зұлым” поэмасының мазмұнын толық билетіндер Әрхам Ысқақов, Рақымжан Мамырзаков, Смайлқан, т.б. Олардың қолжазбалары бар.  
<sup>2</sup> Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 48-бет, Алматы, 1957 ж.

## ПОЭМАЛАРЫ

---

### ДАҒЫСТАН

Дагыстан Кавказдағы кәрі Жүсіп,  
Қиссағып айтқым келді көнлім түсіп.  
Тепе-тек тек жатудың табы батып,  
Білмедім не қылуды ішім пысып.  
Сынауына сорғалап келмесе де,  
Сөкпендер, мына сезі қалай десіп.  
Еріккен соң ер сөзін ермек еттім,  
Осыны айтпасам да өнер қысып.

Қазақтың “Қап” дегені Кавказ серек,  
Тәнірім сұлу биік еткен ерек.  
Ақырып айдаңардай жүз толғанып,  
Тауды бұзып, тас жарған долы Терек.  
Артық нәрсе дүниеде айтпақ ушін,  
Деме жұрт, тау мен өзен неге керек.  
Қолдан келер айла жоқ, жанға рахат,  
Хикметін тамаша көрсетер ек.  
Кавказды сұлу қылған Құдай қалап,  
Көрген адам кете алмас тамашалап,  
Белгілі ер черкестен көп халық бар,  
Сол тауда өмір сүрген жанасалап.  
Сөлейейін сол таудағы Дағыстаннан,  
Жау менен жалығу жоқ шабықсаннан.  
Күні бүгін іркіліп көрген емес,  
Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан.

Әдеті ата мұра баяғыдан,  
Айтылар әңгімесі аяғынан.  
Қаны қызса қанжарын қайтармайды,  
Өзге елдің бұрын сермер таяғынан.

Ақ жиек, көкшіл сүрғылт сөуле берген,  
Мұнартқан Кавказ буы көтерілген.  
Алтын шатыр сәулесі тау басында,  
Атырабы мәлім болды талай жерден.

Бұлбұл құс үйқысынан көзін ашып,  
Түріне гүл-бәйшешек таңырқасып.

Күн ыстығы түскенше сермелік деп,  
Үнін, жүнін түзетті жабырласып.

Квинттей<sup>1</sup> үнін түзеп шырқатады,  
Көмейін қайырып, толғап ыргатады.  
Толғантып тоқсан екі мұң мен зарды,  
Тәңірінің берген үнін зырлатады.

Сайраған күмір<sup>2</sup> бұлбұл үні шықты,  
Кемпір қара салысын бұркеп тықты.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Еліріп тік қарайды Кавказ мықты.

Сөкпе, қалса сөзімнің шалалары,  
Кітапта жазған орыс данаалары.  
Бұрын неше соғыста ойран болған,  
Көрінді Дағыстанның қалалары.

Бұзылған Дағыстанның қу қаласы,  
Көрінді карт Жүсіптің үйханасы.  
Жүсіп түр қайғы басқан үй алдында,  
Дүниенің әсер бермей тамашасы.

Бір қатын үйден шықты кадам басып,  
Асығып дегбірі жоқ асып-сасып.  
Жүсіп айтты қатынға: “Шақырды ма,  
Көрейін жалғызымды болса нәсіп?”

Қатын айтты: – “Жалғызың жаман деді,  
Әлі ырзалық берген жоқ саған деді.  
Әкенді шақырайын дегенімде,  
Бір ауыз сөз қатпады маған деді.

Күрсінді сөзін естіп Жүсіп кәрі,  
Көзінің жасқа толып кетті бәрі.  
Өткен істің қатесі ойға түсіп,  
Келді-ау деп Әлі кемпір қылған зары.

Екі көзден жас ыршып, ытып кеткен,  
Тоқтамай сорғалатып әжім беттен.  
Жуан, қалың білектей бурыл мұртқа,  
Домалап улы жасы барып жеткен.

<sup>1</sup> Квинта – (латынша) бесінші скрипканың ең жоғарғы дауысты ең нәзік, бірінші ішегі.

<sup>2</sup> Күмір бұлбұл – тау бұлбұлы.

Зәһира сұлу жалғыздан айрылғанын,  
Әлінің арнап қарғып, зар қылғанын.  
Алдына әкеп тосқандай секілденді,  
Орынсыз өмірінде бар қылғанын.

Жүсіптің қандай іспен ескендігін,  
Басынан қандай өмір кешкендігін.  
Баяндаپ ұқтыруға жаңа келдім,  
Неліктен осы қайғы түскендейді.

Тәкаппар Дағыстанда Жүсіп батыр,  
Бақыты асып құрбысынан келе жатыр.  
Екі сөзді көтермес зор көкірек,  
Соқтығып бұған ешкім тимейді ақыр.

Аяғынан бастадым сөздің басын,  
Фажайып кәрі Кавказ тау мен тасын.  
Басқа түрлі сипатпен білдірейін,  
Келісімді келтірген тамашасын.

Қозғаган жас қуатын мөуелі жаз,  
Мақұлық қыбырлаған бәрі де мәз.  
Әр жерінен ажалдың иісі шығып,  
Суық түспен қарайды кәрі Кавказ.

Бейне жары Кавказдың не баласы,  
Өрт алғандай таусылып айналасы.  
Жасы жеткен, қапалық қайғы басқан,  
Жабырқанқы Жүсіптің жалғыз басы.

Бұл Жүсіп құрбысынан жасында асқан,  
Именіп еш нәрседен емес сасқан.  
Отты көз, өр көкірек батыр Жүсіп,  
Тік қарап, тура ажалға қарсыласқан.

Қаймығып тірі жаннан қорықпаған,  
Сірә өзінен мықтыға жолықпаған.  
Өз бойына өз күші сенімді бол,  
Ойламас жазалар деп ұлық маған.

Мыңдан тізгін тартпаған о да мықты,  
Мергендікке өзгеше болып шықты.  
Бір кемпірдің жалғызы аты – Ибраһим,  
Ондай адам атпаған бір мылтықты.

Білімді, қалжыңға ұста, сөзі майда,  
Жүрт күлдіріп сөз сөйлер әрбір жайда.  
“Басқа пәле тілден” деп, мақал бар гой,  
Кейде залал қалжың сөз, кейде пайда.

Ол күнгі Дағыстанның әдеті бар,  
Бір үлкен той қылады он екі айда.  
Кімнің жақсы екенін, кімнің мерген,  
Жиылған жұрт сейлейді осындайда.

Сол той тағы болғанда жұрт мақтады,  
“Бұл елде Ибраһимдей мерген қайда”.  
Әрі сұлу, әрі есті, әрі мерген,  
Қайда барса жақсыға қосылмай ма.

Ибраһим бір сөз айтып қалжындалты,  
Неғылса қыстырып мінін тапты.  
Тұрпайы тасырлыққа тап келген соң,  
Долданып, Жүсіп ыза бола қапты.

Жүсіпке осы қалжың тиді қатты,  
Көтермей құрбы сөзін тәңір атты.  
Жұрт ескермес қалжыңың ақ көңіл деп,  
Мінезінен тәқаппар соған батты.

Қatal Жүсіп қалжынды кек көреді,  
Мақтауды өзге алғанын жек көреді.  
Ішінен Ибраһимға дүшпан болып,  
Буынып улы қанжар кектенеді.

Сол тойдан жұрт тарады әр тарапқа,  
Ибраһим көңілін беріп жүреді аққа.  
Ашық күні аң атып қайтайын деп,  
Үйден шығып аттанды Кавказ жаққа.

Жүсіп тағы сол күні анда жүрді,  
Жайылған бір далада арқар көрді.  
Шалдыртпай ептең барып атайын деп,  
Қақпа тасты бетке алып келеді енді.

Байқамай дәрісін кеп сасып салды,  
Бұғып келіп арқарды басып қалды.  
Бір занғардың басына, оғы тимей,  
Ойнақтап көз үшына арқар барды.

Аңға көңіл қоя ма аумасына,  
Оқ тимей, арқар шықты тау басына.  
Ескерусіз Ибраһим жетіп келді.  
Жүсіптей қанын ішер жау қасына.

Мылтықты атайын деп оғын салды,  
Ыңғайлап нысанана бетіне алды.  
Оқ жетпес деп дандайсып тұрган арқар,  
Ибраһим тарс қойғанда құлап қалды.

Жұсіпке айтты қалжындағап: — Батыр, саған,  
Мендей боп атуыңа келмес шаман.  
Қате атарлық, ей, батыр, мен емеспін,  
Байлайын арқар болса көрсет маған.

Қалжынға шыдамады Жұсіп долы,  
Орынсыз кімге жақсы ашу молы.  
Байқаусызыда қасына жетіп келіп,  
Дәл жүректен жабысты қанжар қолы.

Бұ-дағы қанжар дайын айқаспай ма,  
Оныңа болмаймын деп шайқаспай ма.  
Қапы болды, білмеді аямасын,  
Сезгенде бір кісімен байқаспай ма.

Өлтіріп Ибраһимді жығып салды,  
Қанжарын қанға былғап жұлып алды.  
Жазықсыз бір қалжынға кісі өлтіріп,  
Адам сүймес бір іс қып кете барды.

— Өлтірдің, — деді Ибраһим залым Жұсіп,  
Киянатсыз қалжынға ашу қысып.  
Жалғыз шешем артымнан о да өледі,  
Қарық бол дүниеден көңілің өсіп.  
Туган адам өлмеші арман етпен,  
Көрерміз тәнрі алдында бір сөйлесіп.

Уа, дүние, қәне сенің мақтағаның,  
Жақсылығың орнымен ақтағаның.  
Киянат жоқ, жалған жоқ таза жүрек,  
Мынау ма жас өмірді сақтағаның!

Жақсылық жаса деген сөзің қайда,  
Мін бар ма Ибраһимде өзі майда.  
Жазықсыз жас өмірін қанмен жудың,  
Ешкімге де тимеді сенен пайда.

Өлтіріп Ибраһимді Жұсіп кетті,  
Тағдырдағы өлшеулі күні бітті.  
Екі күнде кездескен біреу көріп,  
Өлгенін Ибраһимнің мәлімдепті.

Әлі кемпір есітіп талып қалды,  
Сүйегін Ибраһимнің алып барды.  
Жалғызымды өлтірген жазықтыны,  
Құдая, ата көр, деп қылды зарды.

— Құдая, құлың едім, — деді, — сенің,  
Құрыды жалғыз еді менің тегім.  
Хақ пайғамбар шапағат қылғаның сол,  
Кетпесін өлтіргенде менің кегім.

— Мендей ғып қайғы берсін анасына,  
Қарамай қаза берсін шамасына.  
Я өзі, я түкымы, жұрағаты,  
Кетпестей әрекет бар баласына!

Әртүрлі Әлі кемпір зарлық етті,  
Әлбетте, бұл қарғысын қабыл етті.  
Зарланғаның есітіп тағат қылмай,  
Жусіп барып үйіне кіріп кетті.

Кемпір өлді жұмада халі бітіп,  
Баланың жетісіне әрен жетіп.  
Аманат алласына тапсырдым деп,  
Кегімді жіберме деп зарлық етіп.

Бұдан кейін бір талай заман болды,  
Қарғысы ақырында жаман болды.  
Шошынғаны ойынан шығып кетіп,  
Малы, басы Жүсіптің аман болды.

Білгенімше айтайын әңгімесін,  
Түгендеп айта аламын өлде несін.  
Бес ұл туып, ер жетті арыстандай,  
Сөйлейін Зәһира қыздың өзгешесін.

Жүсіптің жалғыз қызы Зәһира сері,  
Бұдан сұлу әйелде болмас әрі.  
Рақметімен жаратқан Алла сүйіп,  
Тарыдай тал бойында жоқ бір міні.

Зәһираны көрген жанда қалмайды ес,  
Қара қасы қылған, көзі нәркес.  
Алақанға көтеріп аялайды,  
Бұл бір жан деп өзгеше бүкіл черкес.

Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты,  
Шашының ұзындығы тізе басты.  
Күлгендеге гүл төгілер тісі меруерт,  
Ондай жан бұл жалғанда жаралмас-ты.

Бұралған тал шыбықтай қыпша белі,  
Бес ұлдың ортасында шыққан гүлі.  
Женіл басып, киікше жүреді деп,  
“Фазел” деп атын қойған оның елі.

Толқынды қара шашы жібек талдай,  
Көрген адам қарайды көзін алмай.  
Аласы аз, нұрлы кара, үялыш көз,  
Жаралған бір денесі қапы қалмай.

Кірсіз тіс, қырлы мұрын, мінсіз ерін,  
Білерсіз мінезінен ішкі сырын.  
Бұл жүрген әйел адам үқсамайды,  
Келтіріп айта алмаймын мыңнан бірін.

Алма бет, аппақ еті қар секілді,  
Көргенде онсыз дүние тар секілді.  
Жұзін көрген алыстап кете алмайды,  
Жаңының бір ұшығы бар секілді.

Тақпақтап жарамайды айта берген,  
Қызды әркім мақтаганын көзім көрген.  
Ақылы, мінезі мен тұлғасы сай,  
Мін шықпас таза жүрек бұл әйелден.

Мал мен бас бұл Жұсіпте бәрі дайын,  
Ұлы, қызы артықша осындағын.  
Әлі, Мұса, Жағыфар, Таир деген,  
Ең кенжесі Рахым айтсам жайып.

Бәйгесін мергендіктің бұлар алған,  
Батырлықтан ешқашан емес қалған.  
Қолы жеткен айтпасам бір заманда,  
Кімді еркіне жіберер мына жалған.

Кім десе, — Жұсіп ұлы дейді халық,  
Қайда барса келеді жулдені алып.  
Қан саулаған қамалдан тізгін тартып,  
Бір кісіден кірмейді кейін қалып.

Солардың қолы жеткен заманында,  
Жолдас болып шөп бұзған қамалында,  
Жарлының бір жалғызы ер Жәбірәхил,  
Есті, сұлу, ерлік бар қабағында.

Қара мұрт, сұрғылт сұлу, қырлы мұрын,  
Қыр қабақ, кең жауырын айтсам түрін.  
Алланың әмірімен туған жігіт,  
Жеткізіп айта алмаймын мыңнан бірін.

Зәһирага бір күн көріп, болған ғашық,  
Кедей деп бермейді-ау, деп қайғы басып,  
Не өлмек, не қызды алмақ ойға түсті,  
Тағдырдан құтыла ма пенде қашып.

Айтуға бата ала ма байға кедей,  
Тұра ма әл келмесе кедей демей.  
Фашықтық бәлесіне кез келген соң,  
Не ғылсын амалы жоқ, қайғы жемей.

Ала алмас ғашық адам өзін тыйып,  
Сөйлессем деп ойлайды малды жиып.  
Дағыстанның белгілі бір жауы бар,  
Қызың аттанбақшы жанын қиып.

Дағыстан бір жұмысты етпек болды,  
Тубіне сол жауының жетпек болды.  
Жүргіндегі оты бар ер жігіттер,  
Осы жауға аттанып кетпек болды.

Әлі, Мұса екеуі болды бармак,  
Бұларға ұят осындағы дудан қалмақ.  
Жәбірәһіл бұларменен бірге аттанды,  
Тәуекел дариясына салып қармақ.

Жүсіптің екі ұл кетті бір басынан,  
Әлі, Мұса мін шықпас тұлғасынан,  
Әдейі арнап, ыңғайлап әкеткен соң,  
Тағдырыңың кім құтылар шырғасынан.

Жөнелді Дағыстаннан өңшең батыр,  
Жауменен соғысқалы келе жатыр.  
Әзі туып көрмеген Дағыстанда,  
Қындық бір жол болды заман ақыр.

Көбелектей көп әскер сайдан дулап,  
Қамданған қалың кісі шықты шулап.  
Қара қошқыл түтіннен от жарқылдаپ,  
Қорқынышты дыбыспен оқ зуылдаپ.  
Оқ тигендер құлайды оннан, бестен,  
Шалшықтағы балықтай жатыр тулап.

Бірге бес барған елден кісі шықты,  
Жекпе-жекке шыққанды жаман қыпты.  
Әлі, Мұса екеуі қайрат қылып,  
Копке топырақ шашсын ба, атып жықты.  
Екеуінің басын да кесіп алып,  
Сүйретіп алып барып жерге тықты.  
Жәбірәһіл аянбайды өзі мықты,  
Өлімші жараланды жаман тіпті.  
Сүйегін екеуінің алып шығып,  
Қайраты Жәбірәһілдің байқалыпты.

Оқ тигенін сүйесіп үйме-жүйме,  
Тағдыр ісі түсірді мұндай күйге.  
Жақынынан айырылған жаралы көп,  
Кездің жасын тыя алмай келеді үйге.

Өкінгенмен не пайда қатасына,  
Жолықты Әлі кемпір батасына.  
— Тағдыр осы екі ұлың шәйіт болды, —  
Деп естіртті Жүсіптей атасына.

Жұз құбылып, сұрланып Жүсіп түсі,  
Ойға келіп орынсыз өткен ісі.  
Құдай ашу қылмаса, қарғыс келіп,  
Қабат қаза көре ме деді кісі.

Ажал жетсе бола ма өлмесіне,  
Тағдырга амалы не қөнбесіне.  
Жылап-сықтап аяғы сабыр етті,  
Олінің көз жеткен соң келмесіне.

Боялды Ибраһимдай екі ұл қанға,  
Қарғыс келмей қала ма байқағанға.  
Жағыфар, Таюр бір күн ермек үшін,  
Мылтық алып Кавказға шығады аңға.

Бұлар барды құтқармас жау қасына,  
Ойнақтап бұлт та шықты тау басына.  
Кемпірдің тапсырганы тағдыр тосу,  
Жүсіптің не көрсетті сау басына.

Кавказдың қара бұлты шықты аспанға,  
Түсі суық қорқыныш байқасқанға.  
Еңсергенде екпіні тау жыққандай,  
Шыдар емес ешбір жан шайқасқанға.

Бір түрлі жауын жауды сатырлаған,  
Жүктей тас домаланып батырланған.  
Бір минутта он-он бес жай түсіп түр,  
Қорқытты жан иесін шатырлаған.

Мұны көріп Жүсіпке түсті қайғы,  
Көп көрген бой бермейтін осындейдьы.  
Бұлтты күні Кавказға жан шықпайтын,  
Егер шықса үйірге қосылмайды.

Зәһира айтады: — Әй, әке, ағам қайда?  
Қорқамын осы жауын болмас пайда.  
Дегбірінді жүрегім алып кетті,  
Көп жанға қатер болған осындейда.

Жұсіп айтты: — Жауынды олар көрер,  
Соқтықпай ешинарсеге байқап жүрер.  
Ағаңның алғаш көрген құқайы емес,  
Кайдан жүрер соқлағын өзі білер.

Мұны айтса да Жұсіптің көңілі күпті,  
Өзінде де үрей жоқ жаман тіпті.  
Баласын бір сөз бенен алдандырып,  
Ақшамда байқайын деп тысқа шықты.

Сонда да Зәһира бұған сенбейді көп,  
Қан басып қара көзін, бірге еріп кеп.  
Кавказға сұп-сұр болып қарап тұрып,  
— Эй, әке, — қол сермейді, — келмейді, — деп.

Кавказға қара көзі қарап талып,  
Тұрғанда қорқынышты ойға қалып,  
Әкесі үйге әкеліп жатқызады,  
Күмістей білегінен ұстап алып.

Енді айтайын Жағыфар, Таяр халін,  
Жібермес ұстаған соң ажал залым.  
Бір судан өтеміз деп секіргенде,  
Зор толқын келтірмепті оның әлін.

Тағдыр айдал бұларды шыққан бастап,  
Өлтірген екеуін де тасқа жаныштап.  
Тұла бойда сау қалған бір сүйек жоқ,  
Толқын соғып шығарып кеткен тастап.

Ертең тұра ел-жұртты іздей берді,  
Жатқан елік біреуге кездей келді.  
Жау емес жанды қинап соғысатын,  
Күшті толқын қор етті есіл ерді.

Өлгенін бәрі естіді ұлы-қызы,  
Батты Жұсіп батырга қайғы сызы.  
Кемпірдің қарғысынан құтылуға,  
Пана жоқ, айнадай бол жердің жүзі.  
Алып барып екеуін көміп кетті,  
Бірқатар жылдар менен күндер өтті.  
Ашық күнде аң атып қайтайын деп,  
Енді Раҳым аттанып тауға кетті.

Жәбірәһіл жаудан келіп жатып алған,  
Жарақат жаман болып, есін таңған.  
Елу күндей емделіп тәуір болып,  
Сол күні аң атуға о да барған.

Екеуі бір-біріне кездей келді,  
Көптен осы бір-бірін көргені еді.  
— Рахым, саған айттар бір мұңым бар,  
Аттан түсіп сөйлессек болар ма еді.

Керіліп кекір Рахым аттан түсті,  
Тәкаппар зор көкірек сондай күшті,  
Өзін артық, онымен тең көрмейді,  
Менсінбей азар ғана сөз сөйлесті.

— Рахым, күрбылас еді сенің жасын,  
Әрекет бір қайғыда менің басым.  
Зәһирадай әйел адам жарагала ма,  
Өзгеше көрінеді қарындастың...

Қысылып Рахымға солай депті,  
Айтса да жүзі үялыш терлеп кетті.  
Арсыз болып бұрыннан көрген емес,  
Қысылғаны бетіне әсер етті.

Жіберді сонда Рахым тасырлыққа,  
— Ешқашан сендей жанға бас үрдық па.  
Зәһираның сұлулығын құп білемін,  
Сұрамақшы шығарсың қатындыққа!

Ұят шығып Жәбірәһіл түре келді,  
Ұнатпай тік айтқанын сезіп білді.  
— Сұрайын деп жүргенім рас еді,  
Қалай қормын алуға бір әйелді?

— Бұл сөзге мен көнбеймін, әкем көнсе,  
Азғырған сен кедейдің тіліне ерсе.  
Әкемнің де құлы көп сен секілді,  
Атылып өлмеймін бе саған берсе!

— Кесел сөз жақлаушы еді бастарыңа,  
Сондықтан жан жүрмеген қастарыңа.  
Сүйегін екі ағаңың жалғыз алғам,  
Құдай қане, өзге жұрт қашқанында.

Рахым Жәбірәһілге жақын барды,  
Сым ораган қамшысын қолына алды.  
— Маған улкен жақсылық қылышсың деп,  
Қак басқа келістіріп тартып қалды.

Жәбірәһіл бұл дағы асқан батыр мықты,  
Еш сөзді естімеген мұндай тіпті.  
Тістенгенде ернінен қан сорғалап,  
Қабанша қырылдаған үні шықты.

Екеуі де қанжарға қолды қойды,  
Аямасқа бекітіп алады ойды.  
Ыза менен сұырған улы қанжар,  
Не қылса біреуінің басын жойды.

Рахым менсінбейді аса сермен,  
Қан басып екі көзін ашу кернеп.  
Жәбірәһил әдіс пенен ыңғайланды,  
Қанжардан қапы кетер қайсы жер деп.

Әркімге де өзінің керек жаны,  
Жәбірәһилдің түзу боп аңдығаны.  
Салғанда көкіректен шапқа шейін,  
Қанжардың тіліп түсті қадалғаны.

Жәбірәһил көңілдегі сөзін айтып,  
Бара тұрын сонымен үйге қайтып.  
Біреу тауып Рахымды апарғанда,  
Төрт сезбен әкесіне арыз айтып:

— Әке!.. Зәһира... Жәбірәһил... — деді, — кегім,  
Ойлап Жұсіп, бұл сөздің білді тегін.  
Жылап тұрып Рахымға ант етеді,  
Өле-өлгенше кумақ боп оның кегін.

Қарғыстан қорқушы еді зулап ішім,  
Өлмесе қанды қанмен жумақ үшін.

— Сен де ант ет, — деп Зәһираға ант еткізді,  
Қажымай осы кекті кумақ үшін.

\* \* \*

Рахым күні біткен соң өліп кетті,  
Және бір еститұғын жері жетті.  
Зәһира көңіл көтермек тауға шығып,  
Қараңыз тағдыр ісі қалай епті.

Тыңдасан осы сөзім жөн шығады,  
Білмеймін қай жерінен кем шығады.  
Кекірегі қайғылы, көзі жасты,  
Зәһирадан басқа тауға кім шығады.

Әдет қып Зәһира шығар тау басына,  
Бұлбұл көңіл қояма аумасына.  
Ояуда ойлап, түсінде көрген емес,  
Бір жұмыс кездеседі сау басына.

— Ей, Фазел, қасыңызға рұқсат па? — деп,  
Күнірінген үн шығады тау басында.

Фазел де есіткен соң мұндай зарды,  
Жүрек сезді жігітте ғашық барды.  
Ағынымен үйіне қайтса-дағы,  
Япымай, бұл қалай деп аң-таң қалды.

Зәһира кетті үйіне қадам басып,  
Ғашықтан құтыла ма адам қашып.  
Көзін жұмса, жігіт түр сұп-сұр болған,  
Не болды деп қарайды көзін ашып.

Ғашықтық Зәһираға да келіп түсті,  
Еркектен әйел дерті болар күшті.  
Таң атқанша көзінен бір кетпейді,  
Жас жүрекке түсірді мұндай істі.

Ертен тұрып сол тасқа тағы барды,  
Іздеген сол жігіті кез кеп қалды.  
Күнде көріп, жолығып, ойнап-құліп,  
Ғашықтық ынтық болған дәмін алды.

Жетіпті мұратына екі ғашық,  
Қосылып бір-бірімен айқаласып.  
— Карагым, мұнда тұрмай бір шет жакқа,  
Кетейік осы арадан алыс қашып,  
— Әкемнен сұра мені саған берер,  
Сұраған соң беруге о да көнер.  
Егер қабыл көрмесе, мен айтайын,  
Некелеп алуыңа тұра келер.

— Мені әкең өлтіруге бөгелмейді,  
Мен Жәбірәһил көрінсем, жібермейді.  
Арман етсең, сен дағы ант еткенсін,  
Өлтірсең мен дайынмын егер, — дейді.

Білгені қызға жаман кетті батып,  
— “Қасқунемге кез кеппін қарап жатып.  
Жалғыз баурым Раҳым естен шығып,  
Мен ит болған екем, — деп кетеді атып.

— Өлтірмек, Зәһира, сенін уағдан бар,  
Негұлсаң да мен дайын, міне қанжар.  
Кетсең де өлім, бәрі бір өлтірсең де,  
Мен жазықты болмаймын оны да аңғар.

Зәһира өткір қанжарды қолына алды,  
— Қане, айтшы, естиін деп, өткен халді.  
Алса дағы махаббат кекті жеңіп,  
Қолынан қанжар жерге түсіп қалды.

— Аллаға ақ екенсің, ісің мәлім.  
Сенімен бірге болды менің жаным.  
Ақ, қара болсаңдағы тік қарауға,  
Тағдыр осы қайтейін келмейді әлім.

Екеуі сол қызықпен жүріп алды,  
Ләzzатын махаббаттың біліп алды.  
Дәлел жоқ Жәбірәһілден айырылуға,  
Жарының жазасызын көрді, наанды,  
Жұсіп бір күн сұрайды Зәһирасынан,  
— Сақ боп жур, Жәбірәһілдің айласынан.  
Сен көрдің бе ағаңың құныкерін,  
Жүргенін мен есіттім сай басынан?

Жұсіпке өуелгі айтқан жалғаны осы,  
Айтпайды Жәбірәһілді жанның досы.  
— Кім көріпті? Көргем жоқ, бекер шығар,  
Неге керек айтуга сөздің босы.

Мамыт деген қойшыға айтты Жұсіп:  
— Хабар бер Жәбірәһілді көрсөң ұшып.  
Кенжемің тапсырғанын ұмытпаймын,  
Аман-есен кетпесін көзге түсіп.

Мұнан кейін бір талай уақыт өтті,  
Рақат кетіп, кезекті қайғы жетті.  
Көзі шыққыр ер Мамыт тағы бір күн.  
Кектескен дүшпаныңды көрдім депті.

Ол айтты Жәбірәһілді көзім көрген,  
Жылдам жұр, асып кетті анау белден.  
Әмірін батыр Жұсіп екі болмас,  
Міндettі сезім осы хабар берген.

Жұсіп сонда шақырды екі құлын,  
— Өлтірсек кім алады оның құнын.  
Байқаусыз үш қанжармен жетіп барып,  
Қарамай өлтірейік ығы-жөнін.

Қасен менен Құсайын жетіп келген,  
Бұлар жөн адам емес, оған өрген.  
— Қылышың қалай еді, деп Қасенге айтты,  
— Бағана өлген қойды бірақ бөлгем.

Біреуі айтты: Қанжарлы қалмас кейін,  
Сендерсіз-ақ онымен көрісейін.  
Адам қанын ішуге құмары бар,  
Салғанда кіріп кетер шапқа шейін.

Көрі көзі ашумен кетті жайнап,  
Бурыл қасы түюлі, қаны қайнап.  
Үшеуі өлгі тасқа жетіп келді,  
Кешікпей улы қанжар белге байлас.

Сол таста отыр екен қашпақ болып,  
Бұралып Зәнира сұлу аппақ болып.  
Айрылды бір сүйіспін екі ғашық,  
Ертең сонан бір-бірін таппақ болып.

Отырғанда тақаудан сыйбыр етті,  
— Япырмай, бізді іздеңен бар ма депті.  
Қош, Жәбірәһіл, ертең кеш келемін деп,  
Ымыртта сайға қарай жүріп кетті.

Біртүрлі дыбыс шықты сатырлаған,  
Қанжардың дыбысы екен шатырлаған.  
Жүгірді Жәбірәһілді бір көруге,  
Онсыз өмір жоқ, — деді акыр маган.

Үш кісі ортаға ап жүр Жәбірәһілді,  
Біреуі — әкесі екен, танып білді,  
— Оны өлтірсөн, әй, әке, мен де өлем, деп,  
Дірілдеп есі кетіп Зәнира келді.

Жәбірәһіл үшеуіне алғызбай жүр,  
Көп те болса қымылын қалғызбай жүр.  
Қасенниң шауып түсті оң бармағын,  
Қанжарды денесіне салғызбай жүр.

Енді екеуі жабылды екі жақтап,  
Күні бітті түрған жоқ құдай сақтап.  
Зәнираның зар даусына қараймын деп,  
Еніреген жарына жүр жалтақтап.

Қамығып қарағанда қапы тиіп,  
Қайдан келді дегендей іші қүйіп.  
Зәнираның зарлығына алаң болып,  
Қанды шапан үстіне қалды киіп.

Жәбірәһіл қанжардан калды талып,  
Зәнира кеп құшақтады оны барып,  
Тілі келіп Зәнираға: “Қош!” — деп еді,  
Оң жақтағы бетінен сүйіп алып.

— Эке, менің кетірдің шамамды да,  
Құдай алған жетім ем анамды да,  
Құрыттың тұқымынды меніменен,  
Өлтірдің ішімдегі баламды да.

— Ағанды өлтірді ғой осы залым,  
Өзіңде қылығы еді мәлім.  
Көптен бері аңдыған дүшпаныма,  
Үшеулең өрең жетті менің әлім.

— Әй, әке, өлгенімше көрмен сені,  
Өлтірдің аямастан жалғыз мені.  
Дірілдеп азда басып үйге келді,  
Біткен соң Жәбірәһілдің ақтық демі.

Зәһираға осы қайғы батқан екен,  
Шын ғашықтың қайғысын татқан екен.  
Баста айтқан кәрі Жұсіп қапалығы,  
Сонда Зәһира өлер бол жатқан екен.

\* \* \*

Жұсіп қалды Зәһира маған кешпеді деп,  
Рызалық меніменен десспеді деп.  
Өлерде Зәһира сұлу: кештім, депті,  
— Қайтейін, Жәбірәһіл кеш деді деп.

Шын ғашық шыбын жанды буйім демес,  
Жөні келсе өлуің қыын да емес.  
Артында ғашық жардың қалғаннан соң,  
Жалғаннан кетуіне қайғы жемес.

Тартынбас таза жүрек мұндаі жолдан,  
Жігіттер, осы емес пе өлімі оңған.  
Қажымайтын қиянатпен арлы болмай,  
Бет алды келе берсін несі қолдан.

Зәһира мен Жәбірәһілдің көнілі таза,  
Жұсіп те ашынан тартты жаза.  
Жазықсыз бір жалғызды өлтірем деп,  
Тәуір-ақ тапқан жоқ па сонан қаза.

*Соңы.*

## ЗҰЛЫС

Зұлыс деген бір тау бар үлкен, биік,  
Басы қарлы таянып көкке тиіп.  
Пілден пайда етуші жансебіл бар,  
Қаракет қып сүйегін атып, жиып.  
Орта жері отша ыстық піл ойнағы,  
Өзге көрсе шыдамас кетер күйіп.  
Жаралы піл жабыспай жібермейді,  
Ер атады еңбек қып жанын қыып.  
Қалың тогай, қара үңгір, қыын жартас,  
Қаскунем хайуанаттар тұрган сыйып.  
Дейтұғын Кватермән бір мерген бар,  
Бейнет ішіп, күн көрген қатер киіп.

\* \* \*

Мың ділдә өлсе дағы пілдің құны,  
Ер мерген пұлы үшін атпайды оны,  
Адам аумас нәрсе жоқ үйренген соң,  
Қызық болып қатерлі көрген күні?

Құралайды көзге атқан екен мерген,  
Мекен гып өмір сүрген қандай жерден.  
Көз көргенін кітап қып тасниф еткен,  
Өлең қылдым өнерлі сондай ерден.

Көрген жоқ Кватермән бекер жатып,  
Құн сайын түрлі аңды келеді атып.  
Судан арғы шәһарда қымбат баға,  
Қайтпақшы піл сүйегін барып сатып.

Сүйегімен жинаған пілдің тісін,  
Баарыңа барсын деп қылған ісін.  
Қарапқа өзі түсіп, пұлын салды,  
Алып қайтпақ керекті әр немесін.

---

<sup>1</sup> Тасниф – кітап жазу (арабша).  
<sup>2</sup> Қарап – кеме.

Кеменің үйі де көп, кісі қалың,  
Аяқ басып журуге келмейді әлін.  
Екі адам бір бөлмеде бөлек отыр,  
Кім екені аңшыға емес мәлім.

Біреуі ұзын бойлы, қыр мұрынды,  
Қымбатты оңаша алған бір орынды.  
Қара мұрт, қызыл жұзді, кең жаурын,  
Сөзі әдемі, киімі әм форымды.

Кемедегі кісіден иығы асқан,  
Келісімді, келімді, кердең басқан.  
Кішкене қабағында кейісі бар,  
Оғат кетіп айтпасам байқамастан.

Біреуі толық келген, орта бойлы,  
Кемеш кісі сықылды білімге ойлы.  
Үлбіреген ақ тәнді, көзі көкшіл,  
Нағылса ол да жақсы адам сойлы.

Капитан екеуіне келді жетіп,  
Көріп жүрген бұрыннан келіп-кетіп.  
— Қерек қылған кісіңіз, мінеки, — деп,  
Аңшының жайын айтты мәлім етіп.

Ұзыны айтты: — Генри — менің атым,  
Тиді ме жолықсын деп жазған хатым.  
Анық сен Кватермэн аңшы болсан,  
Сізге бір жолығарлық бар қажетім.

— Кватермэн аңшы біз іздел жүрген,  
Зұлыс тауда піл атып өмір сүрген.  
Керек қылған хатыңыз тиіп еді,  
Таса болмас өзіннен көрген, білген.

— Айтайын, — деді Генри, — жайды бастан,  
Миллионердің ұлымын дәулеті асқан.  
Жалғыз інім Джордждан тірі айрылып,  
Құлағандай болып тұр басыма аспан.

— Ініммен қалжың сөзге келдім шалыс,  
Кішіге еңкеймекті көрдім намыс.  
Көрместей боп біржола өкпе қылып,  
Кетер деп ойламадым менен алыс.

— Бір күні жоғын білдім банкке барып,  
Бар ақшасын қалдырмай кетіпті алып.  
“Жер үстінде бар болса табармын” деп,  
Әр тараптан іздедім хабар салып.

— Анықты түк хабар жоқ ешбір жақтан,  
Мұндай іс көріп пе едің судай батқан.  
Өмір қайғы, өкініш кездей болды,  
Уайымсыз жан едім үйде жатқан.

— Еміс хабар естідім жолықты, деп  
Сізге кез менің інім болыпты, — деп,  
Зұлыс тауда піл атып жүргенінде,  
Үйіңе қонақ болып қоныпты деп.

— Осы еді, Кватермэн, менің жайым,  
Зор қайғы інім еске түскен сайын.  
Бар өмірімді жолына құрбан қылдым,  
Еріксіз жатқызбайды қайғы-уайым.

— Жалғыз інім Джорджга мәһирибанмын,  
Қалайша кеткенине өзім таңмын.  
Көргенінді көмескі қылмай сөйле,  
Осылай әуре болған мен бір жанмын.

Аңшы сонда: “Інінді көрдім, — депті,  
— Olsen қайтпас жерді сапар етті.  
Сүлейменнің қазнасын ізdemекке,  
Талап етіп екі адам жүріп кетті.

— Бару қыын, — дедім мен айтып жайын,  
Адам аман қайтпаған барған сайын.  
Ақыры болмаған соң копия бердім,  
Жол планы бар еді менде дайын”.

\* \* \*

— Бір күні мен Зұлысқа шықтым анға,  
Піл кез келер деп ойлап аңдығанға.  
Ыстықтан қап-қара боп тілі түскен,  
Жығылып, түрган жолықтым халсіз жанға.

— Көтеріп алып келдім балағанға,  
Қуандым көз ашуға жараганға.  
“Алмас... алмас...” деді де жаны шықты,  
Қойнынан қағаз таптым қараганда.

— Сүлеймен планы екен казынасының,  
Білмедім қайда екенін жолдасының.  
Қағазды оқып қарасам, іздеген жан,  
Не болары белгісіз бір басының.

— Ол планы менде қалды соныменен,  
Іс қылып ізdemедім оныменен.  
Інің Джордж — екі адам іздел кетті,  
Табамыз деп планның жөніменен...

— Сол туралы менің де көрген кісім,  
Сіз айтқанға үқсайды айтсам түсін.  
Барма деген тілімді алмаған соң,  
Копия бердім қолымнан келген ісім.

Генри естіп, ренжіп ойға кетті,  
Ылайық көрді інсін ізdemекті.  
Қайда өлімнен құтылар адам басы,  
Неде болса бұл жолға жүрдім депті.

— Осы жолы менімен болсаң жолдас,  
Дос боламын өмірге жанды аяmas.  
Сыбағаң өзімменен бірдей болсын,  
Құдай онда табылса бриллиант тас.

Аңшы отырды бір сағат аял сұрап,  
Қатынның жоқ артымда қалар жылап.  
Школда оқып жүрген бір ұлым бар,  
Жалғыз шырақ ақшасыз қалды-ау бір-ак,

Деп, ойлады балама берсе ақша,  
Оқып балам онымен ғылым тапса.  
Көп берсе капитал ғып қалдырайын,  
Не бітеді кісіге қарап жатса, —

Деп, ойлап Кватермэн журмек болды,  
Бұлармен бір пәтерге келіп қонды.  
— Школда оқып жүрген бір ұлым бар,  
Бересің керегіне он мың сомды.

— Басым сатып бармаймын бұл пұлыңа,  
Сізді қимай еремін бұл жолыңа.  
Жиырма мың бересін және өзіме,  
Пұл болсын артта қалған бір ұлымда.

Генри айтты: Және ақша ал мұның болмас,  
Окуына баланның он мың толмас.  
Менің халім келмес деп ойыңа алма,  
Ризамын ықласыңмен болсаң жолдас.

— Ризамын ғой отыз мың бергеніне,  
Мен де ынтық көрмеген жер көргеніме.  
Жан берген жалғыз хаққа қылдым шүкір,  
Сен сықылды жолдасқа ергеніме.

Кватермэн бұлармен бірге кетті,  
Генри извозчикпен барып жетті.  
Төрт кезден бойы асарлық қараңғарбар,  
Бір жігіт есік ашып кіріп кепті.

— Сіз шығарсыз іздеген менің кісім,  
Сіздерге дәл үқсайды айтсан түсін.  
Зұлыстан асады деп естіп келдім,  
Жолдас болсақ қайтеді демек үшін.

Гуд айтты: — Неде болса ерік байда,  
Жолдастың көптігінен бізге пайда.  
Бір айналып келсеңіз жолығарсыз,  
Мағұлым емес, екені қазір қайда.

Ол кеткен соң Генри келді жетіп,  
Отыз мыңды берді де тамам етіп,  
Гуд, Омпапа бар сөзін түгел айтты,  
Жаңа кетіп қалды, деп, сізді күтіп.

Ол айтқанша Омпапа келді қайтып,  
Қайта басар ер емес жолдан тайқып.  
Генриден жолдастық рұхсат алып,  
Бірге жүрмек жүрісін ауыз айттып.

Омпапа айтты: Ұзын ғой менің бойым,  
Генри де талықпас менің ойым.  
Ми қайнарлық ыстық бар, қатты сұық,  
Кім кейлектеп жүреді салмай ойын.

— Құдайым екеумізге берген сыйын,  
Жұқ емес азық-тамақ, мылтық киім.  
Гуд пенен Кватермен қысқа жілік,  
Задор Зұлыс асуға ісі қыын.

Отырды ішкілікпен ойнап-күліп,  
Бірінің айтқан сөзін бірі іліп.  
Не десе де сөзі жөн Омпапаның,  
Құдай артық жаратқан атан жілік.

Таң атты аздан кейін, күн қызырып,  
Айта берсе кетеді сөз ұзарып.  
Бар керегін толтырып тройка атпен,  
Бөктеріне Зұлыстың жетті барып.

\* \* \*

Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі сүйк,  
Басына жан бармаган мұның жуық.  
Алабас ақ бурадай бүркыраған  
Үскірік, қарлы бұлт басын жауып.

Зор кеудемен бұлттан асқан басы,  
Күн ашықта жалтырап жылтыр тасы.  
Аю, арыстан, піл, барыс—хайуанненнар,  
Қойнында бір сақтаған — ол анасы.

Аю, арыстан үн берер кешке таман,  
Жан иесі көрінсе қалмайды аман.  
Жалбырап қалың шашы көзін жауып,  
Ақырып аю да жүр жалпақ табан.

Кірсен тұрар сайынан күн көрінбей,  
Шытырманнан жан өтпес бір сүрінбей.  
Ажал ісі шығады әр сайынан,  
Қараңғы жаһаннамның үңгіріндегі.

Адам байқап болмайды Зұлыс басын,  
Мекен қылған бір қабат көктің қасын.  
Бауры толған шәһар жайлап жатқан,  
Қарашы бір тәңірінің тамашасын.

Генри барып жиғды бір қаланы,  
Ойларлық адам еді әр шаманы,  
Жолдастыққа жааралық түрі бар деп,  
Құнын беріп әкелді бір баланы.

Баланы қарап тұрсам бір ет пішін,  
Он мың сом ақша берді бұл бала үшін.  
Шырағы жанып тұрған адудын жас  
Іңғайлы көрсетер деп жолға күшін.

*/Бұл жерде бірталаі өлең жок/*

Жеті күн тоқтамастан үдай жүрді,  
Қасында шықкан шәһар көзі көрді.  
Адам азар бааралық орта жерде,  
Піл ойнақ қылған екен талай жерді.

Бұлар да қапылыста келіп қапты,  
Бір жеті піл алдында жусап жатты.  
Гуд пенен Кватермән мылтық алып,  
Көрінбестен екеуін екеуі атты.

Генри атқан жығылды сонда барып,  
Гуд атқан жығылмады жараланып.  
Тұтінге қарсы өкіріп жүгіреді,  
Гудты талқан қылмақ боп ызаланып.

Піл жүгірді тоқтамай терең сайдан,  
Қойсын ба үмтүлған соң анадайдан.  
Гуд жанына таянып келген кезде,  
Бала келіп жабысты әлде қайдан.

Жан қиған ерлік шықты мұндай жастан,  
Өлмеймін деп келген жоқ байқамастан.  
Гуд жанынан құдер үзген кезде,  
Бала қанжар салады тайқамастан.

Күшті піл бір-ақ тарпып жерге басты,  
Ашуланса сындырған қара тасты.  
Басып тұрып денесін дар айырып,  
Ақырып лактырды есіл жасты.

Оны өлтіріп жүгірді Гудқа таман,  
Не қылса қояр емес оны да аман.  
Тез оқтап, екі көздің арасынан  
Генри саспай атты ол майталман.

Генри талай көрген мұндай істі,  
Сөйтсе де өлтірер деп зәресі үшты.  
Қақ маңдайдан қапысыз оғы тиіп,  
Өкіріп піл бұқасы шөке түсті.

Баланың бар денесін алды теріп,  
Әрқайсысы жыласты бойы еріп.  
Жас жанын жолдас үшін құрбан қылған  
Әділ ер кез болмас деп, мұндай берік.

*(Аяғы өзірге табылған жеке)*

## ӨЛЕНДЕРІ

Нагашым – ер Қазыбек<sup>1</sup> әулие еткен,  
Фәниден уақыт жетіп о да кеткен.  
Сасқан жер шетінен бабам десе,  
Аруағы көз ашқанша келіп жеткен.

Әрі Аргын, бабам десе болмас жалған,  
Тек кісі емес осындай жолды салған.  
Біраз күн тіршілікке мәз боламыз,  
Ойласам кімнен қалмас мына жалған.

Бекболат туып қалған сондай заттан,  
Қамысқа, қарғап жауын о дағы атқан.  
Орта жұзді билеген Абылайды,  
Титығыма тидің деп сайдактатқан.

Тіленіші одаң туған өзі дана,  
Ұлына Орта жұздің болған пана.  
Біріне-бірінен соң жұрт билетіп,  
Жаратқан осылай ғып хақ тағала.

\* \* \*

Бұлғыннан ішік кидім, көмшат жаға,  
Сарп еттім дүниені білмей баға.  
Талай қыз “Ақылжан” деп тұрушы еді,  
Дейтұтын сүмдыш шықты: “Ақыл аға”.

\* \* \*

Әлекем<sup>2</sup> бір ән тауып бер деген сон,  
Матаі да алыс бірталай жер деген сон.  
Ойыма он минутта осы ән түсті,  
Қолымды қапаш-құпащ сермеген сон.

<sup>1</sup> Ер Қазыбек – тарихта белгілі Қаз дауысты Қазыбек би.

<sup>2</sup> Әлекем – (Элмагамбет) Абайдың әнші шекірті.

## МАҒАУИЯ ӨЛГЕНДЕ ҚЫЗЫ УӘСИЛАҒА АҚҮЛБАЙДЫҢ ЖАЗЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУЫ

Кешегі жүрген ағекем,  
Азырақ сөйлеп бастайын.  
Ерекше тұған жан екен.  
Айтпай да қайтіп тастайын.  
Атаның туын ұстаған,  
Фылымға жетіп жастайын.  
Мұқтажын жүрттың шығарып,  
Не керек десе сол дайын.  
Уақытында сіздей жан тумас.  
Өмірдің тапқан оңқайын.

Мінезің майда, көnlің гүл,  
Сүйеніш болған қуатым.  
Сөзге де шешен бұлбұлым,  
Фылымның таптың суатын.  
Адалдыққа сарп еттің,  
Тәнірінің берген қуатын.

Кеше де Семей шәһерінде,  
Арғын, Найман аса жұрт, —  
Төрт арыс ұлы жиылған,  
Екі жақтың дүшпаны,  
Аямасқа құйылған.  
Дос көбейіп ел жиып,  
Ойыл менен Қыйылдан  
Кереметті Тәтемнің  
Аруағына сыйынған.  
Дегеніне келтіріп,  
Есебін тапқан қыыннан.  
Дауасыз науқас кез болды,  
Көз тиді ме екен жиыннан ?!

Күннен шұғылаң шарқ ұрган,  
Алыс пенен жақынға.  
Тұғаннан бергі жәрдемің,  
Ісі адал менен мақұлға.  
Нәбат шашқан өзендей,  
Қайрың қалың фақырға.  
Сөйлеген сөзің бұл еді,  
Тұпсіз терең дариядай,  
Өлишеусіз едің ақылға.

---

<sup>1</sup> “Тәте” деп Күнанбайды айтады.

Аялап едің, агаекем,  
Алақаннан жем беріп.  
Бір сипасаң жұруші ем,  
Өміріме ем көріп.  
Амал бар ма құдіретке,  
Алған соң өзі жөн көріп.  
Басшысыз балдыр балапан,  
Секілдендік сенделіп.  
Біз де адам болар күн бар ма,  
Баяғыдай жөнделіп.

Алдың рахат құрбына,  
Кірсе мейір қанғандай.  
Сөзінде мұлтік, мұдір жоқ,  
Биікке жорға салғандай.  
Біліміңе өлшеу жоқ,  
Кім көрсе қайран қалғандай.  
Не жазығым бар еді,  
Агаекем сені алғандай.  
Қаранғы көрге түскенше,  
Үмытпаспын жалғанда-ай...

Мұндай да ажал көрдің бе,  
Тонаудан бір күн танбаған.  
Мендей де ғарып бар ма екен,  
Бақыттың оты жанбаған.  
Қызықты дәурен, өмір жоқ,  
Дүние қалды тар маған.  
Сізсіз маған жарық жоқ,  
Өзгеге мейрім қанбаған.  
Артында қалдық көп жетім,  
Арманда болып зарлаган.

Құпия сыр сізге паш еді,  
Көз ашып, кірпік қаққанша.  
Өзгенің ойы жетпеген,  
Сіз айласын тапқанша.  
Қайғыныз кетпес құрбынан,  
Қиямет таңы атқанша.  
Өкініш кетпес есімнен,  
Мен-дағы сіздей көз жұмып,  
Көр топыраққа жатқанша.

*Сүйер ұлың болса, сен сүй,  
Сүйенерге жарап ол.*

**АБАЙ.**

## МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ

(1870 — 1904)

Мағауия Абайдың Ділдә деген бәйбішесінен, әкесінің жиырма бес жасында туған. Ділдәдан төрт үл, екі қыз болған. Тұнғыш баласы — Ақылбай. Одан соңғы ұлы Экімбай, ол сегіз жасында өлген (1866 — 1874). Қыздары Райхан және Құлбәдан, бесінші баласы — Әбдірахман (Әбіш). Мағауия (Мағаш) Абайдың кенже баласы. Бұлардың Ақылбайдан басқалары Абайдың өз тәрбиесінде өсken.

Мағауияны әкесі сегіз-тоғыз жасында мұсылманды оқуға береді. Ауылда, “кішкене молла” деп аталағын Мұхамет-кәрімнен төрт-бес жыл оқыған соң, Абай оны қалаға апа-рып, Семейдегі орысша мектепке оқуға түсіреді. Абайдың Мағауияны қалаға апа-рып, оқуға бергені туралы айта келіп, Мұхтар Әуезов былай деп жазады:

“...Семейдегі Городское училище дейтін орысша мектепке түсірді. Мағауияның алдында орысша оқуға берген ағасы Әбдірахман Түмен қаласында оқып жүреді. Мағауиямен бірге Абай Құлбәдан деген қызын да орысша оқуға береді” (М. О. Әуезов — “Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер”. Алматы, 1967 ж. 221-бет).

Осы соңғы кездерде архивтен табылған тарихи деректермен салыстырып қарағанда, Мұхтардың айтқандары, негізінен архив мағлұматтарынан аса алшақ кете қоймайды. Архив документтері — Мағауияның Семейде қандай мектепте, қай жылдары оқығанын, қалай оқығанын және бірге оқыған құрбы-құрдастары кімдер екенін анықтап, ашып береді. Сол сияқты Әбдірахманның Түмен қаласында қандай оку орнында, қай жылдары оқығанын да архив деректері анықтайды. Тек Құлбаданның окуы жайында тарихи деректер әзірge кездеспеді.

Мағауия Семейде оқып жүргендеге, ағасы Әбдірахман Түмен қаласында реальное училищеде оқығаны (1886—1889). Абайдың “Жасымда ғылым бар деп ескермедин...

Баламды медресеге біл деп бердім, шен алсын, қызмет қылсын деп бермедім” деген өлеңі 1885 жылы балалары орыс мектебінде окуда жүрген кезде жазылған.

Архив мағлұматтарына қарағанда, Мағауияның Семей қаласында: “Семипалатинская мужская киргизская школа” деп аталатын мектепте 1884 жылы оқып жүргенін көреміз. Оның қаладағы окуы жайындағы, қазіргі табылған бір ғана документ: “Список воспитанников Семипалатинской мужской киргизской школы”. Бұл – осы аталған мектеп оқушыларының жалпы тізімі. Онда: мектептің әр класында оқып жүрген қазақ шәкірттерінің аты-жөні, жасы, қай класта оқитындары, окуга үлгеру бағасы, тағы басқа мәліметтер жазылған. Мектептің бірінші класында екі бөлім болған. Бірінші кластың бірінші бөлімінде оқитын шәкірт мектепті бес жылдан кейін, ал екінші бөлімінде оқитын – төрт жылдан кейін бітіреді деп көрсетілген.

Архив документінен Мағауияның он төрт жасында, 1884 жылы Семей мектебінің бірінші класының екінші бөлімінде үздік оқып мектептегі барлық оқушының алды болып, бір өзі ғана “өте жақсы” “отлично” деген баға алғанын көреміз. Мағауиямен бір мектепте оқыған қазақ баласының саны – 32. Мағауия тізімнің 18-ретінде: “Ибрагимов Магавия” деп жазылған. Оқып жүргендердің әр қайсысының мектепті неше жылдан кейін бітіргендегі және бітірген соң, қайсысы қандай оку орнына түсіп окуды мақсат ететіні көрсетілген.

Абай осці мектепке тек өз баласын ғана емес, басқа адамдардың балаларын да түсірген болуы керек. Олай дейтініміз, мектеп оқушыларының ішінде, Мағауиямен түйдей құрдас және онымен бір класта (бірінші класс, екінші бөлім) оқитын Ерболов Оқас дейтін шәкірт бала бар. Осы бала, тарихта белгілі Абайдың досы Ерболдың баласы бола ма деп ойлаймыз. Бұндай ойға келуімізге себеп болған, Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың (1886–1963) “Абай өмірінен естіген, көрген білгенім” деп аталатын қолжазбасында айтылған сөздері еді. Онда: “Ербол... Семейге барып, қайтып келе жатып, жолда ауырып шұғыл қайтыс болады. Ерболдың өлімі Абайға қатты батады. Өз қолынан жерлеп, бата оқырын жөнелттіреді. Ерболдың жетім қалған баласына, жесір қалған өйелі Қамқара Абай өмір бойы қамқорлық етеді”, – дейді.

Мағауиямен бір мектепте оқыған шәкірттердің ішінен кейін тарихта белгілі болған адамдар да кездесуі және олардың қазір де көзі тірі түкым-жүрағаттары болуы әбден мүмкін. Сондықтан бұдан 100 жыл бұрынғы осы архив документін сол қалпында келтіруді мақұл көрдік.

**СПИСОК**  
**Воспитанников семипалатинской мужской**  
**киргизской школы**

N	Фамилия и имена	Дата лета	В кото-ром обуча-ется классе	Отмет-ка по успе-хам	Когда может кон-чить курс	Куда же после поступит
1	2	3	4	5	6	7
1.	Атаканов Кудахан	11	1 класс 1 отд.	Порядочно 3	Через 5 лет	В городское 5-и классное училище
2.	Абылканов Ибакан	10	1 класс 1 отд.	Порядочно 3	Через 5 лет	В городское 5-и классное училище
3.	Алинов Нуркат	15	1 класс 2 отд.	Порядочно 3+	Через 4 лет	В городское 5-и классное училище
4.	Акымбаев Нуркат	16	2 класс	Порядочно 3+	Через 3 лет	-,-
5.	Алинов Рашиш	11	1 класс 1 отд.	Порядочно 3+	Через 5 лет	-,-
6.	Базаев Сеттожа	18	4 класс	Порядочно 3+	Через 2 лет	В учительск. семинарию
7.	Базаров Жумажан	17	3 класс	хорошо	Хорошо 4+	Через 2 года В фельшерск. школу
8.	Байбулов Исекак	14	1 класс	Порядочно 3	Через 4 года	В городское 5-и классное училище
9.	Бушыев Мусралы	15	2 класс	Хорошо 4+	Через 3 года	-,-
10.	Баигарин Султангазы	15	2 класс	Порядочно 3+	Через 3 года	-,-
11.	Бусурманов Рахиш	15	2 класс	Порядочно 3+	Через 3 года	В ветеринарнофельцерскую школу
12.	Бейсекин Нургожа	12	1 класс	Порядочно 3+	Через 4 года	В городское 5-и классное училище
13.	Батин Рахматула	12	1 класс 1 отд.	Слабо 2	Через 6 лет	В городское 5-и классное училище
14.	Баймагамбетов Садывакас	10	1 класс 1 отд.	Слабо 2	Через 6 лет	-,-

15.	Дюсеков Бекбау	16	2 класс	Порядочно 3+	Через 3 года	-,-
16.	Ерболов Окас	14	1 класс 2 отд.	Порядочно 3	Через 4 года	-,-
17.	Ибраев Айтказы	14	1 класс 1 отд.	Хорошо 4	Через 5 лет	-,-
18.	Ибрагимов Магавия	14	1 класс 2 отд.	Отлично 5	Через 4 года	-,-
19.	Кудаиколов Тлеу	15	2 класс	Порядочно 3	Через 3 года	В ветеринарнофельдшерскую школу
20.	Кужугалин Иманали	18	2 класс	Порядочно 3+	Через 3 года	В городское 5-и классное училище
21.	Куланбаев Иманли	14	1 класс 1 отд.	Порядочно 3	Через 5 лет	-,-
22.	Кусаинов Садык	14	2 класс	Хорошо 4	Через 4 года	В городское 5-и классное училище
23.	Мухамедин Аибакан	14	1 класс	Порядочно 3+	Через 4 года	-,-
24.	Мусин Джумахан	10	1 класс 1 отд.	Слабо 2	Через 6 года	-,-
25.	Нурушев Нуртай	18	5 класс	Порядочно 3+	Через 6 года	В учительскую семинарию
26.	Омаров Ахмет	13	1 класс	Порядочно 3+	Через 4 года	В городское 5-и классное училище
27.	Омароз Ольджай	13	1 класс 2 отд.	Порядочно 3	Через 4 года	-,-
28.	Рыспаев Мустафа	12	1 класс 1 отд.	Порядочно 3	Через 5 года	-,-
29.	Сасенов Ибрагим	15	1 класс 2 отд.	Хорошо 4	Через 4 года	В городское 5-и классное училище
30.	Тынбеков Курмангали	11 1 отд.	1 класс	Слабо 2 6 года	Через	В городское 5-и классное училище
31.	Чаукенов Ракиш	15	1 класс 2 отд.	Хорошо 4	Через 4 года	-,-
32.	Юсупов Мухаметчиль	10	1 класс 1 отд.	Порядочно 3	Через 5 года	-,-

(Центральный Государственный архив Каз ССР.  
Фонд 408, опись 1, дело 1.  
Начато 1884 г. на 85 листах. Стр., 75-79.)

Оқуға аса қабілетті, зерек, талапты жас шәкірт Мағауия қалада екі-үш жыл оқыған соң, денсаулығы төмөндей, науқасқа шалдыға бастайды. Баласының науқасынан қауіптенген Абай сол кездегі Семей қаласындағы ең тәуір, тәжірибелі дәрігер деп танылған – Становқа қаратады. Мағауияның өкпе ауруына ұшырағанын анықтаған дәрігер, енді оның қалада тұрып окуына болмайтынын айтады. Сонымен амалсыздан оқуын тоқтатып, Мағауия ауылына қайтады. Бұл – 1886–1887 жылдар еді. Содан бастап үнемі Абайдың өз қасында, әкесінің өз тәрбиесінде болады. Дәл осы кездегі Абай жайын Мұхтар Әуезов былай сипаттайды:

— Бұл кездегі Абайға – ақындық үлкен қадірлі мағнасы бар, әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек болып танылады. Ол надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты халық үстіндегі паразит атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуга кіріседі. Абайды кейінгі тарихқа және сол кездегі еңбек еліне, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі өркендейді. Өлең сөзін; поэзияны, әлеуметтік тартыстың құралы етеді, оны сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, нағандықпен кектене алысады. Ендігі Абай ақын, ақындық мұддесі деген жайларға Белинский, Чернышевский, Добролюбовтар айтқан эстетикалық тұрғыдан қарайды. Ақын еңбегі, әлеуметтік тартыстың құралы, қоғамдағы мінді ашатын, соған үкім айтатын ұлы маңызы бар өрекет деп түсінеді. Сол себепті өз заманындағы, қазақ қауымдарындағы мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады. 1886–87 жылдардан бастап Абай осындаі өлеңдер туғызуға кіріседі, – дейді.

Бұл кезде жасы он жетіге келген, қалада оқып, орыс мектебінің тәлім-тәрбиесін көрген, зерделі, алғыр ойлы, табиғи талантты Мағауия, Абайдай ұлы ұстаздың саналы шәкірті болып көп тағлым алған.

Мағауия орыс мектебінен алған бастауыш білімін әкесінің өнегесімен өз бетімен дамытып, орыс тіліне жетік болады. Абай оқытын кітаптарды – орыстың ұлы ақын, жазушыларының, ғалымдарының еңбектерін Мағауия да зерсалып, көп оқиды. 1889 жылы Түмен қаласындағы реальное училищені бітірген соң, Петербургте оқып жүрген Әбдірахманның да Мағауияға көрсеткен көмегі көп еді.

Осы жылдар Абайдың ақындық атағының да кең жайылып, Абай алдына талапты жастар топталып, Абай ауылы өз тұсында мәдениет ордасына айналған кез болатын.

Сексенінші жылдардың аяқ кезінде ақын, ойшыл, музыканы Абай халық жақсы білетін әрі аса қадір тұтатын кісі

болады. Оған тіпті алыс жерлерден ақындар, музыканттар, жыршылар келеді. “... Мұқа, Ақылбай, Кәкіттай, Мағауия сияқты жас таланттар, ақындар, жыршылар Абайдың төңірегіне топталады. Олардың кейбіреулері Абайдан үлгі алып, өздігінен білімін көтереді, орыс әдебиетін оқып, үйренеді”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Мағауия – өкесінен үлгі-өнеге, мол тағым алған, ұлы ақынның жолын қуған, білімді, мәдениетті, саналы шәкірті, талантты ақын. Ол он алты – он жеті жасында қолына қалам алып, өлең жаза бастаған. Жас кезінде жазғандарынан біраз өлеңдері сақталған. Оның алғашқы ақындық қадамынан-ақ Абай өнегесі айқын танылады. Айтпақ ойын, сезім-сырын ақын тілімен суреттеп жеткізу, тақырыптан ауа жайылмау, “бөтен сөзben сөз арасын былғамау” деген Абайдың ақынға қоятын шартын, Мағауия әуелден берік үстап-ған ақын.

Мағауияның лирикалық өлеңдері, Абай айтқандай: “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін”, “айналасы теп-тегіс жұмыр келген” нағыз көркем шығарма екенін көреміз.

Ақынның алғашқы жазған шығармаларының бірі – “Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп” деп басталатын өлеңі. Ақын бұл өлеңінде, екі жастың жазғы жайлалауда, ай жарық бір түнде ел көзінен үрланып, ауылдан аулақ бір сайды, бірін-бірі аңсап табысқан сәттегі көңіл-күйін, сезім-сырын сипаттайды.

Сүйген жарымен көріскенше, көңілі жай таппай, жүргегі алып ұшып тұрган жігіт бейнесін аса нанымды, әрі әсерлі етіп, әдемі суреттейді. Ауылдан үрланып шығып, күтке жарына, жан ұшырып келе жаткан қызы бейнесін көз алды-мызға әкеледі.

Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп,  
Бір сайдың үағдаласқан келсөң жетіп,  
Жалғаннан жардан басқа түк тілемей,  
Жолыққан қандай қызық еңбек етіп.

Ауылды бір кезеңнен тұрсаң бағып,  
Бой дірілдеп, шошынып, жүрек қағып.  
Асыққанда бір минут бір сағаттай,  
Япырмау, келмеді деп әлде нағып.

Шыққан жарың көрінсе о да беттеп,  
Әрен шыққан секілді ептеп-септеп.  
Қара шапан, ақ көйлек, кәмшат бөрік,  
Көк шалғынның үстінде көлбелектеп.

Абайдың “Желсіз түнде жарық ай” өлеңінің улгісі бай-калады. Сонымен қатар Мағауияның махабbat тақырыбын жырлауында үлкен мәдениеттілік, Абай арқылы келген орыс әдебиетінің жақсы енегесі көрініп тұр. Махаббатты жастардың кездесу сөтін табиғат аясында суреттеп беріп, одан әрі қазбаламай, аса сыпайылықпен анғартады.

Мағауияның жастық-махабbat тақырыбына жазылған белгілі бір өлеңі – “Түсімде бүгін түнде көрдім дұхтар”. Ақын бұл өлеңінде өз басынан кешкен бір халды баян етеді.

Абайдың жақын достарының бірі, әрі әнші, әрі жырши Бейсенбай Жәнібековтың (1858–1917) Шәкежан атты акылды, сұлу қызы болады. Айттырып қойған күйеуін қыз өзіне тең көрмейді. Қыздың көнілі Мағауияға ауып, оған өлеңмен хат жазып, махабbat сырын білдіреді. Қыздың хатын оқыған соң, Мағауия әдейі ариап барып, Шәкежанға жолығып, оның бар сырын өз аузынан естіп, қанады. Шәкежанның адамгершілігі Мағауияға қатты үнайды. Сөйтіп, сүйіскен екі жас көніл қосады. Бірақ қосылып, баянды өмір сүрге мүмкіндік жок еді. Шәкежанның жастай айттырып қойған кайыны – Сатыбалды бай, Ыргызбай тұқымының ол да бір жуан жұдырығы болатын.

Амалсыздан айырылған сүйген жардың күйігі Мағауияны катты толғандырған. Өлеңінің қысқаша тарихы осындейдай. Осы уакиғаны түнде көрген түсі етіп, өлең жазады. Түсінде Шәкежанмен кездесуін суреттейді. Өлеңде Шәкежанның атын әдейі атамайды. Фарсы тіліндегі “дұхтар” (дәхтәр) деген сөзді қолданады (қазақша қыз деген сөз).

Түсіме бүгін түнде кірді дұхтар,  
Жүректің шын тілеуі болғаны бар.  
Күндіз бойды жия алмай міне отырмын,  
Аямай қатты сөкті нысал пен ар.

Бір үйде отыр екем жапа-жалғыз,  
Үстіме кіріп келді ойда бар қыз.  
Селк етіп мені көріп шошынғандай,  
Бетіне хасыйл болды ренжіген сыз.

Ойланып бері басты қайта кетпей,  
Оң жаққа отыра кетті маған жетпей.  
Бұрын-дағы тым қызыл емес еді,  
Сүйтсе де қан қалмапты бетте биттей.

<sup>1</sup> Хасыйл (арапша) – пайда болу мағынасында. – К. М.

Нәзік сезім мағынасын байқаймыз ба,  
Белгілі бір жаспыз гой қаны қызба.  
Қасына жетіп барып қысып, сүйіп,  
Қалжындарап дедім: қалқа, амансыз ба? –

деп өзінің сүйген жарымен кездесуін көрген түсі етіп суреттейді. Шынында да Мағауия мен Шәкежан арасындағы махаббат, шын сүйіскен жастардың аз күн көрген қызығы ең мен түстей өте шығады. Қосылып баянды өмір суре алмай арманда айрылысады. Өзін ақ көңіл, адал жүргегімен шексіз сүйген қыздың махаббат сезімін ақын:

Тұрмады сыпайысып о да шыдап,  
Қосылған адамбыз гой тегінде ұнап.  
Арта сап мойынныма ақ білегін,  
Кеудеме келіп қалды басы құлап, –

деп суреттейді. Шын сүйіскен жастар арасындағы махаббат сезімін Абай:

Шын ғашық сый болмас,  
Сый болса, сыр болмас, –

десе, Мағауия да, шын сүйіскен жастардың сыртқы сыпайылқтан ішкі сезім сырының әлдекайда күшті болатынын дүрыс сипаттайты.

Осындай адал махаббаттың арты ауыр қайғыға айналады. Ақын енді мақсатқа жете алмай шерлі болған жас жүректің арманын, мұң-зарын жырлайды. Осы сезім-сырын, осы ауыр халді қызға айтқызып, өзін кінәлатады:

Орнына қайта отырды бойын жиып,  
Жібердім жалынған соң зорға қыып.  
Сөйлемді ақырындарап дір-дір етіп,  
Көзіне келген жасын әрең тыып.

– Сен емес пе ең соңынан ерген кісім,  
Бойымда бар қасиетім берген кісім.  
Өле-өлгенше сактарсың адам ба деп,  
Қол беріп әулиедей сенген кісім.

Белгілі ер емес пе ең сертің мығым,  
Білетін жан емес пе ең көңіл ығын.  
Кеудемде дерпті болып жүрек қалды,  
Қайда кетті тазалық, балалығым!..

Мағауия ескі салт-сананың, әдет-ғұрыптың үстем болып тұрған кезінде сүйісken жастардың мақсатына жете ал-маған арманың жыр етеді. Ақын сүйісken жастардың жүрек сырын, махаббат сезімін уақығалы шағын өлеңмен шебер суреттеп береді.

Келешекте уақығалы ірі поэма жазатын мәдениетті, талантты ақынның аяқ аласын аңғарта алатын өлеңі – осы “Тұсімде бүгін түнде көрдім дұхтар” еді.

Аз өмірінің ішінде Мағауияның басынан кешкен өмір кезеңдерінің ең қайғылы, ауыр кезеңі – ағасы Әбдірахман (Әбіш) қазасы болады. 1894 жылы Алматыда қатты науқастанып жатқан Әбіш тағдыры Абай аулын қатты күйзелтеді. Әбіштің науқасын естігеннен бастап, оған арналып жолданған әке махаббатын жеткізетін, Абай жүргегін жарып шыққан сағыныш, тілек жыры туады. Абайдың барлық достары Әбішке туыстық, достық жүректен тілекtestіk ниеттерін білдіріп терең сезімді өлең-хаттар жолдайды. Мағауия да ағасына арнап өлеңмен хат жазады:

Кәкітай былжырап<sup>1</sup>  
Айтыпты білгенше.  
Жүрегі елжіреп,  
Асығып көргенше.

Бірге өсken жолдасым,  
Сағындым бірлікті.  
Көрерге мұндасым,  
Тілеймін тірлікті.

Баяғы келер ме,  
Бірге ойнап жүруге.  
Бар құдай берер ме,  
Жұзді аман көруге.

...Сағындым, сарылдым,  
Рахаттан арылдым.  
Сабырғып жүрсем де,  
Хат көріп тарылдым, –

деп, Әбіштің науқас халін естіп, сағыныш-тілек ниетін өлеңмен білдіреді.

<sup>1</sup> Мағауия Кәкітаймен құрдас. Кәкітай Әбішке жазған өлең-хатында Мағауияны “ку көсө” деп қалжындаиды. (Мағауия косе болған). Соның орайына айтылған өзіл.

Абай 1894 жылы, Мағауияны Әбіштің қасында бол деп, Алматыға жібереді. Мағауия Әбіштің қасында бес айдай болып, күтіп, сүйікті ағасын өз қолымен аттандырады. Осы ауыр сапар, қайғылы хал, бес ай бойы ағасының акырғы демін күткен қаралы құндер, ауылдан аулақта жалғыз басқа түсken ауыртпалық – Мағауияны қатты тебірентеді. Осы ауыр халдің үстінде “Бір үміт, бір хауіптің” ортасында өткізген құндер, үзілген үміт ақынның: “Ыңқылдаپ жатыр екен жаңа барсам”, “Дейтүғын сезің қайта “Магатайым”, “Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап”, “Бірге туған бауырлас” деген өлең-жырларын туғызды.

Мағауия Алматыға барғанда, ағасы Әбіштің төсек тар-тып жатқан ауыр халін көреді.

Ыңқылдаپ жатыр екен жаңа барсам,  
Жасымды тоқтата алмай, болым сарсан.  
Сүп-сүр болып жатқанын шалқасынан,  
Көкірегім көреді, көзімді алсам, –

деп, науқастың аянышты бейнесін суреттеп, өзінің мұнды сезім-сырын жазады. Еліне қайғы арқалап қайтпай, қуанышпен қайтууды арман, тілек етеді.

... Жолықсам күлкіменен құшақтасып,  
Сейлесіп, қалжындастып, көніл басып.  
Құдай-ау, өзің сақта жолығудан,  
Жыласып, шуылдастып, ойбайласып, –

дейді.

Әбіштің науқасы күн асқан сайын асқынып, Мағауияның үмітін үзгізе бастайды. Туған елден аулақта, ауыр науқасқа душар болып жатқан ағасының қасында жалғыз өзі ғана болған кездегі басынан кешкен қасірет шертеді:

Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап,  
Тістеніп, көзге келген жасты “қойлап”,  
Ауру тыныш болғанда, мен де тыныш,  
Ыңқ еткен дыбыс шықса жүрек ойнап –

Ыңқыл қағып жатады сүп-сүр болып,  
Сырылдаپ қақыра алмай кеуде толып.  
Жалғыздық, бигилаждық еске түсіп,  
Жүрек болмай ериді мұны көріп, –

деп келіп, Әбіштің ерлік, адамгершілік касиетін сипаттай-ды.

Шыншыл тіл, әдебі зор, таза жүрек,  
Ақ көңіл сақталмайтын ішінде кек.  
Өмірден үмті жок, бейнеті көп,  
Жатады бір қозғалмай зор көкірек.

Болады байқағанға айтуға ер деп,  
Тайсалмай еш нәрседен жатыр “кел” деп.  
— Азабынан құтқар да, бар тілегім —  
Айтады: жаным өзір ала бер деп.

Мағауияның бұл өлеңдерінен Әбіштің адамгершілік қасиетін шыншылдықпен суреттегенін көреміз. Кейін Абай Әбішке арнаған өлеңдерінде оны тек өз балам деп жоқтамайды:

Жаңа жылдың басшысы — ол,  
Мен ескінің арты едім, —

дейді. Әбіштің халі күннен-күн асқан сайын төмендей береді. Жанындай жақсы көретін аяулы ағасын өлімге қия алмай, жаны құйзеліп, жас басына қайғы-қасіреттің қара бұлты тонген Мағауия:

Дейтүғын сөзің қайда “Мағатайым”,  
Жүректің тоқтауы жоқ барған сайын.  
Жарқ-жүрк етіп жайнаған жас шағында,  
Шынымен қор бола ма ағатайым!

Жас татымас жылауга көзді бұлап,  
Құдай-ау, жалбарынам жанын սұрап.  
Сыртыңа ешбір белгі қоймасаң да,  
Күймесіне болмайды жүрек жылып, —

деп күніренеді.

Үзак уақыт төсек тартып жатқан Әбдірахман (Әбіш) 1895 жылы бірінші январь күні, 27 жасында қайтыс болады. Ағасын “аманат” деп, Алматыға уақытша жерлеп, қалың қайғы-қасірет арқалап, Мағауия еліне қайтады. Әбдірахман өлген соң, Мағауияның ағасына шығарған жоқтау өлеңі бар. Әбішке арнаған өлеңдерінен бізге жеткені осы айтылғандар. Жөне “Жас шыбық” атты лирикасы, әлеуметтік тақырыпқа жазған бір өлеңі ғана сақталған.

Абай жыр еткен мол тақырып, терең мазмұн, биік идея Абайға дейінгі қазақ әдебиетіндегі өлең түрінің қалыбына сыймады. Данышпан ақынның асыл жырга боленген кен

акылы, терең ойлы ел жүргіне еркін жететін сара жол қажет етті. Осындаі зор талаптан барып, өлеңнің ондаған жаңа түрлері туды.

Мазмұнына сай жаңа түр тапқан Абай өлеңдері халық тіліне онан сайын жеңіл, жүргегіне онан сайын жылы тиетін болады. Бұл жаңа түрлер Абай лирикасының терең мазмұнына үштасып, ақынның өлеңдерін ерекше әсерлі етіп, көріктендіреді.

Абай төнірегіндегі Мағауия сияқты ақындар да ұлы ақынның өлең түріндегі жаңа үлгілерін өнеге етіп, лирикалы өлең жазды.

Мағауия Абайдың сегіз қырлы өнерпаз шәкірті болды. Ол ақындығымен қатар әрі әнші, домбырашы, гармонь, скрипка сияқты музика аспаптарын жақсы менгерген шебер музықант та еді. Ол мәдени-ағарту ісіне де ат салысты. Мысалы, 1890 жылдар Семейдегі бастауыш білім беру ісіне камқорлық жасайтын қоғамның толық мүшесі болғаны мәлім.

Мағауия ел басқару ісінде де халық қамын ойлайтын, жүртқа жағымды, әділетті жақтайтын, адаптацияның анық танытқан адам болған. Мағауияның адамгершілік қасиетін Мұхтар Әуезов былайша сипаттайтыды:

— ... Мағауия оқымысты жастың бірі болады. Ол әкесінен ел жұмысына да үлкен серіктік етеді. Ерекше адамгершілік тазалығы бар, өте бауырмал және кен мінезді, әділетті мен ары зор, ерекше қасиет иесі адам болады. Ел көпшілігі Абайдың билігімен қатар бертін кездерде Мағауияның әділ көмегін де көп көреді, — дейді.

Мағауияның ауылы да, әкесі Абай ауылы сияқты, өнербілімге құштар талапкер жастардың, талантты ақын, әнші, музықант — өнерпаздардың білім салыстырып, өнер жарыс-тыратын бейне бір мәдениет орталығы сияқты болады.

— Мағауияның жаратылысы халыққа өте жұғымды, бір тана Абайдың баласы емес, халықтың, көптің баласы сияқты еді. Абайдың елі, жауы болсын, Мағауияны жақсы көрмейтіні жоқ еді, — дейді Рахымжан Мамырқазов.

Мағауия аз жасады, жасынан жабысқан наукас ақыры оны мендетіп жеңіп, 1903 жылы қараша айында, ақын төсек тартып жатып қалады. 1904 жылы 14 май күні 34 жасында Мағауия дүниеден қайтады. Мағауия қазасы Абайға арылмайтын кайғы, айықпайтын дерпт болды. Мағауия өлген сон, қырық күннен кейін Абай да дүниеден көшті. Мағауияның бейіті қазіргі Семей облысы, Абай ауданы, Ақшоқы дейтін жерде.

\* \* \*

Мағауияның әйелі, Дәмегөй 1933 жылы өлген. Дәмегөйден туған қызы, бала күнінен Абай тәрбиесінде болған – Үәсила (1891–1954) Алматы қаласында қайтыс болды. Құтайба атты ұлы 1918 жылы, Бабыр деген баласы жас шағында өлген. Кәмиля деген қызы, Жағыфар деген ұлы 1934 жылы дүниеден қайтқан.

Жағыфардың (1899–1934) қыздары, Мағауияның немерелері – Йшан мен Фазел қазіргі Алматы қаласында тұрады.

## МАҒАУИЯНЫҢ ПОЭМАЛАРЫ

Мағауия ақынның қазақ әдебиеті тарихында атын калдырыған еңбегі – оның поэмалары.

“Әкесінің ақындық еңбегін аса қадірлеп, жақсы білген, үғынған Мағауия өзі де Ақылбай, Көкбай сияқты ақындық, еңбекке беріледі... Абайдың мәслихатымен және материал беруін пайдаланып, бірнеше поэма жазады. Ол жазған поэмалары: “Еңлік-Кебек”, “Абылай” және “Медігат-Қасым”, – дейді Мұхтар Әуезов (М. О. Әуезов. “Абай Құнанбаев. Макалалар мен зерттеулер”. Алматы. 1967. 221-б.)

Мағауияның тұнғыш жазған поэмасы – “Еңлік-Кебек”. Бұл поэманды 20 жасында, 1890 жылдарда жазған. Поэма ол кезде елге кең тарамаған. Оның себебін “Еңлік-Кебек” поэмасын сөз еткенде айтамыз. Поэмандың қолжазба көшірмесі ғана бізге жеткен. Мағауияның өз қолжазбасы сақталмаған. “Абылай” поэмасының да толық нұсқасы сақталмаған. Қолжазба көшірмелерде шығарманың үзінділері ғана сақталған.

Ақындық өнері қалыптасып, кемеліне келе жатқан шағында, өмірінің акырғы кезеңінде Мағауияның жазған соңғы поэмасы – “Медігат-Қасым”. Поэмандың жазылған уақыты 1900 жыл шамасы. Бұл жөнінде Раҳымжан Мамырқазов естегісінде былай дейді: “Медігат-Қасым” 1900 жыл шамасында жазылған. Себебі, біз 1902 жылдан бастап айтушылардан ести бастадық. Бұл “Медігат-Қасымға” арнауы өзінің әні болушы еді, мұны әркім жаттап алып, айтып жүрді. Халық сүйсіне тындаитын еді. “Медігат-Қасымды” Әлмәғамбет, Мұхаммеди Дарқанұлы, Бейсенбайлар айтып халықта таралды”.

“Медігат-Қасым” поэмасы да, Абай өлеңдері сияқты

ауыздан-ауызға жатталып және қолжазбалан қолжазбаға көшірліп кезінде елге молырақ тараган шыгарманың бірі. Поэмалының бірнеше көшірме қолжазбасы сакталған. Мысалы, Абай шыгармаларын көшіруші Мұрсейіт туралы айта келіп, Мұхтар Әузов: “Абайдың ақын шәкірттері: Көкбай, Мағауия, Ақылбайлар шыгарған поэмаларды да қоса көшірді”, – дейді. Және Абай шыгармаларын сүйіп оқып, ұзатылар кезінде Мұрсейіт, Дайыrbай, Самарбай сияқты көшірушілерге көшіртіп алыш, өздерінің жасау сандығына салып алыш кеткен бір топ қыздарды білеміз деп, Мұхтар солардың аттарын да атап-атап айтады.

“Кейін Абай қолжазбаларын жинаушылардың бірталайы пайдаланған сондай көшірмелер: Уәсилә, Әсия, Рахия, Фалия, Габида, Қаныш деген қыздардың көшіртіп сактаған жазба жинақтары болатын”, – дейді (жоғарыда айтылған кітап, 28-бет).

Мағауия ақынның “Медіғат-Қасым” поэмасының ең әдемі жазылып, үқыпты көшірлген бір нұсқасын, жаңағы Мұхаң атаган қыздардың ішіндегі, Қаныш атты қызы сары алтындағы сақтап келіпті. Қаныш (шын аты Ханымбұбі) сол аса қымбатты қолжазбаны 1940 жылы бізге тапсырған еді. Дәптердің сыртына; “Ушбу кисса тиуышыдүр Ханымбұбі Бекбай үғылына. Жазылды 1908-інші жылында 15-інші марта”, – деп жазылған. Дәптердің бірінші бетінде: “Кисса Медіғат-Қасым” шыгарушы Мағауия Ибраһим үғылы”, – деп жазылған.

“Медіғат-Қасым” поэмасы 1908 жылы көшіріп жазып, Бекбай қызына тарту еткен, жоғарыда аталған Самарбай екен.

Қаныш (Ханымбұбі) Бекбай дейтін кісінің жалғыз қызы болғандықтан, ата-анасты оны “ұл” деп атайды. Сондықтан поэмалы Қанышқа арнап көшіріп жазушы Самарбай да: “Бекбай үғылына” деген. Бекбай Абай елінің адамы, Абаймен сыйлас, достар болған кісі және ақынның өзі, інілері, балалары Семейге келген кездерінде көбірек жатып жүретін үйлерінің бірі де Бекбайдің болған. Семейдегі Абай музейі 1940 жылы осы үйде ашылған. “Медіғат-Қасым” поэмасы қолжазбасының Қанышқа ескерткіш-тарту ретінде тапсырылып, сакталуының қысқаша тарихы осы.

“Медіғат-Қасым” поэмасының 1908 жылы (Мағауия кайтыс болған соң, төрт-ақ жыл кейін) көшірлген нұсқасы қазіргі қолда бар тарихи бағалы қолжазба болып отыр. Поэмалы ертеректегі қолжазбалардан көшіріп алыш жаттаған: Әрхам Ісқақов, Рахымжан Мамырқазов, Шәбден Әлмағамбетовтардың ауызща айтқандарын 1908 жылғы қолжаз-

бамен салыстырып, зерттеп қараганымызда ешбір қайшылар, бұрыс кетушілік байқалмады. Сондыктан “Медігат-Қасым” поэмасының 1908 жылғы қолжазбасын Мағауия жазған түпнұсқадаң ешбір айырмасы жоқ деп көміл сеніп айта аламыз. Поэманды сол 1908 жылғы жазылған қолжазба бойынша зерттейміз.

## “МЕДІГАТ-ҚАСЫМ” ПОЭМАСЫ

Мағауияның ең көлемді, әрі көркем және оның ақындық ерекшелігін айқын танытатын “Медігат-Қасым” поэмасы екенін, Мухтар Әуезов ерекше атап айтқан болатын.

Мағауияда Абайдың мәслиқаты бойынша, шығармасының тақырыбын, қазақ даласынан аулақ, алыстагы Африка елінің түрмисынан алады.

Ақын поэмасының экспозициясында, ең алдымен, әңгіме етпек уақығаның негізгі мұрат-мақсатын атап айтты береді:

Бір әңгіме қозғалды ойымдағы,  
Мақсат болды өшкере болынбағы.  
Бай мейірімсіз ел құлдан саза тартқан,  
Африкада, Ніл дария бойындағы, —

деп одан әрі тартыстың қай жерде, қандай ортада өтетінін, құл иеленуші мейірімсіз байдың мінез-құлқын — осының бәрін тарихи шындыққа сай сипаттап өтеді:

Ол күнде болмаған шақ құлға бостан,  
Жан ашыған Африка бір гүлстан.  
Кені қалың, егіні мол болған соң,  
Ізденіп барған жан көп әрбір тұстан.

Қызығын Африканың жаңа тапқан,  
Қақ жарып бір ықылымды Ніл дария аққан.  
Бұрынырақ ізденіп талап бенен,  
Мұрат деген бай кепті Мысыр жақтан.

Үй салған Ніл дарияның жағасына,  
Су жайған тоган алып даласына.  
Бақша ғып жатып алды бір сахраны,  
Жұз шақырымдай Занзибир қаласына.

Құлы көп, егіні көп бұл үлкен бай,  
Еңбек қып малды жиган жанды аямай,

Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді,  
Адам деп обалына бір қарамай.

Поэманың, уақиғасы қай заманда, қандай географиялық ортада өтетінін нақтылы шындықпен, өте дәл сипаттап беріп, мейірімсіз бай Мұратпен таныстырган соң енді уақиғага басынан аяғына дейін араласатын негізгі екі кейіпкерді атап, оларға қысқаша мінездеме береді. Олар — Мұраттың ұлы Медіғат, құлы — Қасым. Поэма осы екеуінің атымен аталған.

Бар еді Медіғат деген жалғыз ұлы,  
Мот қылып бұзып еді малдың молы.  
Қаталы әкесінен бетер еді,  
Тітіреп түрушы еді барша құлы.

Дейтүғын бір құлы бар Қасым атты,  
Қара сұрлау пішіні, зәңгі затты.  
Отты қара көзі бар, ұзын бойлы,  
Тәкаппар тәуекелшіл, бек қайратты.

Он сегізге келіпті биыл жасы,  
Байға бек қадірлі еді мұның басы.  
Бай балағып өсірген, сатып алғып,  
Мәрия дейтін қызда еді ықыласы, —

деп, ақын уақиғаның тартыс желісінің түйінін (заязка), Қасымның Мәрия қызға ғашық болу мәселесімен түйеді де, осы мәселеден басталып, шиеленісетін, Қасым мен Медіғаттың арасындағы қақтығыс, тартыстың (конфликт) себебін ашып беріп, уақиғага (сюжет) кіріспін кетеді. Қасым, Мұрат байдың сатып алғып, асырап өсірген қызы, Мәрияға ғашық болады. Бір күні қызды оңаша алғып шығып, оған шын ғашықтығын айттып, сезім-сырын ақтарса, Мәрия қыз Қасымға жылы жауап бермей, қайта өзін кекетіп, арына тиетін ауыр сөздер айтады. Мәрия Медіғатпен көніл қосысқан екен. Медіғатпен жакындығын арқа тұтып, мақтан ететін қыз Қасымның намысын қорлап, өрескел өктемдік көрсетеді.

Қасымды елемеді бойын тартып,  
— Аузыңа алма бұл сөзді енді қайтып.  
Ендігәрі мазамды ала берсен,  
Жазаңды тартырармын Медіғатқа айттып, —

деп, жігітті жерлеп, қорқытпақ болады. Медіғаттың атын естігенде Қасымның қаны қайнап, ыза қысып, “Күдай емес,

сенгенің Медіғат шығар, жерге енсен де құтқарман” деп қатты ашуланған жігіт, ар-намысын қорлап, аяққа басқан асқақ қыздан кегін алмай қоймайтынын айтады. Қыз осының бәрін Медіғатқа жеткізеді. “Қаталдығы әкесінен бетер”, қара жүрек залым, құл атаулыға рахымсыз, мейірімсіз Медіғат Қасымды аса ауыр жазаға тартады. Насос арқылы күшті екпінмен келетін сұық судың қатты ағымының астына байлаташ, азапқа салып қинайды.

Оқша өтеді насостың мыйға зәрі,  
Жаза емес мұнан басқа істің бәрі.  
— Екі хисса беріндегер, аямандар,  
Иттікті қылмасын деп ендігәрі.

Бұл жазаны ұмытпас тартқан кісі,  
Ешкімге паш болмайды қылған ісі.  
Ұрган, соққан дурден артық жаза,  
Екей түгіл өүелі бір хиссасы.

Медіғат Қасымға осындай зұлымдық көрсетіп жатқан шакта, оның жазықсыз жаза тартуына себеп болған, Мәрия қыздың қуанышты қоңілмен тамашалап қарап тұрганын, оны байқаған Қасымның қайтпас қайсар, ерлік мінезін ақын былай суреттейді:

Кранның астына әкеп қойды байлап,  
Ағынға басын дәлдеп жатыр жайлап.  
Құлімсіреп балконнан қарап тұрган,  
Қасым ер Мәрия қызды қөрді абылап.

Куанғанын жүзінен сезгеннен соң,  
Долданып, күйіп кетті қаны қайнап.  
Ыңқ еткенім естілсе, сүйінер деп,  
Тістеніп жатып алды, ернін шайнап.

Ақын Медіғаттың рахымсыз, қаталдық қылыштарын жауыздық мінезін, Қасымның жазықсыз тартқан жазасын, Мәрияның адамгершілікке жат, жағымсыз мінез-құлқын жеріне жеткізе, нанымды етіп суреттеп береді. Осының бәрі — поэмадағы басты тұлға Қасымның адамгершілік ар, нағыс үшін күреске бел байлап шығуына себеп болған, кек куып, кек алу жолындағы оның істеген іс-әрекетін актайтын жайлар (мотивировка) болады.

Жаны қиналаш, азап шегіп жатқан шакта, адамның аянышты халына жайбарақат қызықтап қарап тұрган Мә-

рияның опасыздық қылғы, мазақ еткен арсыз күлкісі – Қасымның ыза-кегін онан сайын қайната тұседі.

Ауыр азаптан, өлімші болып, естен танып, талып қалған Қасымды, астына шөп-салам салғызып, бір қораға тастатады. Екі күн ешбір дыбыс бермей, нәр татпай, қозгалмастан жатқан Қасым, үшінші күні із қалдырмай қашып кетеді. Мұрат бай үш күн бойы іздесе де, таба алмайды. Бірақ Қасым тек кетпейді.

Із қалдырмай кетудің мәнін тапқан,  
Кыз сөзімен қинады Медіғат ақтан.  
Кекшіл зәңгі кек алмай неге кетсін,  
Байдың үйін торыды бақша жақтан.

Гуляйттәп Мәрия сонда бақта жүрген,  
Ұстап алып, балтамен басың шапқан.  
Ертең жүрт Мәрия қызды іздең жүріп,  
Сүйегін тауып алды өліп жатқан.

Поэманиң бас жағында баяндалатын осы уақығалардың шығарманың бас кейіпкері Қасымның кек алу жолына түсүіне себеп болған жайларды көреміз. Құл иемденушілердің адамгершілікке жат жауыздық мінездері, шектен шыққан қаталдық, зорлық-зомбылық, ракымсыздық, мейірсіздік – Қасым жүрегіне кек отын тұтандырады. Кек күу, кек алу сезімдері оның ақыл-оъын түгелдей билеп алады. Қасымды барынша бағындырып, оны еркін билеп алған құдіретті күшті сезім – ыза мен кек. Қасымды терең тебірендіріп, қуреске құлышындыратын сезімнің аты – кек. Қасым – сол сезімге жан-тәнімен берілген адам. Кек алу өрекетіне бекем бой ұрган Қасымға тосқауыл болып, оны алған бетінен қайтаратын күш жок.

Ақын Қасымның осындай ерекше мінездерін даралап алып, оның қайтпас қайсар ерлік бейнесін жеріне жеткізе сипаттап, көркем суреттейді. Поэмада Қасымға қарама-қарсы қойылған кейіпкерлер – Мұрат пен Медіғат. Бұлардың бойындағы күшті сезім – дүниекорлық. Дүниекорлықтан туындағын ракымсыздық, мейірміздік мінез Мұрат пен Медіғаттың іс-әрекеттері арқылы суреттеледі.

Сөйтіп, поэманиң тартыс, курсе уақығалары өрбір кейіпкердің барынша берілген, бірер ғана күшті сезімдерінің өрекетінен туып отырады.

Бұл поэма жөнінде Мұхтар Әуезов: “Медіғат – Қасым” поэмасы да романтизм сарынындағы поэма. Бірақ негізгі стилі солай бола тұрса да, бұл поэманиң реалистік шын-

дықпен өмірге жанасымды, қонымды берген тартыстары, мінездері (характерлері) дәлелді көркемдікке сүйенген”, – дейді.

Қасым кек алу әрекетін Мәрияны өлтіруден бастайды.

Мәрия қызды өлтірген соң, Қасым із-түссіз жоқ болып кетеді. Ақын Қасым жайынан бұдан әрі сөз қозғамайды. “Қасымнан еш хабар жоқ, аз жыл өтті” – дейді де, сол өткен аз жылдың ішінде Мұрат бай мен Медігатың бастарынан кешкен халді баян етеді. Малға мас, бетімен кеткен Медігат бұзық, ойна келгенін істеп, байдың дүние мұлқін судай шашады. Ақыры Мұрат байлығынан айрылып, банкрот болып, көп құлдарын сатып, өз еліне, Мысырға көшу қамына кіріседі.

Жол қауіпті, мықтады қару-жарап,  
Бір арбага салыпты Медігатқа арак.  
Сахарамен жүреді қаласы жоқ,  
Қырық кісіге алыпты айлық тамак, –

дейді де, бастаған әңгіменің желісін тағы да үзеді.

Ақын осы арада шегініс жасап, тағы бір уақығаның тар-  
тыс желісін тартып, түйінін түйіп кетеді. Медігаттың Фази-  
за атты қарындасы бар екен. Ол әкесі мен ағасының жа-  
ғымсыз істерінен жиіркенеді. Оларды ұнатпайды. Ешкіммен  
сыр ашып сөйлеспейді. Мұрат бай күйеуге беріп құтылғы-  
сы келсе де, Фазиза әкесінің тапқан күйеуін менсінбейді.  
Сәлім деген жігітке ғашық болады. Фазизамен махаббаты  
жарасқан Сәлім, Мұрат байдан рұхсат сұрап, сырын аша-  
ды. Қайырымсыз, мейірімсіз, қара жүрек дүниекор бай  
Сәлімді қатты жәбірлейді.

Бай біле ме ғашықтық жақсы ниетті,  
Кедейсің деп қайтарып көңілін тепті.  
Жас жігіт қаны қайнап, шыдай алмай,  
Ешкімге мағлұм емес, жоқ боп кетті.  
Артынан екі ғашық бір жалғасқан,  
Ай жарық, бақта отырып, көп жыласқан.  
Не дүние, не ахиретте қосылмақça,  
Екеуі сол арада уағдаласқан, –

дейді ақын. Сейтіп Мағауия поэмасына тағы бір тақырып – махаббат тақырыбын кіргізіп, бір ғана сезімге түгелдей берілген Фазиза мен Сәлімді атап, оларды билеген сезім – махаббат, ғашықтық екенін айтады. Фазиза мен Сәлім ара-  
сындағы болатын уақыга желісін ғана тартады да, ақын қайта

оралып, Мұрат байдың Мысырға қайтып келе жатқан са-  
парында үшырасатын уақығаларды баян етуге ауысады.

Мұраттардың керуені жолға шыққан соң, бір жерге келіп  
қонады.

Керуен қышлағынан шығып қонды,  
Білмейді, көп жыл өтті, жолды да онды.  
— Тура бастап барамын, акы берсөң, —  
Деп, бұларға бір зәңгі өзір болды.

Сол зәңгі Мұраттарға жолбасшы болып жалданады. Жол  
үстінде біраз күн өтеді. Бір күні жолбасшы зәңгі кешке  
қонатын қолайлы жер шолмақ болып, озып кетеді де,  
керуенде тосып алып, бір тығырық аралға өкеліп қондыра-  
ды. Өзі үйиқтамай қүзетте тұрмақ болады.

Күн батып, қас қарайған мезгіл. Заңғар тауды бөктер-  
леп, бір топ қару-жаракты жолбасар зәңгілер жортып келе  
жатады. Олардың басшысын Мағауия: “Сарыбастық бұлар-  
дың атаманы, өзі батыр, өзі кү, өзі білгіш” — деп сипаттай-  
ды. Ешкімнен женіліп көрмеген Сарыбастықтың қаһарлы  
атағы елге әйгілі. Ол ешкімге сырын айғайпайды, жолдаста-  
ры оны қатты сыйлайды, айтқанынан шықпайды. Ақын  
Сарыбастық бастап жүрген топтың мінездерін, іс-әрекет-  
терін айтқанда, олардың аянбай алысатын жауы кім, жақ-  
сылық жасайтын жандары кім екенін анықтап береді.

... Эсіресе байларға рақым етпес,  
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес.  
Сорлы болған жандарға тағы әдеті —  
Бір жақсылық қылады естен кетпес, —

дейді.

Сарыбастық серіктеріне аттан түсуге бүйрық береді.  
Оның бүгінгі түнде істейтін ісі бар. Ол шыдамсызданып  
асығыс хабар күтіп отыры.

Сарыбастық — Мұрат байдың көптен бері жолын тосып  
жүрген Қасым. Мұратқа әдейі барып жалданып, жолбасшы  
болып келе жатқан зәңгі — Қасымның сенімді жолдасы —  
Обаға. Қасым серіктерін бастап келіп, Мұраттарға шабуыл  
жасап, қантөгіс үрыс салады. Соғыста Мұрат өледі. Медіғат-  
ты Қасым оз қолымен байлап алып, қалған кіслерімен бірге  
тауға алып кетеді. Серіктері Қасымнан жасырып, басқа  
мұлікке қоса екі бөшке арақ алады.

Ақын енді поэмада басталып барып, үзіліп қалған, екін-  
ші, қосалқы тақырыбының уақығасын баяндауға кіріседі. Осы

манда аң аулап жүрген екі аңшының біреуі дем алғып, ұйықтап жатыр, біреуі ас өзірлеп жүр. Ұйықтап жатқан, баяғы жоқ бол кететін – Сәлім. Екіншісі, елден bezіп жүрген кезінде Сәлімнің танысып, достасқан адамы аңшы – Халит.

Мағауия Сәлім мен Фазизаның арасындағы махаббат, ғашықтық уақығасын, Халит пен Сәлімнің сырласуы арқылы баян етеді. Бұған шейін Сәлімнің анық кім екенін, оның Фазизага ғашықтығы жайынан Халит ешнөрсе білмейді.

Бәрін жайлап, оятты жатқанын кеп,  
Ұйықтарсың, – деді Сәлім, тамағың жеп.  
Откен тұн көп сөз айттың үйқысырап,  
Әсіресе, ғашығым Фазиза деп, –

дейді Халит. Сәлім осы арада жолдасына бар сырын ашып: Фазизамен қалай танысып, көңіл қосқанын, оған шын ғашық болғанын, Мұрраттың бұл екеуінің қосылуына қарсы болып, қызды да, өзің де қатты сөккенін баяндап айтып береді.

Сәлім мен Фазиза жасырын жолығып түрган кезінде, аңдып жүрген бір топ кісі жабылып, Сәлімді ұстап, өлтірмек болған. Сәлім көп қайрат жасап, әрәң құтылған. Ақыры махаббаттың, ғашық жардың күйігін тартып, Мұрраттың ызасына шыдамай, елден bezіп, дала кезіп, аңшы болып жүргенде, Халит аңшыға кездесіп, екеуі жолдас болған.

Сәлім жолдасына осы сырын айтып отырғанда, жақын жерде мылтық атылып, ұрыс басталып кетеді. Сәлім жәбір көргендерге болыспақ болады. Халит: Сарыбастыққа соқтықсак, бұл манда жүре алмаймыз деп Сәлімді әрәң тоқтатады.

Осы кезде жау қолынан қашып шыққан бір әйел бұларға кездеседі. Ол – Мұрраттың әйелі болып шығады. Байын өлтіргенін, Медіғат пен Фазиза жау қолында қалғанын айтады.

Сәлімдер басқа аңшылармен бірігіп, күш жинап, Фазизаны құтқару қамына кіріседі.

Ақын енді Қасым жайына қайта оралып, онын Медіғатқа жаза тартқызып, өз қылышын өзіне істегенін, Фазизага көрсеткен адамгершілігін, зәңгілердің мас болып, бейқам жатқанда, Сәлімдердің келіп ұрыс салғанын суреттейді.

Қасымның қолы қырылып, өзі Фазизаны атына мінгестіріп алғып, құтылуға айналғанда, Фазиза Сәлімді танып, Қасымға сырын айтады. Қасым Сәлім мен Фазизаны өз қолынан қосып, Мұрат пен Медіғаттан кегін алғып, мақсатына жетеді.

“Медіғат-Қасым” поэмасының қысқаша мазмұны осы.

\* \* \*

“Медігат-Қасым” – идеялық мазмұны терең, әлеуметтік бағыты айқын көркем поэма.

Поэмада жеке адам басының ғана намысынан туған тарыс емес, әлеуметтік теңсіздіктен туған күрес суреттеледі. Адамның ар-намысына тиетін қаталдық, қанаушылардың зорлық-зомбылығы құлдардың куреске шығуына себеп болады.

Ұнамсыз кейіпкерлер, құл иемденуші дүниекор, катал байлар: Мұрат, Медігаттар. Оларға қарсы қойылатын – Қасым, Сәлім, Фазизалар.

Мұрат бай құлды мал орнына сататын, зұлымдығы шектен шыққан, құл иемденуші. Оның баласы Медігат “қаталдығы әкесінен бетер”, адамшылық ардан безген, азғын.

Бар еді Медігат атты жалғыз ұлы,  
Мот қылып, бұзып еді малдың молы, –

дейді ақын. Еңбек етпей, кісі еңбегін қанап мол дәүлетке мас болып азғынданған Медігатты Мағауияның суреттеуі үстазы Абайдың:

Тамагы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,  
Аздырар адам баласын, –

дегенін еске түсіреді.

Адамды мал орнына есептейтін Мұрат пен Медігатта адамшылық ар-ұят, жылы жүрек жоқ. Қасымды аяусыз жазалауға бүйрық беріп тұрып, Медігат өзінің жендеттеріне:

– Қасым итті насосқа отыртындар,  
Бергенім, – деп сейлейді, – құнын, пұлын, –

дейді. Ақын Медігат пен Мұраттың ешбір жанға жаны ашы-майтынын, олардан ешбір жақсылық күтүге болмайтынын өздерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін сипаттау арқылы көрсетіл берді.

Мұрат бай, қызы Фазизаны сұраған Сәлімді кедейсің деп сөгеді. Дүниекор байларда, адамды қанаушы жандарда маҳаббат сезімі болмайды, олар адамгершілік жақсы ниетті білмейді:

Бай біле ме ғашықтық жақсы ниетті,  
Кедейсің деп қайтарып, көңілін тепті, –

дейді ақын.

Мұрат бай қаталдық мінезді Сәлімге ғана көрсетпейді.  
Өз қызы Фазизаны да аямай, зұлымдық мінезді оған да  
көрсетеді. Қызы алдында екі жүзділік жасап:

— Деді, — ай, қызыым, өзің біл өз басынды,  
Жаңа Сәлім сұрады сені келіп, —

деп қызын алдап, сыр тартпақ болады. Фазиза әкесінің арам  
ниетін біледі. Ол жалған сөзді жаны сүймейтін, көңілі ақ,  
жүрегі таза, ары мен махаббатын ардақтап, қоргай білетін  
қыз. Фазиза — көңіліндегі шындықты жасырып, жалтақтау-  
ды бойына мін санап, ар көретін, жаны биік жан.

Әкесінің Сәлім туралы қасақана айтып тұрган жалған  
сөзіне:

... Мен риза Сәлімді жар қылуға,  
Куанту керек еді, қонғенді айтып, —

деп жасырмай жауап береді. Қызынан мұндан мұндағы сөзді құтпе-  
ген қайырымсыз Мұрат:

Сол-ақ екен ашылды кәпір, міnez,  
Деді, ей, қызыым, не менен, не онан без.  
Сол сияқты бір итті менсініпсің,  
Өлтіремін, қайт, — деді сөзінен тез, —

десе, Фазиза қатал әкенің қаһарлы сөзінен жасқанып, жа-  
сымай:

Сәлімге ауған бар көңілім қайта алмаймын,  
Өтірікші дүниеде атанбаймын.  
Жүргімнің билігі бір өзімде,  
Өлтірсең де, қайтам деп айта алмаймын, —

деп, өткір, өжет мінез көрсетеді.

Фазиза адад махаббатын ардақтайды. Фазиза үшін ма-  
хаббатсыз өмір жок. Дүниеде махаббаттан күшті, махаббат-  
тан құдіретті нәрсе жок. “Махаббатсыз дүние бос, хайуанга  
оны қосындар” демей ме Абай.

Адал махаббатты қорлаған, жанын қиятын ғашық жары  
Сәлімге тіл тигізіп, балағаттаған мейірімсіз әкенің озбыр-  
лығын Фазиза да кешпейді. Оның жан-тәнімен беріліп  
сүйген ғашық жары — Сәлім.

Фазиза мен Сәлімнің басындағы ғашықтық халді, олар-  
дың ішкі сезім-сырын, ақын әрі әсерлі, әрі нағымды етіп

суреттейді. Алғашқы кездескеннен бастап, еki жас бірін-бірі ұнатып, екеуін махабbat сезімі билеп алады. Сыр ашып сөйлескенше, Фазиза мен Сәлімнің жаны жай таппайды. Сондай халде жүрген шақта, бір түні екеуі бақшада кездесіп қалады. Кездескен сәтте Сәлім: “Шошытып алдым ба, бай-қаусыз қаңғып келіп”, – деп Фазизадан кешірім сұрап, сөз бастайды. Сонда Фазиза:

– Неге керек менің Сізге шошығаным,  
Қымбатты нәрсе емес қой менің жаным.  
Келдіңіз не себептен осы баққа,  
Шыныңды айтып, білдірші маған мәнін, –

деген сон, Сәлім терең тебіреніп, бар сырын актарады:

Айт деген рұхсатыңды қайтып алма,  
Ренжіп қап, көніліме жара салма.  
Шынымен мен сорлыны ұнатпасан,  
Өлімнен басқа маған орын бар ма.

Фазиза-ау, енді шамыс жасырмағым,  
Тілегім тағдырымнан емес шағын.  
Өмірімнің қуанышы сен, жубанышы сен,  
Құдайым рақым етпес сенсіз бағын.

– Фазиза-ау, шын ғашықлын, сен маған сен,  
Бар өмірімді өзіңе байлаған, сен.  
Дүниедегі бар қызық құңгірт тартты,  
Дерт болып жүрегіме қайнаған соң.

Шынымен бұл халімді түймеймісің,  
Қор болғаным білінді, күймеймісің.  
Жүрегіңе терендеп ақылдасши,  
Шыныңды айт, сүйемісің, сүймеймісің?

– Мен гарыппын, бір рахым етпеймісің,  
Қор болып осылайша өт деймісің.  
Шелдеген махабbatқа қайыршымын,  
Фазиза-ау, шыныменен кет деймісің?

Сәлімнің ақ көніл, адал жүректен баян еткен, қалтқы-сыз ғашықтық сыры Фазизаны терең тебірентеді.

Фазиза бір қуарып, бір қызарып,  
Үстелге зорға отырды, әрең барып, –

дейді ақын.

“Екі жастың ғашықтығы, көпшілік оқушыға үлгі болсын деген мақсатты ойлаған ақын, романтизм стиліне лайықты жолмен, олардың басындағы ынтаңдарлық күйді үлгайтып берген. Бірақ жалғыз фана осы махаббат арқылы ашылатын екі жастың мінез, сезім әрекеттеріндегі өз ортасының, заманының шындығынан шалғай кеткен жасандылық жоқ. Осылайша анық, классикалық поэзияның үлкен үлгісін шебер танытқан”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Мағауия “Медіғат-Қасым” поэмасында идеялық-мазмұн жағынан болсын, көркемдік түр жағынан болсын, Абайдан алған үлгі-өнегесін анық танытады. Абай өлеңдеріндегі кейбір тақырыптарды алып, поэма қөлемінде кеңейтіп, жыр ететін кездері де бар. Мысалы, поэмада Фазиза мен Сәлім арасындағы махаббат, ғашықтық мәселесіне келгенде, Абайдың:

Ғашықтық келсе, жеңер бойынды алып,  
Жүдегер безгек ауру сықылданып.  
Тұла бой тоңар, сұыр үміт үзсе,  
Дәмеленесе, өртенер күйіп-жанып, –

деген өлеңін үлгі етіп алғанын, Фазиза мен Сәлімнің ғашықтық сезім-сырын сипаттайтыны жоғарыда жазылған Мағауия өлеңдерінен байқауға болады. Поэмадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеттері суреттелгенде Абайдың адамгершілік, достық, махаббат туралы өлеңдерінің сарыны үнемі байқалып отырады.

Шын махаббат адамның мінез-құлқын жаңғыртып, жаңын жадыратып, рухын көтеріп, көңіл көзін ашады. Ақын адап махаббаттың қадір-қасиетін осылай мадактап жырлайды.

Сәлім де бір кезде жел нәпсінің жетегіне еріп, құмарлық құған жеңіл мінезді албырт жастың бірі болған. Ақын Сәлімнің барлық сырыйның оның өз аузынан айтқызады:

– Аңшы едім ұргашының жүрегіне,  
Жараттым не сұлуды керегіме.  
Өзімді өзім билеген жанша үғушы ем,  
Құр нәпсіге ер екем, керегі не, –

деп, адамгершілік ар-үятқа жатпайтын қылышына өкінеді. Шын махаббаттың қасиетін Фазизамен табысқан соң білген Сәлім:

... Жалған сую, алдаудың арсыздығын,  
Шын махаббат көрсетті козімді ашып, –

дейді. Бұрынғы жағымсыз мінез-құлқынан мұлдем арылып, жан дүниесі жаңғыртып, өзгерген Сәлім:

... Нәпсі екен, жас жүректің жалыны екен,  
Фашықтық тіпті өзге екен басқа түсті, —

дейді. Мағауия Абайдың:

Фашықтық, құмарлық пен ол екі жол,  
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол, —

деген ой-пікірін осы арада өте орынды кіргізіп отырганын көреміз, сөзсіз құптаймыз.

Абайдың: “Малға достың мұны жоқ малдан басқа” — деген сөзінің шындығы. Мұрат байдың мінез-құлқынан айқын көрінеді. Мұрат — малдың құлы. Оның байлықтан басқа арманы да, мұны да жоқ. Егер де Сәлім ең алдымен байлығын айтып алып, қызын сұраған болса, онда Мұрат құшағын жайып қабыл алып, Сәлімге Фазизаны қосқан болар еді. Махаббатын ардақтайтын Сәлім, мал, байлық деген сөзді аузына алууды ар көреді. Мұрат бай, кедейсің деп, Сәлімге қызын бермейді. Бұл арада Сәлім ерекше тәқаппар мінез көрсетеді. Ол шынында кедей адам емес еді. Халит досына бар сырын ақтарып айтқан кезде:

Бағдаттағы бір байдың өзі-ақ едім,  
Ар қылым жар алуға малымды айтып, —

дейді Сәлім.

Мұрат бай мен Сәлім арасындағы коллизия поэмада осылай сипатталады. Абай айтатын: “махаббат пен ғадауат майдандасқан” куресті, Мағауия ақын “Медігат-Қасым” поэмасының уақиғасынан көрсетеп, көркем суреттеп береді.

Ақын Фазиза мен Сәлім образдарын сипаттағанда, олардың ішкі дүниесін — сезім сырын, көңіл қүйін көркем сез құдіреті арқылы сипаттаумен тынбайды. Сәлім мен Фазиза ғашықтық қүйігін тартып, мұнға батып, зар шеккен, тағдырға көнген, қүрек жандар емес. Махаббат үшін жанын пида ететін, жауыздыққа қарсы аянбай алысатын адамдар. Ақын олардың мақсатқа жету жолындағы күресін іс-әрекеттерін де нанымды суреттеп, рухани ерлік бейнесін де көрсетеді. Мысалы, Сәлімді аңдыған жау қоршап алып, басына қауіп төнген шақта, Фазиза қамаған жаудан тайсалмай барып, Сәлімнің атын әкеліп, сүйген жарын ажалдан құтқарып жібереді.

... Соны айтқанша артымнан бір ит үрді,  
Көп кісі екен артымда, бізді көрді.  
— Залымды ұста, өлтір, — деп шуылласын,  
Бәрі де маған қарай ду жүгірді.

...Қорқайын деп тұрғам жоқ мен де тіпті,  
Қылышқа мәнир едім тым-ақ епті.  
“Сөлім!” деген дыбысқа жалт қарасам,  
Қыз жетектеп атымды алып кепті.

Қарғып міндім, тоқтамай атқа барып,  
Қақ бөліп жүре бердім топты жарып.  
Өңкей жаяу аттыны қуа ала ма,  
Бәрі де тұрып қалды бос қамалып.

Фазиза Қасымның қолына түсіп, байлауда тұрған халде  
де жасымайды. Қашып құтылуға өрекет жасап, ерлік мінез  
көрсетеді.

Фазиза сұп-сұр болды жаны шошып,  
Енді бекер тұрмады тағдыр тосып.  
Ұрғашы деп зәңгі аяп, бос байлапты,  
Қол-аяғын босатты жібін шешіп.

Ойланып тәуекелмен бойды жеңді,  
Өлейін не де болса, деп ерленді.  
Қасымның жақын тұрған қара атына,  
Басын шешіп, үстіне қарғып мінді.

Мінді де арғымаққа қамшы басты,  
Келген жағын біледі, солай қашты.  
Жазық жердей шабады қара арғымақ,  
Елемейді арқардай тау мен тасты.

Қасым көріп, бір атқа мініп алды,  
Артынан былдыр қағып айғай салды.  
Тіл білетін арғымақ бір қу екен,  
Қарамады қамшыға, тұра қалды.

Бас-көзіне қыз дағы төпелепті,  
Қара арғымақ қозгалмас бұған тіпті.  
Қолында жалактаған қанжары бар,  
Артынан Қасым батыр қуып жетті.

Қор қылды қара арғымақ есіл ерді,  
Жетектеп қайта қызды алып келді.  
— Жазасын тартқыз мына кашқын қыздың, —  
Деді де, анталаған жүртқа берді.

Ақын осы арада Қасымның қаһарынан қайтып, ақылына келгенін, Фазизага көрсеткен адамгершілігін суреттеп, поэманның бас кейіпкерінің тағы бір жақсы қасиетін ашып, көрсетеді. Ашу жеңген Қасымның Фазизаны зәңгілердің

қолына аяусыз жазалауга бергенін қорген бір кемпір ара түседі. Ол Мұрат байдың күні, Фазизаны тәрбиелеп өсірген кемпір екен.

Шақырды-ей, Қасым, – деп, күң ойбайлап,  
– Сөзімді есті, сабырғып, аз абайлап.  
Шырағым, өз жайынды білемісің,  
Кек алуға ауыпсың көзің жайнап.

Алдындағы Фазиза қарындастың,  
Қайтып қана қинастың оның басын.  
Бойында қалған биттей мейір болса,  
Білмеймісің осының жарамасын.

– Жазасын тартқан жоқ па Медіғат аған,  
Не қылды қарындастың, ойла, саған.  
Қорлаған өз сүйегін тіпті онбайды,  
Тұысқа мейірімсіз боп қарамаган, –

деген ана сөзі қатты әсер етеді. Тегінде адад ниетті, ақ жүрек Қасым, көзі жетіп, көнілі сенген іске бар пейілімен құлай берілетін жан. Ол Фазизага кешірім жасап, бауырына тарлады.

Фазиза-ау, мына кемпір бек үялтты,  
Сен де мендей емес пе ең діні қатты.  
Маған Медіғат қинауды қылған уақыт,  
Балконда қарағаның жаман батты.

Алмағаның батпады арашалап,  
Батты маған тұрганың тамашалап.  
Хайуандай маған жаңың ашымастан,  
Қарағым, шыдан тұрдың қайтып қарап.

Медігаттан жүрген жоқ ең сен де жарып,  
Осыны кешіп түрмyn көніліме алып.  
Айтқанынды қыламын, қауптенбе,  
Қонақ қылам, үйге жүр, ертіп барып.

Жетектеп шатырына алып кірді,  
Неше түрлі тамақты әкелдірді,  
Жесен тамақ мінеки, үйықтасаң деп,  
Көрпесі мен жастығын салып берді.

Жорықтан шаршап келген Қасым осы арада қатты үйқыға кетеді.

Мағауия уақыға тұра қатысы жоқ ешбір нәрсені поэ-

масына кіргізбейді де, атамайды да. Ал, Мұрат байдың керуенін Қасым шауып алатын кезін суреттегендеге, зәңгілердің одан жасырып, екі бөшке арақты тығып әкеткендерін акынның атап айта кететіні есімізде. Сол арақ шиеленіскең уақиғаның асқындау сөтінің бір кезеңіне себеп болады.

Фазизамен татуласып, көңлі жай тапқан Қасым, тынығуға жатып қалғаннан соңғы болған халді акын былай суреттеп, баян етеді:

Жатысымен кешікпей үйықтап қалды,  
Зәңгілер бір онаша жерге барды.  
Бастыққа білдірмеген арақтарын,  
Гулайтты қыламыз деп алдына алды.

Арақты стакаммен көтерісті,  
Бас қызып, кешікпей-ақ гүлдесті.  
Аш карынға ішкен соң, үйқы шала,  
Тартынбай жүтқаннан соң қоя ма есті.

Спирт шықты басына, көз қызырып,  
Өз занынша билейді әнін салып.  
Сыпайылық әдептер зәңгіде жоқ,  
Алды-артына жығылды бәрі барып.

Үйықтағаны үйықтады, ояуы мас,  
Батырлар естен кетті не қажымас.  
Жалғыз сау Сарыбастық үйықтап жатыр,  
Хабарланбай бұл халден ол есіл жас.

Ақын бұл арада Қасымның ішкілікке өуестенбейтін дені таза, берік адам екенін айтып, өзінің сүйікті кейіпкерінің тағы да бір жақсы қасиетін ашып береді.

Ақын енді үнамды үш бас кейіпкердің арасындағы тарысты шегіне жеткізе шиеленістіріп әкеп, уақиғаны жеделдете дамытады.

Фазизаны күшпен құтқарып алу үшін қол жинап, қапысын аңдып жүрген Сәлім келіп, ұрыс салып, жас зәңгілерді қырғынға үшіраратқан шақта барып, үйқыда жатқан Қасым оянады. Қапыда жалғыз қалғанына көзі жетсе де, жау алдында тізе бүтіп көрмеген қайсар Қасым, арғымағына Фазизаны мінгестіріп алып, жаудың тобын жарып шығады:

Тек кетпей, Фазизаны ала кетті,  
Саслайды сабыры мол, ақылы епті.  
Жанын сактап, қылышпен басын қорғап,  
Қақ жарып жүре берді қалың өртті.

Жұлқынып сонда Сәлім жан қармады,  
Мергендер қыз қабаттап ата алмады.  
Көз алдында жан жарын әкеткен сон,  
Күйініп Сәлім ерде ес қалмады.

Сәлім де бөгелмеді, қуып жетті,  
“Фазиза, айырамын, қорықпа”, – депті.  
Қыз айтты: – Қасым, тоқта, уағдаң болса,  
– Шын сүйген ғашығымның өзі кепті.

Екі сөйлеуді білмейтін Қасым: уағдам шын, бірақ құтқа-  
рып алып шыққан соң ғана сүйгениңе қосамын. Шын ғашық  
жігіт болса, жаны шыдамас, соңымнан өзі-ақ қуып келер,  
– дейді.

Ақын соншама шиеленіскең уақығаның түйінін шебер  
шеңціп, нанымды етіп суреттеп, бас кейіпкерлердің хара-  
терін көркем сипаттап береді.

Араби көк атымен Сәлім салды,  
Не етем деп жардан аяп бұл қу жанды.  
Онашаға шыққан соң, Қасым тоқтап,  
Күйеуін келе жатқан тосып алды.

Сәлім де келе жатыр аңыратып,  
Ғашығы һом кегі бақ қабат батып.  
Мылтығын атайын деп көтергенде,  
Екі үзді құндағынан Қасым атып.

Сәлімге жүгіреді қыз ойбайлап,  
Қасым түр құлімсіреп, көрсे абайлап.  
Сәлім атып үстады қыз майысып,  
Мәні-жайын актарып айтты жайлап.

Қасым айтты Сәлімге: – Құтты болсын,  
– Бір басыңа бауырмын және досын.  
Бір кек үшін кеткенмін зәңгі болып,  
Ойланбай қылғаным жоқ мұны тосын.

– Өз бауырын өлтірген деме залым,  
Саған да белгілі ғой мениң халім,  
Сені де аң қызығы әкеткен жоқ,  
Фаділеттің жоқтығы саған мәлім.

Қасым поэманиң бас жағында, Медіғаттың зорлығына  
намыстанып, кек алу жолына түскен жалғыз бас, қайсар  
мінезді құл сияқты ғана болып көрінеді. Ал кейін, уақыға  
дамыған сайын Қасымның ішкі сырьы ашылып, кеудесін

кернеген кешпес кегінің түп төркіні анықталып, бас кейіп-кердің тұлғасы сымбаттана түседі. Қасым өзінің шын сырын Фазизаға ашып айтқанда:

Менің шешем күң емес сатып алған,  
Сөзімнен таба алмассың ешбір жалған.  
Аңшысы осы жұрттың үрлап алып,  
Әкеңе сахрадағы сыйға апарған.

Аңшыны ұры қылған әкең сенің,  
Мұның бәрін үқтырған анам менің... –

дейді. Қасымның нағашы тегі – зұлыс. Және нағашысы зәнгілердің патшасы болады. Қасым “жеке батыр” емес. Оның өз ортасы бар, қолдайтын тобы бар.

– Мен бардым сол зұлысқа бұдан қашып,  
Патшаға мағлұм болдым, сырымды ашып.  
Сол елдің батырларын жиып алып,  
Кек алуға келгенім жамандасып, –

дейді Қасым.

Қасымның Мурат сияқты құл иемденушілерге қарсы күресі – әлеуметтік (социальный) мәні бар күрес.

“Кейінгі шыққан шығармалардың ішінде осы “Медігат-Қасымнан” көркемдігі және өсіреле идеясы, ойы зор еңбек жоқ деп айтуға болады”, – дейді Мұхтар Әуезов.

\* \* \*

“Медігат-Қасым” поэмасында адам образын жасауда, көркемдік әдістер (приемдер) жөнінде Пушкин, Лермонтовтың әсері, жақсы өнегесі үнемі сезіліп отырады.

Әрине, орыс ақындарының шығармаларындағы адам бейнелерін Мағауия көшірмеген, үлкен ақындардан үлгі-өнеге ала отырып, көркем образ жасаған. Бұл жөнінде Қасым образын жасауда “Дубровский” повесі мен “Мцыри” поэмасындағы әрбір үлгілердің белгілері байқалады.

Қасымда да Владимир Дубровскийдің кек алу жолына түскені сияқты мінез бар. Дубровскийдің Француз Дефорж болып жалған атпен жүргені сияқты, Қасым да “Сарыбастық” болып жүреді. Мұрат байдың жолын тосып жүрген кезде де, керуенді шауып, Муратты өлтіріп, Медігатты байладап алған кезде де Қасым өзінің түрі-түсін өзгертіп бояп жүреді. Жауын әбден жеңіп алғанға дейін Үзінің кім екенін білдірмейді:

Ағашқа бар тұтқынды байлап жатыр,  
Ақырып әмір қып түр бастық батыр.  
Бір қатары зәңгінің атаманға,  
Бір көгалға тігілті кенеп шатыр.

Барды да шатырына батыр кірді,  
Жуынуға апарып сүйн берді.  
Бетінің бояуларын жуып тастанап,  
Алады чемоданнан киімдерді.

Киінді бар киімін бейне патша,  
Бір сұлу жігіт болды құп тамаша.  
Байлаулы тұтқындарға жетіп келді,  
Қасында жолдасы жоқ, оп-онаша...

Колға тұсken Медіғаттар Сарыбастық болып жүрген атаманның Қасым екенін сондағанда біледі. Дубровский байлардан кек алып, сорлыларға көмек етсе, Мағауия ақын Қасымды да сондай ер етіп суреттейді.

Әсіресе байларға рахым еттес,  
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес.  
Сорлы болған жандарға тағы әдеті,  
Бір жақсылық қылады естен кетпес.

Бірақ кейбір мінез, іс-әрекеттерінде үқастық болғанмен, Қасым мен Дубровский екеудің екі басқа адам.

Мұрат пен Фазизаның арасындағы қарым-қатынас, Троекуров пен Машаның кейбір қарама-қарсы мінездерін де ойға түсіреді. Сәлім мен Фазизаның шартты хат арқылы хабарласуы:

Қол дірілдеп сол хатты оқыдым тез,  
Жартас. Тұн. Сақ бол! – деген үш ауыз сөз, –

деп, Газизаның хат жазуы, бұлардың басындағы махабbat драмасы да Дубровский мен Машаның жасырын кездесуін, сырласып, уағдаласуын ойға түсіреді. Бірақ оқиғаның аяқталып, шешілуі екі басқа.

Сол сияқты “Мцыри” поэмасындағы геройдың барыспен алысусы “Медіғат-Қасым” поэмасындағы Сәлімнің жолбарыспен алысқан жерін еске түсіреді. Сәлімнің жолдасы Халит:

... Шабайын деп тұрганын көре тұра,  
Жолбарыска бардың ба көзің көрмей, –

десе, Сәлім:

Мен бардым бар қайратын көрейін деп,  
Тіпті тірі жүргенше өлейін деп.  
Жүргегімнің жанғанын тым болмаса,  
Алсып бір аз ғана бөлейін деп”, –

деген жауап қайырады.

“Мцыри” поэмасындағы черкес баласының еркіндік жолындағы күресі, қайсар мінезі, намыскерлік, тәкаппарлық қылыштарын Мағауия, Қасым, Сәлім сияқты образды жасауға үлгі еткен.

Бұл жерде “Мцыри” поэмасындағы кейіпкердің қайсарлық, шыдамдылық, намыскерлік сияқты мінез белгілері Қасым басынан да табылады. “Мцыридағы” черкес баласының қайсарлығын Лермонтов:

Без жалоб  
Томился — даже слабый стон  
Из детских губ не вылетал,  
Он знаком пишу отвергал,  
И тихо, гордо умирал.  
Как вдруг однажды он исчез  
Осенней ночью —

деп суреттесе, Мағауия Қасымның ауыр жазадан соңғы мінезін дәл осылай суреттейді:

Екі сәтке қозғалмай қалды жатып,  
Биттей дыбыс бермейді тастай қатыи.  
Қасына қойған асқа қарамады,  
Тиген жоқ тым болмаса бір дәм татып.

Сыр бермеді босанып биттей жасып,  
Өлгендей сұп-сұр болып қаны қашып.  
Екі күн сол қалыппен жатты-дағы,  
Үшінші күн жоқ болып кетті қашып.

Осы аз ғана салыстыру мысалдардан-ақ Мағауия поэмасына Пушкин шығармалары, әсіресе, Лермонтовтың романтикалық поэмалары үлгі болғаны байқалады.

“Медіғат-Қасым” поэмасының негізгі сарыны романтизм болғандықтан, әрбір кейіпкердің өзіне тән күшті бір сезім-сыры баса суреттеледі. Намыскер, қайсар мінезді Қасым — негізінен кек куу жолына берік берілсе, Фазиза мен Сәлім басынан көрінетін негізгі күшті сезім — махаббат. Ақын поэмадағы геройларды осындаі сезім сырларын жеріне жеткізе сипаттап, өрі өсерлі, өрі көркем суреттеген.

\* \* \*

Мағауия өзінің “Медігат-Қасым” поэмасымен анық классикалық поэзияның үлкен үлгісін шебер танытқан” дарынды ақын және “анық оқымысты, білікті ақын екенін“ Мұхтар Әуезов ерекше атап айтады.

Мағауияның орыс әдебиетімен, орыс әдебиеті арқылы Европа әдебиетімен де жақсы таныс болғаны “Медігат-Қасым” поэмасының өзінен де айқын көрінеді.

Бүкіл дүние жүзі әдебиеті тарихында әйгілі бір дәуір – романтизм дәуірі деп аталатыны белгілі. Романтизм дәуірі Байрон атымен тығыз байланысты. Өз заманының талабына сайма-сай келетін романтизм туын тұңғыш көтерген ақын да Байрон еді. Өз заманында Байронға еліктеп жазған Европа ақындары көп болатын. Олардың бәрін былай қойғанда, Байроннан жас жағынан кіші замандастары, болашақ ұлы ақын, жазушылар: Мицкевич, Гейне, Петефи, Гюго, Пушкиндерге де Байрон романтизмнің әсері күшті болғаны мәлім. Байрон романтизмнің орыс әдебиеті арқылы келген әсерінің белгілері Абайдын да ақын шәкірттерінің әсіресе, Ақылбай, Мағауия поэмаларынан да байқалады. Байронның әдебиеті тарихында шығыс циклі поэмалары деп аталатын: “Гяур”, “Абидос қалындығы” (“Абидосская невеста”), “Корсар”, “Лара” сияқты поэмаларының уақығасымен Абай, оның шәкірттері Ақылбай, Мағауиялар таныс болған Романтизмнің туын көтерген Байрон творчествосын XIX ғасырдағы ұлы орыс жазушылары, әдебиет сыншылары жоғары бағалаған болса, Байрон Абай назарынан қағыс қалмаған. Және Байронның “Гяур” (1813), “Абидос қалындығы” (1813) поэмалары орыс тіліне 1821 жылы аударылған. “Корсар” (1814) “Лара” (1814) поэмаларының 1825–1826 жылдары орыс тіліне аударылып, басылғаны белгілі.

Байрон поэмаларының уақығасы драматизмге толы болып келеді. Ерекше бір күшті сезімге берілген, өктем мінезді, өзімшіл тәқаппар, қызу қанды, олермен өжет – бунтарлардың романтикалық бейнелері, іс-әрекеттері суреттеледі. Шығыс цикліне жататын Байрон поэмаларының уақығасы, негізінен, бас кейіпкердің, оның ғашық жан жарының және оларға қарсы күштердің арасындағы күресті баяндайды. Уақыға, көбінесе, бас кейіпкерлердің қазаға ұшырауымен аяқталып отырады.

Байронның “Гяур” поэмасында – түрік патшасы Гассанның көп әйелінің бірі, Ләйла сұлуға Гяур ғашық бола-

ды. Ақырында: Ләйләні Гассан өлтіреді, Гассанды Гяур өлтіреді де; өзі монастырға кетеді. Поэмалың қысқаша мазмұны осы.

“Гяур” поэмасы мен Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасында суреттелетін уақиғаның кейбір үқастық жағын байқағандай боламыз. Байронның “Абидосская невеста” (“Абидос қалындығы”) поэмасын еске алып көрейік. Джффир патшаның Сәлім деген баласы болады. Сәлім ер жетіп, ес білген соң, Джффирдің анық кім екенін біледі. Джффир Сәлімнің әкесі емес, оның туған әкесін және агасын өлтірген нағыз қанішер жауыз болып шығады. Сәлім енді қол жиып, Джффирден кек алуға шығады. Бірақ Сәлімнің ғашық жары бар. Ол Джффирдің қызы Зылиқа (Байронда: Зюлейка). Зылиқага ғашықтық сезімі Сәлімнің қолын байлад, Джффирден кек алуына кедергі болып, кешіктіре береді. Ақыры Зылиқага жолығуга келген Сәлім қапылыста Джффирдің қолынан қаза табады.

Мағауияның “Медіғат-Қасым” поэмасындағы Мұрат, Медіғат пен Қасым арасындағы, сол сияқты Сәлім, Фазиза мен Мұрат арасындағы қарым-қатынас, тартыс уақиғаларының Байрон поэмасына кейбір үқас келетін жерлері байқалады. Бірақ Мағауия оқиғаны басқаша шешіп аяқтайды, яғни әділеттік идеясы үстем болып, Қасым, Сәлім, Фазизалар мақсаттарына жетеді.

Бұл аз ғана салыстырудагы мақсат Ақылбай, Мағауия ақындар Байронға еліктеді деген емес, Абай шәкірттерінің романтикалық поэмаларына Байрон романтизмінің, әсіресе, орыс әдебиетіндегі романтизмнің белгілі дәрежеде жақсы әсері болды, басты белгілері, сюжет құру әдістері жат емес еді, творчестволық, жолмен үлгі; өнеге алды деген пікірді білдіру.

“Ақындық мектеп, – дейді Мұхтар Әуезов, – тек үстаз ақынның өзі тапқан жол, жаңалықты қайталап қана қойса, ол аз болар еді. Абай берген бағыт бойынша ізденген шәкірт ақын Мағауия осы шығармасында (“Медіғат-Қасым” поэмасын айтады. (– Қ. М.) Абайдың өзі жазбаған анық сюжетті поэмалы тұғызады.

Ақылбай мен екеуі де, романтикалық поэмалың стилін қазақ әдебиетіне әкеліп кіргізгенде, анық соны, жаңа, жақсы ағым әкеп қосты деу керек”.

“Медіғат-Қасым” – қазақтың таза әдеби тілімен жазылған, нағыз көркем поэма. Өлеңнің “іші алтын, сырты күміс”, яғни терең мазмұнына көркемдік түрі сайма-сай болуы шарт деген Абай қағидасын Мағауия берік үстаған ақын, “Медіғат-Қасым” поэмасында орынсыз кірген бірде бір

“бөтөн сөз” жоқ. Тек Сәлім мен Қасымның диалогтарында, олардың қай жүрттың адамы екенін аңғарту үшін, өздерінің тілінен (арабша) бір еki-ak сөз кіргізіп, сөйлестеді. Ол сөздері, қосарлана берілген қазақ сөздері арқылы, окушыға өзінен-өзі түсінікті болып шығады. Мысалы, Сәлім өзінің қылыштасып ұрысуға дағдылы шебер екенін айтқанда:

...Қорқайын деп түрғам жоқ мен де тіпті,  
Қылышқа мәнир едім тым-ак епті, –

дейді. “Мәнирдүң” мағынасын “епті” деген сөз түсіндіріп түр.

Қасым Фазизаны сүйген жары Сәлімге өз қолынан қосып, оған өзінің “адал, таза малынан” мал-мұлік боліп және жасау беретінін айтқанда:

– Адал пұлым, алғам жоқ елден талап,  
Әкең берген шешеме қолдан санап.  
Таза малды беремін мәһеріне,  
Жалғыз баурым сен едің алған қалап, –

дейді. “Мәһер” – қалың мал деген сөз. Тегінде қалың малды күйеу жағы беруі керек. Бұл арада Сәлімнен қалың мал алуудың орнына, қалың малды да, жасау-жабдықты да Қасымның өзі беріп түр. Ақын Қасымның Фазизага жасауды ақшадай беретінін айқындаپ, ашып айтқызы үшін:

– Елдің заңы заң емес біздің заңға,  
Аңдан басқа дәурен жоқ біздей жанға.  
Фазиза көрсетпеймін жетімшілік,  
Он мың теңге беремін придианға, –

деп, өдейі орыстың “приданое” деген қарапайым халық сөзін қолданады.

Бас кейіпкер Қасымның сөйлеген сөзі мен істеген ісі үнемі бір жерден шығып отырады. Оның Сәлімге деген достық қөңлі, Фазизага деген бауырмалдығы, адамгершілігі, ерлік мінезі, дүниекор емес, ерекше жомарттығы – поэ마다 жақсы сипатталып, көркем суреттеледі. Уақыфа ширығып, өрбіп, шырқау шегіне (кульминация) өрлеген сайын Қасым, Фазиза, Сәлім образдары сомдалып, кемеліне келе түседі.

Бұлар сияқты ұнамды кейіпкерлерге қарама-қарсы қойып суреттелетін, Медіғат, Мөрия сияқты ұнамсыз кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін сөз еткенде, ақын орыс сөздерін орынды қолданады. Мұрат байдың банкрот

болып, сынуына себеп болған оның малға мас, есерсөк баласы Медіфаттың ақшаны судай шашатын азғындығын, бұзық мінезін ақын орыстың “мот” (мотать) деген сөзімен жеткізеді:

Бар еді Медіфат деген жалғыз ұлы,  
Мот қылышп бұзып еді малдың молы, —

дейді.

Сол сияқты, Мәрияның желікпе жел көңілді, жеңіл мінезін орыстың “гулять” деген сөзімен аңғартады. “Гулайттап Мәрия бақта сонда жүрген” дейді. Бұл арада Мағауия серуендең деген сөзді білмей отырған жоқ. Әкесі Абайдан алған өнегесінің тағы бір белгісін байқатып отыр. Крыловтың “Шегіртке мен құмырска” деген мысал өлеңінің аудармасында Абай да:

Шырылдауық шегіртке...  
Көгалды қуып гәлайттап...

дейді ғой. “Медіфат—Қасым” поэмасында тағы бірнеше орыс сөздері кездеседі. Ол сөздер қазақ өмірінде кездеспейтін, ол кезде қазақ тұрмысында жоқ нәрселердің атаулары. Ақын сондай қазақ тілінде жоқ атауларды, поэмасының уақиғасына қатысы болғандықтан, өзгертпей кіргізіп отырады. Мұрат байдың сауда кәсібіне байланысты банк деген атауды, одан туындастын банкрот сөзін орынды жерінде қолданады.

Қасымнан еш хабар жоқ үш жыл өтті,  
Бай еркіне жіберді Медіфат мотты.  
Ауыр дәулет шыдамай судай ағып,  
Банкілер мағлұм қылды банкротты.

Сол ретпен поэмада, балкон, кран, насос, спирт, атаман, чемодан сияқты термин сөздер толық тұлғасы сакталып қолданылған. Осының бері — Мағауияның орыс тілін жетік білетінін, орыстың өнер-білімімен жақсы таныстырын, өз заманының алдыңғы қатарлы мәдениетті қалам қайраткері болғанын көрсетеді.

Мағауия ақынның “Медіфат — Қасым” поэмасы — Абай бастаған қазақтың жаңа жазба әдебиетінің зор табысы.

\* \* \*

Мағауия “Медіфат—Қасым” поэмасында тарихтық қағиданы (принцип историзма) берік ұстаған, нағыз шыншыл ақын. Поэмада ақындық қиялдан туған, тарихқа қай-

шы келетін еш нәрсе де жоқ. Шығарманың уақиғасы түгелдей дерлік, өмір шындығынан алынған.

Ақын Африка тарихын өте жақсы білген. Сол елдің өмірінде болған уақыттарды зерттеп өзінің ой елегінен өткізіп іріктең, ақыл таразысына тартып қорытып, қомақтап алған соң, көркем шығарма жазған.

XIX ғасырдың бас кезінде Атлант, Үнді мұхиттарының шығыс және батыс жағалауларына Португалия отаршылдары келіп, негрлерді аңша аулап, ұстап, оларды мал орнына сатып, құл саудасын жүргізді. Сол сияқты Африканың Голландия отаршылдары (бурлар) отарлау саясатын жүргізе бастады. 1785 жылы ағылшын отаршылдары, бурларды Оңтүстік Африкадан Солтүстікке ысырып шығарып, ол жерді өздері иемденді. Ағылшындар 1854 жылы Орталық Африканы зерттеу деген сұлтаумен “Канское общество” дегенді үйімдастырады. Сөйтіп, Африка жерінің ен байлығына аранын ашқан аш көзді қөпестер, сұғанақ саудагерлер, монтаны миссионерлер қабылдай бастайды. Африка жерін колонияға айналдырып ату әрекетіне ағылшын отаршылдары құлшына осылай кіріседі. 1884 жылдан бастап Германия отаршылдары, 1881 жылдан бастап Франция, Португалия, Италия отаршылдары Африка жерлерін иемденіп, ірге тебеді.

Отарлық қанау шымбайына қатты батқан, озбырлыққа ыза-кегі қайнап, ашынған халық отаршылдарға қарсы сан рет көтеріліс жасап, күреске шықты. Мысалы, 1881–1898 жылдардағы Судан елінің көтерілісі, 1880–1890 жылдардағы Үндіқытай халқының көтерілісі Оңтүстік-Батыс Африка дағы готтентоттардың отаршылдарға қарсы ерлік күресі тарихта белгілі.

Африканы алғашқы зерттеушілердің бірі, әйгілі ағылшын жиһанкезі Давид Ливингстон (1813–1873) өзінің “Путешествие по Южной Африке” атты кітабында Африка жайын, ондағы жергілікті тұрғындардың тұрмыс-халін сипаттап, отаршыл құл иемденушілердің міnez, қылықтарын жазады. Ливингстон 1869 жылы 14 марта Африканың Уджиджи деген селосына келіп, сонда біраз уақыт тұрады. Уджиджи селосының жайын баяндап айта келіп, Ливингстон былай дейді:

“Уджиджи құл және піл сүйегімен сауда жасайтындардың орталық орны. Бұл жерде негрлерді аулап ұстап, алып, не арзан бағамен сатып алып, сауда жүргізетін арабтар тұрады”.

— Бір күні Ньянгве деген селоның базарына жиналған негрлерді, — дейді Ливингстон, — құлмен сауда істейтін

арабтар қоршап алып, мылтық атып қырғынға ұшыратты. Жұздеген әйел оққа үшты, қашып құтылуға әрекет жасағандары суға кетіп өледі, — деп, арабтардың мейірімсіз қаталдығын өз көзімен көргенін айтады (Д. Ливингстон. “Путешествие по Южной Африке”. Москва, 1947 г. стр. 11). Африкаға жан-жағынан келген отаршылдардың озбырлықтары, құлдық бұғауына түскен жергілікті халықтың аянышты халі осындай болған. “Медіғат—Қасым” поэмасындағы:

Ол кезде болмаған шақ құлға бостан,  
Жаңа ашылған Африка бір ғулстан.  
Кеңі қалың, егіні мол болған соң,  
Ізденип барған жан көп әрбір тұстан, —

деген өлең жолдарын еске алсақ, Африканың ен байлығына қызықкан, жалмауыздай емініп, жан-жақтан қаптап келіп жатқан отаршыларды көреміз.

Мұрат байдың қайырымсыз қатал мінезін Мағаяция ақын:

Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді,  
Адам деп обалына бір қарамай, —

деп суреттеуі де тарихи шындық.

Африканы зерттеген тарихшы Ливингстон, негрлерді құл етіп, мал орнына сататын арабтардың мінезін қалай көрсетіп жазғанын жоғарыда айттық.

Тарихта жазылған дәл сол арабтардың, көркем әдебиеттегі образы — Мұрат. Поэмадағы Мұрат байдың өзі де араб. (“Мұрат деген бай кепті Мысыр жақтан” дейді ақын).

Ливингстон құл иемденушілердің тағы бір зұлымдық айла-тәсілін жазады. Ол тәсілдері — жас сәби балаларды сатып алып, олардың туған ата, анасын, ана тілін ұмыттырып, есіріп құлдану болады (жоғарыда аталған кітап 27-бет). Мағаяния құл иемденушілердің осындай қылықтарын да жақсы білген. Ақын поэмасында Қасым, Мәрия сияқты кейіпкерлерін суреттегендеге, тарихи шындықты баян етеді. Құл иемденуші Мұратбай Мәрияны жас бала кезінде сатып алған, Қасым да сондай халде Мұраттың колында есken.

Дейтуғын бір құлы бар Қасым атты,  
Карасүрлау пішіні зәңгі затты.  
Отты қара көзі бар, узын бойлы,  
Тәкаппар, тәуекелшіл, бек қайратты.

Он сегізге келіпті биыл жасы,  
Байға бек қадірлі еді мұның басы.

Бай бала ғып өсірген, сатып алып,  
Мәрия деген қызда еді бар ынтасты.

Ақын Қасымның тұлғасын сипаттағанда: “ұзын бойлы, тәкаппар, тәуекелшіл, бек қайратты” деген әпиттеттерді орынды қолданған. Мағауия зұлыстардың ер мінезін, тұртұрпатын да, олардың әлемге әйгілі болған, отаршылдарға қарсы қаһармандық күресін де жақсы білгенін көреміз.

Әнциклопедияда зұлыстар былайша сипатталған: “Зұлусы принадлежат к расе банту, отличаются высоким ростом (176 см)... Из всех южно-африканских племен зулусы отличались воинственностью и храбростью... Европейцам они оказали сильное сопротивление, и их войны с англичанами привлекли к себе одно время внимание всей Европы” (Энциклопедический словарь русского библиографического института Гранат, том 21, стр. 366–367).

Поэмада Занзибар деген қала да аталағы. Мұрат байдың Мысырдан келіп, иемденген жерін суреттегендеге:

...Бақша ғып жатып алды бір сахраны,  
Жұ шақырымдай Занзибар қаласына, –

дейді ақын. Занзибар – Шығыс Африкадағы белгілі үлкен қала. Су жолы қатынасының және сауда орталығы. Занзибар тұрғындары: негрлер, арабтар, үндістер және европалықтар болады.

“Медіғат–Қасым” поэмасынан Мағауия ақынның Африка елінің тарихын жақсы білетінін көреміз. Мағауияның Абайдан алған өнегесі аса мол болған. Мұхтар Әуезов “Орыс классиктері мен Абай” атты мақаласында, Абайдың Пушкин бастаған орыс жазушыларын, Батыс Европа жазушыларын көп оқып, өзінің білім алып, дүние тануда солардың шығармаларынан өнеге алғанын жазады. Және” Батыс Европа ақын, жазушыларынан: Гете, Шекспир, Шиллер, Гейне, Байрон, Бальзак, Беранжелерді оқығанын атап айтады. Абай өзі оқып, білгендерін шәкірттеріне де өнеге етіп айттып, оларға көп тағлым бергені белгілі. Мұхтар Әуезов осы мақаласында: Абайдың өз мәжілісінде болып өз әңгімелерін көп естіген кісілердің ішінде Америка мен Африканың зәңгілері (қара түсті адамның барлығын Абай зәңгі деген бір атпен айтады) жайындағы сөздерді естімегені жоқ деуге болады. Неше алуан күшті, қызық романдарды сол жайынан айтатын болған. Осында Абай айтқан әңгімелердің бірі – “Медіғат–Қасым”.

## “ЕҢЛІК-КЕБЕК” ПОЭМАСЫ

“Еңлік-Кебек” – Мағауияның ақындық қадамын жаңа бастаған шағында жазған алғашқы поэмасы. Мағауияның өз қолжазбасы сакталмаған. Поэманың бір ғана көшірме қолжазбасы, 1940 жылы, Мұхтар Әуезов өз архивін тәртіпке келтіріп, реттетіп жатқан кезде, көп қағаздың ішінен табылады. Поэманы көшіріп жазған Дайыrbай Қожанұлы. Бұл кісі де Абай шығармаларын көшіріп жазып, елге таратушылардың бірі болған. Дайыrbай қолжазбасы тозаңқырап қалған екен. Қайта көшіріп жазу оңайға түскен жоқ. “Еңлік-Кебек” поэмасын Дайыrbай қай жылы, қайдан көшіріп жазғаны анықталған жоқ. Мағауияның “Еңлік-Кебек” поэмасының бізге жеткен жалғыз қолжазба нұсқасы осы.

“Еңлік-Кебек” поэмасының уақығасы XVIII ғасырдың аяғында (1780 жылдар) болған тарихи шындық.

Тобықты елі Шыңғыс тауының маңына көшіп келген кезде, Тобықтының басшысы Қенгіrbай би (жалған аты Қабекен) болады. Абайдың төртінші атасы – Айдос. Айдостың туысқаны – Жігітек. Қенгіrbай сол Жігітектің баласы.

Еңлік пен Кебек рулық-феодалдық талас-тартыстың, ескі әдет-ғұрыптың құрбаны болған жазықсыз жастар еді.

Сүйісп қосылған екі жастың қыршынын қиган Найман мен Тобықтының ру басы феодалдары. Екі жасқа өлім жазасын кескен, мейірімсіз билік айтқан Қенгіrbай би. Қенгіrbай Найман ру басыларынан алған парасы үшін екі жастың қанын төккен қatal би еді. Ру басылар – “ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс” боп, шексіз үстемдік құрып тұрған заманда халықты езіп, қырумен бірге, бостандыққа бой үрушылық болса, аяусыз жазалап, құртып отырған. Ру басылар сондай залымдық, каталдық істерін шаригат жолы, ата-бабаның “ақ жолы” деген сөздермен бүркемелеп, қараңғы халықты алдап, арбал үстемдік жүргізген. Ру басылар өз үстемдіктерін үздіксіз жүргізіп, шексіз билеп-төстөу праволарын сактап қалу үшін, Қенгіrbай сияқты билерін дәріптеп, оның атын да атамай “би, бабаң” деп елден ерекше қасиетке ие адам етіп, өулиелікке дейін көтермелеген.

Қенгіrbай өлгеннен соң, оның аруағын аспанға көтеріп, ел санасын ескі соқыр сеніммен уландырған. Қенгіrbайдан соңғы ру басылар оның жол-жобасын, билік салтын зан етіп, аруағына арқа сүйеп, үстемдік жүргізіп отырған.

Оз түсінде Қенгіrbайдың Еңлік пен Кебекке айтқан билігін ру басы феодалдар халық алдында әділ билік, тұра билік деп уағызыдаған. Ол заманда Еңлік пен Кебектің жа-

зықсыз төгілген қаны, ауыр қайғысы сыртқа шыға алмаған, халықтың жүргегіне шер болып байланып, іште кете барған.

Кейін Абай заманындағы аруақшыл қара жүрек, надан байлардың, зұлым ру басылардың жаңалыққа қарсы, Абайға қарсы күрескендегі сенгені, күні етіп кеткен ескі әдет-ғұрып, ескі аруақ, сол Кеңгіrbай аруағы болған. Абайдың жаулары арам ойларын бір жерден шығаруға уағда етіскенде, бірін-бірі сендері үшін Кеңгіrbайдың басына барып, ескі молада анттасатын.

Ағартушы Абай рулық-феодалдық ескі салтқа қарсы құресті. Ел басынан кешкен, ру басылар бүркеп келген тарихи шындықтардың бетін ашып, халық алдында әйгілеп, әшкереleуді мақсат етті.

Кеңгіrbай сияқты билердің мінез-кулқын, іс-әрекетін дұрыс көрсетіп, халыққа шындық бейнесін ашып беру азamat ақынның борышы деп білді.

Сейтіп, “Еңlіk-Кебек” жайын тақырып етіп алып, Магаяниның поэма жазуында үлкен саяси-әлеуметтік мән бар.

\* \* \*

“Еңlіk-Кебек” уақығасын жырлаудағы негізгі мақсатын ақын поэмасының басында ашық айтады:

Заманның гаділетсіз надандығын  
Қозгады жүрек, тілім, сөйле мығым.  
Баяғыны көксейді білімсіздер,  
Мінеки, көрсетейін жамандығын, —

деп, үлкен әлеуметтік мәселені қозғайтынын әйгілеп алған соң, уақыға араласатын бас кейіпкерді сипаттап береді.

Ұруы Кебек ердің Жуантаяқ,  
Ел үшін жанын салған аямай-ак.  
Зор көкірек, әр сөзді адам еді,  
Сол ерлігі түбіне жетеді бірақ.

Уақыға Кебектің Еңlіkпен кездесуінен бастап өрбиді. Ақын Кебектің қызбен кездесуін нанымды етіп суреттейді. Кебек қысты күні бүркіт салып аң аулап жүріп, Шыңғыс тауына барады. Бүркітіне түлкі алдырып, аң қызығымен жүргенде кеш болып, күн батқанын да сезбей қалады. Қатты боран соғып кетіп, батыр адасады. Сейтіп жүріп, ел орынға отыра бір ауылға тап болды. Ол Матайдың бір ауылы екен.

Жөн сұраса ол ауыл Матай екен,  
Бір талайдан бұл жерді қылған мекен.  
Кебекке құрмет қылды бойжеткені,  
Батырдың қобалжыды көңілі бекем.

Ақын енді батырдың “бекем көңіліп қобалжытқан”  
қызды суреттейді.

Тіп-тік жауырын, нәзік бел, бұрымы ұзын,  
Салмақпенен салады қара көзін.  
Жауап берсе қалжыңға сондай ұста,  
Ешкім сөгер жан емес айтқан сөзін.

Биік қабақ, ак сұрлау, қара қасты,  
Тік мандаі, толық жүзді, қолаң шашты.  
Қарауында бір түрлі рені бар,  
Сынап, байқап қалатын женіл жасты.

Қыр мұрын, қызыл ерін, аппақ тісі,  
Ашық жүзбен жігітті тартар түсі.  
Барынша айтып бақтым суретін,  
Кебек ердің – Еңлік қызы, асығы осы.

Магауия поэмалың бас кейіпкері Еңліктің портретін бейнелегендеге, оның сыртқы сулу сипатын ғана суреттеуге салынып кетпейді. Сұлу қыздың қара көзінен салмақты мінезі байқалады, қалжың сөзінен алғырылықпен қатар, әдептілігі көрінеді. “Қарауында бір түрлі рені бар, сынап байқап қалатын женіл жасты”, – деп ақын Еңлік қыздың сыртқы көркіне сай ішкі сезім-сырын адамгершілік қасиетін сипаттайды. “Кебек ердің Еңлік қызы асығы осы”, – деп туїеді. Ер жігітке анық адап жар, аяулы ару – Еңлік, дейді ақын.

“Кебек – ел үшін жанын аянбай салатын” елдің ері. Коңілі ак, жүргегі таза, жаны биік ардагер азамат. Ол – батыр. “Батыр – аңғал”, құлық-сұмдықты білмейді. Ол өзінің адалдығына сенеді. Жүргегі сеніп, көңілі ауған нәрсеге батыр барынша құлай беріледі. Ақын поэмалың басында: “Зор кекірек, әр сөзді адам еді”, – деп суреттейді, Кебек ерді.

“Адам сөйлескенше” дегендей, әдепті әзілі жарасып, танысқан соң, Еңлік қызға көңілі ауған батыр, адап сырын жасыра алмайды.

Бұл қызға құмар болды көрге, жерден,  
Жүректе билік кетті Кебек ердең.  
Бір онаша болғанда үйдің іші,  
Қалжындал қызға айтады: “келші бермен”.

— Күрбым, саган көнілім түр қатты кетіп,  
Күмарым тарқар ма екен қолым жетіп.  
Өмір бойы жолыңа қажымасқа,  
Біржолата кетер ем уағда етіп.

— Япырмау, қол жетер ме арманыма,  
Мен сенің душар болдым қармағыңа.  
Үргашыға көнілі ауған жан емес ем,  
Алланың көніп тұрмын салғанына.

Қыз айтты: — Мен де саган болдым құмар,  
Екеумізді қозғаған жастық шығар.  
Қойыңыз тоқтаталық шайтанға ермей,  
Әкем білсе, бұл сырды жерге тығар.

...Жерім бар әке-шешем қойған беріп,  
Үргашыға оңай ма кетпек жеріп, —

дейді Еңлік. Ақын екі жастың диалогында, олардың сырмінезін, таным-талғамын, өз заманына лайықты етіп бере білген. Бірақ шын махаббатқа қарсы тұратын күш жоқ.

Ақыры ауыл сыртындағы Қақпа тастан табыспаққа сөз байласады. Қақпа таста кездескен екі жас айнымас дос, айырылмас жар жолдас болуга уәделесіп, кездесіп жүреді. Бұл іс жүртқа жария болып, Еңліктің қайнына хабар тиіп, айттырған күйеуі іздең келгенде, Еңлік Кебекпен қашып кетеді. Сөйтіп, Еңлік пен Кебек ескі жол-жораны бұзып қосылып, ел ішіне тұра алмай далада қашып жүреді.

Бір далада Еңлік пен Кебек жатты,  
Күні жетіп Еңліктің бір үл тапты.  
Еш нәрседен қаперсіз ойнап-куліп,  
Екі гашық серуендер жатып апты.

Ақын енді поэманның ұнамсыз кейіпкерлерінің мінез-күлкін, іс-әрекетін баян етіп, суреттеуге көшеді. Ру басы билердің бейнесін Кенгірбай тұлғасына тұтастырып көрсетеді.

Тобықтыда сол кезде Кенгірбай би,  
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый.  
Айтады қыз еліне бітім жерде,  
— Әуелі ұстап алып, қызынды тый.

Кенгірбай айтты сонда матайларға:  
— Еңлік қыз жазықты ғой бір қудайға.  
Қатынына еш адам ие болмас,  
Қоймасаң тыю салып осындейдайда.

Дәл осы кездे Кебектің жақыны Тоқтамыс сапарда болады. Кенгіrbай тегінде Тоқтамыспен араз екен. Сырын ішіне сактаған би, қол жиып: “Кебекті ұста” дейді. Қапылыста Кебектердің үстінен қуғыншылар түсіп қалады. Кебек Еңлікті Қозықуреніне мінгестіріп ала қашады. Ат тастан секіргенде Еңлік құлап, қолға түседі. Кебек Еңлікті тастап кетпейді. Кенгіrbайға кесімді сөзін айтады. Қызыды Матайға берме, бітімге малым дайын, егер тілегімді орындаmasаң: “Әмір бойы жау болам, жасырмаймын”, – дейді.

Кенгіrbай Кебекті алдайды. “Батырым, нeden қорқып жүрсің, аттан тұс, өзді-өзіміз сөйлесейік. Соңсоң қызыды қосып жіберем” дейді. Сейтіп Кебекті айламен қолға түсіріп, ат қуйрығына тағып өлтірген соң, Еңлікті матаілардың қолына береді. Еңлікті өз елінің жендертері өлтіреді. Еңлік пен Кебектің артында қалған сәбиге де бір де бірінің көnlі болмайды:

Балаға ешбір пенде қарамапты,  
Тобықты неткен жандар діні қатты.  
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен,  
Деседі бір күн бойы жылап жатты, –

дейді ақын. Поэмалың қыскаша мазмұны осы.

\* \* \*

Абай айтып берген ақықат жас ақынды рухтандырып, аға ақынның, дана ағартушының биік мақсаты Мағауия шығармаларының идеялық мазмұны болғанын осы “Еңлік–Кебек” поэмасынан да айқын көреміз.

Абай “Еңлік–Кебек” оқиғасын айтып бергенде, жаз деңгендегі сыншыл реализм шартын өсінет етеді.

Мағауия поэмада осы шартты орындаған. Ақын тарихи шындықты дұрыс ашумен бірге, өткен ескі заманның қатал заңын да әшкөрелейді. Сол қатал заңның қорғаушысы пәрекор болған ру басыларға поэмада қатал үкім айтылады. Ақын ол үкімін Еңліктің аузынан айтады:

Тобықты қулагынды сал біраз маған,  
Көзбе көз пенде едім ғой сөз айтпаған.  
Бауырынды өзің қиып өлтірдің-ау,  
Кенгіrbай, артық емес ... бағаң.

Кенгіrbай, жан екенсің дінің қатты,  
Жүрмісің көрмеймін деп гарасатты.  
Не деп жауап бересің пара алғанға,  
Би алдына барғанда ғаділетті.

... Қалжырактап атандың биім “Қабан”...  
Қабан түбі... ғой, білсөң надан.  
Үлкен бидің алдында сөйлесерміз,  
Жазасы не болады бидің арам.

Мағауияның бұл поэмасы ол заманда елге тараі алмады. Тек Абай айналасына ғана мәлім шығарма болып қалды. Онсыз да Абайға, оның достарына жауығып жүрген, ұлы ақынға қол көтеруге дейін барған Тобықты елінің жуан жұдырық, атқа мінерлері Кеңгірбай жөніндегі айтылған шындыққа шыдай алмас еді. “Еңлік-Кебек” поэмасының елге тарауы пәле құған ру басыларының жанжал отына май құйғандай болмақ еді.

Сейтіп, “Еңлік-Кебек” поэмасы өз тұсында халыққа кең тарауға мүмкіндік ала алмаған.

“Еңлік-Кебек” поэмасында тарихи шын оқиганың беті ашылумен бірге, XVIII ғасырдағы қазақ өмірінің, тұрмыс-салтының суреттері дәл сипатталған. Ақын: “Жобалап ауыл іздең келеді құр, түк болжатпай Шыңғыстың бораны тұр”, – деп Кебектің қысты қунгі боранда адасқанын айтса, Кебекке кездескен ауылды былай суреттейді:

Қасында от көрінді жылт-жылт еткен,  
Кебек те кешікпей-ақ бұған жеткен.  
Белдеуіне күренді байлан тастап,  
Сол үйге тоқтамастан кіріп кеткен, –

деп ол кездегі қазақтың қысты қуні де қазақ үйде отыратынын айтады. “Жөн сұраса бұл ауыл Матай екен, бір қауымнан бұл жерді қылған мекен” – деп, Шыңғыс тауы Матай жері екені де поэмада шындықпен жырланады.

Ол заманда көшпелі қазақ ауылында шай ішу әлі де салтқа айналмаганын, сол замандағы ауылдың ас-суы жайын да дәл жазады:

Ол заманның тамағы құртын ішті,  
Кешікпей-ақ қазанда ет те пісті, –

дейді.

Еңліктің киім-салымы да өз заманына сай дәл суреттеледі.

Шапаны теріс арқау, шағи камзол,  
Қымбатты ол заманда осы ғой бұл,  
Аяғында көк қасқа етігі бар,  
Бұрынғының артықша киімі сол.

Басында құндыз бөрік үкі таққан,  
Кестелеулі етегі, көйлегі ақтан.  
Пешпеті үстіндегі патсайыдан,  
Бек жақсы шығатуғын Бұхар жақтан, –

деп сипаттайды ақын.

Поэмада Еңлік–Кебек заманында болған аты аңызға айналып кеткен Нысан абыз жайы да жырланған. Халық Нысан абызды алдағыны болжайтын қасиетті жан, ерекше бір күштің иесі деп түсінген. Кебектің тағдырын Нысан абыз болжап айттыпты-мыс деген аңыз болып кеткен.

Пушкиннің “Песнь о вещем Олеге” өлеңіндегі Олегтің ажалы туралы аңызды летопистен алып, ол аңызды өзгертуші жыр еткені сияқты, Мағауия өз поэмасында Нысан абыздың болжауы жайындағы халық аңызын сактаған.

Нысан абыз – өмірде шын болған адам. “Абайдың туысы мен өмірі” атты макаласында Мұхтар Әуезов Нысан абыз туралы былай деп жазады: “Құнанбай жас күнінде ат үстіндегі қайраттылық, ерліктен басқа, ақылға да, сезге де орамды кісінің белгісін берген болуы керек. Өйткені сол кезде үлкен көрілікке жеткен Нысан абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: “Озінің бағың Қыдырдай болса, балаңың бағы Шыңғыстай болады”, – деп сын айттыпты дейді” (Абай. Толық жинақ, 1933 ж., 334–335 бет). “Қыдыр-Шыңғыс тауының солтүстік жағындағы бөктер тау”, – деп, М. Әуезов түсінік берген.

\* \* \*

“Еңлік–Кебек” поэмасындағы Абай нұсқаған, бағыттаған идеялық мазмұнмен қатар, жас ақынның Абайдан ақындық суреттеу үлгісін де өнер етуге талпынғаны байқалады. Еңлік пен Кебектің көңіл қосып, маҳаббатпен табысқан кезін терең сезімді лирикамен жеткізеді. Еңлікті суреттеуде де сұлудың сыртқы сипатын қызықтап кетпейді. Қыздың көркіне сай ақыл, салмақты мінезі суреттеледі: “Қарауында бір түрлі ірені бар, сынап байқап қалатын жеңіл жасты”, – дейді. Еңлік пен Кебектің басында көрсекзызар, нәпсіге ергендік, жастық жеңілдік жоқ. Шын маҳабbat, айнымас ақ көңіл, адал жүрек бар.

Өмір жолдас боламын лайық көрсөн,  
Жүрегім бекіп қалған жалғыз сен деп, –

дейді Кебек. Сондай адал маҳаббатпен, берік достықпен табысқан жастар, өлім алдында да мойымайды.

Тірлік маған қымбат көрінбейді,  
Не болам Кебек сынды жардан қалып, —

дейді Еңлік. Бұларда жауыздық алдында жалбарыну жок. Махаббатын ардақтап, адамшылық ар-намысын аяққа бастырмай, бас имей өледі. “Махаббат пен ғадаут майдандаскан” жерде өлімнен махаббат күшті болып шығады. Еңлік ең ақырғы сөзінде де жасымай, жабырқамай:

Екеумізді бір жерге көміңіздер,  
Кебекпен жақын жатсын сорлы денем, —

деп махаббатын ардақтап, тәқаппар өр мінез көрсетеді.

Мағауия Кебектің бүркіт салған аңшылық жайын суреттегендеге әкесі Абайдың “Қан сонарда бүркітші шығады аңға” өлеңін үлгі етеді. Мағауияның алғашқы оқыған Абай өлеңдерінің бірі де осы “Қан сонарда...” (1882) болса керек.

Мағауия поэмасында бүркіттің, анының қымылы мен мінездерін Абай өлеңінің үлгісінде сипаттайды.

... Бір қырымнан тұлкіні байқады ма,  
Колындағы қыраны кетті ыргап, —

я болмаса, “Аспанға айналып кеп кетті самғап” деген суреттеулер Абайдың:

Томағасын тартқанда бір қырымнан,  
Қыран құс козі көріп самғағанда, —

деген сипаттауды көз алдыңа әкеледі.

Тұлкіге түскен бүркіттің ерлік қымылын Абай:

Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,  
Жеке батыр шыққандай қан майданға, —

десе, Мағауия:

Сорғалап қақлақтай бол бүркіт кетіп,  
Кешікпей-ақ тұлкіге барды жетіп.  
Кешкі шабыт уақыты тайқасын ба,  
Домалап түсіп қалды жарқ-жүрқ етіп, —

дейді. Бүркітті тұлкі алып жатқанда Кебектің бар дүниені үмітшып, қорқыныш естен шығып шапқанын:

Ойдан төмен Кебек те келді шауып,  
Жығылам деп ол жерден қылмай қауіп, –

деп суреттеуі Абайдың:

Қызық көрер көнілді болса аңшылар,  
Шабар жерін қарамас жығылғанға, –

деген өлеңін еске түсіргендей.

\* \* \*

“Еңлік–Кебек” поэмасының Шаһкәрім жазған елге мәлім тағы бір нұсқасы бар. Поэманың ол нұсқасын бұл арада сөз етудің орны жоқ.

Мағауия жазған “Еңлік–Кебекте” рушылдықтың белгісі де жоқ. Найман, Тобықты деп қарамайды, “халық” деген үғым бар. Өз елінің – тобықты ру басыларының Еңлік пен Кебекке қаталдығын Мағауия кешпейді.

Балаға ешбір пенде қарамапты,  
Тобықты неткен жандар діні қатты, –

дейді акын.

Абайдың жолын құған жас акын Мағауияның бұдан жұз жыл бұрын (1890) жазған “Еңлік–Кебек” поэмасы – тарихи тақырыпқа арналған реалистік шығарма.

Еңлік пен Кебек оқиғасы халыққа қатты өсер еткен. Халық қиялы Еңлік пен Кебектен қалған баланы өлтірмей ер жеткізеді. Ол бала (Ермек) ер жетіп әкесі Кебек сияқты батыр болады. Әке-шешесінің кегін қуады. “Ермек” атты ел аузында сақталған дастан бар.

## ӨЛЕНДЕРІ

---

\* \* \*

Ай жарық жаздың түні ат терлетіп,  
Бір сайға уағдаласқан келсөн жетіп.  
Жалғаннан жардан басқа түк тілемей,  
Жолыққан қандай қызық еңбек етіп.

Ауылды бір кезеңнен тұрсаң бағып,  
Бой дірілдеп, шошынып, жүрек қағып.  
Асыққанда бір минут – бір сағаттай,  
Япырмау, келмеді деп әлде неғып.

Шыққан жарық көрінсе о да беттеп,  
Әрен шыққан секілді ептеп-септеп.  
Қара шапан, ақ кейлек, камшат бөрік,  
Көк шалғынның үстінде көлбелектеп.

\* \* \*

Түсіме бүгін түнде кірді дұхтар<sup>1</sup>,  
Жүректің шын тілеуі болғаны бар.  
Күндіз бойды жия алмай міне отырмын,  
Аямай қатты сөкті нысан пен ар.

Бір үйде отыр екем жапа-жалғыз,  
Үстіме кіріп келді ойда бар қыз.  
Селк етті мәні көріп шошынғандай,  
Бетіне хасіл болды ренжіген сыз.

Ойланып бері басты қайта кетпей,  
Оң жаққа отыра кетті маған жетпей.  
Бұрын-дағы тым қызыл емес еді,  
Сөйтсе де қан қалмапты бетте биттей.

Нәзік сезім мағынасын байқаймыз ба,  
Белгілі бір жаспыз гой қаны қызба.  
Қасына жетіп барып қысып, сүйіп,  
Қалжындаң дедім, қалқа, амансыз ба?!

---

<sup>1</sup> Дұхтар – фарсы сөзі (дөхтор) – қыз деген сөз.

Хасіл (араб сөзі – пайдада болу мағынасында. – К. М.

Тұрмады сыпайысып о да шыдап,  
Қосылған адамбыз гой тегінде ұнап.  
Арта сап мойыныма ақ білегін,  
Кеудеме келіп қалды басы құлап.

Орнына қайта отырды бойын жиып,  
Жібердім жалынған соң зорға қып.  
Сөйлемді ақырындаң дір-дір етіп,  
Көзіне келген жасын әрең тыйып.

— Сен емес пе ең, соңынан ерген кісім,  
Бойымда бар қасиетін берген кісім.  
Өле-өлгенше сактасар адам ба деп,  
Қол беріп әулиедей сенген кісім.

Белгілі ер емес пе ең сертің мығым,  
Білетін жан емес пе ең көңіл ығын.  
Кеудемде дерпті болып жүрек қалды,  
Қайда кетті тазалық, балалығым!

Сені көрсем тоқталып болмау қайда,  
Уайымсыз шын көңілмен ойнау қайда.  
Алдымда болар деген үмітім жоқ,  
Бір өзіңнен басқаны ойлау қайда.

Сен үшін әке-шеше, ардақ кеттім,  
Белгілі қудай қосқан жардан кеттім.  
Өзіме аян білсем де, білгенім жоқ,  
Мұндай жолы болар ма арам ниеттің.

Кәкітай сол арада кіріп келді,  
Қызы дағы жасырмады мәнді білді.  
Қызы жанды құрғыр кетті бойы босап,  
Кінө ауған соң ұрысты маған енді.

Ежелден маған мәлім уағдаң босы,  
Көңілдің табылар ма мұндай қошы.  
Жолығушы ең, жүруші ең тым-ақ шапшаң,  
Мінезің қайда барсаң бәрі де осы.

Жаманын уағдасыздың білмеймісің,  
Көңілге білсендагы ілмеймісің.  
Бибімен қалай жүрмін, қалай тұрмын,  
Көзің шығып кетті ме көрмеймісің.

---

<sup>1</sup> Бибі — Кәкітайдың ойелі.

## ӘБИШКЕ ХАТ

Кәкітай былжырап<sup>1</sup>,  
Айтыпты білгенше.  
Жүрегі елжіреп,  
Асығып көргенше.

Бірге өсken жолдасым,  
Сагындым біrlікті.  
Көрерге мұндасым,  
Тілеймін тіrlікті.

Баяғы келер ме,  
Бірге ойнап жүруге.  
Бар құдай берер ме,  
Жүзді аман көруге.

Куанып құшақтап,  
Сөйлесіп құлуге.  
Жарқылдаپ, бұлғақтап,  
Қызықты бөлуге.

Сөйлесіп, сырласып,  
Далада аяңдап.  
Қалжыңмен ырғалып,  
Ақырын аяңдал.

Бақытқа сенбедім,  
Қызыққа келмедім.  
Алланың бергенін,  
Сорлы боп білмедім.

Өткенге зар болдым,  
Қызыққа жете алмай,  
Айтарға бар болдым,  
Қайғыдан кете алмай.

Қиналтсам жанымды,  
Баяғы келер ме.  
Айтсам бар малымды,  
Тілекті берер ме!

Сағындым, сарылдым,  
Рахаттан арылдым.  
Сабыр ғып жүрсем де,  
Хат көріп, тарылдым.

1894 жыл

<sup>1</sup> Магауия Кәкітайдың жас жағынан құрбы болғандыктан, екеуі қалжыңдаса беретін одеті екен. Кәкітай Әбішкесе олеммен жазған бір хатында Магауияны “Кү көсө” деп қалжындаиды (Магауия шынында косе болған). Сол қалжын сөздің орайына Магауия: “Кәкітай былжырап” – дейді. – К. М.

## ӘБІШКЕ

Үңқылдаپ жатыр екен жаңа барсам,  
Жасымды тоқтата алмай болым сарсан.  
Сүп-сүр болып жатқанын шалқасынан,  
Кекірегім көреді, көзімді алсам.

Көзінің еті қашқан арықтаған,  
Сүйек, сіңір – бәрі де анықталған.  
Ақ кенептің ішінде аппақ болып,  
Фазиз болып жатыр-ау, қайран ағам.

Рақымсың, рақмансың, галым зорсың,  
Құлын керген бейнетті біліп тұрсың.  
Құдай-ау, ғарібіңе заман бар ма, –  
Дейтуғын бишаралар жолың болсын.

Заманым не боларын білмей тұрмын,  
Құдай-ау, не қылсан да риза құлмын.  
Фарібіңе өзің ракым ойламасаң,  
Сенделіп іс ақырын білмей жүрмін.

Еліме қайтармын ба жолым болып,  
Бараады қасіретке ішім толып.  
Турағұл, Фабидолла, Кекітайлар  
Алдымнан шығар ма екен ойнап-куліп.

Жолықсам құлқіменен құшақтасып,  
Сөйлесіп, қалжындастып көніл басып,  
Құдай-ау, өзің сакта жолығудан,  
Жыласып, шуылдасып, ойбайлласып!

1895 жыл

## ӘБІШКЕ

Дейтуғын сөзің қайда “Мағатайым”,  
Жүректің тоқтауы жоқ барған сайын.  
Жарқ-жүрқ етіп жайнаған жас шағында,  
Шынымен қор бола ма агатайым.

Жас татымас жылауга көзді бұлап,  
Құдай-ау, жалбарынам жанын сұрап.  
Сыртыңа ешбір белгі қоймасаң да,  
Күймесіңе болмайды жүрек жылап.

1895 жыл

\* \* \*

Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап,  
Тістеніп көзге келген жасты “қойлап”.  
Ауру тыныш болғанда, мен де тыныш,  
Ыңқ еткен дыбыс шықса жүрек ойнап.

Әр нәрсе ойға тұсті жалғыз жатып,  
Уайым ойлаған соң жанға батып.  
Еш бейнетті мен әлі көрмеп едім,  
Мінеки, енді білдім дәмін татып.

Ыңқыл қағып жатады сұп-сұр болып,  
Сырылдан қақыра алмай кеуде толып.  
Жалғыздық, биғылаждық еске түсіп,  
Жүрек болмай ериді мұны көріп.

Шыншыл тіл, әдебі зор, таза жүрек,  
Ақ қөңіл, сактамайтын ішінде кек.  
Өмірден үміті жоқ, бейнеті көп,  
Жатады бір қозғалмай зор көкірек.

Болады байқағанға айтуға ер деп,  
Тайсалмай еш нәрседен отыр кел деп.  
Азабыңнан күтқар да, бар қудайым,  
Айтады: жаным қәзір, ала бер деп.

Көп тіленіп сұрайды осыны айтып,  
Мұны естіп мен шыдармын енді қайтіп.  
Жұзін көріп, бейнеті еске түсіп,  
Бойымды жеңе алмадым бүгін тартып.

1895 жыл

## ӘБІШ ӨЛГЕНДЕ

Бірге туған бауырлас,  
Дүниеде айырылmas.  
Тағдыр алла болған соң,  
Енді артына қайрылmas.

Дәулет, бақыт, қуаныш,  
Бір арага үйіскен.  
Басқа қайғы түскенде,  
Дәл өзімдей күйіскен.

Ішкі сырды айтқызбай,  
Қабақ пенен түйіскен.  
“Магатайым” деген мен  
Естен кетпес сүйіскен.  
Қай-қайдағы сырды айтып,  
Сыбырласып құліскен.

Құдай басқа салған соң,  
Бұлқынып болмас қөнбеске.  
Қыын екен талпыну,  
Қолдан келіп өнбеске.

Магашым жалғыз қалар деп,  
Шыдамақ болды өлмеске,  
Шыны тағдыр келген соң,  
Бола ма шырақ сөнбеске...  
Амалың жоқ қайтесің,  
Кеткеннен соң келмеске.

Балаң қалды қолымда,  
Дидарынды көре алмай,  
Мойныңнан құшақтап,  
Еркелеп, сүйіп жүре алмай.  
Далада өлім кез болды-ау,  
Бас-аяғың құралмай.  
Бостығымнан мен сорлы,  
Ризалық кетті сұралмай.

Ер жеткен соң Рахила,  
Арман қылар әкесің.  
Тырнағына ала ма,  
Аға, іні, шешесін.  
Жетіммін деген ішінде  
Кетеме қайғы, кекесін.  
Құл болармын балаңа,  
Қате кетсе кешесің!

Жарын қалды қолымда,  
Жетім болған жасында,  
Неше түрлі қайғы бар,  
Бишарапың басында.  
Арманда қалды-ау қайтсін ол,  
Отыра алмай қасында.

1895 жыл

\* \* \*

Бір кезде ел мандайы Күшік<sup>1</sup> еді,  
Дәулеті құстай өрлең ұшып еді.  
Берекелі, бірлікшіл, бір туысқан  
Алдына бір тайпы елдің түсіп еді.

Елдің малын бұл күнде ұры жеп жүр,  
Жегенде де есепсіз ірі жеп жүр.  
Адамдық атын жойдың біздің Шыңғыс,  
Арам малды екінің бірі жеп жүр.

Момын келер зар қағып негенінен,  
Залым келер күтқар деп жегенінен.  
Бес-алты үйді билеген қулар шықты,  
Қайтіп болар бәрінің дегенінен.

Ал енді, осы айтқанның бәрін де қыл,  
Көнілінде біреуінің қалмасын зіл.  
Тамам жанның дегені қайдан болсын,  
Бұл елдің онбайтынын осыдан біл.

\* \* \*

Жас шыбық жазғытүргы гүлін шашқан,  
Іісі аңқып маңайына қоңыл ашқан.  
Бой балқып, буын босап елжірейді,  
Жүргең қапаланып қайғы басқан.

Басына сол шыбықтың жеміс шығар,  
Пендересін еркіндікпен тәңірім сынар.  
Жаз жақсы, дәні толық болса жеміс,  
Тамаша уақыт кешіп қоңыл тынар.

Жақсы иіс, дәнді жеміс, жас қызыл гүл,  
Пендереге құдай берген ұлken сый біл.  
Қайғысыз қоңыл ашып, бойды еріткен,  
Күнәсіз шын рахатын айта алмас тіл.

Пендересі жақсылыққа талап ету,  
Алладан ол мақсатқа қолың жету.  
Алал болған қызықтан құр қалмаңыз,  
Бек онай сүм жалғаннан өтіп кету.

Бұл өлең махаббатты, сағынышты,  
Тез ұғып, тез сезіндік бастан кешті.  
Көргенім күнгірт тартып қалып еді,  
Шын сөзі өткенді ойлап толғатты ішті.

<sup>1</sup> Күшік (Кішік) – Абайдың жетінші атасы. Тобықтының ұлкен бір руы Күшік деп аталады. – Қ. М.

## ПОЭМАЛАРЫ

### МЕДИФАТ—ҚАСЫМ

Бір әңгіме қозғалды ойымдағы,  
Мақсұт болды әшкере болынбағы.  
Бай мейірімсіз ер құлдан саза тартқан,  
Африкада Нил дария бойындағы.

Ол күнде болмаған шақ құлға бостан,  
Жана ашылған Африка бір гүлістан.  
Кені қалың, егіні мол болған соң,  
Ізденип барған жан көп неше тұстан.

Қызығын Африканың ізден тапқан,  
Қақ жарып бір ықылымды<sup>1</sup> Нил дария акқан  
Бұрынырақ ізденип талаппенен  
Мұрат деген бай кепті Мысыр жақтан.

Үй салған Нил дарияның жағасына,  
Су жайған тогам алып даласына.  
Бақшағып жатып алды бір сахраны,  
Жұз шақырымдай Занзибар<sup>2</sup> қаласына.

Құлы көп, егіні көп бұл үлкен бай,  
Еңбек қып малды жиган жанды аямай.  
Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді,  
Адам деп обалына бір қарамай.

Бар еді Медіғат деген жалғыз ұлы,  
Мот<sup>3</sup> қылышп бұзып еді малдың молы.  
Қаталы әкесінен бетер еді,  
Тітіреп тұруши еді барша құлы.

Дейтуғын бір ұлы бар Қасым атты,  
Карасұрлау пішіні зәңгі затты.  
Отты қара көзі бар, ұзын бойлы  
Тәқаппар, тәуекелшіл, бес қайратты.

<sup>1</sup> Ықылым (арабша) Икlim — кен алқап, өлке мағынасында.

<sup>2</sup> Занзибар — Шығыс Африкадағы қала.

<sup>3</sup> Мот — орысша — байлыкты ысырап етуші, шашушы.

<sup>4</sup> Зәңгі — негр заттылар. — К. М.

Он сегізге келіпті биыл жасы,  
Байға бек қадірлі еді мұның басы.  
Бай бала ғып өсірген сатып алып,  
Мәрия деген қызда еді бар ынтасты.

Медігатпен жақын еді ол қыз бірақ,  
Қасымнан ұстаушы еді бойын жырақ.  
Қызға бір күн бар сырын айтып еді,  
Оңаша алып барып аулағырақ.

Қыз не қылсын бұл құлды, көнілі тоқ,  
Кекетіп, жылы жауап берген де жоқ.  
Жарынан жаман пішін көргеннен соң,  
Дал болып өлгі арада қалды аң-таң бол.

Қасымды елемеді бойын тартып,  
— Аузыңа алма бұл сөзді деді қайтып.  
Ендігәрі мазамды ала берсөн,  
Жазанды тарттырармын Медігатқа айтып.

Ашуы келді жастың қаны құрып,  
Жүрері туласп кетті ашу керіп.  
— Құдай емес, сенгенің Медігат шығар,  
Жерге енсең де құтқарман, деді ақырып.

Қыз білдірді Медігатқа Қасым сөзін,  
Қасымның апкелтірді қазір өзін.  
Тік тіліп Медігаттан да тартынған жоқ,  
Сүп-сүр болып кан басып екі көзін.

Ақырын Медігат жиды ол бар құлын,  
Әлдің білмей асыпты, — деді зұлым.  
Насосқа Қасым итті отыртындар,  
Бергемін, — деп сөйлейді — пұнын-құлын.

Оқша өтеді насостың миға зәрі,  
Жаза емес мұнан басқа істің бәрі.  
— Екі хисса беріндер аямандар,  
Иттікті қылмасын — деп, ендігәрі!

Бұл жазаны ұмытпас тартқан кісі,  
Ешкімге паш болмайды қылған ісі.  
Үрган, соққан дүреден артық жаза,  
Екеу түгіл әуелі бір хиссасы.

Кранның астына әкеп қойды байлап,  
Ағынға басын дәлдеп жатыр жайлап.  
Құлімсіреп балконда қарап тұрған,  
Қасым ер Мәрияны көрді абайлап,

Куанғанын жүзінен сөзгеннен соң,  
Долданып, күйіп кетті қаны қайнап.  
Ыңқ еткенім естілсе, сүйінер деп,  
Тістеніп жатып алды, ернін шайнап.

Су құйылды краннан басына атып,  
Қыңқ етіп дыбыс бермей қалды қатып.  
Ойбайынан өлгенін оңай көріп,  
Шыдап берді жатса да қанша батып.

Ешкімге қарамады көзін ашып,  
Өлгендей сұп-сұр болып қаны қашып.  
Жорға құлдар қошамет жөні осы деп,  
Бәрі дағы құлісер шуылдасып.

Нарядчик ақыл айтты қасына кеп,  
— Өлтірмесең жарайды қойғанын деп.  
Рұқсатсыз әкеңнен істеп едің,  
Жазым болар, шырағым, қойғаның еп.

Ақырып сонда Медіғат: босат, — деді,  
— Алдынан шығатұғын осы ит пе еди.  
Мұнан былай бір ауыз қарсы тұрса,  
Қатты жаза қылармын мұнан да енді.

Қасымды босатады қалған талып,  
Талғанша шыдамына қайран қалып.  
Астына біраз ғана салам төсеп,  
Тастады бір амбарға оны апарып.

Екі сәтке қозғалмай қалды жатып,  
Биттей дыбыс бермеді тастай қатып.  
Қасына қойған асқа қарамайды,  
Тиген жоқ тым болмаса бір дәм татып.

Сыр бермеді босанып биттей жасып,  
Өлгендей сұп-сұр болып қаны қашып.  
Екі күн сол қалыппен жатты дағы,  
Үшінші күн жоқ болып кетті қашып.

Зор көкірек өсірді бай бек сыйласп,  
Бала бәрін қайырды бір күн қинап.  
Көрмегенді көрген соң не шыдасын,  
Іздесе де таппады жүртyn жинап.

Көршілерін жинады бай келсін деп,  
Ізге түсер ит те көп, зәңгі де көп.  
Уш күн іздел бір белгі таба алмастан,  
Бәрі де үйге қайтты бек қайран бол.

Із қалдырмай кетудің мәнін тапқан,  
Қыз сөзімен қинады Медіғат ақтан.  
Кекшіл зәңгі кек алмай неге кетсін,  
Байдың үйін торыды бағы жақтан.

Серуендең Мәрия сонда гөләйттаған,  
Ұстап алып, балтамен басын шапқан.  
Ізасын бір қанменен жуғаннан соң,  
Жөніне жүре берді шығып бақтан.  
Ертең жұрт Мәрия қызды іздең жүріп,  
Сүйегін тауып алды өліп жатқан.

Бар адамын жиыпты бай кешіне,  
Ойшылдарды алыпты кеңесіне,  
Бір ақсақал зәңгіден бай сұрады:  
— Білгіш едің, бұл кімнен, білесің бе?

Сөйледі тағзымменен әлгі ақсақал:  
— Үры емес мұны қылған іздең мал.  
Кекті қанмен жуатын Қасым ісі,  
Неге қашты, не көрді ойыңа сал.

— Ол болмаса бұл қызды неге шапты,  
Келер жердің мәнісін қайдан тапты.  
Осымен кетсе иғі еді қайталамай,  
Көзі жаман ит еді кегі қатты.  
Нағашысы қан ішер Зұлұс еді,  
Тәкаппар қылған ісі соған тартты.  
Сезгенін, ойлаганын жасырмасстан,  
Сол халыққа зәңгі шал ойын айтты.

Қасымнан еш хабар жоқ аз жыл өтті,  
Бай еркіне жіберді Медіғат мотты.  
Ауыр дәүлет шыдамай судай ағып,  
Банкілер мағлұм қылды банкротты.

Бай ағашын сатыпты, егіндікті,  
Үйін сатты, ойлады бір ниетті.  
Борышын төлеп, аз қалған құл, малымен,  
Қамын жеді Мысырға жөнелмекті.

Атын да, арбасын да алды сайлап,  
Жұрге біржолата жүгін байлап.  
Жиырмадай қолында құл, құңі бар,  
Өзгелерін сатыпты базарға айдал.

Жол қауіпті, мықтады қару-жарак,  
Бір арбага салыпты Медіғат арак.  
Сахрамен жүреді, қаласы жоқ,  
Қырық кісіге алышты айлық тамақ.

\* \* \*

Медіғатта қарындас бар Фазиза атты,  
Ұнамайды бай менен Медіғат анты.  
Сыры да, жүрісі де — бәрі бөлек,  
Ешкіммен сейлеспейді діні қатты.

Жүреді істеріне жиіркеніп,  
Бір ауыз сөз қатпайды сырына еніп,  
Байдың тапқан күйеуін менсінбейді,  
Құтылғысы келсе де байға беріп.

Сәлім деген жігітке болған ғашық,  
Жолығып жүруші еді көңілін басып.  
Фазизаны ол байдан сұрап еді,  
Қызы мен махаббатты сырын ашып.

Бай біле ме ғашықтық жақсы ниетті,  
Кедейсің деп қайтарып көңілін тепті.  
Жас жігіт қаны қайнап шыдай алмай,  
Ешкімге мағлұм емес жоқ боп кетті.

Артынан екі ғашық бір жолығысан,  
Ай жарық, бақта отырып көп жыласқан,  
Не дүние, не ахиретте қосылмаққа,  
Екеуі сол арада уағдаласқан.

Керуен қылшағынан шығып қонды,  
Білмейді көп жыл өткен жолын онды.  
— Тура бастап барамын ақы берсен,  
Деп, бұларға бір зәңгі хазір болды.

Фарапша киімі бар, жүйрік тілге,  
Таныспын деп айтады жолдағы елге.  
Харакетім басшылық керуенге,  
Талайды бастап келдім осынау жерге.

Сұрады сынамаққа жерді барлап,  
Суылдатып зәңгі түр бәрін сарнап.  
Өз ісіне жүйрігін көргеннен соң,  
Сейлесіп сол арада алды жалдап.

Жол үстінде бірқатар күндер өтті,  
Занзибарға жакындалап бұлар кепті.

Бір қонарлық жақсы жер көремін деп,  
Алдынан басшы зәңгі шауып кетті.

Қондырды тосып алып бір аралға,  
— Залалды хайуаны көп, — деді малға.  
— Жалғыз келер ауызда мен тұрамын,  
Үйықтамай күзетем деп бүгін таңға.

Бұл сөзін һәммә қауым қабыл алды,  
Жайласып сол тығырықта жатып қалды.  
Мақсатсыз зәңгі бір күн іс қылған жок,  
Байқарсыз айтқаннан соң несі барды.

Қас-жарайып сол уақыт қүн де батты,  
Хабарсыз еш нәрседен керуен жатты.  
Қасында заңғар таудың бектерімен  
Жүгіртіп келе жатыр жиырма атты.

Бұлар зәңгі жол тосып, кісі өлтіргіш,  
Бір қылатын ісі бар бүгінгі кеш.  
Сарыбастық бұлардың атаманы,  
Өзі батыр, өзі кү, өзі білгіш.

Біреуі сөз айтпайды онан басқа,  
Келгенше жеңілген жоқ осы жасқа.  
Атаман неше қүннен түрі бұзық,  
Үйқы мен қарамайды ішер асқа.

Киімі сондай жақсы атаманның,  
Жап-жалаңаш бәрі де қалған жанның.  
Сарыбастық дегенде селк етеді,  
Үлкен түгіл баласы осы маңың.

Қайдан шыққан еш жангырын айтпас,  
Өлемін деп қорғанып бойын тартпас.  
Жауга қарап ақырып, қол сермесе,  
Жолдастары ұрынар оттан қайтпас.

Әсіресе байларға рақым етпес,  
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес.  
Сорлы болған жандарға тағы әдеті,  
Бір жақсылық қылады естен кетпес.

Жалғыз дамбал киімі бұтын жапқан,  
Өңшен батыр жиылған неше жақтан.  
Долы тентек зәңгіні қойша айдайды,  
Сарыбастық билеудің жөнін тапқан.

Бір арада бәрілері тұра қалды,  
Атаман айналдырып жерін шалды.

Сезікті еш нәрсені көрмеген соң,  
Жолдасының қасына қайтып барды.

Бәрі де түсе қалды атын байлап,  
Жатуға ыңғайланып төсек сайлаап.  
Оңашаға апарып көрпе, жастық,  
Атаманга орын жүр біреу жайлап.

Тоқ тамақ, іздемейді үй мен шатыр,  
Аңша үйренген үйкітады өңшең батыр.  
Мылтығын, қанжарымен қолына ұстап,  
Үйкітамай жалғыз бастық бек сақ жатыр.

— Құдай-ау, корлық көрдім кінөсізден.  
Жолығар кеш қалдық па көзімізден.  
Тіпті тірі жүрмеймін соқтығамын,  
Сап-сау неге құтылсын бүтін бізден.

— Медігатқа көрсетермін өлсем дағы,  
Неге көмек болмайды істің ағы.  
Бүтін тірі қолыма түспей кетсе,  
Қол жетпеген бір сорлы болдым дағы.

— Япырмай, болып қалды түн ортасы,  
Батырдың алдай алмас шын жолдасы.  
Уабага<sup>1</sup> бір хабарсыз кетіп қалса,  
Киянатшыл қеудеде түрмас басы.

Сарыбастық жатыр еді осыны ойлап,  
Іс қылатын жан емес бекерге ойнап.  
Бір уақыт жер тыңдайды жата қала,  
Не далаға қарайды бойлап-бойлап:

Келеді бір салт атты дүрсілдетіп,  
Кешікпей-ақ сол маңға келді жетіп.  
Дос екенін білдіріп хабар берді,  
Саршұнақ тышқан болып шиқ-шиқ етіп.

Есітіп бұл хабарды үшіп тұрды,  
Келе жатқан кісіні көзі көрді.  
Келгенінше шыдамай Сарыбастық,  
Алдынан салт аттының қарсы жүрді.

Уабага<sup>1</sup> қайраты мол аман шығар,  
Бастықтың батыр еді сырын үғар.

— Керуен қайда, кешіктің не себептен,  
Қысқа сөйлеп, тезірек берші хабар.

<sup>1</sup> Уабага – Қасымның Мұраттарға жіберген адамының аты.

— Керуен бір сағаттық жақын жерде,  
Кіргіздім айламенен шықпас көрге.  
Мұрат бай бала-шаға, құлдарымен,  
Іздеген кіслерің бәрі бірге.

Кетіпті бір аңшылар мені шағып,  
Астыртын бір-екеүі жатты бағып.  
Қара басып үйіктағы жана талып,  
Бір атпен ептеп шықтам құдай қағып.

Сарыбастық қойып еді бір ыскырып,  
Зәңгілер даяр болды атып-тұрып.  
Бұ да мінді атына, бәрі мінді,  
Бұлар өсken жан емес босқа жүріп.

— Отқа бірге кірісken, жолдастарым,  
Аянбай қымылданцар бүгін бәрің.  
Қара жұртқа бұл тұнде ракымым жок,  
Тірі ұстандар ақ жүзді адамдарын.

— Ақ жүздіні байландар, өлтірмендер,  
Құнымды жоқтасындар бүгін сендер.  
Жүрегімді жеп жүрген неше жылдан  
Дәрім келді, жігіттер, жарамды емдер.

Қылышын суырып алды жалаңаштап,  
— Жұр деді, Уабағаға, тұра бастап.  
Қара арғымақ астында суылдайды,  
Анда-санда басын бір изеп тастанап.

Ашумен екі көзі кетті жайнап,  
Жендерін босатады, белін байлад.  
Мылтықтарын ыңғайлаپ аттарына,  
Алты ауыз қанжарының бәрін сайладап.

Асау қаны құтырып ашу қысып,  
Тісін қайрап асығып іші пысып.  
Қанжарларын аузына тістеп алып,  
Керуенге тиіп кетті қышқырысып.

Керуен жауды көрді келген жетіп,  
Мылтықлен қоя берді дұрсілдетіп.  
Жанды беру оңай ма оларға да,  
Уағдаласқан өлуге қару етіп.

Қорғасын бүршак пенен алды тосып,  
Зәңгілер қорғанады неден шошып.  
Сарыбастық бір былдырлап ақырганда,  
Аттарын қоя берді бәрі тусіп.

Керуенге аттар кірді араласып,  
Хайуанды ата алсын ба қалды сасып.  
Іле-шала артынан өңкей зәңгі,  
Жауға кірді қанжармен шуылдастып.

Қашуға еш жолы жоқ қойған тығып,  
Дүркіреді керуен қойдай ығып.  
Құлда жүрек бола ма қан көрмеген,  
Не қыларын білмеді есі шығып.

Бір адам қаша алмады мойнын бұрып,  
Құлдарды бауыздайды қойдай қырып.  
Өңге жангә атаман қарамастан,  
Медіғатты тауып алды іздең жүріп.

Алып тұрып тізерлеп байлап салды,  
Тізеге шыдасын ба талып қалды,  
Ақ жүздіден жалғыз-ақ бай өліпті,  
Өңгелерін бәрін де жиып алды.

Бәрін тінтіп алысты тапқандарын,  
Құл көмір ғып жоғалтты қалғандарын.  
Екі бөшке арақты жасырыпты,  
Бастыққа білдірмейді алғандарын.

Керуенді талап болып жиылысты  
Енді аларлық нәрсесі жоқ қой десті.  
Олжасын, тұтқындарын ертіп алып,  
Тауға қарай таң атпай жөнелісті.

\* \* \*

Бұл таудың аңшысы көп, аны да көп,  
Кісі өлтіргіш бұзақы жаны да көп.  
Күні бойы аң атқан кешке қайтып,  
Екі аңшы отыр бұлардың маңына кеп.

Бірі қызмет қылышп жүр, бірі жатқан,  
Шай қайнатып маздатып отын жаққан.  
Шөңкесін тағына олар іліп қойып,  
Андарын сойып жатыр бүгінгі атқан.

Бәрін жайлап, оятты жатқанын көп,  
— Үйықтарсың, — дейді Сәлім, — тамағың жеп,  
Откен түн көп соғ айттың үйкысырап,  
Әсіресе, “ғашығым Фазиза” деп.

— Шырағым, сені үнайды көнілім бек,  
Ғашық бар жүрегінде, не кешпес кек.

Неге маған айтпайсың үнілейсің,  
Мен білсем оған себеп ойланар ек.

Шырағым, мергендігің маған жетті,  
Бір жат айтпас қорқақ деп сені тіпті.  
Сен аңшы бол қаңғыраар жан емессің,  
Сені бір ұлken қайғы тентіретті.

Бүгін жүрсең өлер ең маған ермей,  
Аңға жүрдің бек сүле көңіл бөлмей.  
Шабайын деп тұрганын көре-тұра,  
Жолбарысқа бардың ба көзің көрмей.

— Мен бардым бар қайратын көрейін деп,  
Тіпті тірі жүргенше өлейін деп.  
Жүрегімнің жанғанын тым болмаса,  
Алысып біраз ғана бөлейін деп.

— Бар еді бір ғашығым Фазиза атты,  
Сүйіп ем бар көңіліммен оны қатты.  
Өкесі кедейсің деп бермеген соң,  
Қаһараты жүрекке қатты батты.

— Сол итті көре алмадым енді қайтып,  
Ызамен ала-алмадым бойды тартып.  
Бағдаттағы бір байдың өзі-ақ едім,  
Ар қылдым жар алуға малымды айтып.

— Жаныма ара түстің курбан болып,  
Ерлікпен алғып қалдың қайрат қылып.  
Сырымды жасырмайын, білдірейін,  
Өзің де сөге алмассың мәнін біліп.

— Оңаша сүйгеніммен үш жолықтым,  
Махаббат — сағынышты сол жол үқтыйм.  
Сүйініші, күйініші махаббаттың,  
Жүрегіне түспейді карны тоқтың.

— Бұзылғандық қылып ем өрбір істі,  
Үргашымен жүріп ем не келісті.  
Нәпсі екен, жас жүректің жалыны екен,  
Ғашықтық тіпті өзге екен басқа түсті.

Аңшы едім үрғашының жүрегіне,  
Жараттым не сұлуды керегіме.  
Өзімді-өзім билейтін жанша үфушы ем,  
Құр нәпсіге ер екем керегі не.

Кетуші ек бір көргенде құмарланып,  
Жеткенше сабыр етлей қүйіп-жанып.

Алдап, арбап қолыңа түсірген соң,  
Салқындал қалушы еді көніл қанып.

Бір күні Фазизаны көрдік кез кеп,  
Жастықпен жүрегімде сондайды іздеп.  
Сейлесіп мен үйіне ере бардым,  
Әлі-ақ қолға түседі сендей қыз деп.

Сол оймен ашна болдым араласып,  
Қызды аңдып жүрген жан көп қамаласып.  
Жалған сую, алдаудың арсыздығын,  
Шын махабbat көрсетті көзімді ашып.

Көргеннен-ақ жалған сөз айта алмадым.  
Бойымды жеңіп кетті, тарта алмадым.  
Япырмай, не болды деп сілкінсем де,  
Құлап кеттім тереңде қайта алмадым.

Шаруамен үйде қалдым бір күн бармай,  
Кешке аңға шығып кеттім шыдай алмай.  
Бір топ аңшы жолығып аю атқан,  
Үш күн жүрдім солардан босай алмай.

Үшінші күн үйіме келдім кешке,  
Бола ма көніл гулін ізdemеске.  
Таң атқанша шыдамақ қын болды,  
Тұнде бару биәдеп іс емес пе.

Үйімнен тысқа шықтым отыра алмай,  
Бір ойлап тулаған соң көніл қандай.  
Аяңдал жүріп кеттім, бос сандалып,  
Бір қыздан басқа ойыма еш нәрсе алмай.

Тағдырды кім біледі болмасына,  
Қайғы ілінді, қанғыртты бұл басыма.  
Женғен жүрек айтқанын қылғызбай ма,  
Қыздың бастап кіргізді бақшасына.

Бақшаны сейіл қылдым енді аралап,  
Ай жарық жаздың тұнін тамашалап.  
Тогайдың арасында орындықта,  
Бір ақ нәрсе көрінді тұрсаң қарап.

Қасына жақын бардым еттеп басып,  
Қарасам Фазиза екен, қалдым сасып.  
Көрініп қалдым, кашуға амал бар ма,  
Жетіп бардым қасына амандасып.

Жолығам деп білгем жоқ бұл тұн сізге,  
Жан жоқ деп ойлап едім менен өзге.

Шошыттым ба байқаусыз қаңғып келіп,  
Кешініз, сұрғылт кірді жүзінде!

Неге керек мениң сізге шошығаным,  
Қымбатты нәрсе емес қой сонша жаным.  
Келдіңіз не себеппен осы баққа,  
Шыныңызды айтып, білдірші маған мәнін.

Айтайын рұхсатынды тартып алма,  
Ренжіп қап көніліңе жара салма.  
Шынымен мен сорлыны ұнамасан,  
Өлімнен басқа маған орын бар ма.

Фазиза-ау, енді намыс жасырмагам,  
Тілегім тағдырымнан емес шағын.  
Өмірімнің қуанышы, жұбанышы сен,  
Құдайым рахым етпес сенсіз бағын.

Фазиза шын ғашықпын, сен маған сен,  
Бар өмірімді өзіңе байлаған сен.  
Дүниедегі бар қызық күңгірт тартты,  
Дерт болып жүргегімде қайнаган сен.

Шынымен бұл халімді түймеймісің,  
Қор болғаным білінді күймеймісің.  
Жүрегіңе терендең ақылдашы,  
Шыныңды айт, сүйемісің, сүймеймісің!

Мен ғарыппын, бір рахым етпеймісің,  
Қор болып осылайша өт деймісің.  
Шөлдеген махабbatқа қайыршымын,  
Фазиза-ау, шынымен кет деймісің.

Жүректегі бар қайғы, зарлы мұнның,  
Бастаған соң, бәрін де айтып тындым.  
Бар дерті ашылған соң, көрілген соң,  
Жасырыны қала ма бұл көнілдің.

Фазиза бір қуарып, бір қызыарып,  
Үстелге зорға отырды әрең барып.  
Пішінінен бір үміт хасил болып,  
Куанғаннан кетіппін бір аз талып.

Халит-ау, халім осы жүрген қашып,  
Өлсем арман қылмас ем амандасып.  
Алдына алған басымды құшақтаған,  
Қарасам бір уақытта козімді ашып.

Бет-аузымның бәрі су көздің жасы,  
Ауып маған кетіпті бар ықыласы.

Құшақтасып қалыпты екі сорлы,  
Бұдан артық не көрер адам басы.

Отырдық бір жыласып, бір күлісіп,  
Жүрек бәрін білдірді сырын шешіп.  
Таңға жақын айырылдық амал бар ма,  
Жолығармыз ертең деп, қош-қош десіп.

Тұра сала орныман ертең бардым,  
Фазизаны сұрауды көніліме алдым.  
Бай қорлады, бермеді кедейсің деп,  
Шығып кеттім долданып, ашуландым.

Тыста біреу қолыма бір хат берді,  
Кімнен келген екенін ішім білді.  
Асығыс бүктесіне қарай салып,  
Үйге апарып тезірек ашқым келді.

Қол дірілдеп сол хатты оқыдым тез,  
“Жартас. Тұн. Сақ бол!” деген үш ауыз сөз.  
Жолықпақ мезгілі мен жерін айтқан,  
Сақ бол деген мағлұм ғой, андыр мінез.

Тұн болған соң, бүйірып ат ерттеттім,  
Уағдаласқан орынға жүріп кеттім.  
Байдың бағы қасында белгілі тас,  
Тұн жарым уақытында келіп жеттім.

Тастадым бір ағашқа атты байлан,  
Тасқа келіп бекіндім жерді абайлан.  
Ит мінезі Медіғаттың мағлұм еді,  
Қаруымды оңайға қойдым сайлап.

Келе жатыр Фазиза, көрдім бактан,  
Торғын шәлі жамылған, көйлегі актан.  
Жүрек соғып дірілдеп зорға басып,  
Алдынан қарсы шықтым мен тас жақтан.

Жеткенше асығыстап бастым сасып,  
Сөз сөйлер орын бар ма амандастып.  
Аузы менен көзінен кезек сүйіп,  
Тас жаққа алып жүрдім құшақтасып.

Мен үшін естідің-ау қаһаратты,  
Тұрпайы әкем сөзі жаман батты.  
Қарағым, тез сөйлесіп, айрылалық,  
Рахымсыздар аямас, анду қатты.

Сенен соң әкем келді маған кіріп,  
Қасыма жетіп келді мені көріп.

— Деді, ей, қызым, өзің біл өз басынды,  
Жаңа Сәлім сұрады сені келіп,

Сені қорлап айтады сөзін жайлап,  
Жауабын қойған жансып маған байладап.  
Әлгі өтірік майдасып тұрганына,  
Жүрегім тулас кетті, қаным қайнап.

Нем бар дедім, әй, әке, одан артық,  
Менен несін жасқандың бойың тартып.  
Мен риза Сәлімді жар қылуға,  
Қуанту керек еді көнгенді айтып.

Сол-ақ екен ашылды көпір мінез,  
Деді, — ей, қызым, не менен, не онан без.  
Сол сияқты бір итті менсінесің,  
Өлтірермін қайт, деді, — сөзіңнен тез!

Сәлімге ауған бар көнілім қайта алмаймын,  
Өтірікші дүниеде атанбаймын.  
Жүргімнің билігі бір өзімде,  
Өлтірсең де қайтам деп айта алмаймын.

Жаупты бергенім жоқ мен дагы ығып,  
Жіберсе де қайтейін жерге тығып.  
Үрсып-үрсып аузына келгенді айтып,  
Соныменен үйімнен кетті шығып.

Соны айтқанда артымнан бір ит үрді,  
Көп кісі екен артымда бізді қөрді.  
Залымды ұста, өлтір, — деп шуылдасып,  
Бәрі де маған қарай ду жүгірді.

Қылышпен қарбандым мен дагы ұрысып,  
Осынша жазам не деп ашу қысып.  
Екеу-үшеу жығылып қалғаннан соң,  
Бәрі де тұрып қалды есі шығып.

Қорқайын деп тұрғам жоқ мен де тіпті,  
Қылышқа мәнір едім тым-ақ епті.  
“Сәлім” деген дыбысқа жалт қарасам,  
Қыз жетектеп атымды алып кепті.

Қарғып міндім тоқтамай атқа барып,  
Қак бөліп жүре бердім, топты жарып.  
Өңкей жаяу аттыны күа алмай,  
Бәрі де тұрып қалды бос қамалып.

Халит, міне білдірдім халді бастан,  
Осындей істі көрдім мен де жастан.

Кісі өлтірдім, түруға орны бар ма,  
Кетіп қалдым жарымды көре алмастан.

Кеше тұнде Фазиза түсіме енді,  
Сәлім, мені сақта деп қолын берді.  
Беттен басқа жерінің бәрі де қан,  
Қорқынышты пішінін көзім көрді.

Оянып кеттім сонан шошынғаннан,  
Сағынышты ғашықпын жүрек жанган.  
Жалғыз алла рахымынан үмітім бар,  
Сөндіреп деп бұл отын өзі салған.

Сонымен отыр еді от басында,  
Мылтық тарс-тұрс атылды қақ қасында.  
Шуылдаған дауыс та естілді,  
Қаруға ұмтылысты жасқансын ба.

Үрысқан қылыш даусы шартылдаған,  
Және артынан өрт шықты жарқылдаған.  
Сәлім сасып қаруын қамданады,  
Әрқашан қатерлі істен тартынбаған.

Зәңгілер ғой біреуді талап жатқан,  
Бізге намыс болмай ма бойды тартқан.  
Кешікпей тез қамданып атыңа мін,  
Құдайға жан болады бұған шапқан.

Халит айтты: орынсыз батырланба,  
Екеуміз не қыламыз сонша жанға.  
Бұл белгілі Сарбастық талап жатқан,  
Жаулассақ жүре алмаймыз осы манда.

Оларды мен көріп ем кешке жақын,  
Бұл итпен жауласуға болма батым.  
Бұл тауда аңшы болып жүре алмайсын,  
Өшіксе қылғызбайды бізге жатын.

Сонымен үйықтай алмай отыр еді,  
Ентігіп сасып қашқан дүбір келді.  
Не қылса жаудан қашқан адам ғой деп,  
Ұмтылды үсталиқ деп жүгіргенді.

Екеуі үстап алды қамап жүріп,  
Бишара қаша алмады өлі құрып.  
— Байымды да, өлтірді зәңгі талап,  
Жаным ки, — деп сұрайды жылап тұрып.

Байың кім, өз жайың кім, қорықла сасып,  
Айт жаным біз тимейміз, бәрін ашып.

Қолдан келсе жақсылық аямалық,  
Жөні кеп құтқаруға болса нәсіп.

Әлгі айтты: байым Мұрат келе жатқан,  
Жер алып, алтын қазған осы жақтан.  
Фазиза атты қызы бар, Медіғат ұлы,  
Саудасы тоқталған соң елге қайтқан.

— Шаршап кеп жатыр едік аунап-кунап,  
Білмей қалдық келгенін жауды дуласап.  
Байды өлтірді бірнеше кісісімен,  
Қалғанын тірі ұста, деп жатқан шулап.

Сөлім түсі бұзылып қаны қашып,  
Үшып тұрды орнынан асып-сасып.

— Осы менің Фазиза ғашық жарым,  
Ара түсіп өлемін қаруласып.

Халит айтты: — тұра тұр, сөзді тосып,  
Сарыбастық саспайды сенен шошып.  
Бүгін мейрам, бар аңшы қалада жұр,  
Солармен соқтығалық басты қосып.

— Оларға сөйлеселік түнде барып,  
Ертең түсте ізделік жиып алып.  
Пәлен жерде белгілі мекені бар,  
Тоқталмастан барады маган қанық.

Сөлім де осы сөзді көрді макұл,  
Максатқа жетпек керек қалмай қапыл.  
Бағанағы жаяуды мінгізіп ап,  
Жылдамдаш жүріп кетті қылмай тақыл.

Мәжілісіне көп аңшы келді бұлар,  
Қатерлі іске шетінен бәрі құмар.  
Сөзін естіп тоқталмай құп алысып,  
Қайрат қылмақ жол болды, ерлік сынар.

Ертерек жиылысып атқа мінді,  
Бәрі де аралаған талай шынды.  
Қарауылдаш білдірмей қамап алды,  
Сарыбастық мекен қылған бір қынды.

\* \* \*

Бұл таудың бір тасы жоқ бастық білмес,  
Бір қынға ап келді адам келмес.  
Жалғыз дара жолына күзет қойды,  
Салақтық жоқ бойында, жанға сенбес.

Агашқа бар тұтқынды байлап жатыр,  
Ақырып әмір ғып түр бастық батыр.  
Бірқатары зәңгінің атаманға,  
Бір көгалға тігіпті кенеп шатыр.

Барды да шатырына батыр кірді,  
Жуынуға апарып сүйн берді.  
Бетінің бояуларын жуып тастап,  
Алады шамаданнан киімдерді.

Кіінді бар киімін Европаша,  
Бір сұлу жігіт болды құп тамаша.  
Байлаулы тұтқындарға жетіп келді,  
Қасында еш адам жоқ оп-оңаша.

Келді де алдарына қарап тұрды,  
Мұның Қасым екенін бәрі көрді.  
Өздерінің қалғаны белп-белгілі,  
Рахым қылmas түйілген түрін білді.

Шақырды бір былдырлап зәңгілерін,  
Фарапша сынап алды бар білерін.

— Рақымсыз сен тәкаппар Медіғат залым, —  
Деді, міне болды ғой өлер жерін.

— Медіғатты су астына отыртындар,  
Қылған ісі өзіне мағлұм шығар.  
Екі хисса беріндер аямандар,  
Бұл залымның бір үлкен жазасы бар.

Медіғатты дірілдетіп суға апарды,  
Өз жазасын өзіне қылып салды.  
Өзгесіне тимеді Сарыбастық,  
Өзінің шатырына қайтып барды.

Газиза сұп-сұр болды жаны шошып,  
Енді бекер түрмады тағдыр тосып.  
Үргашы деп зәңгі аяп бос байлапты,  
Қол-аяғын босатты жібін шешіп.

Ойланып тәуекелмен бойды женді,  
Өлейін неде болса деп ерленді.  
Қасымның жақын тұрған қара атына,  
Басын шешіп үстіне қарғып мінді.

Мінді де аргымакқа қамшы басты,  
Келген жағын біледі солай қашты.  
Жазық жердей шабады қара аргымак,  
Елемейді арқардай тау мен тасты.

Қасым көріп, бір атқа мініп алды,  
Артынан былдыр қағып айғай салды.  
Тіл білетін аргымақ бір кү екен,  
Қарамады қамшыға тұра қалды.

Бас-көзіне қыз-дағы төпелепті,  
Қара аргымақ қозғалмас бұған тіпті.  
Қолында жалақтаған қанжары бар,  
Артынан Қасым батыр қуып жетті.

Қор қылды қара аргымақ есіл ерді,  
Жетектеп қайта қызды алып келді.  
Жазасын тартқыз мына қашқын қыздың,  
Деді де, анталған жұртқа берді.

Қызды асыраған байдың бір кемпір күні,  
Байлаулы еді одағы көрді мұны.  
Арына қыздың жара сала ма деп,  
Бишарапың жаны ашып бұзылды өні.

Шақырды: Ей, Қасым, деп, күң ойбайлап,  
Сөзімді есіт сабыр ғып аз абайлап.  
Шырағым өз жайынды білемісің,  
Кек алуға ауыпсың көзің жайнап.

— Алдындағы Фазиза қарындасын,  
Қайтып қана қинайсың мұның басын.  
Бойында қалған биттей мейір болса,  
Білмеймісің осының жарамасын.

— Жазасын тартқан жоқ па Медіғат аған,  
Не қылды қарындасың, ойла саған.  
Корлаған өз сүйегін тіпті оңбайды,  
Тұысқа мейірсіз боп қарамаған.

Қасым да бұл сөзді естіп тұра қалды,  
Токтамай шуылдаған жұртқа барды.  
Бұған ешкім тиуге рұхсат жоқ деп,  
Жетектеп қайта қызды ертіп алды.

— Фазиза, мынау кемпір бек үялтты,  
Сен де мендей емес пе ең діні қатты.  
Маған Медіғат қинауды қылған уакыт,  
Балконда қарағаның жаман батты.

— Алмағаның батпады арашалап,  
Батты маған тұрганың тамашалап.  
Хайуандай маған жаңың ашымастан,  
Қарағым шыдап тұрдың қайтіп қарап<sup>1</sup>.

— Медіғаттан жүрген жоқ ең сен де жарып,  
Осыны кешіп тұрмын қөңіліме алып.  
Айтқаныңды қыламын, қауіптенбе,  
Қонақ қылам, еріп жүр үйге апарып.

Жетектеп шатырына алып кірді,  
Неше түрлі тамақты әкелдірді.  
Жесен тамақ мінеки, үйықтасан, деп  
Көрпесі мен жастығын салып берді.

Екеуі біраз ғана тамақ жепті,  
Қасым дағы шаршарлық мезгіл жетті.  
Не жастық, не көрпе жоқ есік жақта  
Көк шалғынның үстіне жата кетті.

Жатысымен кешікпей үйықтап қалды,  
Зәңгілер бір оңаша жерге барды.  
Бастыққа білдірмеген арактарын,  
Гуляйтті қыламыз деп алдына алды.

Аракты стақанмен көтерісті,  
Бас қызып кешікпей-ақ гулдесті.  
Аш қарынға ішкен соң үйқы шала,  
Тартынбай жұтқаннан соң қояма есті.

Спирт шықты басына көз қызарып,  
Өз занынша билейді, әнін салып.  
Сыпайылық әдел те зәңгіде жоқ.  
Алды-артына жығылды бәрі барып.

Үйықтағаны үйықтады, ояуы мас,  
Батырлар естен кетті не қажымас.  
Жалғыз сау Сарыбастық үйықтап жатыр,  
Хабарланбай бұл халден ол есіл жас.

Аңшылар бұл халінің бәрін көрді,  
Ес кетіп мас болғанша қарап тұрды.  
Енбектеп жұз саржандай келгенниен соң,  
Жығылып жатқан жанға ду жүтірді.

<sup>1</sup> Бұл бір ауыз олең 1908 жылғы кошірме қолжазбада жоқ. Білетін адамдар Магауияның өз жазбасында бар еді дейді. — К.М.

Бір зәңгіге бір аңшы міне түсті,  
Мас кісіре сау кісі қандай күшті.  
Қасапшыдай қой қырған жалақтасып,  
Аясын ба зәңгіні тегінде өшті.

Зәңгілер бет бұрмады бірі қашып,  
Бәрі өлді аянбастан жагаласып.  
Құр қолмен қаруы жоқ не қыла алсын,  
Өзіне-өзі қылды қара басып.

Қасым-дағы есітті шуды оянып,  
Атып шықты шатырдан қайран қалып.  
Байқаса іс ұрыстан етіп кеткен.  
Шақырды арғымағын айғай салып.

Арғымақ отта жүрген келді шауып,  
Атын көріп ойынан кетті қауіп.  
Шатырдың есігінен қайта кіріп,  
Мылтышын қанжары мен алды тауып.

Және де ала шықты Фазизаны,  
Батырдың шошымайды биттей жаны.  
Үстіне қарғып шықты Фазиза мен  
Көлденендей бергенде арғымағы.

Тек кетпей Фазизаны ала кетті,  
Саспайды сабыры мол, ақылы епті.  
Жанын сақтап, қылышпен басын қорғап,  
Қақ жарып жүре берді қалың өртті.

Жұлқынып сонда Сәлім жан қармады,  
Мергендер қызы қабаттап ата алмады.  
Көз алдында шын жарын әкеткен соң,  
Күйініп Сәлім ерде ес қалмады.

Сәлім де бөгелмеді куып жетті,  
— Фазиза, айырамын қорықпа, — депті.  
Қызы айтты: — Қасым, тоқта, уағдан болса,  
Шын сүйген ғашығымның өзі кепті.

— Уағдам шын, мен беремін өз қолымнан,  
Құтқарып алып шығып бұл жолымнан.  
Ғашық жігіт жата алмас жаны шыдап,  
Әлі-ақ куып келеді ол соңымнан.

Араби көк атпенен Сәлім салды,  
Не етем деп жардан аяп бұл қу жанды.  
Оңашаға шыққан соң Қасым тоқтап,  
Күйеуін келе жатқан тосып алды.

Сәлім де келе жатыр аңыратып,  
Фашығы һәм кегі бар қабат батып.  
Мылтығын атайды деп көтергенде,  
Екі үзді құндағынан Қасым атып.

Сәлімге жүгіреді қыз ойбайлап,  
Қасым түр кулімсіреп көрсе абылап.  
Сәлім атын үстады қыз майысып,  
Мәнісін бәрін ұқтырып айтты жайлап.

Қасым айтты Сәлімге: — Құтты болсын,  
Бір басыңа бауырмын және досың.  
Бір кек үшін кеткенім зәңгі болып,  
Ойланбай қылғаным жоқ мұны тосын.

— Өз бауырын өлтірген деме залым,  
Саган да белгілі той менің халім.  
Сені де аң қызығы әкеткен жоқ,  
Ғаділеттің жоқтығы саған мәлім.

— Елдің заңы заң емес біздің заңға,  
Аңдан басқа дәурен жоқ біздей жанға.  
Фазиза көрсетпеймін жетімшілік,  
Он мың теңге беремін приданға.

— Адал пұлым, алғам жоқ елден талап,  
Әкең берген шешеме қолдан санап.  
Таза малды беремін мәніріңе<sup>2</sup>,  
Жалғыз бауырым сен едің алған қалап.

— Менің шешем күң емес сатып алған,  
Сөзімнен таба алмассың ешбір жалған.  
Аңшысы осы жүрттың үрлап алып,  
Әкеңе сахрадағы сыйға апарған.

— Аңшыны ұры қылған әкең сенің,  
Мұның бәрін ұқтырған анам менің.

<sup>1</sup> Гриданюс (орысша) — жасау.

<sup>2</sup> Мәнір (арабша) — калың мал. — К. М.

Нағашым Зұлұс зәңгі падишасы,  
Ғаділет пе құл болып атануым.

— Мен бардым сол Зұлұсқа будан қашып,  
Патшаға мағлұм болдым, сырымды ашып.  
Сол елдің батырларын жиып алып,  
Кек алуға келгенмін жамандасып.

— Үш жыл болды, кек үшін төктім қанды,  
Харап қылдым, таладым жолыққанды.  
Құдайдан бар тілегім — кегім еді,  
Мұраттың бәрі бүгін болып қалды.

Сөйтті де Фазизаны қолдан берді,  
Екеуінің ғашықтық халін көрді.  
Бірі қүйеу, біреуі қайнага боп,  
Бағанағы шатырга қайта келді.

*Соңы.*

## ЕҢЛІК-КЕБЕК

Өнерім көңілімдегі болды құмар,  
Сөз келді сойлесуге қазақ та ұғар.  
Батыр Кебек қиссасын білуші едім,  
Көп кейіген жүрегім дейді шығар.

Заманның ғаділетсіз надандығын,  
Қозғадың жүрек, тілім, сөйле мығым.  
Баяғыны қексейді білімсіздер,  
Мінеки көрсетейін жамандығын.

Ұруы Кебек ердің Жуантаяқ,  
Ел үшін жанын салған аянбай-ак.  
Зор қекірек, өр сөзді адам еді,  
Сол ерлігі түбіне жетті бірақ.

Сол заманның үәлісі Нысанabyz,  
Айтқан сөзі келеді мұның жалғыз.  
Кебек батыр ойлайды соған барып,  
Өмірімді естиін ауызба-ауыз.

Сол абызға ізденіп келді Кебек,  
Үй сыртында сөйлес қып тұрды бөлек.  
Балын ашып үйінде абыз отыр,  
Мартуынан<sup>1</sup> өзінің тілеп көмек.

Кебекті біреу келіп алғып жүрді,  
Абызға үйге келіп сәлем берді.  
Әркімге әртүрлі сөз айтып отыр,  
Рұқсатсыз отыра алмай батыр тұрды.

Кебек ерді абыздың пысы жеңіп,  
Айтқан сөзі Кебектің ішіне еніп.  
Отірікті не ғылсын бұл адам деп,  
Біржолата ықыласпен тұрды сеніп.

Бір уақытта бұрылды сәлем алғып,  
Отырды Кебек—дағы төрге барып.  
— Кебегім, тағдырынды білейін деп  
Келдің бе? — деп сұрайды қарай салып.

Кебек айтты: — Бәле абыз, білдің рас,  
Біржолата мен Сізге бердім ықылас,  
Сұрамастан мәнісін білгеннен соң,  
Абызым, құдай үшін балынды аш.

Құп деді де, еңкілдеп кетті сарнап,  
Мартуларын шақырып ақатты зарлап.  
Екі қөзін қан басып, сұп-сұр болып,  
Шұлдірлейді күңкілдеп істі барлап.

Бір уақытта отырды қарап жерге,  
Білмеймін тапқыштығын қалай дерге.  
Алланың білдіргенін айтайын деп,  
Сөйлейді сонда Нысан Кебек ерге:

Биік қабак, сұргылдау бір сұлу қыз,  
Қақпатастың түбінде келеді кез.  
Бойынды сонан тартып ала алмасан,  
Батыр Кебек, сол қыздан ажалыныз.

\* \* \*

Мұнымен өтіп кетті бірнеше жыл,  
Кебек сөзді ұмытты көрген қабыл.  
Жауынгер найза ұстаған түнде үйықтамай  
Қысты құн құс салады алмай дамыл.

---

<sup>1</sup> Марту — бақсының сенестін жын—перілері.

Кебек ердің мекені осы Шыңғыс,  
Еріксе тауды кезіп салады құс.  
Бір құні іздең кетті тулкі таппай,  
Кешке жақын үйнене қайтады бос.

Сейтсе де кетпек болды Ханға<sup>1</sup> шығып,  
Жалғыз оба түбінде тұрды бұғып.  
Бір қырымнан тулкіні байқады ма,  
Қолындағы қыраны кетеді ыргып.

Аспандап айналып ап, кетті жайқап,  
Қыран емес қалатын жаңнан тайқап.  
Хан тауынан төменгі Қойтас жаққа,  
Бір тулкі келе жатыр тұрса байқап.

Сорғалап қақпақтай боп бүркіт кетіп,  
Кешікпей-ақ тұлкіге барды жетіп.  
Кешкі шабыт уақыты тайқасын ба,  
Домалап түсіп қалды жарқ-жүрк етіп.

Ойдан төмен Кебекте келді шауып,  
Жығылам деп еш жерден қылмай қауіп.  
Тұскенде де дәл басып отыр екен,  
Тұлкі менен бүркітті алды тауып.

Тулкіні қанжығаға алды байлап,  
Астына Қозықүрен мінген сайлап.  
Күн де батып, жел тұрып, борап кетті,  
Жалбымен<sup>2</sup> жүріп кетті а құдайлап.

Жобалап ауыл іздең келеді құр,  
Тұқ болжатпай Шыңғыстың бораны тұр.  
Осы күнгі Іқаннның өзенінде  
Оты шығып, қасында ит үріп тұр.

Алдында от көрінді жылт-жылт еткен,  
Кебек те кешікпей-ақ бұған жеткен.  
Белдеуге Қозықүренді байлап тастап,  
Сол үйге тоқталмастан кіріп кеткен.

<sup>1</sup> Хан — Шыңғыс тауының бір биігі.

<sup>2</sup> Жалбы (кісі аты) — қалмактың ханы Галдан Серсен Абылайды қолға түсіріп алғып келу үшін, отыз мың өскерімен Жалбы деген батырын аттаңдырады екен. Тарбағатай, Шыңғыс тауларын боктерлеп откен қалың өскерден ат тұяғымен жосылып қалған жолды, сл кейін “Жалбы” деп атаған. Мағауия ақынның: “Жалбымен жүріп кетті а құдайлап” дейтіні осы. — Қ.М.

Әлгі үйге кіріп келді “Кеш жарық” деп,  
Отырды тоқталмастан жоғары кеп.  
Аман-есен сұрасып сөз бастады,  
Білесіз ғой қонаққа о да ұлкен сеп.

Жөн сұраса, ол ауыл Матай екен,  
Бір талайдан бұл жерді қылған мекен.  
Кебекке құрмет қылды бойжеткені,  
Батырдың қобалжыды қөнілі бекем.

Ол заманның тамағы құртын ішті,  
Кешікпей-ақ қазанда ет те пісті.  
Жайғап жүрген қонақты әлгі қызға,  
Кебектің байқаған соң қөнілі түсті.

Тіп-тік жаурын, нәзік бел, бұрымы ұзын,  
Салмақ пенен салады қара көзін.  
Жауап берсе қалжыңға сондай ұста,  
Ешкім сөгер жан емес айтқан сөзін.

Биік қабақ, ақ сүрлау, қара қасты,  
Тік мандай, толық жүзді, қолаң шашты.  
Қарауында бір түрлі реңі бар,  
Сынап, байқап қалатын жеңіл жасты.

Қыр мұрын, қызыл ерін, аппақ тісті,  
Ашық жүзбен жігітті тартар түсі.  
Барынша айтып бақтым суретін,  
Кебек ердің Еңлік қыз асығы осы.

Шапаны теріс арқау, шағи камзол,  
Қымбатты ол заманда осы ғой бұл.  
Аяғында көк қасқа етігі бар,  
Бұрынғының артықша киімі сол.

Басында құндыз бөрік үкі таққан,  
Кестелеулі етегі, көйлегі актан.  
Бешпеті үстіндегі паттайыдан,  
Бек жақсы шығатұғын Бұхар жақтан.

Бұл қызға құмар болды көрген жерден,  
Жүректе билік кетті Кебек ерден.  
Бір оңаша болғанда үйдің іші,  
Қалжындағы қызға айтады: “келиші бермен!”

— Құрбым, саған көңілім түр қатты кетіп,  
Құмарым тарқар ма екен қолым жетіп.  
Өмір бойы жолыңа қажымасқа,  
Біржолата кетер ем уағда етіп.

— Япирмау, қол жетер ме арманыма,  
Мен сенің душар болдым қармағыңа.  
Үргашыға көңілі ауған жан емес ем,  
Алланың көніп тұрмын салғанына.

Қыз айтты: Мен де саған болдым құмар,  
Екеумізді қозғаған жастық шығар.  
Қойыңыз, тоқтаталық шайтанға ермей,  
Әкем білсе бұл сырды, жерге тығар.

— Мен сізбенен жар болып ере алмаймын,  
Ел-жүрттың мазағына көне алмаймын.  
Көңілім қанша елжіреп тұрса-дағы,  
Жар болам деп уағда бере алмаймын.

— Жерім бар әке-шешем қойған беріп,  
Үргашыға оңай ма кетпек жеріп.  
Сөз үзатпа, батырым, мені ойлама,  
Үят болар бір кісі қалса көріп.

Кебек айтты: — Сөйлеуге жер де тығыз,  
Екі айтпаймын, еркекпін, уағдам нығыз.  
Өзеннің жағасында Қақпатақасқа,  
Ертең түнде бір келші, ей, сұлу қыз.

— Еңлігім, бір келіп кет Қақпатақасқа,  
Нәпсіге ерген залал жоқ сөзден басқа.  
Айттың ғой өзің дағы ұнатам деп,  
Тілеймін жастық хақы мұнан қашпа.

Еңлікке Кебек сөзі болды салмақ,  
Көрмеді батыр сөзін бекер қалжак,  
Әрі-бері толқысып, ақырында,  
Уағдаласқан жеріне болды бармақ.

Бір жұмыс бола қалды Кебек ерге,  
Түнде салып келеді уағда жерге,  
Мұнан бұрын қыз келіп отыр екен,  
Біле алмай сасып қалды қалай дерге.

Қыз айтты: Әуре қылма, батыр Кебек,  
Әңгіме үшін келгем жоқ болуға ермек.  
Жайланаң отырарлық үй де емес қой,  
Сөйлеңіз, тоқталмаңыз бекерге тек.

— Фашық болдым, ей, Еңлік, саған кез кеп,  
Жұрген кісім жолықтым әдейі іздеп.  
Өмірлік жолдас болам лайық көрсесң,  
Жұрегім бекіп қалған жалғыз сіз деп.

— Шын айтамын мен сізді алдамаймын,  
Әнишейін боз балаша арбамаймын.  
Не қылсаң да, Еңлігім, енді өзің біл,  
Көп айтып сенбес болсаң зорламаймын.

Екеуі әрі бері көп сөйлесті,  
Сөздерін кешікпей-ақ бекітісті.  
Бәрінде де мағлұм гой айтпасам да,  
Қыз бен жігіт жарасып қылар істі.

Мынау істі сөкпендер,  
Басымызға келмеп пе.  
Жан жарасқан жарыңмен,  
Жарасқанын көрмекке.  
Құмар тапқан нәпсіге,  
Жөні бар ма сенбекке.  
Тұла бойың шымырлап,  
Қалағанын бермекке.  
Қыраулатқан атпенен  
Қысты күні желмекке,  
Дүние де тоқтау бар ма екен  
Жарын іздеп келмекке.  
Откен өмір жайнаған,  
Мына сөзден түсті еске.  
Лұпілдеп жүрек, бой иіп,  
Бола ма бойды жеңбеске.  
Сағымды қуып сандалып.  
Кетті күнің келмеске.  
Суған көңіл қозғалмас,  
Жар сөзіне: “кел кешке”  
Іс кетіпті өнбеске.  
Жаралы болды жас жүрек,  
Бола ма енді сөнбеске.

Сөйлемеске жігіттік қояма есті,  
Бірталай соныменен уақыт кешті.

Сыр ашылмай түруға орын бар ма,  
Жұрт біліп мына істерін күңкілдесті.

Бұл хабар қыз қайнына барып жетті,  
Күйеуі білейін деп іздеп кепті.  
Өзі буаз Еңлік қыз көрінсін бе,  
Жалғыз түнде Кебекпен қашып кетті.

\* \* \*

Бір далада Еңлік пен Кебек жатты,  
Күні жетіп Еңліктің бір үл тапты.  
Еш нәрседен қаперсіз ойнап-куліп,  
Екі ғашық серуенде жатып апты.

Тобықтыда сол күнде Кеңгіrbай bi,  
Қыз қайнынан астыртын алышты сый.  
Айтады қыз еліне бітім жерде:  
Әуелі ұстап алыш, қызынды тый.

Кеңгіrbай айтты сонда Матайларға:  
Еңлік қыз жазықты ғой бір құдайға.  
Қатынына еш адам ие болмас.  
Коймасақ тиу салыш осындайға.

Жуантаяқ жақсысы Тоқтамыспен,  
Кеңгіrbай араз еді бірер істен.  
Інісі Тоқтамыстың Кебек ерге,  
Ішінен Кеңгіrbай bi деді: “кешпен”.

Тоқтамыс кетіп еді Арғын жаққа,  
Жуантаяқ қамы үшін бір шатаққа.  
Бір істі сол келмestен қыламын деп,  
Кеңгіrbай at шаптырды шар тарапқа.

Қабекенің біле ме еш пенде ішін,  
Ел жиды көремін дәп Кебек күшін.  
Бозбаланы жиып ап жөнелтеді,  
Қашқынды ұста дейді, бітім үшін.

Байқаусызда Кебекті бұлар басты,  
Қаперсіз жатқан батыр жаман састы.  
Қозықүрен қасында арқандаулы,  
Мінгестіріп Еңлікті тұра қашты.

Жұз кісі іздеп барған тұра шалты,  
Кебек те бір қынды қиялапты.  
Қозыкүрең бір тастан секіргенде,  
Артындағы Еңлік қызы түсіп қапты.

Күғыншылар Еңлікті ұстап алды,  
Жұз кісіге Кебек ер қарсы салды.  
Көпке жалғыз қолынан не келеді,  
Опық жеді, еш нәрсе қыла алмады.

Алып жүрді Еңлікті әлгі жасақ,  
Сұлуына қарайды тамашалап.  
Көзі қып ер Кебек қайтып кетсін,  
Күренменен келеді жанасалап.

Кенгіrbай Матай менен бір жұз кісі,  
Алдынан бұлардың кеп душарласты.  
Ащысудың бойында бітісеміз деп,  
Матай менен Тобықты жөнелісті.

Кебек айтты жақын кеп Кенгіrbайға:  
— Матайға қызды берме қарат жайға.  
Егерде сөзімді елең тыңдамасаң,  
Тапсырдым аруақ пенен бір құдайға.

— Бұл пәле бәрі сенен Кенгіrbайым,  
Қызды берме, бітімге малым дайын.  
Егерде осы қызды беріп қойсаң,  
Өмір бойы жау болам, жасырмаймын!

Кенгіrbай айтты: — Сөйлес аттан түсіп,  
Батырым қорқып жүрсің неден шошып.  
Әуелі өзді-өзіміз сөйлеселік,  
Сонан соң жіберейін қызды қосып.

Кенгіrbай залым би ғой іші қатты,  
Жаны ашыған кісі боп сұылдатты.  
Қаны тұртіп түрған соң амал бар ма,  
Алдау сөзге Кебек ер сене қапты.

Жұрт та түр Кенгіrbайдың сөзін қостап,  
Отырды Кебек келіп атын ұстап.  
Ілмек қылып шылбырды отыр екен,  
Мойнына қапылыста қалды тастап.

Тоқтамыс алыс қалды қамын жеуге,  
Кенгірбай байлап қойған елтіруге.  
Кебек ерді сүйретіп алып кетті,  
Жалғыз-ақ тілі келді “алла” деуге.

Сүйретіп өлтіріпті Кебек ерді,  
Қан қылып бояп кетті талай жерді.  
Тентегімді өлтірдім кінәсі үшін, —  
Деді де, Матайларға қызды берді.

Матай келді Еңлікке кәпір қыз деп,  
Көп сандалдық жүзі қара бір сені іздең.  
Найза, қылыш, шокпармен қопандасып,  
Өлтіремін жаныңдан күдер уз деп.

Еңлік айтты: “Асықпа, тоқта халық,  
Мені өлтіріп боларсың әлі-ақ қарық.  
Тіршілік маған қымбат көрінбейді,  
Не болам Кебек сынды жардан қалып.

— Тобықты, құлағың сал біраз маған,  
Көзбе-көз пенде едім ғой сөз айтпаған.  
Бауырыңды көзің қып өлтірдің-ау,  
Кенгірбай, артық емес ... баған!

— Кенгірбай ... екенсің дінің қатты,  
Жүрмісің көрмеймін деп гарасатты.  
Не жауапты бересің пара алғанға,  
Би алдына барғанда ғаділетті.

— Бітімшіге ... бермей жауап,  
Өзіңе қойғызып ең ... атты.  
Ежеғабыл біздерде бар еді ғой,  
Парақорым, ескерсөң шаригатты.

— Ақ өлімнен қашарлық пенде бар ма,  
Кебек ер шаһет болып, бейіс тапты.  
Жуантаяқ ұлына мұнша қас қып,  
Кенгірбай, ненди өлтіріп, ненди шапты.

— Қалжырактап атандың биім ...,  
...тубі... ғой білсең надан.  
Үлкен бидің алдында сойлесерміз,  
Жазасы не болады бидің арам.

- Кебек ерден қалды ғой мынау бір үл,  
Тобықты, тұқымың ғой сениң балаң.  
Азар болса кінәлі біз шығармызыз,  
Бұл балаға қоярлық жоқ қой жалаң.
- Мұсылмандық ойлайтын, Тобықтылар,  
Тоқтамысқа баланы тапсырындар.  
Не қылсақ та Кебек пен мен қылдым ғой,  
Қалайынша баланың кінәсі бар.
- Тобықты, қош болындар, Матай менен,  
Ақыргы жалғыз осы тілегенім:  
— Екеумізді бір жерге көмініздер,  
Кебекпен жақын жатсын сорлы денем!
- Аман бол, өмір сүріп ойнаған жер,  
Аман бол, Жуантаяқ, Тоқтамыс ер.  
Ел жұртым, қош аман бол, әке, бауырым,  
Сөзім бітті Матайлар, өлтіре бер.
- Өлтірді оны дағы Матай надан,  
Бәрі де қайтысыпты елге таман.  
Жол осы деп жоқ қылды осыларды,  
Іс бола ма, байқандар, мұнан жаман.
- Балаға ешбір пенде қарамапты,  
Тобықты неткен жандар діні қатты.  
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен,  
Деседі, бір күн бойы жылап жатты.

## ТУРАГҮЛ АБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ

(1875—1934)

Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұнғыш баласы — Турағұл (Тураш). Турағұлдың аты елге мәлім болғанымен оның өмірбаяны әлі күнге толық зерттеліп жазылған жоқ.

Турағұл әкесі туралы естелігін үлкен әңгіме етіп жазып қалдырган. Ол естелігінің көп қысқартылған шағын нұсқасы ғана 1933—1940 жылдарда шыққан Абай жинақтарында жарияланған. Естеліктің толық нұсқасының қолжазбасы сактаулы.

Біз Турағұлдың нақтылы туған жылы туралы мағлұмат, аталған естелік әңгімесінің қолжазба нұсқасында айтылған, Тураштың өз сөзінен келтіреміз: “Мен әкемнің отызында жасында, жастықтың алғашқы ағыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде тұдым”, — дейді. Олай болса 1877 жылы туған болады. Ал, естелігінің екінші бір жерінде, әкесі туралы тағы бір есте қалған әңгімесін бастар алдында: “1899 жылы менің он төрт жасымда...” деп жазады. Бұлай болғанда, 1875 жылы туған болып шығады. Қолжазбада мұлт кеткен: “Мен әкемнің 32 жасында...тұдым” деген сөз болуы керек, дұрысы: “1889 жылы менің 14 жасымда...” дегені болады. Олай дейтініміз Турағұл дүниеден көшкенде (1934) қасында болып, өз қолынан акырғы сапарына аттандырылған, қазір козі тірі, қызы — Мәкен (1911 жылы туған): “Әкем 59 жасында қайтыс болды”, — дейді. Сөйтіп, Турағұлдың дүниеге келген нақтылы уақыты 1875 жыл болады.

Тураш жас шағынан әкесі Абайдың қолында болып, тәлім-тәрбиесін көп көріп өскен баласы болады. Мұхтар Әуезов былай дейді: “...1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың ең мағыналы откізген жылдары болады... Сол уақыттарда жас шәкірт болып әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тураш деген баласы мынаны айтады: “Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Бастығымыз Шөлкөрім болып шәкірт секілденіп сөзін тындап, медресе-

дегі шәкірттерінше: ақиқат олай емес, бұлай болады деп бір бірімізben дауласып жатушы едік... Ұстаздық қылыш отырганда біздің жүргімізге мал құмар, мансап құмар адам емес деп егуші еді. Әр дәйім сағынып көксеп, кезі келгенде қуаныш қатты рахаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарды, іні, балалары секілді жастарға ілім сөзін сойлеп, насихатын айтып отырган кезі болушы еді” (Абай Құнанбайұлы. “Толық жинак”, Қызылорда, 1933, 372-бет).

Турағұл бала жасынан зерек, ұғымтал, зерделі болған. Әкесінің қадір-қасиетін ерте түсініп, табиғи ақындық қуатын ерте танып өскен, Абайдың ең талантты баласының бірі.

Абайдың барлық ақындық өмірінің ең мағыналы, ең жемісті кезеңі 1889 жыл болғанын, сол жылы жиырмадан астам өлең жазғанын Мұхтар Әуезов ерекше атап айтады. Дәл сол жылы он төрт жастағы бала Тураш, әкесінің өзіне тән ерекше мінезін, ақындық шабыт үстіндегі тұлғасын терең түсініп, шебер суреттеп береді.

1889 жылы менін 14 жасымда туған ұлken шешемнен (Ділдәні айтады. – К.М.) Райхан деген апамды Найман Серікбай баласы Құдайбергенге беріп ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде, әкеммен екеуміз ғана үйде қалдық. Бұл жылы әкемнің белсеніп ғылым жолына кіріскең жылы екен, артынан байқасам... Таңертенцнен кешке дейін көбінесе, орыстың кітабын оқыды да, ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындаш, құңғреніп отырып өлең жазып тастайды. Сол өлең жазардағы түрі: Бір Мұсаға мінген кісідей өні қашыңқырап, азырақ ентіккен кісідей танауды кебінкіреп, козі жасауранқырап, естілер-естілмес қып құңғренгеннің ішінде, күбірленкіреп кеп жазып кеп тоқталып, ойланған бермейді де, қайта сыйып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге үқсайды, – дейді Тураш.

“Әке балага сынши” дейді халық даналығы. Оның үстінен Абайдай сынши, данышпан әке Тураштай талантты, қабілетті, ақылды баласының мінезін тамыршыдай танып, оның адамгершілік қасиетіне әкелік конілмен сүйініп, мақтан еткен. Тураш былай дейді: “Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта жазған өлеңдерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдал отырсам керек. Менің соныма қуаныш, риза болып, жолаушылар келгенде соларға мені: “Мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып, жалықпай тыңдады – деп мақтады.

Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екемін деп, сол жылғы

бастығымыз Шәһікәрім қажы болып, ақиқат олай емес былай деп таласып жататұғын саналы шәкіртінің қатарында болдым”.

Турағұл – Абайдың ең сүйікті баласының бірі және ұлы үстаз ақынның әдебиеттегі дәстүрін берік ұстаған саналы, мәдениетті шәкірті болған адам.

Абай жалғыз өз өсietтіне қанағат қылмай, талантты жас шәкірттерінің сезім тәрбиесін толтырмақ болып, 1889 жылы музыка үйретпекші болғанын, сол мақсатпен Көкен еліндегі (қазіргі Семей облысы Жаңасемей ауданы. – К.М.) Мұқтаң деген скрипкашыны аулына алғызығанын Мұхтар Әуезов атап айтады. Абайдың осындай тәрбиесінің арқасында бала жасынан өнерге бейім Тураш, домбыра, скрипка сияқты музыка аспаптарын еркін менгерген шебер музықант, өз шешесі Әйгерімге тартқан өнші де болады.

Жас Тураштың бойында ақындық қуаттың барын сезгегін әкесі: Тураш үш ауыз өлең жазып әкелші, деп баласының ақындық өнерін байқап көрмек болса керек. Сондағы Тураштың жазған өлеңі:

Алладан мен қапа боп тілеген күн,  
Жым-жырт болып салбырап кетеді тун.  
Жұлдыздар жыпылықтап, ай сүп-сүр боп,  
Бәрі де тындал қапты шығармай үн.

Мұнымды айтып едім сөзben сындал,  
Дүние жым-жырт болып түрдү тындал.  
Жел күрсініп сөйлесе сусыл қағып,  
Шөптер басын изейді шын-шын шындал.

Қалғандар желден сұрар сөзімді үқпай,  
Бұлт қасын түйеді жылай-сықтай.  
Тік қарауға мені аяп шыдай алмай.  
Күн бұлтқа кеп тығылды қайта шықпай.

Бұл қазақтың ежелгі үйреншікті қара өлеңі емес. Әкесі Абай бастаған жаңа жазба әдебиеті үлгісінде жазылған, жас ақынның қаламынан туган әрі көркем терең мағыналы өлеңі. Адамның қапа болып, мұңайған бір шағындағы нәзік сезімін суреттеп берген жансыры лирикасы.

Ақын табиғатты жанды бейне түрінде алып, оның түрлі көріністерімен мұндастып, сырласады. Абайға шейін қазақ поэзиясында болмаған, ақындық өнердегі жаңалық. Тураштың ақындық қуатын анық танытатын өлеңі.

Тураштың жастық, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінен сақталып бізге жеткені екі-үш-ақ өлең.

Ағасы Әбдірахим (Әбіш) Алматыда науқастанып жатқанда, 1895 жылы жазған екі өлеңі бар. Бірінші өлеңі:

Рахаты көңілімнің, Әбіш ағатай,  
Аллаға мәлім шығар біздің де жай.  
Күнде алладан тілеймін жанын сұрап,  
Бізді душар қылдың деп күнге осындай, —

деп басталатын хат түрінде жазылған тілек өлеңі.

Екіншісі, Әбіштен келген хаттарды оқыған кездегі көңіл күйін, жан тебіренісін суреттейтін өлеңі. Әбіштің хатын оқыған сәттегі әкесі Абайдың бейнесін, Тураш өлеңі көз алдына әкелгендей болады.

Бастапқы хатты көріп қалдық шошып,  
Сонғы хаттан жақсылық түрдүк тосып.  
Жүректің шошынғанын, лұп еткенін,  
Қайта оңалған қызыққа кеттік қосып.

Өңге үн жоқ, тыңдал қаппын хаттың сөзін,  
Хат оқыған ағамда<sup>1</sup> екі көзім.  
Хат біткен соң, ағамды абыласам,  
Көз жасаурап, сұрланған көрдім жүзін.

Бұл олеңді жазған кезде (1895) Тураш жиырма жаста еді.

Жиырма тоғыз жасқа аяқ басқан шағында, Тураш ең ауыр қайғы-қасіретке душар болады. 1904 жылы мамыр айында, аяулы ақын ағасы Мағауия отыз төрт жасында қайтыс болады.

Мағауия өлген соң әкесі Абай да бір алуан ауруға айналып, қырық күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы дүниеден отеді. Әкесінің қырқын беру үшін үлкен ағасы Ақылбай ақынмен бірге Тураш Семейге барады. Абайдың қырқын берген күні Ақылбай 43 жасында кенеттен қайтыс болады.

Сөйтіп, 1904 жылдың үш-төрт айының ішінде: әкесі Абайдан, екі бірдей ағасынан айырылып, орны толмас қазага үшырап, арылмас ауыр қайғыға батады.

\* \* \*

Әкесі өлген соң, немере ағасы Кәкітай Ысқақұлымен бірге, оның әдеби мұрасын жедел жинап, баспаға әзірлеу ісіне кіріседі. Ең алдымен Абайдың өлеңдерін, өмірбаяны

<sup>1</sup> “Аға” деп Абайды айтады. — Қ.М.

туралы мағлұмattарды, өздеріне бұрыннан таныс Әлихан Бекейхановқа тапсырады. Әлихан орыс тілінде: “Абай (Ибрагам) Құнанбаев (некролог)” деп атап мақала жазып, 1905 жылы “Семипалатинский листок” газетінде (1905, № 250—252) және 1907 жылы “Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества” (выпуск, 3, 1907) атты кітапта жариялайды.

Макаласының сонында Ә. Бекейханов “Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из Евгения Онегина), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Турагулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским Подотделом Императорского Русского географического общества под редакцией А. Н. Букейханова” деген. Бірақ Ә. Бекейханов айтқан кезде Абай жинағы шыққан жоқ. Турагұл мен Қекітай жинап, баспаға әзірлеген Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы 1909 жылы Петербургте басылып шыққаны мәлім.

Турагұл осы жылдары Әлихан Бекейхановпен сонан кейін Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтармен жақсы танысып, сырлас дос, тілектес, ниеттес болып кетеді.

Кейін 1917 жылы Алаш партиясы құрылғанда, Турагұл Алаш партиясының Семей облыстық комитетінің мүшесі болған. Ол туралы “Қазак” газетінің 1917 жылы, желтоқсаның 2 күнгі 253 санында жарияланған хабарды келтірейік.

### “АЛАШ ПАРТИЯСЫ”

“Семейде областной “Алаш” партиясының комитеті ашылған хабарын жазып едік. “Сарыарқаның” соңғы номерінде бұл туралы мынадай мақала басылды: “Алаш” партиясының Семейде уақытша областной комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер:

Әлімхан Ермекұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Имам Әлібекұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Турагұл Құнанбайұлы, Халел Фаббасұлы, Сыдық Дүйсембіұлы, Әлихан Бекейханұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Әнияр Молдабайұлы, Биахмет Сәрсенұлы. Бұлардан басқа ояз басы бір кісі кіруге орын қалдырылды... Комитеттің председателі Халел Фаббасұлы жолдасы, Ахметжан Қозыбағарұлы, секретары Сыдық Дүйсембіұлы, қазынашысы Әнияр Молдабайұлы. Құрметті председателі Әлихан Бекейханұлы”.

Осы мағлұмattyң озінен-ақ Турагұлдың саяси-әлеуметтік қызметі, идеялық бағыты және істес болған ортасы, қарым-қатынас жасаған адамдары кімдер екені айқын көрінеді.

1922 жылы Семейде Әлихан Бекейханов пен Міржақып Дулатов тұтқынға алынғанда, Турағұл да түрмеге жабылып, төрт айдай отырып шыққан. Соңан кейін елмен араласпай, Ақшоқыдағы мекен-жайында жатып, жазумен шұғылданады. Аударма жұмысымен айналысады. Максим Горькийдің “Челкаш” атты әңгімесін қазақ тіліне аударады. Аудармасы 1925 жылы “Таң” журналында жарияланады. Александр Неверовтың “Я хочу жить” деген шығармасын “Мен өмірге жеріктін” деп атап (Біз болсақ “Өмір сүргім келеді” дей салар едік) аударап, бастырады. Орыс тілінен тағы басқа кітаптар аударған.

Бұл жылдары жазған ең басты еңбегі, әкесі Абай туралы естелік әңгімесі еді. Абайтану мәселесінде Турағұлдың бұл еңбегінің тарихи маңызы ерекше зор. Турағұл бала жасынан әкесінің өз қолында тәрбиеленіп есken жақсы көретін баласы және табиғи дарынды, кең ақылды, терең ойлы, сергек сезімді, үшкір қиялды адам болғандықтан: ұлы ақын теңіздей терең кеменгер ойшыл, данышпан әкесі Абайдың бойындағы бар қасиетін, өзіне ғана тән мінезін, әдет-салтын, әр кездегі қоңыл қуйін, сезім-сырын айнаңтай танып, дұрыс ұфа білген, ақын шығармаларының жазылу тарихын, себебін, сөз қолдану тәсіліне дейін бәрі-бәрін жақсы білген. Және әкесі туралы көрген-білгенін асырмай да жасырмай шындықтың шегінен шықпай жазған. Сондықтан оның бұл еңбегі ешқашан маңызын жоймайтын тарихтық еңбек.

Мұхтар жазған Абай өміrbаянында бұл еңбектің қосқан үлесі ерекше мол.

Абай шығармаларының жинағы толық болып шығуында да Турағұлдың сінірген еңбегі зор болғанын атап айтудың мінезі керек.

Турағұл туралы Мұхтар Әуезовтің пікірін келтірейік: ..Абайдың бүгінгі күндегі көзі тірі қалған іні, балаларының ішінде, ақын туралы осы кісіден (Турағұлдан. — К. М.) артық мағлұмат беретін еш қайсысы да жоқ. Тураш 1889 жылдан бастап үнемі әкесінің қолында тәрбиленгендейтін ақынның әрбір өлеңі қай кезде, кімге арнап жазылғаны, не себептен туғаны туралы, онан соң өзі ес білгеннен бері қарай, әкесінің басынан қандай, халдер өтіп қандай мінез, қандай әдет дағылары болғандығы туралы, өзге жүрттың бәрінен артық, бәрінен толық мағлұмат берді.

Әкесі турасындағы естегісін Тураш бөлек сөз қылып жазып беріп еді. Ондағы үлкен мағлұматтарының барлығын Абайдың өміrbаянын айтқанда, керекті жеріне кірістіріп түгел пайдаландық”, — дейді (Абай. Толық жинақ. 1933, 386-бет).

Осыдан кейінгі жылдарда Турағұл туралы шындықты айтуда Мұхтардың мұршасы келген жоқ.

1927 жылы жазғытүрим Турагұлды тағы тұтқынға алып, 1928 жылдың көктеміне шейін түрмеде жатады. Түрмеден шыққан соң конфескеленіп, Шымкентке жер аударылады.

Оның бұдан былайғы өмірі ауыр азап, кайғы-касіретпен өтеді. Оны ешбір жер жұмысқа алмайды, жазған еңбектері басылмайды.

Абай мен Эйгерімнен туған тұңғышы Турагұл болса, одан кейінгі баласы Мекайыл (Мекеш), кенже баласы – Ізкайыл еді. Турагұл айдалып кеткенде, елде екі інісі қала-да. Ізкайыл кетіп, Семейде тұрган Мекайылды түрмеге жауып, 1931 жылы Тобықтының 70 адамымен бірге атып өлтіреді. Сол атылғандардың ішінде: Оразбайдың баласы Медеу (Турагұлдың құдасы), Медеудің баласы Санияз (Турагұлдың Ақыш (Ақалия) деген қызының қүйеуі), Мәуқіл (Медеудің үлкен баласы) болатын. Сол 1931 жылы Шаң-кәрім де атылды. Айдауда жүрген Турагұлдың басына төн-ген қайғының қара бұлты қоюлана түсті, қабыргасын қай-ыстырып, өзегін өртеді. Бұдан бір жыл бұрынғы көрген қайғысы бәрінен ауыр еді.

Турагұлдың Сақыпжамал деген әйелінен туған Жебрә-хил (Жебеш) атты ең жақсы көретін баласы, Семейде орыс-ша орта мектепті бітіріп, Томск институтында оқып жүрген шағында, Тобықтының шолақ белсенділерінің бірі 1928 жылы “Турашы кеткен соң, Жебеші де қалмасын” деген атпен газетке мақала жазып, институттан құғызады. Соңан соң Жебеш әкесінің артынан Шымкентке келіп, одан Таш-кентке барып, оқып жүргенде, 1930 жылы ауыр науқасқа үшырап, ауруханаға түседі. Жебештің нащарлығын естіп, Турагыл Ташкентке барып, Мұхтардың (Әуезовтің) үйіне тоқтайды. Ол кезде Даниал Қекітайұлы Ісқақов та Таш-кентте тұратын. Жебештің жазылmasына көздері жеткен соң, Мұхтар мен Даниал Жебешті ауруханадан алып шығып, бір онаша үйге орналастырады. Дәл сол күні Мұхтар мен Да-ниал тұтқынға алынып, түрмеге жабылады. Бірнеше күннен кейін Жебеш қайтыс болады. Сөйтіп, Жебешінен өлі айы-рылып, Мұхтардан тірі айырылған Турагұл қалың қайғыға батып, қан жылап құлазып қалады.

Талантты өнерпаз, тамаша әнші Жебеш 26-ақ жыл өмір сүрілті. Жебешті Мұхтар ерекше жақсы көрген.

Турагұлдың Миса деген бәйбішесінен туған баласы Зұбайыр 1933 жылы екі баласымен Қыргызстанда өледі.

Турагұлдың үлкен баласы (1900) Ақыш (Ақалия) 1985 жылы 1 маусымда маған жазған хатында әкесі (балалары Турагұлды аға дейді) туралы былай дейді: “Мұқан (Мұхтар

Әуезов) пен Тураш ағамның ақырғы кездесуі 1933 жылы болатын. Сол жолы Мұқанның үйіне түскен. Алматыға келген соң Исаевқа (Ораз Исаев, Совнарком бастығы. – К.М.) арыз жазып: балаларым жоқ, өзіме жұмыс бермейді, рұқсат жоқ дейді. Аудармаларым басылмайды. Қалай күн көрем, не істеуім керек? десе Исаев: Әзір ештеңе дей алмаймын. Кейін көрерміз деп қайтарған. Тураш ағам туралы көп не айттын... Ол кісі өмірдің көп қындығын көріп, қиналып кетті ғой. Ал Мекеш ағадан қалған екі баласы болатын. Үлкені – Фұзайыр, кішісі – Фалишер. Екеуі де соғыстан келмеді. Ізкайыл ағамыздан Тоқташ деген баласы бар еді. Өлеңді жаңа айтып жүргендे, соғысқа кетіп, келмеді. Ақыры біз біткен ауыл болдық қой...” – дейді Ақыш марқұм. Ақыш 1990 жылы 90 жасында Алматыда қайтыс болды.

Турагұлдың қазіргі көзі тірі қызы, әкесін өз қолынан ақырғы сапарына аттандырган Мәкен 82 жаста, Алматыда тұрады. Мәкен былай дейді: “Тураш ағам, шешеміз Сақылжамал, немересі Алпаш (Жебештің баласы) үшеуі Шымкент қаласында бір сарттың үйінде пәтерде тұрды. 1934 жылы қатты ауырып жатты. Бір күні мен ағамның ауыр халде жатқанын көріп, шыдай алмай, егіліп қатты-қатты жылап: сен де өлесің бе? деп барып үстіне құлай кеттім. Сол кезде басын көтеріп алып:

– “Сен мені өлме дегенің қарғағаның ғой. Мен сениң қолында өлейін деп жатырмын. Болмаса мені түрмеде өлтіреді”, – деді. Мен шошып кетіп:

– Не дейсіз, аға, деп едім:

– Оны кейін білерсің, – деді де, басқа ештеңе айтпады. Ақыры айтқаны 37 жылы келді ғой.

Тураш ағам 1934 жылы 6 наурыз күні, елу тоғыз жасында, қайтыс болды. Шымкент қаласының ортасындағы мұсылман зиратына жерленді. Кейін сол зираттың үстіне хим завод салыныпты. Завод салынарда Тураш ағаның сүйегін алатын жанашыр жақыны болмай, завод астында қалды. Ол кезде біз Шымкенттен ауысып, басқа жаққа кеткен болатынбыз”, – дейді Мәкен апамыз.

Абайдың сүйікті баласы, ең соңғы мұрагері, талантты ақын, жазушы, мәдениет қайраткері, Алаштың ардагер асыл азаматы – Турагұлдың өзірге бізге мәлім, қысқаша өмір тарихы осы.

Турагүл Абайұлы Құнанбаевтың өмірбаяны терең зерттеліп жазылуы керек.

*Алматы, 1993, акпан.*

## ӨЛЕНДЕРІ

\* \* \*

Алладан мен қапа боп тілеген күн<sup>1</sup>,  
Жым-жырт болып салбырап кетеді түн.  
Жұлдыздар жыпылықтап, ай сүп-сүр боп,  
Бәрі де тыңдал қапты шығармай ун.

Мұңымды айтып едім сөзбен сындалап,  
Дүние жым-жырт болып түрдү тыңдалап.  
Жел күрсініп сөйлесе сусыл қағып,  
Шөптер басын изейді шын-шын, шындал.

Қалғандар желден сүрар сөзімді үқпай,  
Бұл қасын түйеді жылай-сықтай.  
Тік қарауға мені аяп шыдай алмай,  
Күн бұлтқа кеп тығылды қайта шықпай.

### ХАТ<sup>2</sup>

Физатлу құдашама дүғай сәлем,  
Арманда арылмайды көнілімде алаң.  
Көз жасаурап, мұңайып көп айтқанмын,  
Мұң шаққаным бұл емес жалғыз жалаң.  
Әршиді көрген сайын іште жалын.  
Тіл түгендеп айта алмас қылған зарын.  
Қан жүрек кайнаған соң ғашықтықпен,  
Ақыл, қайрат білмейді не қыларын.  
Бет қызылы дәл қарға тамған қандай,  
Айналасы ақ таңлақ атқан таңдай.  
Жайнаған көз, қиғаш қас, қырлы мұрын,  
Әжімсіз аппақ саусақ, тіп-тік маңдай.  
Ақ маңдайға жарасқан көмшат борік,  
Қайтып тақат қылармын сізді көріп.  
Жанға еңкеймен дейтуғын зор көкірек,  
Сабыр қалмай бойымда кеттім еріп.

<sup>1</sup> Абай Турашқа: ақындығының байқайын, екі-үш ауыз өлең жа-  
зып әкел дегенде жазған өлеңі. — К.М.

<sup>2</sup> Матай слінің бір қызына хат жазып, Әлмагамбетті жіберсс ке-  
рек. Қыздың реті келмей, Әлмагамбет бос қайтады. Екінші өлеңді  
де қыз атынан Тураш өзі жазған. — К.М.

## ЖАУАП ХАТ

Әлеке, кешікпестен үйіце қайт,  
Турашқа менің айтқан сөлемімді айт.  
Алдауга үргашыны салынбасын,  
Қырық құнгі барымтаға бір құні қайт.  
Албыртқан алып қашты қызбалы жас,  
Өлмestей, өтпес құндей болмасын мас.  
Абиүрдү бойыма қоймайын деп,  
Ісін маган қылмасын кісінің қас.  
Бір жолға сопысына қоймасам да,  
Бір құннен соң болмай ма әммага пәш.  
Дәл осылай боларын құп біледі,  
Шын ғашық болатуғын жарды алдамас.  
Өзінде жоқ нәрсені өзіме деп,  
Алдамақшы болғаны ол жарамас.  
Жазғаны хатындағы бәрі жалған,  
Сөзінде болғансыпты қайғыланған.  
Әуелден алмай қалған жол емес пе,  
Кісіні қара бассын оған нанған.  
Әлеке, шынынды айтшы со да рас па.  
Бетімде ғұбар бар ма биттей қаннан.  
Зарланғансып, асықсып айтатуғын,  
Естіген сөз емес пе талай жаннан.  
Бекерліктің белгісі бетінде түр,  
Азған түрін көрmedім қайғырғаннан.  
Аяймын, ары оның бар демес ем,  
Досын кісі емес қой есіне алған.  
Кіршіксіз шын жүрекке ие жансып,  
Сөзбен жүрек тербету несін алған.  
Жасама мұн жарамас тербетуге,  
Бақытсыз бір өтірік қайлаған.

\* \* \*

Ойландым мен бір өлең айтайын деп,  
Өнерін өлеңімнің байқайын деп.  
Наурызбайдың аулына, Ақыл<sup>1</sup> ағам,  
Жүрмек болды бір барып қайтайын деп.

Әлмеш<sup>2</sup>, бірге жүр деді сонда маған,  
Айтқан соң тоқталам ба Ақыл ағам.

<sup>1</sup> Ақыл ағасы – Ақылбай.

<sup>2</sup> Әлмеш – Әлмагамбст. – К.М.

Екі қара ат пар жегіп шанамызға,  
Аулына Наурызбайдың жүрдік таман,  
Насихат, Рәзиәмен қос құдағый,  
Көп жаннан үргашыда дос құдағый.  
Аузында бір түйірім тәтті сөз жоқ,  
Салиқа тәнір алған бос құдағый.  
Өлең айтпай келмейді топтың сөзі,  
Салғырттау қолыма алдым домбыраны.  
Бір сағаттай отырдым тыңқылдатып,  
Келетін көрінбейді әннің мәні.  
— Құдағый, сіздерге айттар бір арызым,  
Әуелден ән салмағым ол фарызым.  
Сіздер айтшы мендағы естін де,  
Тым құрмаса жоқ па еді ән қарызым.  
Орнынан сол Насихат келді тұрып,  
Бетіме қарады да қойды куліп.  
Анық айып бетіме басылған соң,  
Керегі не кетпедім жерге кіріп,  
Кетті ғой күлгендігі жанға батып,  
Көрмедім сол бейнетті бірге татып,  
Рәзиә, Еркебала<sup>1</sup> қосылып ап,  
Жіберді мұнды қоңыр ән шырқатып,  
— Жүрмісің құрбым есен, Әлмагамбет,  
Ерді үйіне жатқызбас айтылған серт.  
Сорлы қөніл селт етер сырың бар ма,  
Әлде әпкелді ме екенсің өміріме дерт,  
Айтарымды білмедім қалдым не деп,  
Тоқтатар сөз таппадым ойланып кеп,  
Тоқтаулы түйірім сөз таппаған соң,  
Сасқаннан күле бердім құр кекектеп.  
— Апырмай кеттің дер ме тағы танып,  
Көңлім қалып еді шын-ақ нанып.  
Өз қөңлің әуел бастан тартпай тұрса,  
Біреуді неге алдайсың құмарланып.  
— Сенсен, Еркеш, қөңлімде жоқ алдайын,  
Ұзатпай тіке сөзді қысқартайын.  
Ерік иеде, пендеде қайла болмас,  
Бір тағдыр босатпады не қылайын.

<sup>1</sup> Тураш жікіт қүнінде Матаі елінің бір Еркебала деген қызымын уағда стіп алмақ болып, артынан айнып кетеді. Әлмагамбет Ақылбаймын сріп қыздың аулына барады, ол ауылмен бұрыннан құда болса керек, сонда қызбен айтысқаны деп бұл олеңді Тураш Әлмагамбет атынан шыгарады. Шамасы 1890 жылдар болуы керек.

— Шіркін-ай, кетпеп пе едің серт берісіп,  
Айнымай шалқақтамай шын келісіп.  
Құдай білер аузына кірмеуші еді,  
Дүниені елемейтін бейне-ак ерсіп.  
— Айтқаны келе берер кімнің тегіс,  
Тағдыр билеп бараңың сен де еріксіз.  
Досқа достық деріне ылайық па,  
Ағайын-туғаныннан бір жола құс.  
— Мен едім құдай қосқан оның жары,  
Уағдадан тайды қалай барып ары.  
Сәлем айт қайны атам мен қайны енеме  
Естісін сәлемімді баршалары.

### ӘБІШКЕ (хат)

Рахаты көнілімнің Әбіш ағатай,  
Аллаға мәлім шығар біздің де жай.  
Күнде алладан тілеймін жанын сұрап,  
Бізді душар қылдың деп күнге осындей.

Аллаға амалым жоқ қылған ісін,  
Жан қыюға ыразымын бір сіз үшін.  
Өмірімнің осы күнгі бар қызығы,  
Амандастып жолғасып көрген түсім.

Күнде алладан тілеймін ертенді-кеш,  
Тілегім аман-есен жолықлақ тез.  
Көзіме жас аламын үміт қылып,  
Рахым қылуына болар деп кез.

Алла берген жоқ еді бізге үлкен сор,  
Осы күн сырт қампайған, ішіміз кор.  
Пендері шын зар етіп тілеген соң,  
Оңалдырар құдайым рахымы зор.

Рахаттан көрсетті алла қайғы өртін,  
Сізді жазса жазылар ішкі дертім.  
Өмірдің сізден соңғы керегі жоқ,  
Қайтейін тартып жүріп бос бейнетін.

Тілеймін бір алладан жолықсақ деп,  
Тілсіз оймен әр күні зар қылып кеп.  
Өзініз де амалсыз жатқаннан соң,  
Сізден несін тілейін келе көр деп.

1895 жыл

\* \* \*

Бастапқы хатты көріп қалдық шошып,  
Соңғы хаттан жақсылық тұрдық тосып.  
Жүректің шошынғанын, лұп еткенін,  
Қайта оңалған қызыққа кеттік қосып.

Үнге үн жоқ тыңдаپ қаппын хаттың сөзін,  
Хат оқыған ағамда<sup>1</sup> екі көзім.  
Хат біткен соң ағамды абайласам,  
Көз жасаурап, сұрланған көрдім жүзін.

Онаң соң алдық жыртып соңғы хатты,  
Құдайға іштен қылдым мұнажатты.  
Оңалып лазареттен шықтық деген,  
Сөзіңіз жанға жылы болды тәтті.

Бірің ақыл, бірің көрік ағаларым<sup>2</sup>,  
Бұрынғыдан екі есе бағаларын.  
Әбіш ағам бағымыз құдай берген,  
Құдай-ая, сол бағынды қылма жарым.

---

<sup>1</sup> Абайды айтады.

<sup>2</sup> Ағаларым дейтіні Магауиинші да Әбінің қасында болған кезінде жазылған олец. — К.М.

### ЧЕЛКАШ

Максим Горькийден

Пристаньды басқан сасық қара түмандай шаңнан, оңтүстіктің жасыл өуесі ылайланып, жазғы күннің жарық нұры сүрғылт передеден көк теңізге құнғырт түсіп, пароходтардың бүркүлдатқан суларын жарқылдата алмай түр. Жалпы шатырлы кемелер, пароходтар, тар пристаньда ерслі-қарсылы жузіп суды жарып салған толқынын тоқтап тұрган кемелердің кемеріне шылпылдан, жарға, жартасқа соғып сылқылдан, шөп-шар, неше түрлі керексіз заттармен беті шубарланып, езуі көпіршіп жатыр.

Якорьдің шынжырының сыйлдыры, вагондарды тіркестір-гендегі құллір, тасыған жүк, темір нәрселердің шалдыры, тас қорғанға төсөнген ағаш нәрселердің тарсылы, арбалардың дүрілдегені, пароходтың айғайы, қызметкерлердің, матростың пристаньдағы солдаттардың бірде құлақтан откендей абы, бірде күш қосардағы бірігіп салған күжілдек, құнғырт дауысы, бәрін жиганда, қызмет күннің қосылып салған әні, яки зары сықылданып шығады да, алыстауга адасармын деп қорыққандай үнмен жасалған құйын, пристаньың үстінде зарлы қүйін тартып күніреніп тұрады. Астындағы жерден біресе құнғырт, бірде абы дауыс, күннің өткір ыстығымен, қошқыл шанға ұласып, қат-қабат толқынданып көтеріліп жатады.

Жартас, темір, ағаш, тас көше, кеме һәм адам: меркурийдің<sup>1</sup> құшті құтығран сарынына салады. Ал адамның дабысы, олардың арасынан нашарлап әрең естіліп, мазақтап құлкі қылууларына қолайлы. Басында барша шуды тудырган адам, бүгін-аянышты мұсәпір күйде. Беттерін шаң басқан, киімдері сілікпе сілкіп, ауыр жүк баса-баса жыптындаған талтай, бүкірше болып қалыпты. Сасқалақтап, бірде олай, бірде булай шаңнан, ыстықтан, шудан жасалған дүзакқа сүңгіп жүргендері. Айналасындағы дәуір машиналар, таудай жүктөрмен, вагондардың арасында соншалық болымсыз нашар. Сол дәүлдерді жасаған олар: өздері жаратқан заттар: өздерін құлданды, қор қылды.

<sup>1</sup> Меркурий — грек жүртшының сауданың құдайы деп білген норсе.

Буға тойған пароход қастарында тұрып, бірде ысқырып, бірде күжілдеп, кейде ауыр құрсініп шығарған дыбысы сайын, жарлылардың шаң басқан беттеріне қарап мазақтағанға үқсайды. Жүкшілердің пароходтың үстінде, арқандай шұбатылып, мыңдаған пүт нандарды тасып сол пароходтың темір қарнын толықтырмақ болып жүргенін, сол наннаи, бірнеше қадақ нанды өз қарындарына әрең табатұғынын көргенде: еріксіз құлесің. Кийімі жыртық тер басқан, ыстыққа күйіп шаң жұтып, қажыған адамдар. Айдынды, құшті құнге шағылысқан, қапысыз машиналарды, сол адамдар жаратқан. Машиналар өлі де болса, жеке бүмен ғана қозғалмайды, сол жаратушы адамдардың денесінің құші, жүргегінің қанымен қозғалады. Осы салыстырудан, дым сүйік, рақымсыз қалжың көрінеді.

Шу шанышты, шаң тұншықтырып көзді басты. Ыстық құн етті күйдіріп қажытты. Айнала қарасаң, елден асып, шыдамы таусылып, ширығып бір сойқанды салып жіберіп, кең дүние ғып шығып таза әуеден деп алып, еркінше ен жайылып, дүниеге тыныштық орнап, мынау адамды қайғы басып қажытқан бейнет жоғалып, қала да, дала да, теңізде тып-тыныш рахат болатұғындай көрінеді. Бірақ солай ғана көрінеді. Солай болатұғындай болып көрінетұғын себебі: заман түзелер деген үміт шаршаған жок. Бостандық құн туар деген талап, олардың жүргегінен өлген жок.

Қоңырау дәл он екіні соқты. Қоңыраудың соңғы даңыры, акырындан барып өшкенде: еңбектің жынды күйі де басылып жартысына барып қалды: бір минут өткен соң, тіпті өшіп, өкпелі, құңқіл сыйқылданып қалды. Енді адамның дабысы, теңіздің салдыры естіле бастанды. Бұл түскі тамақтың уақыты еді.

## I

Жүкшілер қызметтерін тастай беріп, пристанының ішіне бытырап, жақын лавкалардан тамақтарын алысып, қорғаның ішіндегі жүктөрдің көлеңкесіне тығылып отырып, тамақтарын іше бастағанда, Гришка Челкаш кіріп келді. У жеген қасқыр: оларға ежелден мәлім, маскунем, өткір, ыңғайлы ұры. Ол жалаң аяқ, жыртық шалбар, жалаң бас, кір-кір шыт койлектің жағасы жыртылып, омырауы аңқылып, құнге күйген қызыл төсі адырайған төс сүйектері көрініп тұр. Собалак буырыл шашынан арам құс түрлі имек беті шашылғандығынан, жаңа ғана үйқыдан тұрып келгендігі көрініп тұр. Бір жақ мұртында жабысқан салам жүр, екінші бетінің сақалын қырған қылтанағына бір салам ілініпті. Жасыл жапыракты

жұлып алып, құлағына тыға салыпты. Сүйекті, арық, қапсағай, ұзын бойы бар. Жайған тасқа, ақырын аяндал, имек мұрнын созыңқырап, өткір көзін жан-жағына тастап, сұық жасыл көзі жарқылдап, жүкшілердің арасынан біреуеге қарады. Ұзын бурыл мұрты, мысықтың мұртындағы қозғалып тұрады. Арқасына ұстаған ұзын қолы, бірін-бірі үкалайды. Дәл өзіндей жыртық киімді адамнан көз тұнжыраған қалың ортасында қаршығаға үқсаган түрімен өзіне адамның көзін түсіреді. Жыртқыш жүдеу сыйқы тышқан андыған мысықтай, андып басқан жүрісі, сырт көрінісі, жәп-жәй, момын адам. Жүргегіне қарасаң, қайнап түр. Қадалған қырағы қарасы, дәл өзі еске түсірген қаршығадай.

Бір топ тас көмірдің көлеңкесінде тамақтанып жатқандардың қатарына келгенде, бір сүйегі тұтас, жүзі сезімсіз, мойны қызырып жыртылған не қылса, таяқ жеген сықылды жас жігіт тұра келіп, Челкашпен қатарласып аяндал құбірлеп сөйлесіп бара жатып айтты:

— Кемеден екі жерден бұл жоғалды, іздеп жүр, есіттің бе, Гриша.

— Ал не қыл дейсін, — деп Челкаш, бас-аяғына қарады.

— Не алы бар. Іздеп жүр, онан басқасы жок, деді жігіт.

— Мені сұрастырган шығар, табысып берсін деп. Соңан соң Челкаш қырағы көзді добрфлоттың үлкен жүк кілетіне тастап жіберіп, өткір күлімсіреді.

— Кет, шайтан, — деді жігітке.

Жолдасы қайта қайтты.

— Ей тұра түр. Сені кім әдемілеп жіберген... Қалай мағлұм данасын бұзған... Мишкины көрдің бе?

— Көптен көргенім жок, деп айғайлады, жолдастарына тақала беріп, Челкаш ілгері аяндады. Жолыққан жанның бәрімен ежелгі досы, ескі тамырынша сөйлесіп, әммесі ашық көңіл, өткір тілді Челкаш бүгін олай емес, реніштеу, сұраған сөзге қатаң дыбыспен шолақ жауап қайырады.

Абайсызда үйілген жүктің ар жағынан құзетші солдат, қошқыл жасыл шаң басқан киімі бар, әскери жандарша киінген шыға келіп Челкаштың алдын қоршап тұра қалып, кел деген пішінмен сол қолмен қанжарын, оң қолымен Челкаштың жағасын ұстап.

— Тоқта. Қайда барасың, — деді.

Челкаш бір қадам кейін басып, көзін ашып қадалта қарап, сұық пішінмен жымиды.

Солдат: жұмсақ, майда түрін айдынды түрге баламын деп, бетін күмпітіп еді, дәп-дөңгелек, күп-күрен болды. Қабағын ғана қымылдатып, көзін адырайтқанда, бір турлі құлерлік болды.

— Пристаньды баспа, бассаң қабырғанды қиратамын деп өлде қашан айтқамын. Тағы келдің бе, — деп акырды.

— Аман ба, Семенич. Біз көріспегелі көп заман болды гой, — деп Челкаш жайынша амандастып, қолын созды.

— Мейлі, жұз жыл көріспесем де, жур, — деді солдат.

— Уай, Семенич, тым болмаса ұсынған қолды ал, — деді Челкаш.

— Мына бір сөзді айт, сен Мишканы көрмедің бе? — деді Челкаш қышқаштай қолмен Семеничтің қолын қатты қысып.

— Мишкасы кім? Мишка дегенді білмеймін. Кет енді туған, әйтпесе кілет бастығы көрер, соナン соң бәлем...

— Анада, менімен бірге костромға қызмет қылған жи-рен, — деп Челкаш өз сөзінде түр.

— Менімен бірге үрлық қылатұғын десенші. Оны поли-цияға әпкеткен. Сенің Мишаңың аяғын шойын штікпен басып қиратқан.

Кет енді, мен әлі ақылмен айтып тұрмын, әйтпесе же-ке жеп шығарсың.

— Бәссе. Жаңа Мишканы білмеймін деп едің, енді білдің. Сен неге ашууланып тұрсың.

— Уай, Гришка, сен кердендемей ғана кет.

Құзетші ашуулана бастады. Жан-жағына жалтақтап, Чел-каштың қышқаш қолынан қолын босатпақ болып жүлкү-нып қарады. Челкаш жай бағызұр, қалың қасының асты-нан қадала қарап, мұртымен жымып күліп, қолын босат-пай сөзін сойлей берді.

— Сен мені асықтырма, мына сөзге жауап бер, соナン соң мен кетемін. Қалай тұрсың? Қатын-балаң аман ба? Қатты ашулы көзін қадап, ашы күлкімен тісін ақситып айт-ты: Мен сіздікіне қонаққа бармақ болып қамдансам да, уақытym болмайды ішемін де кетемін, — деді.

— Уай, уай... Сен оны қой... Сен қалжында ма, сүйікті албасты. Мен шырағым анығында... Әлде сен үй-үйге кіріп, көшеде талауға айналыстың ба? Неге. Сенің осы жердегі мүлкің де екеумізге өмір бойымызға жетеді. Құдай ақында Семенич, жетеді. Сен тында, тағы да екі жерден бұл қақшы-дың ба. Байқа Семенич. Сақ бол. Қолға түсіп қалма.

Челкаштың жұзқаралығына күйіп кетіп, бар денесі сел-кілдеп, түкірігі шашырап, бірдене айтпақ болды.

Челкаш оның қолын қоя беріп, ұзын аяғымен қақпаға қарай аяңдады. Құзетші талқан болып, боктап артынан еріңкіреді.

Челкаштың көңілі ашылып, тісінен ыскырып, екі қолын шалбарының қалтасына сұғып, жай адамдай асықпай аяң-

дап, жан-жагына өткір қалжындарын айта тастап барады, жүкшілер де, қалжынына қалжыңмен төлеп жатыр.

— Гришка, сені үкімет қандай қорғап жұр, — деп, бір асын ішіп алған жүкші артынан айғайлады.

— Рас, мен жалаңаяқ, мына Семеничты көрмейсің бе. Аяғын тілгізіп алар деп андып келе жатқанын, — деді Челкаш. Қақпадан шығарда екі солдат Челкаштың о жер, бұжерін сипалап қарады да, көшеге таман нұқып жіберді.

— Жібермендер, — деп Семенич қорғанда тұрып айғайлады. Челкаш жолдан көлденең өтіп, қабактың есігіне қарсы кішкене орындыққа отырды.

Пристаньын қақпасынан жүкті арба, арқандай созылып, күрілдеп шаңдатып, шыға бастады. Бос арбалы бережбайлар, қарсы кездесіп жатыр, пристань қалың ду, қою шанды будактатып шығарып жатыр.

Мынау шын дуда Семеничпен шайқасып қалған Челкаш, әжептәуір көтеріліп қалды, алдында аз еңбек, көп ерлік тілейтүғын мол олжа құліп тұргандай болды. Ондай өнері барлығына козі жетеді, көзін сығырайтып ертенгі үсті-басы түзеліп, қалтада ақшасы мол, сайрандайтүғын қызығын ойлап, сонан соң ойына Мишка жолдасы тұспіп, бәлай аяғы сынбаса, бүгін түнде керекке жарайтүғын еді-ау, деп қамырып, мұның бәрі жалғыз қолымнан келмейді, деп күңкілдеп үрысты. Тұн қалай болар екен, — деп аспанға һәм көшеге қарады.

Алты қадамдай алдында, жолдың жағасында, орындыққа арқасын сүйеп, жас бала жігіт отыр. Шұбар шыт көйлегі бар, шалбары жыртық, аяғында шабата, жыртық курен қалпағы бар. Жанында кішкене шөңкө мен орағы жатыр. Баланың жауырыны жалпақ, сүйегі тұтас, беті тотықсан, жарылған, үлкен көк көзді, жұмсақ нанғыш шырайын салып, Челкашқа қарап тұр.

Челкаш тісін ыржитып, тілін салбыратып, көзін бақырайтып, балаға қарай қалды.

Бала басында ұғынбай көзін жыптықтатып, сонан соң шұғыл қарқылдап құліп жатып, әй, қу — деді де, өз орнын жылжып Челкаштың қасына келіп, шөңкесі мен орағын сүйретіп тартып алды.

— Е, аға, жақсы ақ гулят еткен екенсің. Челкаштың шалбарынан тартты.

— Ондай-ондайдың болып кеткені рас, — деп, Челкаш құлімсіреп мойнына алды.

Көрген жерден-ақ жас жігіт коніліне ұнап кетті.

— Шалғымен жүрсің бе?

— Иә, бір шакырым шапсан, бір тиын аласың, қызмет жаман.

Халық жаман.

Аштар сүйретіліп келіп, бағаны бұзды. Қайтерсің. Кубаньға барсан, алпыс тиын төлеуші еді, ол жарайды. Бұрын үш теңге, төрт теңге, бес теңге де болушы еді, дейді...

— Бұрын ба. Бұрын орыс жігітін көргенге үш теңге төлеуші еді, мұнан он жыл бұрын, мен де осы іспен айналысқанмын. Бекетке келесің, орыс жігіт. Болды, үш теңге береді, қанша ішесің, жейсің, калағаныңша қанша тұрсаң мейлің.

Бала басында Челкаштың сөзін аузы аңқыып таңданған пішінмен тыңдал, ақырында далба шалдың алдаған отырғанын білліп, ернін шылл еткізді де, сақылдаш күлді. Челкаш күлкісін мұртына жасырып, салқын жүзін сақтаған болды.

— Әй, ку, бейне шынды айтып отырған кісі секілді, мен сеніп барамын.

— Жок, құдай ақында, бұрын онда...

— Ал, мен нені айттым. Мен де бұрынғы онда болғанды...

— Кет әрі, — деп бала қолын сілтеді. — Етікшімісің. Әлде тігіншімісің? Сен.

— Мен бе, деп қайта сұрап. Мен балықшымын...

— Балықшы! Қара сен. Не үстайсың, балық па?

— Неге, бір ғана балық бола ма. Мұндағы балықшылар жеке балықты ауламайды, көбінесе: суга кеткендерді, ескі яқірлерді, суга батқан кемелерді — бәрін. Осыларға лайық қармақ бар.

— Іскең, ыскырт. Сондай балықшылардың өздері үшін айтқан өлең шығар, мынау өлең.

Біз ауды жаямыз құрғақ жағаға. Амбарларға, кілеттерге.

— Сен ондайды көрдің бе? — деп Челкаш сұрады, күлім-сіреп бетіне қарап, мынау, жап-жақсы жігіт, ақымақ, деп ойлады.

— Жок, қайдан көрейін. Естігенім бар.

— Үнатасың ба?

— Оларды ма. Несі бар. Жақсы жігіттер, азат, ықтиярлы жандар...

— Саған бостандақ неге керек? Әлде бостандық сүйесің бе?

— Неге сүймеймін. Өзіңе өзің қожа, мейлің қайда барсан да, істей бер—не үнатасың... онан әрі не керек. Бірақ түзу жүре біл. Желкенди басып тұрган тас жоқ — ең алды. Ойнай бер, күле бер, бірақ құдайды ұмытпа.

<sup>1</sup> Кубань — бір қалашың аты.

Челкаш тыжырынып кетіп, түкіріп, сұраған сезін үзіп, баладан теріс қарап кетті.

— Мына, ендігі менің жұмысым баланың тілі шешілді:

— Менің әкем өлген соң, малымыз аз, шешем кәрі, жер тозған, енді маған не қылу керек. Өмір сұру керек, қалай. Мәлім емес. Біреудің қызын алсам, жарайды. Дүние-ай, қызына енші беріп шығармайды-ау... Жоқ, атам, бәле болмайды. Мен онда бір жылма қорлықта жүремін, қараши қандай іс. Уай — жұз, жұз елу теңге қолыма түссе-ау, мен шаруамды, қазір аяғынан түргызар едім. Антиф<sup>1</sup> шалғымен шап. Мейлі Марфа<sup>2</sup> бүлінсін, бүлінбесін. Керегі жоқ. Құдайға шүкір, қалада қыз көп, мен өбден азат боламын, әне, сонда, деп жігіт күрсінді.

— Енді күйеу болғаннан басқа жоқ. Кейде ойлаймын: Кубанъға барсам, екі жұз теңге қақшып, айда. Бай... Әне сонда... Эй, әй. Онаң іс шықлады... Ал, күйеу боламын, мен қаңғырған кедей... Шаруамды түзету жоқ. Ой-бой.

Баланың күшік күйеу болғысы келмейді-ақ. Бетін қайғы басып кетті. Қатты түнеріп жерге қарағанда Челкаштың көңілін беліп әкетті.

Челкаштың көңілі баладан қайтып қалса да, енді қайда барасын? — деп сұрап қалды.

— Қайда барасың дейсің бе. Ей, үйге барамын.

— Уай, інім, оның маған мәлім емес... Әлде түрікке баратуғын шығарсың...

— Түрікке... Қай християн барады. Кім айтады? — деді. Эй, сен бір акымақ екенсің, — деп Челкаш теріс қарап кетті. Бұл жолы енді бұған бір ауыз сөз де қатпаспын деген көңіліне келді. Мынау деревняның дені сау, жас жігіттің, Челкаштың көңілінен бір нәрсе оятып жібергендей болды.

Жүргінің тереңінде бұғып жатқан қайғы тіріліп, бүгін түнде істемек ісін ойлауына бөгет қылды.

Сөгіс алып қалған жігіт, мыңқылдан, көзінің астымен қарап, беті бұртыйып, ауызы күмпий, қисайған көзі жынында, күлерлік болды. Ол мына ұзын мұрт сімтікпен сөйлескен сөзі, былайша тез үзіліп, сөгіліп қалармын деп ойлаган емес еді.

Ол сүмпайы, қайтып есіне де алмады. Ол ойға кетіп отырган кісі секілді. Ісқырып салған әніне, өкшесін соғып отыр.

Жігіт естіген сөгісінің орайын алмақ болып отыр.

<sup>1</sup> Антиф — атасы.

<sup>2</sup> Марфа — қалындығы.

— Ей, балықшы. Сен өмсө ішіп жүресің, — дей бергенде балықшы бетіне жалт қарап, айтты:

— Тында, шикі. Бұғін түнде маған қызмет қыласың ба?.. Айт шапшаң.

— Не жұмыс қыламыз? — деп сенбей сұрады, жігіт.

— Не жұмыс... мен не бұйырсам, соны істейсің. Балық аулаимыз, қайық есесің бе?

— Олай болса, несі бар. Жарайды. Бірақ бір пәллеге ілігіп қалмасам, саған еріп... сен дым қараңғысың...

Челкаштың ішіне от тұскендей болды. Ызғарлы дыбыс-пен күбірлеп: — Сен білмеген соң, былшылдама. Мен, мына тоқтастай жұдырықпен басыңа берсем, іші жарық болады... деді.

Орнынан ұшып түре келіп сол қолымен мұртын шираптып, оң қолының сүйекті, ұлken жұдырығын түйіп, көзі отша жарқырап түр.

Жігіт шошып кетті. Шапшаң, жан-жағына қарап, жаутаңдап, кірпігін қундізгі үкіше қағып, орнынан түрді. Бірінің бірі басынан аяғына қарасып, жым-жырт тұрысты.

— Ал, — деп сұық сұрады Челкаш. Өзі қорға балап отырған жігіттің тіліне қүйіп кетті. Сойлескен сайын кемсітіп, жиркенетүғын. Енді қуншілдік қысып кетті... Барайын десе қаласы бар, уйі бар, бай қайны бар, тіпті, баланың өткен күнін алдындағы тілеуін, бәрін құнделді. Челкашпен салыстырғанда, бір акымақ, оған да бостандық керек, оның бағасын білсе екен-ау. Қашан да болса, адамға аңы тиетүғын іэрсе, бір қорға балап жүрген адамның, сен сүйгенді, о да сүйетүғын болып, сен жиркенгеннен, о да жиркенетүғын болып шыққаны.

Жігіт Челкашқа қарап, оны өзіне қожа сықылды көрді.

— Тіпті мен дайынмын, іздегенім қызмет, маған бәрі бір, тек қызмет табылса болғаны, сені балықшыға үқсамайсың деп қана айтамын... Өте жыртығын көбейіп кетіпти... Мұнданай түр әр адамда болады, құдай біледі, талай пянішкіті көрген шығармын, бірақ сен сықылды емес.

— Жарайды. Жарайды. Риза болдың ба? — деп жұмсақтау шыраймен сұрады.

— Мен бе. Айда. Дайынмын. Қакынды айт.

— Қақы, қызметке қарай болады, қандай қызмет болар екен, қармаққа ілінуге қарай. Бесті де алып қаларсың, үқтың ба?

Сөз ақшага айналған соң, крестьянның баласы, дәлдегісі келді. Жігіттің көніліне сенімсіздік жүріп:

— Бұл менің қолым емес, аға. Менің қолымға жасыл ғана тисе екен, — деді.

Челкаш баланың оң жамбасына мінгенін біліп:

— Сөзді қой. Жүр, тамақ ішелік, — деп трактирға таман аяндады. Екеуі қатар, көшеде аяндал келеді. Челкаш бай секілденіп көркейіп мұртын шиratып, бала — әміріне даяр қызметкерше мойындаап, бірақ сенбей қорқындыrap ішінде келеді.

— Сениң атың кім? — деп Челкаш сұрады.

— Гаврила, — деп жауап қайтарды.

Олар қір-кір, сасық трактирға келген соң, Челкаш буфетчикке<sup>1</sup> келіп, дарбаза дауыспен үй адамы сықылды түрмен бір бутылка арак, сорпа, майға қуырған ет, шәй, сұраған нәрселерін есептеп, “нисиеге” деді. Буфетчик басын изеді. Байының далба киімі, залым түріне қарамай, мұншалық абыройын көріп, Гавриланың көңілі тойып, байып ардақтауға айналды.

— Ал, асты ішіп отырып сөйлесеміз, сен аз уақыт отыра түр. Мен бір жерге барып келейін, — деп Челкаш шығып кетті.

Гаврила айнала қараса, трактир подполда екен: ішінің бәрі қаранды, адамды қакалтатуғын улы өуеге толған. Арактың исі, темекінің түтіні, қарамай, соларға үқсаған исі ауыр заттардың ісі. Гаврилага қарсы столда бір мас матрос отыр, жирен сақалын, қалпынша қарамай мен комір тұтып қалыпты, ол біресе шиқылдаап тамағы жабысып, біресе өлшеусіз барқырап, ортасынан үзілген өлецін айттып, ән салған болып отыр, оның орыс емес екені көрініп түр.

Оның артында киімдері жыртық, шаштары қара, беттері күнге құйген, молдаванның екі жастау қызы шырылдаған аңы дауыспен мастиң әнін салып отыр.

Қаранды түкпірде, шашы-сақалы дудардай, беті жаншылған сері мастава ақырып, бақырган біреу көрінді.

Гаврилаға жалғыздық білінді, жүрегі бай шапшаң келсе екен деп тілей бастады. Трактирдың даусы: біртүрлі зор хайуаннның өкіргені сықылданды, неше алуан үні бар, тас қабыргадан қысылып, жүзіп жарып шығып жатқандай. Гавриланың көңіліне денесін мас қылатуғын үді сорып, сондыктан басы айналып, көзі қарауытып бара жатқандай болып, қайтер екемін деп шошынып, трактирге айнала қарады.

Сөйтіп отырғанда Челкаш келді. Олар да ішіп, жеп сөйлесе бастағанда, үшінші румкеде-ақ Гаврила мас бола бастады. О да көсліп, байдың көңілін көтеретін сез тауып айтпақшы болып қамданып, бай не деген аяулы. Бір еңбегін көрмей тұрып, мұншалық тәтті тамақтармен сыйлап жатыр. Сөз бу-

<sup>1</sup> Буфетчик — арактың, астың басшысы.

дағымен келіп, алқымына тығылып, бірақ аузынан шығарда бытырап басы құралмайды, шұғыл ауырлап кетті.

Челкаш оған құлімсіреп қарап айтып:

— Эй-төре, болған екенсін, бес-ак румке. Жұмысты кайтіп істейсің? Дос, — деп Гавриланың тілі оралып қорқып: мен сені ардақтаймын. Мәселен, былай. Кел сүйейін...

— Жарап, жарап. Мә, тағы да қақ, — деді.

Гаврила қағып салған соң, сондай-ақ халге келді, үйдің ішіндегі нәрселердің бәрі шайқалып көшіп тұрды. Бұл жәйсіз, мазасыз тиіп, жүргегін көтерді. Оның беті мастықпен масайрап, бір нәрсе айтпақ болып зорланса, тілі сөзге келмей, құр ерні шылпылдан, мінгірлейді. Челкаш оған кадала қарап, бейне есіне бір нәрсе түскендей болып, мұртын ширатып құлімсіреп тұр еді, енді түйілген ашулы тұрге мінді.

Трактир мастардың айқайымен күжілдеді. Мас матрос етбетінен столды басып үйықтапты.

Челкаш түрегеліп, ал, жүрелік деді.

Гаврила үмтылып тұрмақ болды да тұра алмай, қайтадан қатты боктап, отыра кетіп, мастардың мағынасыз құлқісімен құлді.

Гаврила ақылсыз көзімен Челкашқа қарап, беталды каркылдан күліп жатыр. Ол оған қадала қарап, ойланып отырды. Гавриланың тағдыры мынаның қасқыр аясында. Ол Челкаш, мынаны папирос қағаздай қалай ораймын десе, еркі. Ойып қартасындағы екі үзсе де еркі. Қайта оңалтып крестьян қалпына түсірсе де еркі. Бір адамға қантал әмірі жеткеніне рахаттанып ойлады, мынау жас жігіт, құдайдың маған арнаған шарасын өмірінде шеше алмас деп күледі, біреке жастығына жаны ашыды. Мазақтап құлді де, мен сықылды біреудің қолына түседі-ау деп аяды. Ақырында әкесі, яки қожасы сықылданған сезім жеңіп, жасты аяды, бір жағынан керек те. Челкаш Гавриланы қолтығынан сүйеп, тізесімен артынан итермелеп, трактирден шығарып, қорғандагы отынның қөлеңкесіне жатқызыды. Қасында отырып, темекісін тартты. Гаврила азырақ шайқақтап, күжілдеп барып үйықтады.

## II

Күректі ынғайлап жатқан Гаврилага, — болдың ба? — деді Челкаш.

— Кәзір. Құлағы қисайып жатыр. Күрекпен соғып жіберейін бе, — деді Гаврила.

— Жок, жок. Биттей дыбыс шығарма. Қолыңмен қатты бассаң да, орнына барап.

Бір кеменің құйрығына байлаған қайыкка екеуі отырып, ақырын жылжыды. Сықырлаған кемелер, бірінде емен тақтай толып тұр. Бір жерде түрік кемесі тұр, жарты жүгі түсірілген, жартысында құрма ағашы, сандал ағашы, жуан кипарис ағашы салынған.

Тұн қаранды аспанды жылжып көшіп жатқан қара бұлтар. Теніз қап-қара, жым-жырт қою май сықылды, дымқыл, ашы исі аңқып, кемеге жағаға сокқан дыбысы сылқылдаған күлкі де, кулакқа жиі тиеді, қайықты ақырын тербетеді. Теніздің жағалауында кеменің үшкір бастары, әуге кіріп басындағы жарықтар жарқырап, сөулесі суга түсіп, толқынға сары тақта салып, қара барқыттай теніздің түсіне жарасып тұр. Теніз, күндізгі қызметтен шаршаған еңбекшілдей, тәтті үйқыда жатыр.

— Журелік, — деді Гаврила, қүрегін суга салып.

— Жарайды, — деп Челкаш қайықтың құйрығымен қасындағы кемені қатты итеріп жіберіп, кемелердің арасымен жылысып жөнелді. Қайықты қозғап жібергенде судың беті жасыл, жары тақталанып, желге қарсы жүрген сұлудың мойнындағы торғын орамалдай созылды.

— Е, басың қалай? Ауыра ма? — деп жылы ұшырап сұрады Челкаш.

— Жөнсіз. Қазандай күйіп тұр. Кәзір сулаймын, — деді Гаврила.

— Неге? Мә, сен мынамен ішінді сула, кәзір жақсы болып кетесің, — деп бөтелкені ұсынды.

— Солай! А, құдай, сақтай көр, — деді Гаврила.

Ақырын, сылқылдатып жұтқаны естіліп тұр.

— Эй! Інім, тоқта, — деп Челкаш тоқтатты.

Қайық қайтадан кемелердің арасымен, салдыратпай ақты. Шұғыл кемелерден сыйылып шыққанда шексіз жарқыраган қайратты теніз ашылып кетті. Қек даға шыққанда таудай қара бұлтар, судан шығып аспандың көтеріліп жатыр, ақшыл жасыл, сарымен көмкерген, теніздің жалықтыратуғын түсін қара бұлттың қоленцесі басып, ақылды жанды тітіретеді. Бірінің артынан бірі жылысып, бірде қосылып, бірде ашылып, бірін-бірі күып әлсін-әлі түрін бұзып, қап-қара бұлт түнеріп кеткенде ажалды еске салады. Бейне, жағада қалың тобы бар, бәрі басын қосып адамның көзіне қызықты, көніліне арман туғызатын сансыз жұлдыздарды, теніздің төсіне ойнамастай қылалық дескен сықылданады.

— Теніз жақсы ма? — деп сұрады Челкаш.

— Жоқ! Қатер ғой, мұнын үсті, — деп Гаврила жауап

кайырды. Бірқалыпты күшті күргөн шылпылдатпай есіп келеді, ұзын күрекпен ескен сайын сарыала тақта созылып еріп келеді.

— Қоркынышты! Эй, ақымақ, — деп мысқылдағы Челкаш. Ол үры, һәм тілі былауыт. Тенізді сүйеді. Өзінің оның ашулы табиғаты ынтыққан құмары, мынау шексіз қалың қайраты, қараңғы тенізге тойған емес. Өзінің катты сулу деп таңыған нәрсесіне, мына сықылды жауап алғанына шамданды. Артта отырып қайықтың қүйрыймен суды тіліп, алдына қарап, барқыттай тенізде қаша жүзсе де жалықпас еді.

Тенізге жүзгенде көніліне жұмсақ, жылы сезім келіп, көнілі ашылып, дүниенің қара пифылынан сейілетуғын. Сондықтан артықша бағалап, өзін су үстінде төуір деп біле-туғын. Бұл жерде де өмірдің бағасы кеміп, басы бәйге ерлікке, екінші бәйге өмірге тиеді. Теніздің үйқыдағы дыбысы жұмсақ, қалқып жүзеді, сол күшті леп адамның жанына ұласып, жүректегі жаман құлықты жоғалтып, оның орнына күшті қиял туғызады.

— Ойбай-ау, аудың сайманы қайда — деп сасқалактап жан-жагына қарады Гаврила.

Челкаш тітіркеніп кетті.

— Ау сайманы мында, менің қасымда, — деді.

— Ол қандай сайман? — деп сенбекен дыбыспен сұрады.

— Қандай? Суга тастайтуғын... һәм деді де.

Сырын жасырып, балага отірік айтуда үялды. Және ойлау отырган тәтті қиялын бұзып жібергеніне ыза болып белгілі ашу жүрегін өртеп алқымына тығылып, ызгарлы дыбыспен Гаврилаға айтты:

— Сен қәзір қалай отырсан, солай ғана отыр, өзіңе тиіссіз іске кіріспе. Күрек есуге жалдағамын, ескенінді біл. Егер сөйлей берсөң, жаман болады, үқтың ба?

Бір минут қайық шайқақтап, тоқтап қалды. Күрек суда жатыр, Гаврила орындығында қалбақтап жур.

— Ес, — деді.

Қатты ақырган дауыс әуені жаңғырықтырды. Гаврила күректі қатты сілтеп ескенде қайық шошығандай суды жара ағып берді.

— Бірқалыппеи.

Челкаш нормадан тура келінкіреп, күректі қолынан болатпай сұық козін қадап дірілдеген ернін Гавриланың бетіне тақап, алдына үңілгенде секіргелі тұрган мысыққа үқсады. Тісінің сақылдағаны естіліп тұр.

— Ақырган кім? — деген соң, сұық дауыс сап ете түсті.

— Ал, шайтан, ес. Күректі ақырын сал. Өлтіремін ит. Бол ес. Бір-екі. Тырп етпе бірақ. Талқан қыламын, — деп Челкаш сыйырлады.

— Ә, құдай, ... Я машайық... — деп Гаврила сыйырлап, қалтырап, әрі қатты кимылдан, әрі шошынғаннан өлсіреп кетті.

Қайық қайта бүрүліп пристаньға қарай қайта салды, неше түсті фонарлары топтанып матшасы көріне бастады.

— Ей, ақырган кім? — деген дауыс тағы естілді.

Бұл жолы алғашқыдан алысырақ. Челкаш тынышыға бастады.

— Тамыр, өзің ақырган, — деп дауыс жаққа айтты да, енді Гаврилаға қараса, әлі дүғасын оқып келеді.

— Ал, інім, сенің бағың болды, егер анау шайтандар куса, сенің көзің жоғалып еді.

— Сездің бе. Мен сені бір-ақ... балыққа...

Челкаш жайланаип, қалжындағы бастады. Гаврила әлі дірілдеп дүғасын сыйырлап айтып келеді. Жыламсырап:

— Тілеймін мені босат. Құдай үшін тілеймін. Тоқтат бір жерге. Әй-әй-әй, біржолата жоғалдым. Құдайды ойла, босат, мені не қыласың? Бұл қолымнан келмейді. Мұндай істе болған емеспін. Қоргенім сол. Уа, құдай, жоғалдым-ау. Сен мені қалай байладап алдың? Обал емес пе? Жанынды жоясың-ай, жұмыс...

— Қандай жұмыс? — деп сұық үнмен, — қандай жұмыс?

— деп Челкаш тағы сұрады.

Баланың қорықаны оған ойыншық болды. Гавриланы қорқытып, өзінің айдынды кісі болғанын рахаттанды.

— Қараңғы жұмыс-ай... Құдай үшін босат. Мениң керегім не?

Қалқам...

— Үндеме, керек болмасаң, мен сені алмас едім, үқтың ба?

Енді үндеме.

— Ой, құдай, — деп жыламсырап, күрсінді Гаврила. Жарайды, жарайды. Менде құбыжық бар, — деп Челкаш көңлін тоқтатты.

Гаврила көңлін тоқтата алмай жылады, солқылдан өкесіп, сінбіріп тастап, бүрынғыдан жаман қатты есіп келеді. Қайық жұлдыздай ақты. Тағы да кемелердің қарауытқаны көрінді. Қайық тағы да, кеменің арасымен жылпылдан ақты.

— Ей, сен, тыңда! Егер біреу кімсің деп дыбыстаса үнде-ме. Егер тірі болайын десен. Үқтың ба.

— Үн... — деп, үмітін үзіп, Гаврила күрсінді де, ананың сөзіне қайғылы дауыспен, — мениң ажалым жетті, — деді.

— Ұлыма! — деп, нықтап сыйырлады Челкаш. Гаврила мына сыйырды естіген соң, үйтсе-буйтсе деген ойдан айырылды. Ұлы сүмдықтың хаупі бойын алып, тастай қатты,

жансыз машинаша жүргегін бірессе суга салды, бірессе алды, көбінесе аяғының басын қарайды.

Тұнгі толқын, біртүрлі тажал пристаньың жартастай кемерінің ар жағынан адамның даусы естілді. Судың шылпилі өлең һәм жіңішке ысқырған дыбыс.

— Тоқта, — деп Челкаш сыйырлады. Қүректі таста. Қолыңмен қабырғаға сүйен. Ақырың, шайтан...

Гаврила шылпилдақ тасқа қолымен сүйенді. Қайықты сырғытып кемемен катараптады. Қайық тасқа жабысқан шылпилдақпен дыбыссыз сырғыды.

— Тоқта. Қүректі бер. Экел бері. Билетің қайда? Түйіншегінді шығар. Экел түйіншегінді. Бол шапшаш. Мұның бәрі қашпасына бола.. Енді кете алмайсың. Қүрексіз бірдеме қылыш кетер ме ең, ә билетсіз кетуге қорқасың, тос мені егер тырп етсөн, теңіздін түбінен табамын...

Челкаш лып етіп бір нәрсемен көтеріліп кеменің қабырғасынан асып жоғалды.

Гаврила күрсінді. Осының бәрі жып-жылдам болды. Әлгі ұзын мұрт, кәрі ұры бардағы басып түрган ауыр қорқыныш үстіне сырғанап түскендей болды. Енді қашу керек... деп созып демін алып, жан жоқ үлкен табыт толқын соққан сайын қарсы шыққан жаңғырығы ауыр күрсінге ұқсайды. Оң жағында суды жарып салған тас қабырға сүп-сүық жылан секілді. Артында үлкен қара нәрсенің тұлғасы көрінеді. Алдында әлгі үлкен табыт пен тас қабырғаның арасынан бұлттың коленкесі басқан теңіздің суы, қап-қара болып көтеріліп, ақырын сырғып адамның зәресін алып, салмағымен жанышқалы түргандай. Бәрі қап-қара сүық тажал. Гавриланың зәресі үшты, мына қорықканы Челкаштан қорықканынан жаман, тұла бойын алып, сынтастай қатырып, қайықтың орындығына шегелеп қойғандай қылды.

Бір ғана теңіздің күрсінгенінен басқа дыбыс жоқ, жымжырт. Бұлт баяғы қалпында аспанды алып ақырын жылысып, ішті пысырады. Теңізден шығысы бұрынғыдан да молайған. Аспанға қарап тұрып, оны да теңізге ұқсатуға болады. Тыныш үйқыны сиптирып тастап буырқанып кеткен сыйылды. Бұлттар будыраған, жал-жал болып жерге үмтүлған толқындай, күйіп жасап, толқын шығаратуғын құздай, бірінен-бірі асқақ толқын, бетін жынды ашулы, көкшіл көбік қантай қойған жоқ.

Гавриланы мынау караңғы жым-жырттық, тамаша сұлулық басын алғандай болды. Көнілі байып көксей бастады. Нағып қайтпай қалады. Заман өтпейді, бұлттың қөшкенінен де шабан. Жым-жырттық. Түрган сайын тажал болып барады.

### ӘКЕМ АБАЙ ТУРАЛЫ

Менің әкемнің биографиясына, керекті создерді жина-  
мақшы болған азamatқа менің әкемнің жалпы әдепті міне-  
зін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандағы қал-  
пын, түрін, киген кімін, отырган-турғанын, сойлеген сөзін,  
қуанган не ашуланғанын жазбағы қажет екен. Менің әкем-  
нің замандасында қalamға үйір, коргенін-білгесін қағазға  
түсіре білері аз болған соң, амалсыз озім жазбақты мойны-  
ма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-гүрпyn баласы жазбағы  
менің білуімше солақай секілді.

Мен бұрын мұндай созді жазып, иә жазған адамның  
кітабын оқып, танысқан адам емес едім. Бір құнгі, бір  
жердегі коргенімді есіме алып жазғаныммен сұраушы аза-  
мattyң коңіліндегі арманын актай алғандай емесспін. Соң-  
дықтан әкемнің озімнің білгелі қадерімше, жалпы міnezін  
алыстан алып кеп, толғап жазғым келеді. Бұл создерді ке-  
рек қылған азamat мол бұлдан керегін пішіп, корытып алар.

Мен әкемнің кіші жамағатынан туған тұңғыш баласы-  
мын. Әкем екінші жамағат алғанда, бастапқы бәйбішесі  
оziнен 2-3 жас үлкен еді, үлғайған кезімде озімді күтуге  
қолайсыз болады деген шығар. Екінші, жалпы қолы жет-  
кен, әлі келген адамға екі қатын алмақ ғурып сықылдан-  
ғандықтан да шығар.

Мен әкемнің 32 жасында, жастықтың алғашқы ағыны  
басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғамын. Мен  
әкемді танығаңда, әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында,  
көзі откір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширак жанды еді.  
Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір  
іспен қызықтамай, жай салбырап, шаруасын істеп отырма-  
ушы еді. Маған десе малай, малши, қызметкер қатыннан  
да болса, бір тәуір міnezін, қылығын тауып жақсы коріп,  
ойнап, қалжындаған отырар еді. Еш уақытта: іші сүймеген,  
сенбеген адаммен мәжілістес болып, ұзақ отыра алмаушы  
еді. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе,  
ол уақыттың озі абақтыдан кем көрінбесу什і еді. Сыпайы-  
лық, сыйлық, әдейі реттегеніп, аяғын басқанын аңдып, аузы-  
нан шықкан сөзін санап отыратын адамға ешуақытта риза  
емес еді. Жарқын созбен, ашық қоңілмен қалтықсыз келестін  
адамды аңсан сағынып, ондай адам келгенде, баласы иә  
туған бауыры келген кісідей қуанып қалушы еді.

Менің бала кезімде, менің әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжындаған отырса да, конілі қайтса, қытығына тисе ашуы да тез келгіштігінен ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат секілді қорқынышы қеуделерінен кетпей қымсынып отыруши еді.

Үйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте түрү әдеті. Тосегінің алдынан қалың постел төсөтіп, оның үстіне көрпес салғызып, бір жағынан үлкен жастық қойғызып, койлекшен, басқа киім кимей, жастығына шынтақтап, кейде бауырына басып отыруши еді. Қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргенім жоқ. Коп жегіш емсс. Таңтеренгі шайына: кейде жұмыртқа қостырып, құймақ құйғызыады, кейде самса пісрітеді, жеке бауырсақпен іше қоймаушы еді, шайын стаканға құйғызып, ыстық қүйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салушы еді.

Қазақ ойнайтын ойындар: дойбы, карта сықылды ойындардың бәріне де ілгергі қазақтың ойыншылары ретті ойнаушы еді, сойтсе де, мен білген кездे салынып қызықтанип ойнайтуғын ойыны — тоғызқұмалақ еді. Қай-қайдады тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып ойнап қайтуши еді. Сондай ойыншы шалдардың дәулеті нашарлары, кейде соғымдық қой, тай, тайынша алып, иә атка мініп қайтқаны да болды. Көбінесе ол шалдары қысты күні келіп жатқышы: Қөрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Мақыштың Ысмағұлы дегендер секілді. Таңтеренгі шайды ішкен соң, құмалақ басталады. Менің әкем көйлекшен қүйінде, басында тақиясы, бауырында ақ жастығын басып, құмалағын ойнап жатады. Құндіз келген ел арасының ретті адамдары да ойынға кірісіп кетеді. Құмалақтан кезек тимегендер, ойнай алмайтын балалары оз алдына дойбы, иә картаның дүкенін ашады. Құмалақтан әкемді женғен адам коргенім жоқ.

Біздің қазақтың уақытка байлығының бір әдеті, — бір жерге жұмыспен барса, барған жұмысын барған жерден айтпай, не конып, не түстеніп, енді аттанарында ғана айтады. Менің әкем елдің бұл әдетіне қарсы еді. Алыс жерден келген сый адам болмаса, ел арасының адамынан келген жерден жұмысын сұрап, бітіріп, енді отыра бер деп озі алансыз ойыншина, иә кітабына кірісіп кетуші еді. Егер келген кісі сұраған жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тынығып қалса, оған ыза болып, енді ол айттарлық кезегім келді деп жұмысын айтпақшы болғанда, бағана сұрағанымда неге айтпадың деп үрьысып, кейде созін тындалмай да кояды. Сұраған жерде жұмысын айтқан кісіге ырза болып

қалады. Біздің елдің адамы бұл мінезіне үйренгенгендігінен нағып жүрсің деп сұраған жерден келген жұмысын айтатын болды.

Шаруа жағына көзін сирек салады. Күндіз-тұні босатпайтын елдің жұмысынан қолы да тимейді. Шаруаның үш түрін ескеруші еді: жақсы қонысты таңдаң қону, жақсы малшыны іздең тауып, ақысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер жетіп кеткені бар ма, соны ғана қараушы еді. Жақсы ат, айғыр сыйқылды жылқысы болмаса, жалпы жылқысын танымайды, кой мен түйені де сеніп салған қойшы, түйешісінен ғана сұрайды, әйтпесе өзі мынау менің түйем, қойым деп бірін де танымайды. Сиырды жиган кісі емес, сиыр қар теппейді, жаз болса үйдің маңайын былғайды деп, ол кездегі біздің елдің байларының бәрі де жимаушы еді.

Қалаға барғанда, үйіне керек жарагын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, ондай шаруасына да ие қылып қойған жолдасы алып, сатады. Ақшасын қалтасына салып, не алғанын, несі қалғанын есептеп көрген емес. Ақшасы аз болса да, көп болса да, атшысының қалтасында жүреді. Ақша бітті десе, кайда үстадың деп есеп алу да жоқ, кайтадан ақша тауып береді. Қалада жатқанда қасаптың етін жемей, қолынан малын сойғызып жеуші еді. Бір жолы қалада сойған жылқысының терісін сатқызса, сатып алған алып-сатар Матайбай Мәмбет баласы деген жігіт мақтанамын деп айтыпты: “Сіздің кешегі бір жылқыңыздың терісінен үш теңге пайда қылдым”, – деп, сонда менің әкем айтып еді деп, өзі айтып келуші еді:

“Мен саудагер кісі емеспін, мені үялмаған арсыздың бәрі жейді”, – деп, мен бірдене айттайын деп едім Айтқазы Жексекең баласы отыр еді, “тек” деп ымдаған соң, үнде-мей үзіліп қалдым деп.

Тұн болғанда әмсө біреуге ертегі айтқызып, иә өзі айтып отыру әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісішіне ынтасын сала тыңдаپ, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса айтып, түзеп береді. Қазақ ертегісінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар, “Қазактың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргенін, көршілесі, күндей елдері кім екенін, қаракеті не екенін, елдің арманы, білімінің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді” деуші еді. Жас кезінде: парсы жұртының ертегілерін: Жәмшит, Қаһарман сыйқылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көргенде “Мың бір түннің” кітабын оқып, алғаш біздің елге “Мың бір түнмен” таныстырган кісі менің әкем еді. Орыс кітаптындағы “Густав Эмір” сыйқылды әңгіме кітаптарды елге таныстыруды. Біздің ел “Мың бір түннен” жалығып, орыс романдарын өуестеп кетті.

Жалпы ғадетінде: ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың сүйк сыннынан қашып көнгіліне билетіңкіреп отыруши еді. Бірақ құдайдың өзіне мол берген өткір сезімінің арқасында, айтпасақ та не ойлап, разы яки наразы болып жүргенімізді де бұл еткізбей сезіп қоюшы еді.

Көнгіліне билеткіштігі сондайлық, жас баланы әлпештеп шакырғанда үмтүліп келсе, қатты куанып, қаны тартып біліп түр деуші еді, егер келмесе жатырқап қашса, өкпелеп, ашуланып қалуши еді. Мысалы, біздің үйіміз бөлек ауыл болған соң, әкеміз көбінесе қала-далада болып, үйде болғанда мол дәүлетті бай-бәйбішесіндікінде топта болып, біздің үйге сирегірек келгендігінен Мекайл деген менің інім, бір келгенінде шақырғанына бармаса, көтін жаңа басып отырган жас баланың үстіне су құйып, ұрып еді.

Менің балам Жәбраһилді әкемнің өлеріндегі науқасының басталғанында, менің шешем алып барып еді, әкем шақырды, туғалы көргені сол, жас бала шақырғанда дапылдаپ үмтүліп еді — қаны тартып, жүрегі сезіп түр деп қатты рахаттанып қалды. Мен жоқ, аға, нені біліп отыр дейсіз, әншайін ақымақтығынан үмтүлды ғой деп едім “сен білмейсің” деп мені тыйып тастанап, қолындағы өрігінің етін сүйегінен айырып, баланың аузына салды.

Менің өзімнің де бес ауыз сөзді болса да білгеніме, әкемнің осындай алыстан үміт қып куанатұғын көнгілі себеп болды, әйтпесе мұнан да әрі талапсыз, талантсыз болып қалғандай едім.

1889 жылы менің 14 жасымда үлкен шешемнен туған Райхан деген апамды Найман, Серікбай баласы Құдайбергенге беріп, ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде, әкеммен екеуміз ғана үйде қалдық. Бұл жылы әкемнің белсеніп ғылым жолына кіріскең жылы екен, артынан байкасам.

Әкемнің әмісө үйде отырғандагы киіп отыратұғын баяғы койлек-штаны, басында тақиясы, оның сыртынан тысқа шыққанда кие салатын жапетер, ақ елтіріден істеген, көк сатинмен тысталған көк бөркі. Анда-санда еті салқындаса жамылатұғын сары тоны бар. Таңертеңнен кешке дейін, кобінесе орыстың кітабын оқиды да, ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып өлең жазып тастанды. Сол өлең жазардагы түрі.

Бір мұсага мінген кісідей өні қашыңқырап, азырақ ентіккен кісідей танауы кебінкіреп, көзі жасаураңқырап, естір-естімestей қып күніренгсінің ішінде күбірленкіреп

коп жазып кеп кеткенде, коп тоқталып ойланған бермейді де, қайта сыйып түзетпейді де, олеңнің тығыны сурырылған кеткенге үқсайды.

Бір Алдаонғар деген ұрыны, ұрылығынды қой деп қасына кошіріп алғып, теңіне қосамын деп, әлгінің бір Менкес деген әйел баласын асырап алған. Сол бала шайын құйып береді. Әлгі әйел балаға оңашада үйретіп қояды: “Мен қонақтарға сойлеп-сойлеп келіп, солай ма, Менкес дермін, соңда сен “солай” де деп.

Кешке соз үғарма дегендегі адамдар келіп: “Солай ма, Менкес?” десе, Менкес “солай” дейді. Соңда әлгі қонақтар, япрай мына баланың үғып отырганын қарашы деп таңырқап қалысады, кейде сойлеп болған соң, осы сөзімнің жалғанын тапсаныздар, көк бөркімді берейін дейді, онысы қонақтын қытығын тарқататуғын ойыны.

Мен сол жарты айдың шамасындағы уақытта, жазған олеңдерін жаттап, айтқан созін жалықпай тыңдаған отырсаң керек, менің соныма қатты қуанып, ырза болып, жолаушылар келгендеге, соларға мені: “Мынау адам болады екен, менің сөзімді үғып жалықпай тыңдады”, деп мактады.

Мен әкемнің аузынан шыққан созді пайғамбардың аузынан естігендегі сеніп, адам болады екемін деп, сол жылғы бастығымыз Шаһкөрім қажы болып, ақиқат олай емес, былай деп таласып жататуғын саналы шәкірттің қатарында болдым.

Жасында ашу мен махаббатты қатар қолданғандығынан, қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан, жылы махаббатты, жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан, жазатайым болса, ашуланып кететүғын мінезінен қорқып жүретүғын еді. Қай адам екі қатынның күндестесіп қалай сыйсын дейді, бәрі де күндестігін жоғалтқысы келетүғын шығар, бірақ адамың бұл тілегі қабыл бола бермейді ғой. Менің әкемнің жоғарыдағы айтқан екі түрлі мінезінің құштілігінен шығар, менің шешем де күндестігін корсете алған жоқ. Балаларының ойына күндестің баласымыз деген жаман ой кірген емес деп айта аламын.

Үлгайған сайын әкемнің ашуы азайып, жұмсақ тарта берді, бұл жамсатуды озі еңбек қылып тапты. Әкесі қажының<sup>1</sup> қайтпайтын қатты, сүйк мінезін согіп отырушы еді. Қорықлақ пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиылмайды, адам сүйген адамның акылын үғып, содан баһыра алады, қорқытып, үрсып айтқан акыл дарымайды деп.

Коз алдында қандай ойын-ойнап, күліп отырсақ, тиіп-

<sup>1</sup> Қажы – бұл арада Құнаанбайды айттып отыр.

қақпай еркін еркелетіп отырады да, алдынан қашып, жасырынып, кейбір теріс мінезді адамдармен ойнағымыз келгенин корсе, қатты ренжіп үрсып, былайша айтып сөгуші еді: — Адамға кобінесе үш алуан адамнан мінез жұғады: ата, ана, үстазы, құрбысынан, солардың ішінде қайсысын сүйсе, содан мол алады. Сендердің менен жақсы көріп барғыла-рың келіп отырган жақсы құрбыларың қайсы — деп, ондай орыннан әйел бала есебінде тыю салып, корғаштап өсіргісі келеді.

Коз алдында істеген іске кондігінің белгісі: бір жылы Семейде жатқанымызда, Кәкітай деген оқыған немере ағамыз азырақ қаланың сауда ісіне де араласатыны да бар еді. Государственный банкіден кредит ашып, бізді гостиницаға шақырып, той сымал істеді. Гостиницаға барған соң, әрине гибадатқа бола бармаймыз, ішуге бола баратұғынымыз белгілі. Әкеме айттым барайын ба? — деп, бар деп рұқсат берді. Бұрын арак, сыра ішетінімізді жасырып жүретінбіз. Әкеден рұқсат алыш барған соң, жақсы адам, көп дудың ішіндегі артығырап ішіп алыш, түнде пәтерге келсек, әкем тосекке жатқан жоқ екен, тосекті салғызып тысқа шыққанда, әлі де болса ішкенімді әкемнен жасырмақшымын. Жүретімді сырға котеріп бара жатқан соң, оңаша жерге келіп жасырынып құсып тастайын деп, қораның қараңғырақ жеріне келіп, құсып жібергенімде, алдыңғы жағымдағы бұрышта әкем отыр екен, мен ала-көлеңкеде абайламаппын, сонда әкем тұра келіп, сырға антүрган жүректі котергіш келеді, әбден құсып таста деді...

Бір ғадеті жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді, озі 2–3 жыл салтанатын келістіріп, құсбегілерін, мергендерін сайлап құс салыпты. Балаларының әр қайсысына құс салғызды, бірақ ұзақ уақыт құсшы болғанымыз жоқ. Біреудікін алыш, біреуғе сапырып отырады. 250 шамалы құсы қолыма келіп кеткен шығар. Тулақтың шолағындаі құс коргенім жоқ деп айттып отыруши еді. Сол кісінің осындаі сапырган мінезі біздің елге жұғып, бір ел бірінікін-бірі алыш сапырылып жатқыш. Өз атымды өзім мінемін, өз құсымды өзім саламын деп, ат пенен құс секілді асылы бар кісі қаптал сеніп отыра алмаушы еді. Біздің Шыңғыстан басқа Тобықты Шыңғыстай емес, ойтсе де, басқа елден көрі олар да бере алмай қалғанды үят санайды. Бір жылы жайлауда біреудің бір қоңыр қасқа атын, 5 құлынды биесін беріп алды да оған қоңілі болмай, бауырға тұскенде 5 түйесін беріп, Кукула деген Қаракесекте атағы шыққан атты алды. Сол секілді біреудің атына қоңілі түсіп, бұлдан алады да, тез жеріп, бір болымсыз адамға бере салғыш еді.

Жасында атқа болдырмайтын жүргіш болыпты. Мен есімді білген кезде алысырақ жерге арба жегіп, 30–40 шакырымдық жерге салт атпен жүруші еді. Жасында жылқы бағып, отарға да шығыпты. Мен білгенде жалпы қазақтың байларынша ертелі, кешті малын аралап, жерін шалып, мал үшін атқа мінбеуши еді. Көбінесе үйде отырғандықтан ба, жазу жазғандықтан ба иә жанын құтемін дегендіктен бе, ертерек кәрілік қөктеді ме, әйтеір жалпы халақтан көп ерте атқа мінуден қалды.

Улken үйдегі келіні Еркежанды алып, сол үйге кірген соң өзге үйіне оқта-текте келетін болып, дәuletі мол жerde, ел ортасында улken үйде отыратын болды. Қысты күні бұрынғы бәйбішесінің ауылы екі арасы 45 шакырым, біздің ауылымызға 70 шакырым болады. Бұл екі ауылдағы бала-шагасын сағынып, жазғы жайлауға барып, бірге алып жүргісі келеді.

Менің жогарыдағы ашуын өзі енбек қылып азайтты деп ойлаган себептерімнің бірі, 97-ші жылы май айының басында улken ауылға келсем, әкем ұранқай үйіндегі екен. Әмисе жазғытұрым ыстық басталғанша, күзгі салқын бастала бергенде улken ак үйді қонаққа, басқа ас-суга босатып, өзі ұранқай дейтуғын төрт қанат кішірек үйге кіріп, ак жапаны жигызып алып, көп үзбей от жаққызып, жер төсегінің алдынан қалып постел төсетіп, онын үстінегін көрпе салғызып, көйлегінің сыртынан айналасына қара құлынның жарғағын ұстатқан сары тонын жамылып отыр екен, алдында қазан асып астына жапа қалап от жағып қойыпты. Үйдің сол жағында кішірек қара саба емізіктеп тұр, қазаның есік жағында самауыры қайнап, жапаның шоғында бүрк-бүрк қайнап шәйнек тұр.

Мен сәлем беріп кіріп келгенде: сәлемімді алар-алмастан сыртқа шығасындар ма, – деді. Мен а-а-у біздің түйеміз симайды ғой, – дедім. Мен түйе жинап берейін сыртқа шығындар деді. Сол үйде отырған Оразалы деген балалау жігітті Есіркер деген сыйбайласының ауылына жіберді, үш түйесін берсін, біздің кіші ауыл жүк артып жайлауға шығады, түйесін ақсатпай, жауратпай бергізесің деді. Ол Есіркеп біздің Үргызбайдың төрт баласының ішіндегі ен азы, нашары Жұртар деген кенжесі болады. Есіркеп сол Жұртардың Аркат деген құлынның баласы, Есіркепке орташа мал біткен адам, Жортардың балаларының ішіп-жегенінен қашып, 2–3 жылдан бері менің әкемді панарап отырушы еді. Оразалыға түйем жок деп, түйе бермей жіберіпті. Сонда менің әкем, азырақ үндемей отырыңқырап, аздан соң, басын көтеріп құлімсіреген шыраймен айтты: құдайға бер-

геніңе тәубә, мен мұсылман екенмін. Егер осы Есіркеп Тәке-жанның қасында отырып, Тәкежан осы менше түйе сұратып жіберсе, түйем жоқ деп түйесін бермей жібере алмас еді. Бұл түйе бермегеніме Абай ашуланып ештene етпейді деп менің жұмсақ мінезімे сеніп бермей отыр деп қуанып қалды.

Ұры сүйегіш адамға ырзалығы жоқ еді. Бір күні үйде отырғанда Найман Кәріпжанқажы келіп түр деп тыстан біреу келген соң, әкем мәсісін, шалбар, бешпетін киіп, көрпе салғызып, үйге кіргіздірді.

Е! Қажы неғып жүрсіз деп сұрағанда: 7–8 жылқы алғызып, соны қуып келіп қалып едік деді. Менің әкем–ай, Қажы–ай 7–8 жылқыны өзіннің қуып келгенін не қылғаның бір бала–шаганы жіберсеңіз де тобықтының ұрысы әкелген болса, алып бермеуші ме едім деп ренжіген еді. Кәріпжан қажы бір ашумен шығып кетіп едім деп ұялып қалды.

Қасында 5–6 кісімен Кәріпжан қажы түстеніп отырғанда, қасында Ысмағул Шодыр баласы деген ұрыны ертіп, Тәнірберді дейтүғын ағасы келді. Менің әкем: сіз неғып жүрсіз деп Тәнірбердіден сұрағанда: Тәнірберді мына Ысмағұлды пәленшемен даулы жұмыс туралы Оспан саған билікке жіберіп еді, мынаны ертіп келдім деп еді, менің әкем: – сіз атшабар болып па едіңіз, – деді. Менің әкем ағасының ұрыны сүйеп ертіп келгеніне катты ренжіп айтты. Әкемнің бұл сөзіне ағасы өкпелеп қалып, артынан Оспанның аулына бастарын қостырып, татуастырмакшы болған жиылдысында мен де еріп бардым. Менің әкемнің топта билікке тартып, яки айтып, сөзін сыртқа сейлеп, сұрылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жеріне қыска түйірім сөзді ақырын айтса – тоқтаса қалушы еді.

Менің әкемнен басқа араздық іздел, жүгінетүғын адамды көргенім жоқ. Жалпы өзіміздің елдің жақсысын абыла-сам, алдына келген даудан, мүмкін қадірлі, өзінің досына пайдалы жағынан қапы қалдырмай билік айтады. Менің әкеммен жаудың іздел жүгінгіші аз да болса салмағын досына сала айтатуғын секілді еді.

Жалпы ұрылар айтады: Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасында кала-ды деп.

Менің әкемнің ұрыдан алатуғын парасы – шын сөзі еді. Мыңжасар Қобылан баласы деген атасынан бері қарай неше шабылып, айдалса да ұрылығын тастамаған бір көрі ұры айтады: Жас кезімде Абайдың сұраған малының шы-нын айтып, шыншыл атанып, абұйырлы ұры болып жүр-

генімде құдай атып бір өтірік айтқаным, Қаракесек жағынан бір топ жылқы алдық та, осы малды кімге болса да айтпалық десіп, жолдастарымыздың бәрі түгел төбеге тас қойып, анттасқанбыз. Жоқшы келген соң, Абай мені шақырып алып сұрады, айтпай танығаным. Қыстың сұық күнінде сұық су құйып қыйнаса да, айтпай тістеніп отырғанында, әй, әкеңнің аузын... не оттап отырсың, пәленше жолдасың әлдеқашан айтқан, пәленін-пәленге, түгенін-түгенге таратыпсындар деп қоя бергені. Сейтсем ана иттер айтып қойған екен. Мені ит болып, қайтып айтқаныма сенбейтін ғып алғаным, — деп.

Қалаға барғанда мен білгенде үш адамның үйіне жатты. Қабыл деген шала қазақ, Сүлеймен деген ногай, Мауты деген казақтың үйінде, бұл үшлеуінің де катындары пысық, асты тәтті қып пісіре білетүғын адамдар еді.

Байдың үйіне ақы берсе жатпайды, — өй, тәнірі-ай! Расходымды көтереді екен деп байдың қабағын түріп, андан басып, абайлап сейлеп, кіші қүйеу сықылданып жатарым ба, — деуші еді.

Магаш деген жақсы көретүғын баласы қыстай ауру, қыс жүт, кардың кеткеніне қарамай, Еркежанды ертіп, Ұранкай мен Магаштың ауылына келіп отырды.

Өскенбай бидін Таңшолпан деген келін алған қатынан шын аты Тілеуберді, жалған аты Шыбар деген баласы болған. Шыбар менің әкемнің асықты бірге ойнап өскен тату туысқаны еді. Шыбардың дәулеті нашар болды да, өзі өліп, артында үш баласы қалды, соның ортанышы баласы Қанағат деген менімен құрбы баласы, қолынан келсе үрлық қылғандай, ағайынға кәдірі жок, жасық жігіт еді. Сол Қанағат, бұрынғы әкесі алып берген қатынын кемсініп, біреудің қызын алып қашқан соң, ағасы жазғырып, қолындағы барлық малын қыздың әкесіне сыптырып алып берген. Ағайынына тентек болып, малдан айырылып қалған Қанағат сорлыға жокшылық күнін көріп шықпақта қыын болып, біреудің арық атын сұрап мініп қалаға барып, азырақ астық алып, иттеніп, біздің тәменгі ауылға жеткізіп, сабырда жүре алмай, Магаштың көңлін сұрамақшы болып, біздің ауылға келді. Өзі жалпы туысқаннан сөгіс естіп жасып қалған сорлы Магашқа да қоргалап әрен сәлем беріп жүрген, сұрағанымызда әрең айтты.

Қораның сыртына киіз үймен отырған менің әкеме де сәлем бере кетпекші болып барса, сен қайдан жүрсің десе Қанағат жүрген жайын, аты болдырғанын, әншейін жайқүйдің ретінде айтса: менің әкем — ой, байғұс-ай, атың болдырып келе ме? Олай болса, менің қара атымды жегіп,

астығынды жеткізіп ала қой, – деп қыстай сұлылап отырған атын Қанағатқа беріп жібергенін естіп, Мағаш ағам маган айтады: Ой, сенің әкене қайткен адам үқсай алады. Қанағат деген кім? Құрбысы, сыйласы емес. Оған болыспақ марқамат қылмақ, сен, мен, Кәкітай сықылдылардікі емес пе? Қанағатқа астындағы атын қосып беріп отырған әкеге мен үқсай алмаймын, – деді, әкесінің жомарттығына сүйініп, осы сықылды мінезі толып жатыр.

Менің жас күнімде, Кавказдағы атақты батыр Таstemірдің баласы, қасында екі жолдасы бар, қыстап жатып, жаз шыққан соң, үшеуі үш ат мініп кетті. Ол Таstemірдің баласы екенін жасырып жүреді екен. Бір күні біз сөзден біздің ауылдың бір жігіті ашуланып, әлгі жігітті өлтіремін деп күғанды, сені өлтірмесем, Таstemірден тумайын деп, аузынан шығып кетті, сонан кейін Таstemірдің баласы екенін білген.

Жыл сайын бірден, екіден үркіттен қашқан Кавказдың адамдары келіп, кейде қыстап, кейде бір-екі ай жатып, кісі басы ат мініп кетеді, көбінесе оларды менің әкем Қояндыларға барушыларға қосып береді.

Олар аргы Қекшетау жақтан келген саудагерлерге қосып береді. Осы секілді тасымалмен кетуші еді. Осындай ат мініп кеткен адамдар 15 шақты бар шығар. Осылар секілді қашып келе жатқан мұсылманға ат беріп жіберетүғын өдет қажыда да көп болса керек.

Мен жоғарыда жазғанымда айтқаным: әкесінің мінезін баласы жазбақ қолайсыз деп, сондагы менің ойыма келгені баласының көніліне әкесінің жақсы қылықтары ғана түсіп, жаман мінезі түспейтін сықылды.

Мен қандайлық әділ козбен қарап жазайын десем де: жасында қарулы еді, жанын күткіш, ертерек шау тартып, еріншегірек тартты демесем, басқа мін таба алмадым, мұным әкемді мақтайдын дегенім емес, бар білгенім-сезгенім осы-ак.

Енді Долгополовтың менің әкеме айтқан сынын жазайын. Бұл Долгополов бірінші ме, иә екінші ме, государственный Думаға Одесса каласынан депутат болып сайланған адам. Докторлыққа экзамен беріп жатқан жерінде саяси айыбы анықталып, Семейге айдалып келген жерінде, менің әкеммен таныс болып – бір жаз, 85 жылы жаздай біздің ауылда болған. Бір күні менің әкем сөйлесіп отырып, менің балаларымды синашы депті. Сонда Долгополовтың айтқаны: Сенің балаларыңың адамға қарасы түзу, зерек, жақсы балалар. Бірақ сенің мына сән-салтанатынды, дәулет-дәуренінді көре отырып, жақсы бала болмайды

(әкемнің жазды өлең қылғандагы ауылы, осы Долгополовтың ауылды жайлағандағы өзінің ауылы еді), ғылымға ет ауыртып еңбек қылмаса – қолға түспейді, сенің балаларың оншалық етін ауыртып еңбек қып неғылсын, еңбексіз-ак өзі хан, өзі би, сенің ауылдыңың төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады депті. Содан соң өзімді сынашы депті, сондағы Долгополовтың айткан сыны:

Сенің басың алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың ұнамсыз, таңтерең төсектен тұрасың, киімдерінді біреу әкеліп береді, арқаңа шапаныңды жабады, есікті ашып тысқа шығарады, қайтып келген соң, тағы да есікті ашып, үйге енгізіп, алдыңа шылашпыңды әкеліп, құманмен суды қолына құяды. Ас келсе, шайыңды құйып береді, етінді жапырақтап береді, үйықтамақ болсан, төсегінді салып, өзінді біреу шешіндіріп, жатқызып, шакшанды бір жағыңа, мұрын орамалыңды бір жағыңа тығып, үстіңе көрпенді жауып салады. Өзің-өзің үшін не қыласың? Әр нешік үйықтап көресің депті.

Осы Долгополовтың азгана сөзі, менің әкемнің бірқатар әдетін, салтын көрсетер деп жаздым, бірақ бұл әкеме сырт берілген сын, оның оку, жазу, ой қызметі – бәрінен де қынған фой, Долгополов осы жағына қоңіл болмеген сиякты.

13 жасынан жұмысқа жүргізілті. Қажының өзінің қыздай алған бәйбішесі Күңке шешеміз, Қажыдан бірнеше жасы үлкен екен. Қажыны құтуге қолайсыз жасы жетіп алған адам болғандықтан, келін алған, Қажы біздің шешеміз Ұлжаның қолына шығыпты. Ұлжаннан басқа Айғыз деген Халиолла мен Смағұлдың шешесі бар. Бұл екі бәйбішесі бір болыпты. Күңкеден туған жалғыз баласы Құдайберді деген ағамыз шешемді тастанап кетті деп, Қажыға кектеніп, айтқанына қонбей шалыс болған екен, әкеммен бірге туған ағасы Тәңірбердіні, Өскенбай бидің келін алған қатынының қолында өсіпті. Қолындағы баласы да менің әкем, қолайлысы да сол болған шығар. Сол 13 жасынан былай қарай қажының жауын жаулап, бірде женіп, бірде женіліп, ағайындарымен бірде қосылып, бірде ашылып келіп, 27 жасында біздің елдің Бұғылы жақ шетіндегі Оразбай Аққұлы баласының ауылдыңдағы сайлауда қасында жақын туған-туысқаннан адам жоқ, жалғыз барып, елді женіп алғып, інісі Сқакты болыстыққа сайлатып қайтыпты. Оразбай Аққұлы баласы, бір сыпира шын сенген жолдастары болған, бұлар қажы адад дос болмайды, алдамашы деп кек көреді екен. Оған менің әкем қонбей, өзі заманында да тапқан достарына алаңсыз сеніп жүре беріпті. Қажының қатты айттып үрысқан жерлері де болса керек. Осы реті менжік салмай Сқак-

ты үш рет болыстыққа сайлапты. Сқакты соңғы болыстыққа сайлатардың алдында бір күні Сқактың ауылына елдің бір жиылсыс тобына менің әкем келсе, Сқақ төсектен тұрган жоқ, тұске шейін отырған елдің аксақалдары жалығып тарқап бара жатыр еді. Сонда менің әкем, Сқакты шақырып алып, айтыпты: Сонау Жиреншениң не ойлап бара жатқанын білесің бе? – деп, Сқақ айтып: жоқ деп. Ендеше сені келесі сайлауда боғымды болыс сайлармын деп барады депті. Біздің қажы баласының елді билегені-ай дейтұтын дәурені осы Сқактың болыс болып өткізген 9 жылы. Қажы баласы атанған жандар елді билеу үшін елге жалынып, елдің ықыла-сын алу керек дегенді ұмытып, тек Абайға жақсақ болады дегенді көздеңен көрінеді. Сқактың да, Сқактың бәйбішесінің де елді-ел, жүртты-жүрт демей, елдің малын өз ма-лындай қолы билеп, қостап шыққан жылқыдан қолымен үстаратып алып, бай бәйбішесінің де сойған соғымын, байы съезге шыққанда, бәйбішесі ере шығып, үй тіккізіп, салта-нат құрып шығарған дукертін, Сқактың ашуы келсе, үлкен-кіші, жаман-жақсы демей бас салып үрісіп айтқанда, ертегі секілді дәл бактың өзі қонған байдың ауылы, қатыны, ба-ласы танырқаушы еді.

Кенже інісі Оспан: сырты аусар, анғал коңлі сүйген кісіге қол болып төге салатын, коңлі сүймеген адамды үйінен сүйреп тастайтұғын адам болса керек. Бірақ аны-ғында: Абайдан соңғы ақылдысы, сырты аусар болып оты-рып, іші есепдал, бір келешек пайдасын көздел, иә болма-са жүртты дәмелендірейін деп істейтін болса керек. Ақыл тоқтатып, анық жобалы жолына түспей келе жатқан жас-ты, ер адам әртүрлі жорып адасса керек.

Жоғарыда айтып кеткен Құдайберді ағамыз бер әкеме қөнбедің деп күндеңстік ойладың деп жасында менің әкем де араз болып келіп, өлерінін алдында екі-үш жыл бұрын татуласқан екен. Осы екі-үш жылда бұрынғы араздық жо-ғалып, қатты қызықты туысқан болыпты.

Әкем айтып отыруышы еді: қайғы жас жүрекке қатты бата-ды екен, Бәкемнің өліміндей қатты батқан өлім көрмедім деп (Құдайбердіні Бәкем деуші еді). Магауияның өлген-дегісін өлшеп айтқан жоқ, бұрынғы Оспан мен Габдрах-маннның өлімін өлшеп айтып еді. Сқактың үш сайлауынан кейін, Бәкемнің орнына беремін деп, жиырмадан жаңа ас-қан Шаһкәрім қажыны болыстыққа байлатыпты. Шаһкәрім қажы болыс болған соң, астыртын ел құрып, әркіммен ан-тасыпты. Келесі сайлауда Оспанды сайламақ болған екен, оған ел де, Шаһкәрім қажы да қарсы болып, барлық адал деп әкесі үлкен қажының айтқанына бұрылмай сеніп жүрген

достары, күрдасы бұзылып, Күнту дегенді болыс сайлаған жерде бірақ біліпті. Ел бұзылды, сені алдаң жүр деп Сқақ келіп айтса, Ербол деген бір досын шақырып сұрапты, ол жоқ Абай Сқақ бекер айтады десе, сеніп отыра беріпті, өзі азырақ сырқат екен.

Осы сайлау 1884-ші жылы болғанда содан кейін достан, елден түнгіліп, соққы жегендіктен осы өлеңдерді айтқан секілді:

Картайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек.  
Картайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман.  
Қырын бүркіт не алмайды салса баптап.  
Қалың елім, қазагым, қайран жұртый.  
Байлар жүр жиган малын қорғалатып.  
Көнілім қайтты достан да, дүшпанинан да.  
Адасқанның алды жөн арты соқпақ.

“Сабырсыз, арсыз, еріншекті” жазып болып отырғанда, қасында атын ерттеп жүретін жолдасы Қарасақау деген шын аты Құсайын Қиқымбай баласы деген көкше табы Балтайы сол айтыпты: Қожекбай қалды ғой деп.

Бұл Қожекбай: Мамай ішінде Еламан табынан Қожекбай әкесі Жамантай үлкен қажыға ата болып, біздін Ұлжан шешемізді өкіл қыз еткен екен.

Жамантайды жерге таласып, туысқандары өлтіргенде Қажы құнын келістіріп алып беріп, әкеден жас қалған Қожекбай, Тезекбай, Мақыш деген үш баласын өз балаларындей көріп, еркелетіп, қанаттыға қақтырмай өсірген екен. Ұлжанның төрт баласының біріндей болып өсіп-алмағаны да, берменені де болмаған жандар. Сол біздің ел бұзылғанда – женғен жақты жақтайдын мінезбен Қажы балаларының жау жағына шығып, болыс болған Күнтумен құда болған.

Біздің жау ағайынымыз Жігітек табындағы Базаралы деген кісі бізден кетіп, өздеріне еріп жүргенде, былайша айтып Қожекбайды боктапты:

– Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық келді ененді үрайын деп, бір топта өзіне соқтыға бергенде, Байкекше ақын айтыпты:

Көккөжектің осы сөзі ырасына  
Көк тымақ әкесінің мұрасына

(ескі тозған көк тымагы бар білем Қожекбайдын).

Айнадағы бере кедей елендейді:

Сайтанның анасы ма, баласы ма? – деп тегі құбылма адам екенің рас-ау деймін. “Бөтен елде бар болса”, – өжеттісің, сыйласың басына жұмыс түскен күн, жақсылықты бұрынғы неғылып ол ойласын деген өлеңді сол Көжекке арнаңқырап бастап, арт жағын жалпы елдің мінезіне аударып кетіпти.

Менің әкемнің көбінесе ағайын-туыскандарын жамандап сөгіп айта беретүғынына өзінің Үргызбай деген табының елден ерекше нашарлығынан болған секілді. Үргызбай би болмаса да, Кенгіrbай биге қадірлі, ажарлы болады, сөзі сыйлы адам бопты. Кенгіrbайдың тұлін білетүғын інісі болған соң, елге де қадірлі болыпты. Бір байын кісі өлтірген қатын байына жөнді күн ала алмай қалғанда мынадай деп дауыс айтыпты:

Мойны, басы былқылдал, Үргызбай жүрдіараға,  
Кенгіrbай толды парага, парага алған сары атан,  
Тігілгей еді караңа, –

деп Үргызбай Кенгіrbаймен сырласып, татулығынан Кенгіrbайға келген жақсы ат, жаман атқа ортақ болған секілді.

Кенгіrbайдың Өскенбайға батасын бергеніне Үргызбаймен татулығы себеп болған шығар. Кенгіrbай Үргызбай өлгенде бейітінен шықпай, сен ақ көніл алланың арыстаны едің ғой, алла тілегінді берер, мені енді мына елдің ішінде алжытпай қасыңа алладан тілеп ал депті деседі. Содан кейін кешікпей Кенгіrbай би де өліпті. Сол Үргызбайдан бастап, Өскенбай, Құнанбай, менің әкем – төртеуі де елден ерекше бақытты қадірлі адамдар болғандығынан үрпақтарының бәрі дүниенің талқысын көрмей, көленкеде өсken көк шыбық болып, біреу білер жер келсе жөндеп сөз айтары кем, жогарыдағылардың бағына мас болып, сөздері істе соракы келеді.

Бір Бақаш деген Үргызбайдың ауқатты адамы сөйлеп отырғанда, тіпті түске жуық келерлік болмай, сөзі сорақы болып шыққан соң, тыңдаушылар Бақаш-ай, мына сөзің кисынбай кетті ғой десе, менің Үргызбайлығым шығар депті. Бақашка Үргызбайға келеңсіздің, келеңсіздігі болмаса керек.

Үргызбайдың жақсысы ерекше жақсы болады да, жаманы бақсы болып, екі аралық алым-берімі болмайды деп ел күлкі қылады екен.

“Болыс болдым мінекей” деген өлеңді Мұқыр деген елге өзінің құрдасы, нашар атандың ұлы Құлембай деген кісі

дәuletінің арқасында болыс болып, 1888-ші жылы Бақанас деген өзендеңі чрезвычайный съездегі тұрып, көріп айтқандары:

Уағалайкүм сәлем, болыс, мал, жаныңыз аман-ба.  
Мынадайға кез болдың аума, төкпе заманда,  
Болыс қалып қалындау кешегі бір аланда, –

деген өлеңді соған арнап айтқан.

“Патша құдай сыйындым” деген өлең мен “Жасымдағылым бар деп ескермедім” деген өлеңдері Фабдырахим деген баласы Тұмендегі реальный училищеде, Мағауияны бір Күлбадан деген әйел баласымен Семейдегі городскіде оқытып жүргенде айтқан.

“Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы” деген өлеңді сол кезде айтса керек. “Сәулен болса кеуденде” деген өлеңді де 84 жылы менен 87-ші жылдың арасындағы жылдарда айтқан.

“Жазды күні шілде болғанда” деген өлеңді 86 жылы Бақанас деген өзенің төменгі жағындағы керей жері Көкбейіт деген қоныска өзінің ауылы қонып жатқандағысын көріп айтқан екен.

“Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай” деген өлеңі өзінің Тәңірберген деген ағасының ауылында, ағасы мен женғесінің Дінслам деген немересін тамағынды үйде отырып іш деп андалап отырганын, оның құрбыларымен бірігіп ішкісі келіп отырганын көріп айтқан.

“Ақ киімді, денелі, аксақалды”, деп қысты өлең қылғаны сол 84-ші жылы қыс қатты болып, елі жұтаган. Қар апрельдің басында кеткен, сонда айтыпты.

“Масғұд” деген өлеңді 1887 жылы шығарып еді. 81-82-ші жылдарда қос салған екен, сол жылдарда қан сонарды айтыпты:

1. Мәз болады болысын.
2. Біреуден-біреу артылса.
3. Білімдіден шыққан сөз.
4. Бай сейілді.
5. Ем таба алмай.
6. Замана ақыр жастары.
7. Қайғы шығар тілімнен.
8. Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей.
9. Ұяламын дегені көніл үшін.
10. Біреудің кісі өлсе, каралы ол.
11. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.

12. Келдік талай жерге енді.
13. Өзгеге көнілім тоярсың.
14. Әуелде бір сұық мұз, ақыл зерек.
15. Хор болды жаным.
16. Сен мені нетесің.
17. Айттым сәлем — Қаламқас.
18. Қиыстырып мақтайсыз.
19. Қөзімнің қарасы.
20. Жастықтың оты жалындал.
21. Сенбе жүртқа тұрса да қанша мақтап.
22. Өзінен басқа ойы жоқ.
23. Менсінбенеуші едім наданды.
24. Алыстан сермел.
25. Қақтаған ақ күмістей кең мандайлыш.
26. Жазғытурым қалмайды қыстың сызы.
27. Сүр бұлт түсі сұық қаптайды аспан.
28. Шоқпардай кекілі бар қамыс құлак.
29. Жасынан түсін біліп сыр бермеген.
30. Кейде есер көніл құрғырын.

Барша Онегин мен Татьянаға тиісті өлеңдерді 89 жылы менен 92 жылдың ішінде жазған. 86 жылы Құнту Шонқа баласы болыстырынан түсіп, орнына назначениемен Шанкәрім болыс болған. Құнту сонынан ерген шекті Олжабайды ертіп Мұқырға шығып, Оразбай сонына ерген Күшікті ертіп, Бұғылыға шыққан.

87 жылы қалған Шынғыска Оспан деген інісі болыс болған. 89-ыншы жылы бұл өкпелесіп екі жақтағы екі болысқа шығып кеткен елдер татуласып, қайтадан Шынғыска шыққан. Ол жылы тағы да Оспан болыстыққа сайладып, азар елімен табысып, елді Оспанға тапсырып, енді бірбеткей ғылым жолына шықтым деген жылдары еді.

Әмісө мәжілісінде ғылым сөзінен басқа сөз жоқ. Біз шәкірт есебінде сөзін тындағы, мұсылманның медресесіндегі шәкірттерше ақиқат олай емес былай деп, дауласып жатушы едік.

Сол үш жылдың ішінде осы айтылған өлеңдерді де бірсыныра өлеңдерге әндерді де шығарып еді.

Әсіресе, 89 жылдың 90-ға қараған қысы мен тоқсаныншы жылдың тоқсан бірінші жылға қарайғы қысында шығарды. 91 жылы Оспан мен Оразбай жамандасып араз бола бастап, тағы да отырғызбай кетті. Басында екеуін үғыстырмақшы болып, арасына жүріп, ақыры болмай жауласқан соң, інісі Оспанның сөзін қуаттап, Оспан жаққа шығып кетті.

Сол бізге үстаздық қылыш отырганда біздін жүрегімізге: мал құмар, мансап құмар адам, адам емес деп еді. Бұл сөздері әр өлеңінен де көрінер. “Мәз болады болысын”, “Малға достың мұны жоқ малдан басқа” деген сықылды әр өлеңін абайлап қарасаныз көрінеді. “Қайтсе женіл болады жүрт билемек” деген өлеңді айтқанда, “Ел билеген адамды мақтап отыр ма, боктап отыр ма?” солары секілділері көп.

Мен сөзімнің басында айттым фой: жасында әлуетті жас болып, ел билемекке еңсесін сала шапса да, ой кірген соң тоқталып қайтқан, өзінің “Өлсем орным қара жер” деген өлеңіндегі де дәл сол. 89 жылда мен 14 жаста едім. Соңан былайғы әкемнің сойлелеген сөзіне, істеген ісіне қарағанымда бұзакылармен алысқандағысы өзін жаудан қорғау ретінде.

Күнту болыс болып кеткен жерде: сайлауға келген Тихонов деген оязнайдың қатыны айтты, котек деп құлуші еді. Сол жерде оязной үй болып сайлауды бұзып, қайта сайлау қылайын десе, менің әкем жоқ, осы бетімен бекітініз депті. Жауласқан ел болыстықты алған бетімен тұрмай, менің әкеме, біздің елге қорлық, зорлық қыла бастатыпты. Өздері қалай сайлап алған старшиндарына тұр бастырып, 86 жылы менің әкемді жер аудартпақшы болған.

Сол орайда Семейге генерал-губернатор келіп, қасында бұрын уезной болып кеткен Лосовскі бар. Елдің приговорына қарап, менің әкемді жер аударылсын деп резолуция салмақшы болғанында, менің әкеммен екі арасына, әлті Лосовскі жүріп, әкемді генерал-губернаторға жолықтырыпты. Сойлескенде не айтқанын білмейміз, сен заманынан басың асқан адам екенсің депті.

Сол жерде оязнойға тапсырып, Күнтуді түсіріп, қызметті Шәһкәрімге тапсырмақ қылышты. Біздің жау жағымыз мұндаі төңкөріс болып қалғанын білмей, Абай айдалатын болды деп, елге келісімен Тәнірберді қыстап шыққан қостан жылқысын алған. Сол жерде Күнту түсіп, қызмет Шәһкәрімге тиіп, жылқыны алғап, қырық салған ел қатты қазага үшірап, берекесі кетіп қалған.

Приговорларында шет Шубас елдердің де қосылғандары болыпты. Жазығы болмаса да пәленшеші мұқатқан деген сөзді өздеріне абырай көргендер болса керек, жана “Дала уалаяты” деген газетке менің әкемді қасына ас бермеді деп жамандап, Кереку жағынын біреуі атадан бала туса иті, ата жолын қуса игі деп жазған.

Сондайлардың мінезіне мынаны айткан:

Сор қалың соққы жеген бишарамыз,  
Қайтып сұып қалғаннан көре аламыз,

Күр дәрімен атқанға өлмейді екен,  
Өмірі мақтаншакқа нысанамыз, —

деп елдің жабылып мазасын алғаннан айтқаны:

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да,  
Тәнірі сактар табандап кеп ұrsa да.  
Арсыз адам арсандал арсылайдайы,  
Әр жерде керегеде таңылса да.

“Мәз болады болысың” деген өлеңді 90-шы жылы Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыныра болыстарға, билерге шекпен, қылыш сыйлаган, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған, өзіне де кос ауыз мылтық сыйлап еді.

“Біреуден біреу артылса” деген өлеңді сол жылы бізге музика үйретемін деп Мұқа деген скрипкашыны әкелип, әм Әсет деген ақынды да сактаған. Әсет терісі тар, ызақор, кісімсіген адам еді, соған арнап жазған.

“Білімдіден шықкан сез” деген өлеңді де осының ретінде айтып кеткен, “Ем таба алмай” деген өлеңінің артына “Жас жүргерім жанды менің” деген өлең тіркеліп кетіпті, ол өз алдына болек өлең, бұл перевод болса керек еді. Пушкиннің “Под вечер” деген өлеңінен перевод емес пе екен, бастап кеп тастанған ба деп, “Бай сейілді” деген өлеңді ел билеген болыстарға наразы ғып айтқан, “ұрысса орыс, елге болыс” үйде ұрган итке ұқсан” дегені үйден таяқ жеп шыққан ит, тыстағы итпен алыса кететін әдеті болады. Үйдегі кісіге ештеңе ете алмай — ашуын тыстағы иттен алады. Уезнойдан сөгіс естіген болыс та, сол ит секілді уезге ештеңе ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрысады дегені.

“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деген өлеңді Шаһкәрім жас қунінде кәрілкіті жамандап, алпыстан аспай өлеңін кәрі ит жат деп, былшылдан шат деп айтады деп, боз балашылықты мақтап, шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып деген өлеңі болған.

Көкбай молланың: “Әзіреті Әлі, айданармен алысыпты” деген өлеңі болған. Әріп деген сыбан, өлең жазғыш жігіт Зияда деген өлең жазған қызды мақтамақшы болып суреттегендеге көзі гаунар, сүйегі алтын деп осы сықылды асыл тастанған түсіне қарамай сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, ақыл көрсетпекші болып жазған еді. Ол оленге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп, өлең жазып, біздің ақсақалды жамандайды, Біржанның аргын емес, керей екенін білмейді.

91-ші жылы Оразбай, Оспанмен араласып жауласқанда Тәнірберген деген ағасы, Оразбай жаққа шыққан. Былайша болмақтың себебі: Тәнірбердің сүйегі бос адам еді, ертерек қартайып, билікті Әзімбай деген баласы алған. Оның жауласқан себебі, талабы бар оқымаған жас жігіт, абыұрылыш болмақта ел билеумен табамын деп ойлад, ағаларының алақанына қарамай өзінің ел таппакқа ең қолайлысы ағаларының жауын ел қылғаны болып көрініп, Оразбаймен құда болған. Оразбайлар ойлаған: бұларды бөлмеске болмайды. Өстіп қуда болып бөлелік деп.

Елді менгеріп, елдің сұндет-міндетін де, жаудың азағын да жеке көтеріп алған інісі Оспан 92-жылы өліп, Оспан арқалаған азап, жеке басына түсіп қалды. Сондықтан, медіресе болғандай болып кейінгі өлеңдерді өр уақытта жазып тастай берген.

Көбінесе өлеңді қысты қуні жазушы еді. “Бойы бұлған, сөзі жылмаң” деген өлеңді 92 жылы Оспан өткен жылы қыстауға қонғанда жазып еді. Бұл өлеңнің аяғы “Кешегі Оспан бір бөлек жан” деген өлең.

Оспан деген кенже інісі өлген соң, артында қалған баласыз үш жамағатын, Сқақ, Тәнірберді – ушеуі алған. Үлкен үйдегі келіні Еркежанды әкем алғып, үлкен үйге кірген бұл келінін алғаны 94-ші жылы. 98 жылы сайлауда, баяғы Оразбай мен Күнту тағы да бірі – Бұғылыға, бірі Мұқырға шығып, қалған елді өзің ие болып қайырып алмасаң болмайды деп, халық ақсақалдары менің әкемді болыстыққа сайлаған. Менің әкем 20 жасында Құдайберді деген ағасына кандидаттыққа бір сайланған екен. Құдайберді өлген соң араз жағы, жасы толымсыз деп көрсетіп, түсіп қалған екен. Содан кейін кандайлық елдін сайлауын еркі біліп, билеп жүрсе де, болыстыққа сайланған емес. Екі рет бұрын Мұқыр елі Қоңыр қөкше атанаип жүргендеге осы елге назначение-мен болыс болыпты.

Еркежанды алған жылы волостной съез қылуға елге шыққанда: Қыздар атты бір күрдасы, олақтау адам еді. Бейне бір менің әкем ішсе асқа, кисе киімге жарымай жүрген адамша, қалжындеймын деп айттыпты: биыл үлкен үйге кірген соң тойып, түйініпсің гой деп.

Сол Қыздардың қалжынына ыза болып, мына өлеңді жазған. Бір талай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап алып, отқа салып жіберді. Бір-екі рет оқығандағы жаттап алғанымыз осы-ак:

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен,  
Бәкен Қыздардың табы, Ілекер, Бетімбай, Аталық, Жан-

қожа, сол таптың Қыздардан бұрынғы өткен жаксылары.  
Байұзак Қыздардың ағасы, бірақ бұл кезде тұғырдан түскен.

Дауылбай – қанды балақ үрү (айпар, жайпар, жегіш,  
жұтқыш, жалмауыз деген сөздердің мағынасында).

Шоткара Қыздармен текстес Бәкең ішіндегі бір топ оның  
Айтқожа деген есті, жұғымды адамы болған, сол сені  
ақымақтандырып жүр деді. Досақ Бәкең ішіндегі Қыздар-  
дың табы.

“Болды да партия ел іші жарылды” деген өлеңді де осы  
Қыздарға шамданғаннан айтып жіберді.

“Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске” деген өлеңдері  
де сол 94 жылы съездегі билердің мінезінен айтқан.

Не іздейсің көнілім, не іздейсің деген өлеңді.

Жүргегім, ойбай соқпа енді.

Ал сенейін, сенейін.

Жүргегім нені сезесің.

Жақсылық ұзак тұрмайды деген өлеңді.

Қарашада өмір тұр.

Жас өспірім замандас қапа кылды деген өлеңді.

Оспан өліп, бар бейнет басына мезгілсіз түсіп, ықласы  
қайтып қажыған кезінде досы да, туысканы да бұлданған;  
құбылғаның көріп, сол 92 жылы мен 93 жылдың ішінде  
жазған еді. Менің әкем өз еліне, ағайын, туысканына ар-  
нап айтқан сөздері де жалпы қазакқа жағып, көкейіне қона  
туседі. Жалпы қазактың дерті бір дерт болған ғой, бүгін  
абайлап қараса елдегі қазактың дерті, оқыған азаматтары-  
нан да арылмаған секілді. Қазақ азаматтарының әлденеше  
тобында болдым, талас шықса, табымен болінеді. Ол баяғы  
елдегі біздің науқасымыз, қастықпен болінсе, аралас бо-  
лып, ата жігі көрінбес еді. Қастығын ұстаган тастай лакты-  
рып тастап, женғен жаққа шығып, озбек өз ағам, сарт сада-  
ғам деген баяғы кәрі мінездің қалпы курап па?

Мен бұл жерде өз басынан ойлап шығарған өлеңдерінің  
мына кітаптағыларын реттеп, қай мезгілде, не себепті жа-  
зылды екен деген сөзге жауап орында жаздым. Баста пе-  
реводтарының қай жылдарда жазылғаны бұрынғы кітабында  
айтылған.

Крыловтың переводтарын 94 жылы Недоров деген уез-  
ной елге келгенде, менің әкемнің Лермонтовтың өлеңдерін  
перевод еткенін естіп, менің әкеме айтты – сіз Крыловтан  
перевод етсөнізші, қазактың үгымына сол қолайлы жеңіл  
ғой, деп. Содан кейін Крыловты перевод етіп еді.

Біздің елге Сқақ Махмудов деген ногай ертеректе сау-  
дамен келіп, қазақтан қыз алғын, қазак ғүрінін түсіп, қазак

сықылданып кеткен қазақ ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан алып, қыз беріп, құршалалып күда, құшактасқан дос, туысқан есебінде болған. Сол Сқақтың немерелері Сыдық Жибулда деген екі жасы, бозбалаша балалар менің әкемнің үйіне келіп, отырганда соларға арнап:

“Куанбандар жастыққа” деген өлеңді жазған.

Қымыз ішіп отыргандарға арнап: “Осы қымыз, қазақтар, мактаның ба, асың ба?” деген өлеңді жазған.

“Көңілдің күйі тағыда” деген өлең Лермонтовтың “Вдохновениеиң” суреттегені болса керек еді, сөйтсе де: Ескендірді жазардың алдында жазса керек.

“Желсіз тұнде жарық ай” деген өлеңді 98-ші жылы жазған. 88-ші жылы жазды деп бұрынғы өлеңдерді көшіріп жазған Мұрсейіт деген адамның кате жібергені болады.

Әнді өлең қып суреттегінін себебі: мен де жасымда ақын шығармын деп, аз-маз өлең жазып жүргенімде, әнді өлең қып қарайыншы деп едім, қисынын келтіре алмадым. Содан соң әкеме айттым: осы әнді өлең етіп суреттеңізші деп, сонан соң айтып еді: соған жалғас көпті суреттеп осы өлеңді жазды:

“Құлақтан кіріп бойды алды, жақсы ән менен тәтті күй.”

“Сағат” деген өлеңді біздің өлең қыламыз деп қыбыжықтап жүргенімізді естіп жазды.

“Алла деген сөз жеңіл, аллаға ауыз жол емес” деген өлеңді, “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес” деген өлеңді:

“Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Еш уақыт рас сөз жалған болмас”, –

деген өлеңді өзінің қара сөзбен тасыдық деп жазған сөзіне қарай өлең қылған.

“Куатты оттай бұркырап, уазынға өлшеп тізілген” деген өлеңді, “Адамның кейбір кездері” деген өлеңді өзі ойланып вдохновениеиң суреттеп айтқаны.

“Күнді уақыт қызартып көк жиектен асырса,

Көлеңке басын ұзартып, алысты қөзден жасырса” деген өлеңді сүйген, сенген достарынан сокқы жеп, жер соғып алданғаннан айтқаны.

“Сүм дүние тонап жатыр ісің бар ма” дегенді, “Есінде бар ма жас күнің” дегенді өзінің картайып бара жатқандығын айтқан.

“Өлсем орным қара жер сыз болмай ма” деген өлеңді қалай өскенін, қандай тәлім алған, қандай халықтың орта-

сында болған, ой кірген соң не қылған? Соларын қысқаша айтып биография есебінде жазған. “Ескендірді” жазғанда жүрт мақтаған Ескендір жақсы кісі емес, мұның қаһармандығының жолы осы деп жамандаған.

\* \* \*

Менің әкемнің ашуын өзі еңбек қып азайтып еді дегеніме бір себеп төмендегі сөз:

Біздің қазақ сорлы мансапқа таласпай жүре ме? 1898-ші жылы сайлау болғанда, бұрынғы Мұқыр атанған елдің сайлауына менің әкем барған. Оразбай байдың дәuletі асып, дәүірі тобықты ішіне жүріп, Оспанмен екеуінің араздығы Оспан өлген соң, менің әкемнің басында қалған. Оразбай мен әкемнің араздығы Тобықты елі болып, ұлken съездерде бір уезге қараған қазаққа жетіп, бір уез елдің адамдары екі жар болатұғын. Мұқыр болысының ішіндегі менің әкемнің тілеуlestері сіз бармасаңыз болмайды, Оразбай қалаған кісісін сайлатып алғып, басымызға пәле жауғызады деп, жалынып жалтайып апарған. Ақылы көзінде, елдігі де, жаулығы да қас пен көздің арасында тұратұғын сорлы қазақ менің әкемді көрген соң, әкемнің досы жаққа қарай ауыса бастаса керек. Бастығы Оразбай, жолдастарымен осының өзіне қол тигізіп бір таңба салмасақ, ел ескі әдетімен ауа береді десіп, бірнеше адамдарды сайлат шығарып, уезнойдың қасында әңгімелесіп отырған Абайға қолдарынды тигізіп жанжал шығарындар деп жіберген.

Халықтың бұл сияқты ниетінен хабарсыз отырған әкеме бірнеше татымсыз адамдар келіп, жанжал шығарған жерде, бұлардың бұл ақылының ішінде болған адам аналардың қолы Абайға тигенше, маган тисін деп, аналар ұмытылып қамшысын сілтей бергенде, әкемнің үстіне жығылыпты. Жүрттың таяғы оған тиіп, әкеме таңба түспей қалыпты, бұл кісі Сопының інісі Аппас, бірақ таяқ тиді не, тимеді не, әйтәуір Абайды үрдүқ деген атын көтеріп мұратына жетті.

Осы ісі туралы ағайын, тұғаны, балалары, ел-жұрты, до-сыжары жиылып, біз де пәлен етеміз, түген етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ дескенде, менің әкем айтты: барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды, мен жасымда қарғаганымды жер қыламын, алдағанынды зор қыламын деп ашуга да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын, дүшпанын жеңбекте жолы болған адамының бірімін. Мен алғаш атқа мінгенде жігіттіктің дәuletі де, дәурені де өзімізбен тең, жай келсе, артықызы деп жүрге-

нен ел еді. Солардың қанша жандарының айдалып, байлануынә бірінің артынан бірі барамын деп жапан жүріп бейнетке, қазага ұшырауына себеп болған шығармын рас, өздерінің үрлық, зулымдығынан да болған шығар, бірақ, мениң қатты зәрленіп сонына түскенімнен де болды.

Сол Жігітек деген ел қандайлық елдіктен кетіп, кедей болып тұрғандай тозды десең де, бүгін астында жатса да аяғынды тістеуге жарады.

Бұл жаманышылықтан туган жаманышылық деп біліндер. Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ деген сөз дұрыс емес, мен енді бұл бітшсіздікті қостауға жайым жоқ. Жөні келсе, мен бітімнің кісісімін — деп, елді тоқтатты.

98-ден 99-ға қарайғы қысында, Оразбай Меккеге жүрерде бітелік, ризаласалық деп кісі салған соң, әкем жарайды деп, алған берген еш нәрсе жоқ. Семейде Жакия қажының үйінде бас қосып, Меккеге жүрмекші Оразбайға ыризалағын берді. Артынан елге барған соң, Медеу деген Оразбайдың баласы, жанжалдағы елдің басты адамдарын жол жобасы мен әкемнің алдына алып келіп, бітім болды. Абай алған жол жобасы үшін бітім қылды деп ешбір Тобықты айта алmas.

99-ші жылы областной землемер болыс, болыстың арасына меже салып гран жүргізгенде, бұрынғы Мұқыр болысындағы Жігітек, Бекенші деген екі тап елдін егесі мен ежелгі жау болып келе жатқан екінші 98-ші жылғы жанжалдың иесі ағайыны, гран бойынша еріксіз біздің Шынғыс елінің хатына кіріп қалды. Бұлар ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байладап тастаған кісінің қуйінде болды. Жоқ, әкем, сол араз ағайынның бар басты адамдарын, ақсақал, қарасақалың шақырып алып: қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген, енді жаулықты ұмыталақ, мен жаулық қылады екен демеңіздер деп, шын жүрегін көрсетіп қойның ашып жіберіп еді, олар да бұрынғы жаулықты соңшалық ұмытты.

Содан кейін төрт жыл өтіп, бесінші жылдың басында менің әкем дүниеден қайтып, артына мен қалғанда, әкемнің аруағын сыйлап, шын достығын көрсеткен елде, тек осы Оразбай болды.

Оразбай секілді әкемнің жаулары енді мені бишара жетім гой, енді бұған тиіп неғыламыз деген жоқ. Қандай жаулығын қылса да, бірақ әкем достарының арқасында жалғыздық көргенім жоқ.

*Абайдың баласы Тураштың (Турагұлдың) естегі  
әңгімесінен.*

## КӘКІТАЙ ЫСҚАҚҰЛЫ ҚҰНАНБАЙ НЕМЕРЕСІ

(1869—1915)

Абайдың інісі Ысқақтың тұңғыш баласы Кәкітай, 1869 жылы дүниеге келіпті. Өкесінің қойған шын аты — Фабдулхакім. Шешесі еркелетіп: “Кәкітай” деп атағандықтан, елде Кәкітай деп көткен.

Кәкітайдын, шешесі Текті, тарихта белгілі, Қаракерей, Мұрын руының Тана мырза атанған атақты адамының қарындасы, Жанпейістің қызы.

Құнанбай балаларына өзі тендерес аталы жерден қыз айттырып, ерте үйлендіріп, енші беріп, жеке-жеке ауыл етіп шығарады.

Абай мен Ысқақта, Ақшокы, Ашысу аталатын қалың қорықтан екеуіне бірдей етіп жер бөліп береді. Сөйтіп, Абай мен Ысқақтың қыс қыстауы, жаз жайлауы, күз күзеуі қатарлас, жақын көрші болады.

Абайдың Мағауия деген баласы Кәкітаймен құрдас болғандықтан екеуі жас бала күнінен үнемі бірге ойнап-куліп, тату-тәтті құрбы, айырылmas дос болып өседі.

Кәкітай мен Мағауия сегіз жасынан бастап, ауыл молдасынан сабақ өкіп, сауатын ашады.

Мағауияны он төрт жасында өкесі қалаға апарып, Семейдегі орыс мектебіне окуға түсіреді. Ысқақ Кәкітайды Мағауиямен бірге оқытпақ болса да, бәйбішесі: “Өзіннің ел басқару жұмысынан қолың босамайды, мен үйде отырған әйелмін, малға, шаруаға кім қарайды деп, Кәкітайды қалаға окуға жіберуге көнбейді. Сөйтіп, Кәкітай қалаға окуға бара алмай қалады.

Жасынан окуға қабілетті, зерделі, зерек, талапты Кәкітайды өзінің ақылды баласы Мағауиядай жақсы көріп, одан үлкен үміт күтетін Абай Ысқақты шақырып алып:

— Сен қатыныңың тіліне еріп, мына адам болайын деп тұрған Кәкітайды оқудан қалдырыңың. Енді бұл баланы мен өз тәрбиеме алам. Сенің мұнда жұмысың болмасын, —

дейді. Ысқақ басында анау-мынау десе де, Абайға қарсы тұра алмай: ақыры озіңіз білесіз дейді. Сөйтіп, Кәкітай бала жасынан бастап, Абайдың тәрбиесінде болады.

Қала мектебінде үздік оқып жүрген Мағауия өкпе науқасына шалдығып, ауылына қайтады. Енді Мағауия мен Кәкітай екеуі де Абайдың қолында тәрбиеленіп өседі.

— Әлде қалай себептермен, — дейді Мұхтар Әуезов, — қалаға барып оқи алмай қалып, өз маңайына жиналған іні, бала, ағайын-туысқан сияқты жастардың тәрбиесін қатты ес-көргендіктен, Абай жалғыз өз өситетіне қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, музика үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды.

Енді Кәкітайдың басынан кешкен өмір кезеңдері тура-лы, оның, тұңғыш баласы Әрхамның, 1949 жылы бізге жазып берген естелік әңгімесі бойынша, мағлұмат келтіреік.

Кәкітайды әкесі Ысқақ он төрт жасында үйлендірген екен. Оған себеп: Абайдың Ақылбайдан кейін Ділдәдан туған екінші баласы Әкімбайды Ысқақ балағып алышты. Тегінде Құнанбайдың салған үлгісі бойынша, оның балалары да біреуінің баласын біреуі балағып алатын салты болған.

Ысқақ Әкімбайга, Қызылмола болысына қарайтын Уақ руынын Қалдыбай қазы атанған, көп жыл ел басқарған белгілі адамның Уақбай дейтін (ол да көп жыл болыс болған) баласының Салиқа деген қызын айттырып, көп қалың-мал беріпті. Әкімбай тоғыз жасында дүниеден қайтып (1865–1874), Салиқа әке-шешесінің, қолында қалады. Салиқа Әкімбайдан екі жас үлкен екен (1863 жылы туған).

Енді қазақтың: “Аға өлсе женге мұра, іні өлсе келін мұра” дейтін салты бойынша, Салиқаны Кәкітайдың қаратауды. Сөйтіп Кәкітай өзінен алты жас үлкен женғесіне үйленеді.

Жасау-жабдығымен келіп, келін боп түскен Салиқа бір жылдай ата-енесінің қолында болып, келесі жылы Кәкітай енші алып, болек уй болады. Жасынан аса пысық, шаруага ыңғайлы Кәкітай тез арада мал құрап, қасына ағайындарынан көрші жинап, келелі бір ауыл болады.

Кәкітай он алты жасқа келгенде, 1885 жылы бірінші баласы Әрхам туады. Ол баланы қырқынан шыға сала, үлкен шешесі балағып алышп, бауырына басады.

Кәкітайдың Әрхамнан кейінгі екінші баласы Біләл 1888

жылы туган, одан кейінгі баласы – Даниял 1889 жылы дүниеге келген. Бұлардан басқа Салиқадан туган Хакима, Қабида деген қыздары болады.

Салиқа қайтыс болған соң, 1903 жылы алған әйелі Бибіден тұған Уалит, Самат деген екі ұлы; Бәзилә деген бір қызы болған.

\* \* \*

Кәкітай омірінің ең ауыр кезеңі 1904 жыл еді. Сол жылы арылмас қалың қайғы, қатал қасіретке душар болады. 1904 жылы 12 маусымда Мағауия қайтыс болады, 23 маусымда Абай дүниеден көшеді, 2 тамызда Ақылбай өледі.

Абай қайтыс болғаннан кейінгі жылдардағы Кәкітай өмірі жайында, нақтылы толық мағлұматтарды, Әрхамның сүтелеңі бойынша баян етеміз.

Әрхам өзі де Абайды көрген және оның немере балаларының біріндегі болған адам. Абай дүниеден қайтқан жылы (1904) Әрхам он тоғыз, жастағы. жігіт болатын. Сондықтан әкесі Кәкітайдың мінезін, оның адамшылық касиетін өте жақсы білетін Әрхамның берген мағлұматына сенімді тарихтық дерек ретінде қараймыз.

– 1905 жылы жаз басында, – дейді Әрхам, – Кәкітай Абайдың зор қарызын өтеуге бел байлаپ, дайындық жасады. Ең өзелі кең етіп, “Абылайша” деп аталатын қос жасатты. Соңан соң, өз ауылында ескіше бала оқытып жүретін, Мұрсейіт Бікі баласы деген молданы босатып алып, бала оқытқаннан табатын пайданды мен беремін деп міндеттеп, сол қосқа отырғызып, қағаз, қарындаш, қалам, сия сықылды жазу аспаптарын түгендеп беріп, Абайдың ел аузына тарап, одан оркім жазып алып, сақтап жүрген өлеңдерін, қара сөздерін жинап, өзі қарап шығып, реттеп беріп, Мұрсейітке қошіріп жазуды тапсырады.

Мұрсейіттің әкесі Бікі Ысқақпен көрші тұрып, әрі туысқан есебінде болған адам еken. Мұрсейіт жас шағында ауыл молдасынан оқып, сауатын ашқан соң, Семей қаласындағы Кәмали қазіреттің медресесіне окуга түсіп, медресені бітіріп, молда болып қайтады. Қалада болған жылдары орысша да үйреніп, аздал сөйлей, оқи, жаза білетін болыпты.

Мұрсейіт жазуды әрі анық, әрі шебер жазатын молда болады. Мұрсейіттің өмірбаяны туралы қысқаша мәлімет осы.

Кәкітай, Турагүлдар жинап берген Абай шыгармала-

рын, 1905 жылы жаз айының басынан бастап, көшіріп жа-  
зуга отырган Мұрсейіт жазу жұмысын 3–4 айдың ішінде  
аяқташ шыгады.

Абай шығармаларының көшірме қолжазбасы даяр бол-  
ған соң, Кәкітай Омбы қаласына аттанады.

Енді Кәкітайдың Омбыға аттануының себебіне келейік.  
Ол кезде Омбы қаласында Әлихан Бекейханов тұратын еді.  
Кәкітай Әлиханмен 1900-жылдан бастап таныс екен. Әзір-  
ше, Әлиханның Кәкітай туралы жазған мақаласынан үзінді  
келтірейік. Мақалага кейінірек тоқталамыз.

Әлихан былай дейді: “Әуелі Кәкітайды 1900 жылы  
күздігүні көрдім”.

“... 1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып  
басындар деп, балаларына хат жаздым”.

“1905-жылғы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың қол-  
жазбасын алып, Омбыдағы маған келді... Кәкітай біздің  
үйде бірер жұмадай жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов  
сөздерін бірге оқып, мәз-майрам болдық. Анық таныстық”.

Сөйтіп, Кәкітай Абай шығармаларының қолжазба жи-  
нағын Әлихан Бекейхановқа апарып тапсырган. Ә. Бекей-  
ханов 1905 жылы Абайдың өмірбаянын орыс тілінде жа-  
зып, Семейде шығып тұратын “Семипалатинский листок”  
атты газетте жариялады. Сол мақаласы. (Абай) (Ибраһим)  
Құнанбай (некролог) деп аталаған) екінші рет, 1907 жылы,  
“Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирс-  
кого отдела Императорского русского географического  
общества” деп аталағын кітапта тағы басылып шықты.

Мақаланың соңында: “Биографические данные для  
этого некролога доставил племянник Абая Какытай Ска-  
кович Кунанбаев” – дейді.

Және жақын арада Абайдың өлеңдер жинағы басылып  
шығатынын хабарлап, былай деп жазады:

“Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пуш-  
кина (отрывок из “Евг. Онегина”), Лермонтова и Крылова  
собраны его сыном Туракулом и в непродолжительном вре-  
мени будут изданы Семипалатинским Подотделом им.  
Ф. Географ. Общества под редакцией А. Н. Букейханова”,  
– дейді. Солай десе де Абай жинағы жарық көрмей калған.  
Оның себебі Әлиханның тұтқынга алынып, түрмеге жабы-  
луына байланысты болады. Әлихан былай деп жазады: “В  
январе 1906 г. в связи с событиями дней свободы, в Семи-  
палатинске был назначен областной съезд. Меня арестова-  
ли на пути из Павлодара в Семипалатинск, в пос. Ямышев-  
ском, 8-го января” (Алихан Букейханов. “К десятилетию  
первой государственной думы”, Петроград, 1916 г., стр. 45).

Әлихан Павлодар түрмесіне жабылғанда, оның портфелінде, оған Кәкітай тапсырған Абай шығармаларының қолжазбасы да болыпты. Оны дәлелдейтін архив документін көлтірейік:

“1906 г. января 10 дня г. Павлодар мне, мировому судье 2-го участка Павлодарского уезда, при посещении сего числа тюрьмы, арестованный по шифрованной телеграмме ротмистра Рутланда из г. Омска Алихан Нурмухамедович Букеиханов, содержащийся в Павлодарской тюрьме, заявил, что он просит об аресте его, довести до сведения прокурорского надзора... а также просит принять меры к сохранению рукописи на киргизском языке, имеющейся в арестованном у него в портфеле, содержащей стихотворения, так как она оценивается 5.000 рублей. Стихотворения эти принадлежат киргизскому поэту Кунанбаеву” (Госархив Омской области фонд 270, опись 1, дело 200, лист 10).

Әлихан будан кейін, 1908 жылы, тағы да тұтқындалып, Петроград түрмесінде отырып шығады. Осы уақыттаның салдарынан, 1905 жылы баспаға әзірленген Абай өлеңдерінің жинағы төрт жыл бойы жарық көре алмай келіп, тек 1909 жылы басылып шығады.

Бұл жөнінде Міржақып Дулатов, 1914 жыл “Қазақ” газетінде (№67) басылған, “Абай” атты мақаласында былай деп жазады: “1905 жылы “Семипалатинский листок” газетінде, онан кейін Семейдегі “Географический общественности” шығарған бір кітабында Әлихан Бекейханов Абайдың тәржіма хәлін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірак тез шықлады.

1909 жылы, Абайдың балалары мен інілерінің ризалығы һәм Әлиханның изжінадымен, Абай кітабы Петербургта Бораганский баспасында басылып шықты. Бұл күнгі колымыздығы кітап сол бірінші баспасы”.

\* \* \*

Қай ақынды болса да ең мол танытатын баспаға шығу болатынын айта келіп, Мұхтар Әуезов Кәкітай туралы былай дейді:

— Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған жас жүртшылықтың көрнекті оқілі болған — Кәкітай Ыскакұлының еңбегін айрықша айту керек.

— Кәкітай Абай шығармаларының ең алғашқы тандамалы жинағын бірінші рет Петербургтегі Бораганский баспасында 1909 жылы шығарады. Сол жинақтың аяғында

ақынның Кәкітайдың жазған бірінші өмірбаяны беріледі деп, Кәкітайдың Абай мұрасына сінірген ерекше еңбегін атап айтып беріп: “Абайдың баспаға шыгуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші – Кәкітай дейміз”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Кәкітайдың тарихтық зор еңбегін жоғары бағалай отырып, тұңғыш жинақта Абай өлеңдерінің тақырыбына қарай жіктеліп басылуын сынайды.

“Кәкітай өзінше талдау-жіктеу жасаған. “Ой туралы”, “Өзі туралы”, “Ел туралы”, “Ғашықтық туралы” деген си-яқты тақырыптарды бөліп шыгарып, әр өлеңнің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді... Бұл, шартты түрдегі біраз зорлықпен жасалған жіктеулер. Себебі, көбінше Абай өлеңдерінің ішкі мазмұнына қарасақ, “Ой туралы” деген бөлімде өзі турастыңдағы сөздер жүреді. “Ақындық туралы” деген бөлімінде – ой туралы, “Ғашықтық туралы” деген өлең тобында көңіл-күйінің лирикасы да араласып отырады. Сонымен, Кәкітай жасаған жіктеулер дәл-дәлді емес”, – дейді.

Енді 1909 жылғы жинақта Абай шыгармаларының басылу тәртібіне келейік. Жинақ 17 болікке жіктеліп, әрбір боліктің тақырыбы аталған, әр болікке кірген өлеңдердің әрқайсысының жазылған жылдары көрсетіліп отырған.

“1-бөлік. Халық туралы”. Бұл болікке, 1886 жылы жазылған, “Қартайдық, қайғы ойладық, үйкі сергек” өлеңінен бастап, тоғыз өлеңі, 1887 жылы жазылған екі өлеңі, 1889 жылғы бес өлеңі, 1890 жылғы екі өлеңі, 1891 жылғы бір өлеңі, тағы басқа жылдары жазылған он бес өлеңі – барлығы отыз төрт өлең кірген.

“2-бөлік. Өлең туралы”. Бұл болікте: “Өлең – сездің патшасы, сөз сарасы”, “Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол”, “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, “Көңіл құсы күйқылжыр шар тарапқа” және “Құлақтан кіріп бойды алар” өлеңдері басылған.

“3-бөлік. Өзі туралы”.

“Жасымда ғылым бар деп ескермедім” өлеңінен бастап, он жеті өлеңі басылған.

“4-бөлік. Ғашықтық туралы”. Бұл болікте “Желсіз түнде жарық ай” өлеңінен бастап, он өлең басылған.

“5-бөлік. Ой туралы”. Бұл болікте “Жақсылық ұзак түрмайды” өлеңінен бастап, сегіз өлең кірген.

“6-бөлік. Нәсихат туралы”. “Базарға қарап түрсам әркім баар” өлеңінен бастап, он бір өлең кірген.

“7-бөлік. Замандас туралы”. Бұл болікте: “Көзінен басқа ойы жоқ”, “Менсінбеуші ем наданды” деген екі өлең басылған.

“8-бөлік. Сегіз аяқ” деп аталағып, “Сегіз аяқ” өлеңі жеке берілген.

“9-бөлік. Сұлу үрғашы туралы”. Бұл бөліктен: “Қақтаған ақ күмістей кең мәндайлы”, “Білектей арқасында өрген бүрүм” өлеңдері басылған.

“10-бөлік. Жазғытуры”. “11-бөлік. Жаз”, “Жаздығуні шілде болғанда”. “12-бөлік. Күз”, “13-бөлік. Қыс”. Жыл мезгілдеріне арналған өлеңдер жеке-жеке жіктеліп берілген.

“14-бөлік. Аңшылық туралы”. Бұл бөліктен “Кансонар-да бүркітші шығады аңға” өлеңі жеке басылған.

“15-бөлік. Переводтар” деп аталағып, бұл бөлікке Пушкинен бастап, орыс ақындарынан аударма өлеңдер басылған. Барлығы қырық екі өлең.

“16-бөлік. Аттың сыйны” деп аталағып, “Шокпардай җекілі бар, қамыс құлак” өлеңі жеке басылған.

“17-бөлік. Әңгіме Масғұд”, “Ескендір әңгімесі”.

Ақын шығармаларын осылайша жіктеп, шартты түрде болса да, тақырыбына қарай топтап бастыру, сол замандағы оқырман қауымға Абайдың ақындығын таныту жолын жеңілдету мақсатынан туған болады.

Түңгыш жинақта, Абайдың отыз тоғыз жасында, яғни анық үлкен ақын шеберлігіне жеткен шағында жазған өлеңдерінен бастап, ең тандамалы шығармалары басылған. Шығармалары түгел басылып шықпаса да, осы бірінші тандамалы өлеңдер жинағының өзімен-ақ Абайдың ақындық атақ-даңқы кең жайылып, оның қадір-қасиеті қалың қазақ халқына таныла бастады.

Кәкітай жазған Абайдың бірінші өмірбаяны жинақтың аяғында басылды. Кәкітай ақынның өмір тарихын оның үшінші атасы, қолбасы батыр, ел басы бай болған, Ырғызбайдан бастап, онан соңғы атасы, халық ортасында әділ би аталған Өскенбай туралы мағлұмат береді.

Абайдың өз әкесі Құнанбай қажының мінезін, адамшылық қадір-қасиетін қысқаша баяндап, шешесі Үлжаның Каракесек, Бошан руының белгілі би Бертістің тұқымы екенін жазады.

Сөйтіп, Абайдың өзін терең түсіну үшін ең алдымен оның ата тегін, тәлім-тәрбие алып өскен ортасын таныту қажет деп біледі.

Абайдың ата тегімен, нағашы жүртүмен таныстырып алған соң барып, ақынның бала жасынан бастап, басынан кешкен өмір тарихының басты кезеңдерін баяндап береді. Ұлы ақынның өзіне тән озгеше мінезін, табиғи тума талантын, терең білімін, адамгершілік қасиетін сипаттауға ерекше көніл бөледі.

Бала жасынан бастап, жиырма торт жыл бойы үнемі Абайдың оз қасында болған Кәкітай, тікелей оз козімен коргенін, оз құлағымен естіп- білгенін жазады.

Әсіресе, ұлы ақынның ұстаздық мәдени еңбегін, Абайдың алды әдебиет мектебі болғанын нақтылы дәлелдеп, түңғыш рет сипаттап берген Кәкітай болды.

Абайдың ұстаздығы туралы Кәкітай былайша баяндап жазады:

— “Абай жазған олеңдерінен басқа, өншійін отырғанда, көбінесе өзінің қызықты көріп, конілі рахат болатұгыны: созін үғар деген бала-шагасы уағайри жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында озге ел созі, шаруа сөзі сойленебей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай қылықпен бұзылады, гылымды қалай іздеуге керек, өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай, әйтеуір не түрлі нәсихатын болсын жастарға ғыйбрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай ынталы коңілмен бек рахаттанып айтып, үқтырып отырушы еді. Бұл уақытта бір адам өншійін шаруа жайынан, ел жайынан соз сөйлесе, бек ренжіп, ашуланып қалушы еді. Қанша халық надан болса да, Абайдың нәсихатын коп тындал, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі, медреседен оқыған, гылым жолындағы кісі сықылды әр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып, надандықтан шығып қалушы еді.

Оз алдын медресе біліп, үқса, үкпаса да халыққа білгенін айтып, үйретіп отырғанын ең қызықты өмірім деп жазғани:

“Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға”, —

Абайдың ұстаздық еңбегінің мәдени ағарту ісіндегі мән-мағынасын, тарихтық маңызын терең түсінген Кәкітай, онын, ерекше қадыр-касметін дәл корсетіп, баяндап берген.

Абайдың орыс ақын, жазушыларынан және Европа ғалымдарынан кімдерді оқып, білгенін, бірінші рет нақтылы атап жазып, тарихи дәл мағлұмат берген адам да — Кәкітай.

Ол атап жазған, анық Абай оқыған орыс жазушылары:

Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев, Чернышевский, Крылов.

Егер Кәкітай атап жазбаған болса, орыс жазушыларынан Абайдын, кімдерді оқығанын біз бәрін түгел білмеген болар едік.

Европа ғалымдарынан: Сиенсер, Льюс, Дрэйердің сібектерін Абайдың оқығанын бірінші рет мәлімдеп жазған да Кәкітай. Ол бұл ғалымдардың Абай оқыған шығармаларын да атап жазады.

Қысқасын айтқанда, Абайды танудың басы тоңкерістің бүрын басталғанын және оны бірінші баставан Кәкітай болғанын көреміз.

Кәкітайдың жазған басқа еңбектері сақталмаган.

Әрхам әкесінің жас шағында олең шығарып жазып жүргенін айта келіп:

“Бірақ, озін ақынмын деп санамайтын. Абай жинақтарында басылып келе жатқан: “Әбдірахманға Кәкітай атынан хат: “Тілім, саған айтамын”, “Козімнің нұрысыз” дейтін олendersdі шынында Кәкітайдың озі жазған. Мұрсейіт қолжазбасында да-Кәкітайдың хаты делінген... Ондай олең жазу Кәкітайдың қолынан келетіні даусыз нәрсе. Және азамат соғысы кезінде, 1918 жылы: “Қытайға қашып бара жатқан ақтардын, әскерін қуып келе жатқан қызылдар жолда Кәкітайдың қыстауында болып, оның үш сандықта сақтаулы тұрган кітаптарын, қолжазбаларын ортеп кетті. Мине, осындай залалкес жауыздардың кіянаты отыз жыл еңбектеніп жиган Кәкітайдың кітаптары, қолжазбалары, түрлі керекті материалдары кейінгілерге жетпей кетті”, – дейді.

Сойтіп Кәкітайдың архиві жойылған. Сондықтан оның сібебі туралы нақтылы толық жазып пікір айту мүмкін емес.

Кәкітай 1915 жылы 46 жасында дүниеден қайтты.

\* \* \*

Кәкітай Абай мұрасына ерекше зор сібек сіңірген мәдениет қайраткері ғана емес, ол сонымен қатар, өз заманында, саяси-әлеуметтік іске белсене ат салысқан, қофам қайраткері ретінде абыройлы азамат болған.

Ол ең алғаш, 1900 жылы Әлихан Бокейхановпен танысып, айнымас адал дос болып кеткен.

Саясат ісінде екеуі ниеттес, тілектес, айырылmas жолдас болған. Және жас жағынан да екеуі құрдас адамдар еді.

Кәкітай қайтыс болған соң, жазған мақаласында Әли-

хан былай дейді: “5-мамырда (1905 жыл. – К. М.) саясат ісін кеңесуге, мен Семейге бұғып бардым. Пароходта Кәкітайдың бірге жүрдім. Содан бері саясат ісінде бір одақ болдық”.

Енді Кәкітайдын, адамгершілік, азаматтық қадір-қасиетін нақтылы дәл сипаттап, толық баяндап беретін, 1915 жылы, 18-қаңтарда “Қазақ” газетінде жарияланған Әлихан Бекейхановтың мақаласын толық түрінде көлтірейік.

### “ҚОШ, ҚАРАҒЫМ!”

– Бұғын, 10 қаңтарда Семейден Медеу телеграм соқты. 6 қаңтарда Кәкітай (кітапта аты Фабдулхакім) Үскакұлы Құнанбаев қайтыс болыпты.

Кәкітайдың әкесі – Үскак, ақын Абайдың інісі. Кәкітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп баураған. Абай қасында жүріп, мектеп көрді. Кәкітай орысша жаза да, оқи да біледі. Абай білетін Европа жазушыларымен Кәкітай таныс еді. Ижданадтылық арқасында сөзге үста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Сөз білетін еді.

Мен депутат сайланып шыққан жылы, Семей қаласының орыстары бізді клубта қонақ қылғанда, орыс шешендеріне Кәкітай жауап та қайтарған еді: “Біз Михаэлис пікіріндеміз, солардың шәкірті Әлиханды сайлағанымыздың себебі – осы” деп.

Абайдың тәржіме хәлін жазған да – Кәкітай. Осы екі істен-ақ Кәкітайдың білімі окушыларға байқалып қалар.

Әуелі Кәкітайды 1900 жылы күздігүні көрдім. Қасқырдың бөлтірігіндей тоғыздагы баласы Біләлді гимназияға берем деп Семейге келген. Онда заман тыныш, тұңғиық. Біз сынаса алмадық.

1904 – жылы Абай марқұмның олецин кітап қылып басындар деп, балаларына хат жаздым.

1905 жылғы шілденің аяғында Коқітай Абайдың қолжазбасын алып, Омбыдағы маган келді. 1905 жылы жазғытұры саясат ісі қалай болғанын “Қазақтың” окушылары біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұмадай жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мәйрам болдық. Анық таныстық.

5-мамырда саясат ісін кеңесуге мен Семейге бұғып бардым. Пароходта Кәкітайдың бірге жүрдім. Содан бері саясат ісінде бір одақ болдық.

Қаңтардың басында, 1906 жылы, Керекуден Семейге

хабар келген, Керекуден Семейге шыққан мені үстасын деген. Марқұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге достар мені қашыртақ болып, маған қарсы үш атпен “Б”-ны жіберген. Бірақ мен Тұзқалада (Ямышер – Қ. М.) ұсталған едім. Бірақ, мен ол күні “Б”-ға жолықсам деп қашпақ емеспін. Егер мен қашсам, онда қырға отряд шығып, қазақты қор қылмай ма?

Мені Тұзқалада күзетке алып, қарауылға бір орыс қоюып, мені ұстаған орыстар бір үйге тамак ішуге кетті. Сонда жиылдың келіп, Тұзқала кісілері: “Қашырайық, қаш” деді. Мен қашпаймын, абақтыда бір кісінің жатқаны — жүрттың қор болғанынан ыңғайлыш болар дедім.

Дума сайлауында да Кәкітай марқұм выборщик болды.

Екінші Дума сайлауында ынтымак, қылмай, Темірғалимен таласқа түсіп, Кәкітай бүктелді.

Шаһкөрім, Кәкітай, Темірғали, Хасен, Омарбек – осылардың бірін сайланадар деп, жүртқа мен көрсеткен бес кандидат еді.

Сонда осы істің ағат болғанын Кәкітай мойнына алған еді. Ер жігіттің белгісі – адасқанын мойнына алғаны. “Шын созге жан пида”, – деп Шаһкөрім айттар еді.

1908 жылы Семейге келдім. Мен Семейде абақты борышымды құтіп жүргендеп: Шаһкөрім, Кәкітай, Турағұл әдейі қалаға келіп, тағы да біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда келіп, амандақсан да осылар болды. “Бұған-өзге қазақ жарамады-ау” – деп нальыдым.

Мен абақтыдан шыққан соң, бір түн Қаражан үйінде бірге болып, мені Қарқаралыға Омарбек, Кәкітай шығарып салып, қош айттықсан жерде құшактап, жыласты. Мен қарысып, буындырған қусаны сыртқа шығармадым. Бекер жыламаған екенмін. “Тастан қатты екен” деп ойладың ба? Асыл ер, шырактарым-ай!?

Содан бері Омаш, Кәкітайды көргенім жоқ. Арманды кестелеп жазуға, қалам шіркін шорқақ қой.

1909 жылы Шаһкөрім, Кәкітай маған хат жазып, ақыл сұрады:

“Не айтасың, ата қоныс, кір жуып, кіндік кескен Қаралыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, ала-мыз ба?” – деп. “Не болса жүртпен бірге көр” дедім.

Бәріміз бүл дүниеге қонақпyz. Артында орынбасарың табылсын!

Хош қарагым, достым, Кәкіш! (“Казақ” газеті, 1915 жыл, 18-қаңтар). Кәкітайдың өмір тарихын осымен аяқтаймыз.

Енді Кәкітайдың үрпақтары жайында, өзімізге мәлім болған мағлұматтар бойынша, қысқаша болса да айта кетуіміз керек.

Кәкітайдың бәйбішесі Салиқадан тұған тұңғыш баласы Әрхам (1885). Екінші баласы – Біләл, кенжесі – Даниял (Дәку).

Әрхам өз әкесі туралы естелік жөне Абай оміrbаянынан қосымша мағлұмат беретін естелік әңгіме жазып қалдырыды. Семейде Абай музейін ашу жұмысына белсене ат салысты және Абай музейінде қызмет істеді. Абайтану мәселесіне Әрхамның сіңірген еңбегі аз емес. Әрхам өлең де жазды. Оның Абайға арнаған “Загипа” атты үлкен поэмасы 1961 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Әрхамның еңбегі, оміrbаяны зерттеліп жазылуы керек. Әрхам 1964 жылы дүниеден қайтты.

Біләлді тоғыз жасында (1900) әкесі Семей гимназиясына оқуға бергенін Әлихан Бекейханов жазады. Біләл гимназияны бітіріп шыққан соң, науқасқа шалдырып, одан әрі оқи алмаған. Біләл да өлең жазған. Абайға елікте, орыс ақындарының өлеңдерін аударуға талаптанған. Оның аудармаларынан сақталып, бізге жеткені – Пушкиннің “Қыскы жол” (“Зимняя дорога”) өлеңнің аудармасы.

Өркештенген бұлыттың арасынан  
Азайып ай көрінді қарасынан.  
Елсіз жым-жырт қайғылы сар далаға  
Мұңайып сәүле түсер саласынан.

Келеді жол үстінде үш ат жеккен,  
Көнілсіз қысты күнгі жолмен кеткен.  
Доғада қоңыраулы желген аттар  
Шаршагандай дыбыспен күнренткен.

Ән салар жәмшік жолдың ұзағында,  
Сол әннің тәтті үні түр құлағымда.  
Жүректің жұз толғауы еске түсіп,  
Келеді қуанғым да, жылағым да.

Жанған оты жылтырап көрінсе үй,  
Қалың қар, иесіз дала кетірер күй.  
Шақырымның есебін жазған тақтай  
Анда-санда көрінсе, ол да үлкен сый.

Өлеңнің бүдан кейінгі соңғы шумактары сақталмаған. Жас жігіт шағында айықпас ауыр дөртке душар болған Біләл Семей ауруханасында қайтыс болыпты. Дәл қай жылы өлгегін бізге мәлім емес.

Даниял Кәкітайұлының өмірбаяны зерттеліп, жазылған емес. Жазушы Даниялдың баспасөз жузінен, өзірге бізге мәлім енбектері – оның аудармалары.

1935 жылға дейін жеке кітап болып басылып шыққан аудармалары: А. Серебрякованың “Маркстың жас шабы” атты романы, Бруно Ясенскийдің “Человек меняет кожу” романы, Гаршиннің “Төрт күн” (“Четыре дня”) әңгімесі және Чеховтың бір әңгімесі.

23 жылды Ташкентте шыға бастаған “Сана” журналының басқарма мүшесінің бірі – Даниял болыпты. Журналдың соңында:

“Шығаруыш Түркістан қазақ білім комиссиясы. Басқарма мүшелері: Досмұхамедұлы Халел. Кеменгерұлы Қошке, Ысқақұлы Даниял” деген.

“Сана” журналының 1924 жылғы 2–3 санында Даниялдың: “Корғансыздар” (Әуезұлының “Бәйбіше – тоқалына” тексеру), – деп аталған үлкен сын мақаласы жарияланған. Журналдың 14-бетінде (99–112 беттер) басылған мақаланың соңында: “Егер “Бәйбіше – тоқалдың” идеясы, әсердің түрі осы айтылғандай деп танысақ, тексерушінің ендігі міндепті: жазушының ол мақсатын қандай дәрежеде орындаі алғанын, пьесаның көріністерін, байланыстарын сол мақсатына үйлестіре алған, үйлестіре алмағанын қарастыру болмақ. Енді соны орындауға көшеміз.

Даниял... (Аяғы бар) – деген. Мақаланың аяғы журналдың келесі 4-санында жарияланса керек еді. Журналдың 2–3-ден кейінгі сандары жок.

Тері “Сана” журналының шығуы, 2–3 саннын кейін, тоқтатылған болады.

Даниялдың бұл мақаласын жазушы Тұрсын Жұртбаев “Абай” журналының 1993-жылғы 6-санында жариялаган. Және Т. Жұртбаев Даниял туралы:

“Ол Мұхтар Әуезовтың “Бәйбіше – тоқал” пьесасын сондай пайымды пікірмен талдаған. Қазақ сынының басы.

Реті келгенде айта кетейік, Даниял Ысқақов – Ташкент қаласында М. Әуезов екеуі бір тұрған жоне екеуі қатар үсталып, 1930–1932 жылдары түрмеде бірге жатқан”, – деп дүрыс жазған.

Даниял түрмеден босап шыққан соң, Алматыда оку агар-

ту саласында (Наркомироста) қызмет істеп жүргенде, 1937 жылы тұтқынға алынып, қызыл қырғынның құрбаны болды.

Кәкітай тәрбиелеп өсірген, талапты, талантты балала-рының тағдыры осындай.

Кәкітайдың бір туған інісі Ахметбек те көзі ашық, қоңілі ояу, мәдениетті адам болған. Ахметбектің: Мұбәрәк, Мед-ғат, Талғат, Жәудәт деген үлдары, Фалия, Қапиза, Үбісән және Кәсира атты қыздары болыпты. Фалия Мұхтар Омар-ханұлы Әуезовтың ағасы Каскенің (Қасымбектің) зайдыбы.

Ағасы Кәкітайдың үлгі-өнегесімен Ахметбек те бала-ларын жас кезінен оқытып, жақсы тәрбиелеп өсірген. Ауыл молдасынан оқып, сауатын ашқан сон, үлдарының бәрін де қаладағы орыс мектебінде оқытқан.

Улken баласы Мұбәрәк Семей гимназиясында оқыған. Ахметбек те кудалауға түсті.

Балалары да күгін-сүргінге үшінрады. Медғат 1937 жылы 10 жылға айдалды. Талапты, білімді баласы Мұбә-рәк, Семейде мұғалімдер институтында оқытушы болып жүрген кезіндегі кудалаудың, кесірінен басқа жаққа қоныс аударған еді, ол сол күйі белгісіз, хабарсыз кетті.

Кәкітайдың жақсы көрген інісі Ахметбек жайында және оның үрпақтары туралы бізге мәлім мағлұмат осы айтыл-ғандар.

Кәкітайдың өз өмір тарихы да өлі толық зерттеліп бол-ған жок.

## ӨЛЕНДЕРІ

### ӘБІШКЕ (хат)

Тілім, саған айтайын,  
Осы сөздің келісін тап.  
Қолым, сені қайтейін,  
Қаламды түрдің, қатты ұстап.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,  
Жалғаны жоқ бояма.  
Кү кесе<sup>1</sup> қандай өзімшіл,  
Бір сынамай қоя ма?

Махаббатпен қарап бак,  
Тамыр соқса солқылдаپ.  
Мен жазайын Сізге хат,  
Оқып көрсін ол шындаپ.

Оқып көріп байқасын,  
Мағынасы ішке кіре ме?  
Ұрлаған сөз деп айтасың,  
Сөз ұрлыққа жүре ме?

Kісі айтпаған сөз бар ма,  
Тегіс ұғар қай құлак?  
Сөккенің оны ұнар ма,  
Үйренген сөзге мен де ортақ.

Тұла бойым, балқи көр,  
Әбіш ағам дегенде.  
Мейлің, Мағаш шалқи бер,  
Не десен де сөгем бе?

Көріскен соң бір дидар,  
Алла онғарып келгенде.  
Сынаушы сонда табылар  
Мұнда жатқан елден де.

<sup>1</sup> Кү кесе – Мағауия (–К.М.).

Төсекке менің жатуым —  
Үйқыға әбден талған соң,  
Үстазым менің татуым  
Сен екеуің болған соң.

Жас жүрегім қозғалса,  
Бір Аллаға тілегім.  
Ол қарағым оңалса,  
Тыншыр еді жүрегім.

Жұздерінді сау көрсем,  
Екі көзім нұры еніп.  
Қосылысып бір жүрсем,  
Әр нәрсені үйреніп.

Жерің алыс жете алмай,  
Магаштан да мен сорлы.  
Қызметінді ете алмай,  
Қалмас едім сол құрлы.

1894 жыл

## ӘБІШКЕ

Көзімнің нұрысыз,  
Сізсіз жоқ қуаныш.  
Өмірдің гүлісіз,  
Көңліме жұбаныш.

Зар қылып тілеймін,  
Рахматын Алланың.  
Елжіреп жылаймын,  
Көңлін аш пендениң.

Сыйхатын<sup>1</sup> қалқама,  
Бере көр, я рахим.  
Тілегім бұл ғана —  
Қайғымды қыл шағын.

Ағатай, сағындым,  
Есен-сау көмекке.  
Сөз таптай аңырдым,  
Оқыңыз ермекке.

---

<sup>1</sup> Сыйхат (арабша) — денсаулық (—К.М.).

Осы күн өмірімнің  
Ешбір жоқ қызығы.  
Жаралы көңілімнің,  
Жазылмай сзығы.

Мақсатым хатымды  
Аз уақыт болса ермек.  
Сөзім жоқ татымды,  
Хошлықпен көріспек.

*1894 жыл*

## АБАЙ (ИБРАһИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫң ӨМІРІ

### I

23-июньде, 1904-нші жылында, туған жері Шыңғыс тауында дүниеден қайты атақты қазақ ақыны, Шыңғыс елінің қазагы Абай Құнанбай үфлі. Кітапша шын аты – Ибраһим. Бірақ қазақ әдеті бойынша, шешесінің еркелетіп қойған Абай атын халық атап кеткендіктен біз де Абай дейміз.

Абайдың әке тұқымы Тобықтыға басшы болған, би болған белгілі атасынан еді. Үлкен атасы Ырғызбай 1750-інші жыл шамасында Ырғыз деген озенде туған екен. Халқының қолбасы батыры һәм биң екен. Тобықтының аз уақытында Түркістан жағынан елін бастап ауып келіп, осы Шыңғыс тауы мал бағуға аса жарамды жер деп орын қылышты.

Онан соңғы атасы Өскенбай би, халық ортасында әділ би атанып, бөтен алыс елдің адамдары да орталарындағы үлкен дауларына сол кісіні іздел келіп, жүгініп, билік айтқызып, бітіп қайтады екен.

Өз әкесі Құнанбай, жүрт аузына қараған қатты, есті кісі болып, бөтен елдерді де билеп, ел ішіне бір ғана төре тұқымы сұлтан болып жүрген кезде, солармен таласып, Қарқаралы өкірігіне әуел қазақтан сұлтан болған кісі еді.

Уақытында елдің құр мұсылманмын дегенинен басқа діннің не екенин білмей, қан жеп неше түрлі ырымдарға табынып жүргеніне қатты тыю салып, анық шарифат қоспаған істі қылған, ғайри бұзықшылық іс қылғандарға бек ауыр жаза салып, халыққа ауыл басы молда үстательп, қадари хәл ғылымның жолын көрсетіп, улғі салған.

Өзге жүрт орыстан баласын жасырып жүргенде, балаларына орысша оқу оқытып, Халиолла деген баласын Омский кадетский корпустан оқытып, онан соң Мәскеудегі Павловская кавалерийская школдан оқытып, сабакты жақсы бітіріп, корнет болып қызметте жүргенде ауырып, дүниеден қайтып еді.

Картан тартқанда, халық Мәkkеге барғанды білмейтуғын уақытында әуел бастап Мәкке барып, онан келген соң ешбір дүние сөзіне кіріспей, бір ғана ғибадатын қылышп, өлгенише үйден шықпай өтіпті.

Абайдың шешесі Ұлжан – Қарқаралы оязына қарайтын Ку, Едірек, Мыржық деген жердегі Қаракесек, Бошан руынан Бертіс деген бидің тұкымы. Қазак ортасында елді күлдіргі қалжыңымен сөгіп, шешендікпен атақ алған Қантай, Тонтаймен туысқан Тұрбанның қызы еді.

Тонтай өзі малды кісі екен, бір-екі ауырғанда, қожамолдалар жиылып келіп, көңілін сұрай беріпті. Ақыры өлер жолы ауырып, қатты болып жатқанда, қожа-молдалар тағы да келіп, көңілін сұрап отырғанда айтыпты дейді: – Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесе болмас, – депті.

Абай 1845-нші жылы, Жылан жылында туды.

1904-нші жылы, Ұлу жылында, 60 жасында дүниеден қайтты.

Абай 10 жастан 12 жасқа шейін қырда мұсылманша оқып, 13 жасқа шығарда Семейде молда Ахметризаның медресесінде оқыған. Медреседе жүрген уақытта үш айдай орыстың Приходская школынан орысша сабак оқыған. Ақыры торт жыл мұсылманша, 3 айдай орысша оқыған соң, 14 жаста сабактан шыққан. 15 жаста-ақ балалық қылмай, үлкендерден білімі артылып, ел ішінде жүртты аузына қаратып, басшылықта бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген. Тұрғылас елдің жақсылары баласынбай, аузына қарай бастаған. Ол уақытындағы елдің адамдары не қылса да аталарындағы атақты үлгі аларлық би болады дескен. Бірақ, ондай би болуга заманның өтіп кеткенін қайdan білсін.

20 жасында Абай халық ортасында мандай басы шешен болды. Халық жайынан бұрынғы әдетті, ғұрыпты, ескі білікті билердің қын іс туралы қылатуғын биліктерін көп білген. Өзінің зиңні артық болған соң, көрі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған. Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді.

Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жана заманның ретімен Абай ғарапша, фарсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды. Сол талабыменен қырда ғарапша, фарсышага Абайдан артық білетуғын ешкім болмады. Шала оқыған ғылымы бар молда-қожалар Абайдан қашып жүруші еді, өзге жерде өтірікті – шынды жүртты аузына қаратып жүргенде, Абай алдында надандығы білініп, масқара болып қаламын ба деп.

Абай гибадат турасында көрнеу сырты тақуа кісі емес еді. Жай уақытта намазды көп оқымаушы еді. Бірақ, рама-

зан айында ораза ұстап, намазды сонда үзбей оқушы еді. Ол оқыған кезінде, өзгелерді “асығыс отырып, сендер көңілді алаң қыласындар” деп, өзі жеке асықпай оқып отырып алушы еді.

Әсіресе, ыхтихадка бек махкем еді. Не іс қылса да, не насиҳат айтса да, мынау құдайшылыққа жөн, бүйтсе -адамдыққа жөн деуші еді. “Ғибадаттың ең үлкені: көңілдің тазалығы, адам баласына жаны ашырлық” деп, сыртымен со-псызынып, тақуасынған кісіні қатты ұнатпаушы еді. “Мұндай адамдар халық үшін ғибадат қылады, хаклықпен, шын көкірегі емес, қара жұртқа құрметті болмақтан басқасы жоқ”, — деп.

Құдайға шын көңілмен ғибадат қылған кісі құпия қылалды деп бұл туралы айтқаны:

Алла деген сөз женіл,  
Аллаға ауыз қол емес.  
Бінталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі хакқа жол емес.

Абай 30 жасында барша халық ортасына атағы жайылып, білікті болды. Бөтен елдің басшы адамдары, құда, тамыр болып жақындық қылып араздық, жаулық қылмай жүрді. Үрлік қылған кісіге, зорлық қылғандарға жазаны аямай салып, қатты қысымшылық көрсетуші еді. Ұры аулының маңынан жүре алмаушы еді. Бірақ, осы ұрыны қатты тыямын дегендіктен қазактың бұрынғы заманнан барымташыл әдеті қалмағы қын болып, ел ішінде көнбеймін дегендер партия қылып көп әуре қылды.

Абай бір кезі келіп тұрган самород еді, бірақ халықтың надан уақытында шығып есіл өнерінің пайдасын көміл көрсете алмай, қызықты өмірінің бері елдің шуылдақ партиясымен өурелікте өтті. Бұл туралы айтқан бір өлеңі:

Әзәлде тәнірім сорлы етті,  
Арсыз елмен әуре етті.  
Жалғыз үйде күнірентті,  
Тағдырға білдік көнгенді.  
Адам деген данқым бар,  
Адам қылмас халқым бар.  
Отірік пен есекке  
Бәйге атындаң аңқылдар.  
Тұла бойым шымыранды  
Барма топқа шакырмай.  
Жат үйінде шатылмай,

Шыдармын ба апымай...  
Жатуга шықпай үйде енді.

Абай 14 жаста-ақ біреуді мазақ, яки қалжың қылып күрбылар ортасында өлең шығара бастаған. Олар жатқа үйреніп айтысып жүрген, бірақ өзі оған өлеңші екемнін деп көңіл қоймаған. Қазақ ортасында ақындықтың пәлендегі қадірі жоқ нәрсесе. Кайдағы қошаметпен біреуді мақтап, өлең айтып бірдеме аламын ба деген кедей адамдар айтып жүрген соң қазақтың төрелері мақтан да қылады екен: “тұқымымыздан бақсы яки ақын шықпайды” деп.

Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай тілеништілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған.

Бұрынғы ескі биді тұрсаң барлап,  
Мақалдан айтады екен сөз қосарлап,  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қылты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
Кетірғен сөз қадірін жүртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбан.  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Қайда бар мақтаншаққа барған такдан,  
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.  
Қазакқа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар дандақ.

Ескі бише отырман бос мақалдан,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Келейін сендерге де енді аяңдал.

Абай өлде бойына біткен өнерін жарыққа шығарып, біл-

діре алмай кетуге де болатұғын еді. Әгөрда 80-ші жылданда жер аударылып келген Михаэлис деген бір білімді кісімен таныс болмаса һәм Михаэлис пен Маковецкийдің атына басылған “Қазақтың ескі әдет-ғұрпы” деген кітапты жазып аламын деп жүрген Гросс деген кісіге таныс болмаса.

Бұл Гросс һәм Михаэлис Абайдікіне қонақ болып келіп-кетіп жүрген. Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке осы кісілер үлкен себеп болған.

Абайды орыстың білікті жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев деген кісілердің шығарған кітаптарымен таныс қылған. Абай өле-өлгенише “Менің әкемнен артық жаңы ашырлық қылып дүниеге көзімді ашқан - Михаэлис” деп айтып отыруышы еді.

Абай соңғы замандарында: Спенсердің “Опытын”, Льюстрың “Позитивный хакмәлігін”, Дрепердің Европаның ғылыми туралы жазғанын, Чернышевскийдің заманындағы жазылған статьяларды һәм оның өмірін оқып отырушы еді. Әсіресе, Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді. Бұның өлеңін қазақшада өлеңмен перевод қылып еді: “Дума”, “Кинжал”, “Парус” үа “Молитва” деген һәм ғайри бәйтләрін де переводтап еді.

Абай Крыловтың басняларын да перевод қылды. Қазақтың үгымына ынғайлы деп. Абай қазақша өлеңмен “Онегинди” перевод қылды. Қазақ ортасына қатты жайылып кетті. Қазақтар Татьянаның хатын бек тансық көреді.

Абай өзі Толстой мен Салтыковтың шәкірті еді. Орыс школындағы балалардың анықты ғылым іздемей, адвокат болып, полиция қызметіндегі тәре болып пайда таппақ болатұғынын сөгіп, оларды Толстой, Салтыков-Шедрин кітабын оқып, солардың жолында бол деп өлең шығарған.

Абай өзі жасында ғылым оқи алмай қалғанын арман етіп жазған өлеңі:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұрып тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Осы өзінің өкінгендігінен балаларын орыс окуына берді. Өзге қазақша, баласын мал пайдасына яки мақтан пайдасына бола оқытпай, бір ғана ғылым-білім шығармаққа жаһад еткенін өлеңіне жазған:

Адамның бір қызығы бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедин.

Екінші баласы Фабдірахимді городской школды бітірген соң, Тюменский реальный училищеден өз ақшасымен жіберіп оқытты.

Казақтан әуел өз ақшасына баласын оқытқан осы кісі шығар, жылына неше жұз сом расход қылып.

Фабдірахим реальный училищені бітіріп, Петербургтагы технологический институтке түсемін деп барғанда, онда Лосевский деген бұл жақта ояз болған таныс кісісі жолытып, соның советі бойынша Михайловский артиллерийский училищеге түскең. Одан бітіріп шыққаннан кейін, елінің сорына, үміт қылып жүрген, ғылымға зерек, халқына еңбек қылмақты қарыз білген Фабдірахим 1895-нші жылы 27 жаста военный артиллерийский академияға түспекке дайындалып жүргенде, “костоед” деген науқас болып дүниеден қайтты.

Орыс ғылымын кітаптан оқығандық Абайдың көңіліндегі ақындығын қозғап, Абай өзін қазақтың гибрат алатуғын ақыны біліп, елдің шатақ сөзінен қашып, өлең жазып отырмақ болды. Өйткенімен, ел де тынышына қойған жоқ. Бірак, әрбір ой қозгалған уақытында кез келген қағазға жазып тастаушы еді, Әуес қылған жастар алып таратып кетуші еді. Абайдың халықты сөгіп шығарған өлеңдері қазақтың кайшетіне болса да жайылды.

Абай өзінің тереңнен жазатуғын ақын екенін біліп, елдің ұғымсыздықтан әншейін өлеңнен артық қадірін білмегендігіне ыза болып жазған өлеңі:

Батырды айтсам ел шауып алған талап  
Кызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.  
Әншейін күн өткізбек әнгіме үшін  
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап.  
Ақыл сөзге ынтасыз жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жұр табандап.  
Кісімсіген, жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем өкпелеме көп жамандап.

Өзге алыс ел құмар болып, Абайдың өлеңін жаздырып алып, жиылған топта Абайдың насиҳатын үқса-үқпаса да, құлақ қойып тыңдап отыргандарына қарағанда, қайта ең

жақын түсікан елі Тобықтының көбі айтқан сөз, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлайтуғынына ыза болып жазғаны:

Патша құдай, сыйындым,  
Тура баста өзіңе,  
Жау жағадан алған күн  
Жан көрінбес көзіме.

Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме,  
Қайран сөзім қор болды  
Тобықтының өзіне.

Абай соңғы уақыттарында елдің партиясынан да жалығып, һәм айтқан сөзді үғып, жүрт түзелетүғын сықылды емес екенін біліп, көnlі қалыңқырап, өзі сөзге араласпай, үйде жатамын деп жазғаны:

Менсінбеуші ем наданды  
Ақылсыз деп қор тұтып,  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме  
Көп наданмен алысып,  
Көнбеді ешкім сөзіме,  
Әдетіне қарысып.

Әринемен ел кетті,  
Қоқыланды, мақтанды.  
Куат бітті, күн өтті,  
Жарылқа құдай жатқанды.

1904-нші жылы 14-нші майда, Абайдың ең жақсы көретүғын баласы Мағауия дүниеден қайтты. Осы баласын городской училищеден оқытып жүріп, денсаулығы нашар болған соң, қайта қолына алып еді.

Бұл өлім Абайға тым қатты батып кетті. Өзі бір түрлі сынып, жүдеп, елдің әне-міне деп уатамын деген сөзінен де аулақ жерде жалғыз отырғысы келіп, ешнәрсеге араласпай, Мағауиядан кейін 40 күннен соң өзі де дүниеден қайтты.

Марқұмның 1893-нші жылы жазған бір өлеңі келгендей:

Жүргімді кан қылды,  
Өткен адам, өлген жан.  
Ақыл іздеп ізерлеп,  
Бәрін сынап сандалған.

Бірін таппай солардың,  
Енді ішіме ой салған.  
Тұла бойды улатты  
Бәрі алдағыш сүм жалған.

Басыңа тиді байқадың,  
Бәрінен басты шайқадың,  
Тағы бар ма айтарың,  
Нанғыш болсан, енді нан.

## II

Бұрын да айтылып еді, Абай бала жасынан, қазақтың тәуір жігіті партияда күшті боламын деп талап қылғаннан басқаны ойламайтуғын уақытта өсті деп. Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып, салақ болып, берірек үлгайыңқыраған кезінде өкініш тусіп, жасынан ғылым жолында болмай, қазақтың айғайымен жүргендіктен, кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып, яки гибрат алмаққа жарамайтуғын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан, өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат, әурешілікпен бойды ыза кернеп, өткен қатем болса, аяп, аз сөге көріндер деп жазғаны:

Олсем орным қара жер сыз болмай ма,  
Өткір тіл бір үялшақ қызы болмай ма.  
Махаббат ғадауатпен майдандасқан,  
Қайран менің жүргім мұз болмай ма.

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма,  
Біреуге жай, біреуге тез болмай,  
Асай жүрек аяғын шалыс басқан  
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма.

Сонда жауап бере алман мен бишара,  
Сендерге еркін тиер, байқап қара.  
Екі күймек бір жанға әділет пе,  
Қаны қара, бір жанмын жаны жара.

Жүргімнің түбіне терен бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Жасымда албырт өстім ойдан жырақ,  
Айлаға, ашуға да жақтам шырақ.  
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.  
Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті,  
Сен есірке, тыныш үйықтат, бақ сөзіме!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Абай жазған өлеңдерінен басқа, әншнейін отырғанда көбінесе өзінің қызықты көріп, көңілі рахат болатұғыны: сөз үгар деген балашағасы уағайри жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай қылықпен бұзылады, ғылымды қалай іздеуге керек, өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғылымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай, әйтеуір, нетурлі насиҳатпен болсын, жастарға ғибрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да, еш жалықпай ынталы көңілмен бек рахаттанып айтып, үқтырып отырушы еді. Бұл уақытта бір адам әншнейін шаруа жайынан, ел жайынан сөз сөйлесе, бек ренжіп ашуланып қалушы еді. Қанша халық надан болса да Абайдың насиҳатын көп тындал, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі, медреседен оқыған ғылым жолындағы кісі сыйылды, әр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып, надандықтан шығып қалушы еді. Өз алдын медресе біліп, ұқса-ұқласа да халыққа білгенін айтып, үйретіп отырғаны ең қызықты өмірім деп жазғаны:

Ақырын жүріп, анық бас  
Еңбегің кетпес даалаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға.

Абайдың өміріндегі ең жақсы көретүғыны таза көніл мен достық еді. Өзгеден табылмаса, қатын-балаларың дос қой, солармен болса да елжіресіп сүйіскен өмірден артық өмір болмайды деуші еді.

Махаббатсыз дүние бос,  
Хайуанға оны қосындар.  
Қызықтан өзге қалсаң бос,  
Қатының, балаң — досың бар.

Жүргі жұмсақ білген құл,  
Шын дос таппай тыншымас.  
Пайда, мақтан, бәрі — тұл,  
Доссыз ауыз тұшымас.

*Кәкітай Ысқақұғылы  
Кұнанбаев*

*Казак ақыны Ибраһим Кұнанбай үғылының өлеңі.  
Бастырған Кәкітай, Турағұл Кұнанбай үғланлары.  
С – Петербург, 1909 жыл, 104–112-бет.*

## ӘУБӘКІР АҚЫН

(1881—1934)

Әубәкір Ақылбайдың баласы, Абайдың немересі. Абайдың кенже інісі Оспан баласы болмағандықтан Әубәкірді қолына алып, бәйбішесі Еркежан бауырына басып, тәрбиелеп өсіреді.

1891 жылы Оспан қайтыс болады. Әубәкір Оспаннан он жасында қалады да, кейіннен Еркежанды Абай алған соң, Әубәкір енді Абай тәрбиесінде болады.

Әубәкір жас күнінде ауыл молдасынан оқып мұсылманша сауатын ашады. Одан әрі үзап оқыған емес. Еркежан бәйбіше жақсы көретін жалғыз баласы Әубәкірді өз қолынан шығармайды, ерте үйлендіреді. Әубәкірдің әйелі Кәмалия (Кәмәш), Қазаннан келіп, Тобықты еліне сіңген ногай Үсқақтың немересі, Жақыптың тәрбиелі қызы болады.

Кәмәш өзінің естелік әңгімесінде Абай атасы туралы былай дейді:

— Мен Еркежан бәйбішенің қолына келін боп түстім. Ол кезде он жеті жаста едім... Абай отырган үйге келін боп түскеніме өзімді бақыттымын деп санадым.

...Мен келін боп түскеннен кейін өкем (Абайды айтады. — К. М.) шақырып алып: Қарғам Кәмәш, ата-енені сыйлау, үлкенді қадірлеу бетін жауып алып, тізе бугіп сөлем етіп, жан біткеннен жасқаншақ болудан басталмайды. Алдымен менің өз алдында бетінді аш, сөлем етпей-ак, осы үйдің ішінде өзінің он жакта жүргенідей, қаймықпай жүре бер. Мына Еркежан екеумізді ата, ене деп қара ма, әке — апа деп қара, менің тілегім осы, деп өз алдында менің басымдағы желеғімді алғызды. Сол күннен бастап еркін жүретін болдым... Абайды әке дейтін болдым...

...“Әкемнің киімдерін мен тігуші едім”, — деп есіне алады. Абайды өле-өлгенше күтіп, үнемі қасында болған, жақсы келіні осы Кәмашқа “Абай өзі өлерден бұрын ауырмай тұрып: “Мен биыл өледі екем” деп, ішкі өзі түйген ауыр сырын ең алдымен айтады” (Мұхтар Әуезов).

Әубәкір он бір жасынан бастап, он екі жыл бойы Абайдың тәлім-тәрбиесін көріп, көп тағлім алған баласы болады.

Әубәкір мінез жағынан болсын, ақындық өнер жағынан болсын, тұған әкесі Ақылбайға тартқан. Ол – тума ақын, домбырашы, әнші әрі саяткер құсбегі. Әубәкір он бес – он алты жасынан бастап өлеңді қолма-қол суырып салып айтатын болған.

Әубәкірдің жас шағынан үлгі-өнеге алып өскен ортасы, Ақылбай, Мағауия, Турағұл, Кәкітай, Кәкбай сияқты ақын, музыканы, әнші – сегіз қырлы өнерпаздар болды.

Өзінің алдындағы Абай шәкірттерінің жазатындары: дастан, лирикалы өлең-жыр болғандықтан, Әубәкір оларды қайталағамайды.

Оның шығармалары өзіл, қалжын, ащы әжуа, шанышпа шенеу, мірдің оғындан мысқыл түріндегі өлеңдер болып келеді. Ол ондай өлеңдерді, көбінесе, қолма-қол суырып салып айтады, жазып та шығарады. Біреудің оғаш мінезін көрген сәтте сол арада көзбе-көз, қолма-қол суырып салып айтады. Ондай өлеңдері, мысалы: Фабидоллаға айтқан өткір шенеуі, мансапкор, паракор билерге айтқан ащы әжуасы. Әубәкірдің әшкөрелейтін билері Абай айтатын: “Ел жамаған билер жоқ, ел қыдырып сандалды. Астыртын ба-рып жолғасқан, ақша беріп жалғасқан, ақысын әрең сол алды. Орыс сияз қылдырса, ку старшын, аш билер аз жүрегін жалғайды” дейтін ел қамын ойламайтын, қара ба-сының ғана қамын ойлайтын, құлқынның құлы, арам ниетті, аш көзді, ақылсыз, сүм-сүркіялар. Сондай билердің бір тобы билік айтуға жиналышп отырған кезде Әубәкір оларды былай деп әшкөрелейді.

Ішінде байың да бар, кедей де бар,  
Кедейлігі болмаса егей де бар.  
Тайлы бие тамаққа жүк болмайтын,  
Неше түрлі қомағай көмей де бар.

Ішінде қымың да бар, жымың да бар,  
Бұрыннан би болмаган сумың да бар.  
Тартылсаң анық әділ таразыға,  
Балтаменен шабатын мінің де бар.

Ішінде тасыр да бар, үғар да бар,  
Баяғыдан билікке құмар да бар.  
Аланғасар, айласыз, ақылы жоқ,  
Жарға жығар, к...ге сұғар да бар.

Осы өлеңінің өзінен-ақ Әубәкірдің: алғыр ойлы, үшқыр қиялды, сөзге бай, шешен, мұдірмейтін, тап басып, дәл айтатын, суретші, дарынды ақын екенін көреміз.

Қайырбек деген атқамінер жасы үлғайған шағында, он бес – он алты жастагы Құлән деген қызға үйленеді. Соны бір-ақ ауыз өлеңмен мысқылдан:

Ауылым көшіп барады Қосмолага,  
Жаңбыр жауса паналадар баспанага.  
Кемсек ауыз, кем иек қайран ағам,  
Қартайғанда қор болды-ау жас балаға, –

дейді. Сол Қайырбекті бір келінімен айтысқан етіп өлең жазып, тағы ажуалайды. Бұндай өлеңдері елге тез тарағ, ел аузында айтылып жүретін болады.

Жеке адамдардың оғаш мінездерін, жексүрын қылықтарын әшкере лейтін өлеңдері көп болған.

Әубәкір жеке адамдардың басындағы кемшіліктерін сыйнаумен ғана шектелмейді, қоғам өмірінде болып жатқан уақығалар да оның қаламынан қағыс қалмайды.

Абайдың көзі тірі кезінде Шыңғыстан жер алып орналасып отырған, жуантаяқ үруының Қарабатыр деп аталағын жиырма шақты үйіне, Абай өлгеннен кейін, жуан атандың атқамінерлі зорлық жасап жерін тартып алады. Сол зорлыққа қаны қайнап күйінген Әубәкір, жуандардың озбырлығын әшкере леп Қарабатыр атынан өлең жазады:

Хан Шыңғыс қалғаның ба, қайран Текше,  
Қыстау қылып журмес пе ем қолым жетсе.  
Қаракүнгей, Ыргайлы, Қарабектер,  
Өлетіндей көруші ем сенен кетсем.

Куалап бар қыстауды тартып алды,  
Айбың бар деді де дауын салды.  
Шагамыз мұңымызды енді кімге,  
Көз жасқа қарайтындар өліп қалды.  
...Барлыбай сен де аман бол, Күнгей қоныс,  
Былқып үндемейді арам болыс... –

деп зорлықшыларды жақтап отырған арам болысты да шенейді.

Жаңағы әшкере леніп отырған жуандар Әубәкірдің өз туысқандары еді. “Тура биде тұған жоқ...” деген сияқты өділестті айтуда келгенде тұрашыл, шынышыл, сыншыл ақын ешкімнің де беті-жүзіне қарамайды.

“Бір адамға” деген өлеңінде өзінің бір туысқанының жағымсыз мінездін қатты шенеп, әшкере леуден тайсалмайды.

Кеңес үкіметі дәүірінде жазған өлеңдерінің көбі елдің көзін бояйтын жемқор, ку-пысықтарды әшкере леуге арналады.

“Кооператив” деген ұзақ сатира өлеңінде жемқорлар-

дың кулық-сүмдықтарын амал-айласын жеріне жеткізе әйгілеп ашып, өшкелейді.

...Төлетіп бір-бір кара сайладап шілен,  
“Өзгелер жеп қояды, өзім жүрем.  
Қалада мекеменің бәрі таныс  
Қайтсе арзан болатынын өзім білем”.

Қойыпты мұның атын кооператив,  
Қалада спирт ішіп, уш ай жатып.  
Кезі боп ақдабының сексен тынын,  
“Ел қалды қарқ олжаға әбден батып”, –

деп мыскылдай отырып, жемқорлардың қылмысын ашады.

Кеңес үкіметі келгеннен кейін Әубекірдің тұрмыс-халі нашарлап, жаз жайлauғa көшіп қонудан қалады. Тұган жер, өскен елінен де күдер үзе бастайды.

Мұңға батып дерттенген ақын көңіл шерін шертіп тебіренеді.

Кір жуған, кіндік кескен жер де аман бол,  
Женге, келін, ағайын ел де аман бол.  
Қиыр жайлап, кеңінен қонған қоныс,  
Балашақпак, Байқошқар сен де аман бол.

Майөзек, қош аман бол, Буратиген,  
Ақ ауыл көрінбейтін тіккен үйден.  
Сайрандал саянда өскен иелерің  
Шаң қауып бауыр жайлап, күнге күйген.

...Ат пен ас, мал мен тілеу бәрі де ортақ,  
Атқа мінген жас түгіл, кәрі де ортақ.  
Менікі – сенікі деп айтпаушы еді,  
Бірге тұған кісідей жаны да ортақ.

Соны іздеп жетімсіреп шіркін көңіл,  
Құннен күнге салқындан қызық кемір.  
Бір күн ішін көрсетіп, бір күн сыртын,  
Опасы жоқ баянсыз бұлдыр өмір.

Бұл кәмпеске жылды (1928) жазылған өлең. Сол жылды өзінің ағасы Турагұл да кәмпескеленіп, жер аударылады.

Әубекірдің басына қайғының қара бұлты төнеді. Құнанбай тұқымы түгел (Ахметбек, Архам, Данияр, Қалит, Мұбәрек, Медіғат тағы басқалар) күғын-сүргінге үшырайды, айдалады...

Ел аштан өле бастайды. 1931 жылды Шаһкәрім атыла-ды, оның баласы Faфур тұрмеде бауыздалып, өледі, Турагұлдың інісі Мекайыл (Мекеш) атылады...

Әубәкір осындағай айықпас ауыр қайғы-қасіретке душар болады. Қайғылы ақын, көкірегі қарс айырылып, құніренеді.

Күніренген мұңғы дауыс, шуылдасқан  
Мұңайып тұнергендей басына аспан.  
Алдында ажал тартқандай бауырына,  
Үйренген дүниесінен бала жастан..., –

деп мұң-шерін шертіп, қасірет жырын толғайды. Бұл ұзак жырдың бастапқы үш шумағы ғана сақталған.

Осы өлең сарындас тағы бір ұзак өлеңінің жиырма екі жолы ғана сақталған. Бұл өлеңінде ерте замандағы елдің еркіндігін, ең байлығын жырлай келіп: “Үй артында ұры бар кім сезеді, заман ұры отырған желкесінде” дейді. Еркіндігінен айырылған елінің тағдыры толғандырған ақын: “Боллады кімдерге құл, кімге пендे” деген уайымын айтады.

Бұлғынпі жатқан өз елінде тұралмайтын халге жеткен Әубәкір 1931 жылы бас сауғалап, Үржар ауданына кетеді. Онда жүріп көңілі жай таппайды. Тұған жері көз алдынан кетпейді, сағынып сарғаяды, мұңаяды, налиды.

Шыңғыстай кеткенің бе енді жат бол,  
Бір іздеп барап едім астымда ат жоқ...  
Жидебай, қош аман бол, Қызыр, Шұнай  
Болжаусыз өткен өмір бұдан былай...

...Жеті ел кеп бізден бұрын жеті ел кеткен,  
...Бізге де босатуға уақыт жеткен... –

деп келіп, өлеңін былай қорытады:

Қайғысыз, қара суға семірген ел,  
Болдың ба қайран Олжай бұл қүнде нөл.  
Қан тамған қылышынан бұл бір заман,  
Мойныңнан қан сорғалап мұны да көр.

Әубәкір Үржарда да турақтап тұра алмайды. Елден мұлдем аулақтап, Турағұл түрған жерге – Шымкент қаласына кетеді.

Әубәкір Абайұлы 1934 жылы, 53 жасында Шымкент қаласында қайтыс болады. Әйелі Кәмәш Әубәкірден кейін ұзак өмір сүріп, тоқсан жасында қайтыс болған. Габдісәлам, Әлихан деген екі улы Отан соғысы майданында қаза тапқан. Қазір Әубәкірден қалған үрпақ жоқ.

*Алматы, 1994, желтоқсан.*

## ӨЛЕНДЕРІ

### БИЛЕРГЕ

Ішінде байың да бар, кедей де бар,  
Кедейлігі болмаса егей де бар.  
Тайлы бие тамакқа жұқ болмайтын,  
Неше түрлі қомағай көмей де бар.

Ішінде қымың да бар, жымың да бар,  
Бұрыннаң би болмаган сұмың да бар.  
Тартылсан анық әділ таразыға,  
Балта менен шабатын мінің де бар.

Ішінде тасыр да бар, ұғар да бар,  
Баяғыдан билікке құмар да бар.  
Аланғасар, айласыз, ақылы жоқ,  
Жарға жығар, к...ге сұғар да бар<sup>1</sup>.

### ФАБИДОЛЛАҒА<sup>2</sup>

Ит ылықса, болып ток,  
Танымайды иесін.  
Борбайыңды көтеріп,  
Әр бұтага сиесің,

Екі ені бар айғыр да  
Таниды ғой биесін.  
Тыныш жатқан кісіге  
Өзің келіп тиесің.

<sup>1</sup> Үлкен бір жында билік айтуға отырган 12 биге, қолма-қол суырып салып айтқан олеңі. – К. М.

<sup>2</sup> Фабидолла Фабитқан молданың баласы. Фабидолла саудамен айналысып байып алған соң, білгішсініп асқақтап сойлеп, ешкімді менсінбейтін болған. Бір күн замандастарымен можіліс құрып отырып, қыза келе: “Осы Абай, Абай дейсіндер, сол Абайың кім өзі” депті. Сол мәжілісте өнгіме тыңдауға келіп отырган Әубекір, Фабидолланың әлті сезін ести сала, қолма-қол суырып салып, осы өлеңді айтыпты. Ол кезде Әубекір он алты жаста, Фабидолла отызыда (1867–1932). Фабидолланың әлгі сезін естіген Абай: “Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын”, – деген өлеңін жазған. – К. М.

## ҚАЙЫРБЕККЕ<sup>1</sup>

Аулым көшіп барады Қосмолаға,  
Жанбыр жауса паналар бас панаға.  
Кемсек ауыз, кем иек қайран ағам,  
Картайғанда қор болды-ау жаң балаға.

## ҚАЙЫРБЕК ПЕН КЕЛІНІ<sup>2</sup>

**Қайырбек:**

Март туса отырмайды Шыңғыс елі,  
Таңтертең атқа міндім түстенгелі.  
Ауылына Отыншының келіп едім,  
Құқидін шыға келді қарагері.

**Келін:**

Яптырмау, мына келген қайнагама,  
Тіци өтпейді деуші еді шайнамага.  
Жұқпас қылып берерлік дәнеме жок,  
Бұл үйде, бұл мезгілде май қала ма.

**Қайырбек:**

Келіннің мына сөзі расы ма,  
Сарапандық осы ауылдың мұрасы ма.  
Бардағы отауына қазанынды ас,  
Осы жерде салғыласып тұрасың ба.

**Келін:**

Етті аяп мен айтпаймын тіпті сізден,  
Күкен<sup>3</sup> сізден сықылды күдер үзген.  
Ауылында қатыны жоқ жастарың көп,  
Қайнага-ау, неге шықтың үйінізден.

## ДОСМАҒАМБЕТКЕ<sup>4</sup>

Қырыққа келіп қалған сениң жасың,  
Кем емес еш адамнан қаір басың.

<sup>1</sup> Қайырбек деген ұлғайған адам Күлән деген жас қызды алғанда мысқылдан айтқаны. — К. М.

<sup>2</sup> Жасы 50-ден асқан Қайырбек деген 15–16-дағы қызды алады. Соны мысқыл-әтіп, Қайырбекті озінің бір келінімен айтыстырығаны.

<sup>3</sup> Қүкен деп, Қайырбектің жас әйелі Күләнді айтады. — К. М.

<sup>4</sup> Досмагамбет Елікбайұлы, тобықты бүгүлік слінікі. Орта жасқа келіп қалса да жігіттікті орынсыз істей берген адам болса керек. — К. М.

Жаманың жамандықтың білмеймісің,  
Жақсы емес үрғашыға көз қарасың.  
Кәрі, жас, алыс, жақын талғамайтын,  
Салағым, салды балақ сарамасым,  
Жас жетті, бала жетті, кісі болдың,  
Орын қыл жеңешемнің енді қасын.

\* \* \*

Қайқандап қайдан келдің, байғұс шалым,  
Қанша қайқан қақсаң да жайың мәлім.  
Қыз қызығар мезгілден өтіп кетіп,  
Ел-жұртқа жексүрын боп жуан қарын.

## ҚЫЗ БЕН ӨЗІ<sup>1</sup>

**Қыз:**

Кім едің мына жақтан келе жатқан,  
Шабдарын астындағы арықтатқан.  
Белбеу босап кетіпті беліндегі,  
Қатындарша жаңадан бала тапқан.

**Өзі:**

Мен едім мына жақтан келе жатқан,  
Шабдарын астындағы арықтатқан.  
Өзім атым Әубекір, әкем Абай,  
Нагашым Тасболатқа барып қайтқан.

Менімен жарамайсың айтысуға,  
Мойның кір түспепсің ғой биыл суга.  
Өлеңді айтып, айтпай неге керек,  
Сatalа, салтақ-салтақ сендей қуға.

**Қыз:**

Жағаңыз кір бопты ғой Сіздің-дағы,  
Құдайдың артық екен берген бағы.  
Әлдеқашан сен жұртта қалушы едің,  
Абайдың сактап жұр ғой аруағы.

<sup>1</sup> Әубекір өзінің салақтығын, бейқамдығын сипаттап, нағашым Тасболаттан қайтқанымда, бір қызben айтыстым деп шыгарған өлеңі.

## БҮРКІТІМЕН АЙТЫСЫ<sup>1</sup>

Әубәкір:

Мен Шыңғыстан бардым сені іздең,  
Сен Алтайдан келдің мені іздең.  
Бұлдыңғыр бүрқақ боранда,  
Торға іліндің жем іздең,  
Фалымжан торлы иеңіз,  
Ойлағанын дегізбек.  
Саудаласты ол маган,  
Отыз метр бұл менен,  
Соғымдық семіз өгіз деп,  
Айтқанын беріп, сені алдым,  
Келдім деп әдейі неге іздең,  
Томаға тартсам қырымнан  
Етінді жүрме семіз деп,  
Қанжығана байлатсан,  
Қос күреңнен егізден.

Бүркіт:

Аталы тау Хан Шыңғыс  
Шұрайын жүрсің сен қыстап.  
Алып берсем күренді,  
Асыл менен қи тыстап.  
Құтқармаспын көргенді,  
Етімді жүрсөң дәл ұстап,  
Бір ілінсе тұяғым,  
Жібермеспін уыстап.

Әубәкір:

Айнымас қыран айна көз,  
Несібелі байқасқа.  
Өзге құстан жануар  
Сенің тегің бір басқа,  
Бір аз ақыл айтайын  
Күшіңнен үздік сайрас па.  
Ағашты жер, терең сай,  
Тар шатаңда жармас па.  
Жазым болып қаларсың,  
Байқасқам, сүйтіп адас па.

<sup>1</sup> Ұранқай, Сибе деген жерге Әубәкір бүркіт іздең барып, Фалымжан деген жігіттен 30 метр бұл, бір өгіз беріп, бір бүркіт сатып алышты, соңда Әубәкірдің бүркітімен айттысканы. — К. М.

\* \* \*

Хан Шыңғыс қалғаның ба, қайран Текшे<sup>1</sup>,  
Қыстау қылып журмеспе ем қолым жетсе.  
Қаракүнгей, Ыргайлы, Қарабектер,  
Өлетіндегі көруші ем сенен кетсем.

Куалап бар қыстауды тартып алды,  
Айыбың бар деді де дауын салды.  
Шагамыз мұңымызды енді кімге,  
Көз жасқа қарайтындар өліп қалды.

Шақпақтас сен де аман бол, Кеңбұлағым,  
Жақсылардың<sup>2</sup> өлгені-ау деп жыладым.  
Байқошқар, Балашақбақ, сен де аман бол,  
Жазуы осылай шығар бір Құданың.

Барлыбай сен де аман бол, күнгей<sup>3</sup> қоныс,  
Былқыйып ұнде мейді арам болыс<sup>4</sup>  
Жем болсын қызғанғаның қызыл итке,  
Мендей гып зар жылатып алсын орыс.

Жолма-жол амандасам Көшегіме,  
Мұндай ма едім мен сорлы кешегіде.  
Кешегі жақсылардың бар күнінде,  
Кіріп ем Ыргызбайдың есебіне.

Суықжал сен де аман бол, Қызбұбі шат,  
Қарақойтас, Қарақуыс болады-ау жат.  
Қолынан түк келмейді жиенімнің<sup>4</sup>,  
Болып тұрсын ол байғұс сау-саламат.

<sup>1</sup> Шыңғыс елінің ішінде Жуантаяқ Карабатыр деген 20 шакты үй жер алып қыстал, көптен бері тұрган екен. Жуан атанның балалары өздеріне қыстаулық жер керек болған соң, сылтау тауып, Карабатырларды Шыңғыстан көшіріп, жайлауға қоныстардың макшы болады. Олар бұрыннан отырған жерін қимай, өркімге барып мұзын шакса, Карабатырлардың сезі үшінде қалмайды, сонда Карабатыр болып осы елеңді айтады.

<sup>2</sup> Абайды айтқаны.

<sup>3</sup> Эзімбай деген болысты айтқаны.

<sup>4</sup> Жиенім деген Смағұл деген Абайдың інісін айтады.

## ИМАШҚА<sup>1</sup>

Имаш кім деп сұрасаң арам шұбар,  
Көпірдің арақ десе жаны құмар.  
Әділ Алла алдында алармын деп,  
Тапай мұжық зар жылап жүрген шығар.

Таразыдан жеген соң, тас боларсың,  
Арақ ішсөң сенделіп мас боларсың.  
Қазақ пенен орысты қабат жейсің,  
Бүйтіп жүріп құдайға қас боларсың.

## ЖАКЕГЕ<sup>2</sup>

Көп сәлем Шорман батыр Жакесіне,  
Әкем еңбек еткен көп әкесіне.  
Бала-шага, әйелге сәлем жазып,  
Хат жазсаң мені ұмытып кетесің бе.

Жазбайын деп жүрмін бе саған хатты,  
Бір досым деп санаушы ем инабатты.  
Ата жолдас айырылmas ағам едің,  
Мені ұмытып кеткенің жаман батты.

Жақсыда міnez болмас ала қолдық,  
Сағынбасаң етемін қайтіп зорлық.  
Мен белгілі еріншек жалқау едім,  
Хаттан қағыс қалғаным болды қорлық.

## ЕТЕМБАЙ БАЙҒА<sup>3</sup>

Көк сокқан, көзің соқыр Етембайсың,  
Қайтсең де тоқты бермей кете алмайсың.  
Шөбінді қораңдағы артып алса,  
Жұтамай әпрелге жете алмайсың.

<sup>1</sup> Имаш деген Семейде үн алыпсатарлық ететін бір кү жігітке айтқаны.

<sup>2</sup> Әубекірдің Семейде тұратын Жаке Шорманұлы деген атасынан бәрі дос болып келе жатқан адамы қырдағы Әубекірдің шешесіне, ойеліне, балаларына сәлем хат жазып, өзі маган салем хат жазып тұрмайды деп, Әубекірдің өзіне сәлем жазбапты. Сонда Әубекірдің Жакеге айтқаны.

Етембай дейтін бай, Оразалы дейтін кедейден бір тоқты берем деп шөп сатып алып, артынан сол тоқтыны берменгі. Сонда айтқаны.

Мініки қызық Етембай,  
Үйінде көп құрт пен май.  
Тары көже, талқан жеп,  
Көрек қылдың, ішпей шай.

### ӨТІРІКШІЛЕРГЕ<sup>1</sup>

Боранды<sup>2</sup> мақтайды екен Шыңғыс босқа-ак,  
Озып түр біздің Сары осы тұста-ак.  
Аташ, Қыйсық үшеуі боздатқанда,  
Ел қалды өтіріктен жүрген ұстап.  
Қабыш та анда-санда боздатады,  
Бұлдырыды шынға қосып аламыштап.

Тендер ап өтірікті Сары кетті,  
Байғұстың жас күнінен ары кетті.  
Аташ, Қабыш қосылып жөнелгенде,  
Тай-жабагы қалмады бәрі кетті.

Әзір ырза бол журмін Секеніме<sup>3</sup>,  
Кім білсін бұл да еріп кетеді ме.  
Әкеңнін, аңқ етпесін үйрен қалқам,  
Шешенің жүре көрме жетегіне.

### ӨЗІНЕ<sup>4</sup>

Сенде жоқ ақыл-айла, ғылым-білім,  
Етесің неменеге құлім-құлім.  
Осы тұрган Шақпақтан қос табалмай,  
Бұл жаманның қарашы өлеңшілін.

<sup>1</sup> Абайдың ауылына көптен корші, туыскан есебінде болып кеткен Аташ, Қабыш, Сары, Қыйсық деген ағайынды кісілердің бәрі де өтірікші болып, бірінің айтқанын бірі қостап отыратын әдеті екен, соларға айтқа-ны.

<sup>2</sup> Боран — бұрынғы белгілі өтірікші болған адам.

<sup>3</sup> Секен — Қабыштың оқып жүрген жастау баласы, оның шешесі сараң, мінезсіз әйел екен.

<sup>4</sup> Әубөкір, жылқысы Шақпақта (жер аты) жатқанда ат мінем деп барып адасып, кости таба алмай, түнде далада түнеп, таң атқан соң қоска келіп жылнып отырганда, жылқышылар: осы тұрган жерден адасқаның не дегендеге, жылқышыларға озі осы олеңді үйретіпті.

## КӘПЕРАТИВ<sup>1</sup>

Тепетек тыныштықтың табы батып,  
Семейге барып едім қымыз сатып.  
Көп бұлды союз ашып алып қалып,  
Қойыпты оның атын кәператив.

Сайладық бүл әпер деп “адал” кісі,  
Нашардың бүл алуға келмес күші.  
Әділ ие тексерер оны-дағы,  
Олардың мынау болды қылған ісі.

Береді тандап-такдап сүйгеніне,  
Қалғаның басып қалып өз үй-іші.  
Қырға әкелмей Семейде сатып еді,  
Құрыды мұны көріп елдің мысы.

Шағарында білмейді ұлығына,  
Ел риза емес жігіттің қызығына.  
Дәмелі айғырына байтал шауып,  
Тығыларын білмей жүр кім ығына.

Бұларды кімге айтсын, кімге шақсын,  
Кім үстеді кінәсіз бәрің де ақсын.  
Жылатқанды тапсырар иесіне,  
Жетім-жесір ақылын қайдан тапсын.

Өтізін өзі жыйып алып кетті,  
Тамырға наң іздейтін мезгіл жетті.  
Алғаның көрген емес қайта төлеп,  
Қан соқтаны соғуды кәсіп етті.

Сұрауға иесінен кеткен сенім,  
Ал енді жеуге керек қайтіп елін.  
Оларды шығар жан жоқ, қояды да,  
Шортан да құртпас деген өзі көлін.

Керек деп нандыруға өзге қайда,  
Келеді жемқор адам қандай майда.

<sup>1</sup> Шыңғыстауда “Олжай союз” деп атап, кооператив ашқан пысық қулардың елдің козін бояп алдап, кооператив мүлкін өздері гана пайдаланған – жемқорлардың арамдық айла-тәсілдерін жеріне жеткізе өшкөрелеп жазған абыз сатира өлеңі. – К. М.

Семейде тегін бұл бар әкелеміз,  
Нашарға тигізем деп сөйтіп пайда.

Төлетіп бір-бір қара сайладап шілен,  
“Өзгелер жеп қояды, өзім жүрем.  
Қалада мекеменің бәрі таныс,  
Қайтсе арзан, болатынын өзім білем”.

Қойыпты мұның атын көператив,  
Қалада спирт ішіп, үш ай жатып.  
Кезі боп ақ дабының сексен тыын,  
“Ел қалды қарқ олжаға әбден батып”.

Түйеге бір артса да ақы салып,  
Тіркейді бұл үстіне оны апарып..  
Егерде сары арба мен пар ат жексе,  
Жазуы қырық-елу сом айдан анық.

Үш жұз сом приказшігі жалуналы,  
Қайырган шаш, жағасы қайырмалы.  
Кигені қатынының қыйсық табан,  
Шағый көйлек, иісті май, жібек шәлі.

Мөшекке салып қойған темекісі,  
Аузы ашық түр, алмай ма келген кісі.  
Үш, төрттен көрпе істеткен әрқайсысы,  
Үзататын қыздай боп үйдің іші.

Сары ала, көк аладан парын түзеп,  
Тұрмай ма үйде самсып шәйнек-шыны.  
Соның бәрін салмай ма бұл үстіне,  
Бұл не деуге нашардың шыға ма үні.

Саудамен айлар етті, жылдар етті,  
Расчет ететүғын мезгіл жетті.  
Ақшаның екі мың сом орнасы жок,  
Жыйыл деп шлендерге хабар етті.

Бола ма бармасына шақырган соң,  
Басшылар тез келсін деп ақырган соң.  
Шленнің алды қашып түзге кетті,  
Қатыны құрттың-ау деп бақырган соң.

Тұмабай, Кенжебек пен ол тыңырақ,  
Борышы Зұлғарыштың ауырырақ.

Кәрімжан, Қанағат пен Құрманқұлы<sup>1</sup>  
Тұрып жүр бұл үшеуі сыйыршылап.

Қырсыққан Сәлімгазы құртады деп,  
Ойбай салып, Қаныш жүр күнде жылап.  
Қажыпты Сүлеймен де сонан байқа,  
Бір сөтке сөйлейтүғын шолағырақ.

Жалғыз атты басында-ақ беріп едің,  
Қайтесің мына ақшаны, Уақан шырак.  
Мысықша өзі істеп, өзі жауып,  
Жортактап Өке ағам жүр басын құрап.

Бәрін естіп үйінде табыстардың  
Үндемей бұғып жатыр шыдалап бірақ.  
Пәдпискеге мүйізін байлап қойып,  
Ақша төлеп Тураш жүр мұртын сылап.

Малдан сұра арына дос пен қасын,  
Құтқарапын білмейді қайтіп басын.  
Бұдан көрі түгендеп жазуыма,  
Бетім түгіл ұялды карындашым.

## БІР АДАМҒА<sup>2</sup>

Майдалап салады екен тілдің ебін,  
Халыққа көрсетпеске жеген жемін.  
Қыянатшыл мінезін жасыруға,  
Сыртынан періштенің киіп кебін.

Сыртқы сыйқы бір түрлі жылы пішін,  
Сөйлесе елжіретер жұрттың ішін.  
Шүлениен шөл тузызған шебер тәнрім,  
Жалғыз тыйын шығармас көрмей қысым.

Алдына біреуді сап ел ұстаса,  
Пәлесін бір туысқан жұмыстаса,  
Бір кектенсе жақынға кешуі жок,  
Арқайсы бір аз босап тыныстаса.

Еш кімге байқатпайды бұл мінезін,  
Сездірмес қастық қылса жүрген ізін.

<sup>1</sup> Сол кооперативтің басында жүрген адамдар. — К. М.

<sup>2</sup> Бұл өлең озінің бір ағасына ариалып жазылған. — К. М.

Өз жолына тұтынған аса жүйрік,  
Асықпай андып жүрер күтіп кезін.

Асты лай, мәп-мөлдір-ақ беті тұнық,  
Мұләйім кісі сыңды көзге сыйық.  
Еткен ісін абайлап байқап жүрсөн,  
Не түрлі табылады пәлші қылық.

Ұлттың жүрген жансып тілегіне,  
Әр істің ерген жансып көмегіне.  
Мұрады туысқанын шанышпақта,  
Өзінің жаратпақшы керегіне.

Азырақ сипаттадым бір адамды,  
Нандырап адастырып мың мен санды.  
Арам айла ақылдың шын көзі екен,  
Сирек көрген шығарсың мұндай жанды.

1920 жыл

## ӨЗІ ТУРАЛЫ

Балаңмын жақсы сүйіп еркелеткен,  
Не таптым пайдасы жок еркеліктен.  
Қараңғы қапалықта надан көніл,  
Қалдым деп білімсіз бол не себептен.  
Ілгерілеп дүниеден орын алмай,  
Не пайда сынға түспей тіршіліктен.  
Сықылды күйс күмбез зейнеті жок,  
Жел соқса мағынасыз бос гу еткен...

Окусыз жалғыз ақыл білімге олақ,  
Біз келген дүниеге бір сый қонак,  
Шалқып, шауып өмірді бос өткізіп,  
Қалдым-ау, надан болып мен бір тулақ.  
Мен-дағы бұл дәуірмен жүре бермен,  
Сымпыйтар жал-құйрықты тағдыр тонап.

\* \* \*

Жүрекке қоса бітсе ғылым айна,  
Білгенге одан басқа бар ма пайда.  
Атымды айқын тарихта қалдыра алмай,  
Кеттім-ау, жас балаша қоңыр жайда.

Көп топтан оқшау озып жеке дара,  
Ойнайтын қайран қуат жыйын тойда,  
Артында із қалмайтын, жұрт білмейтін,  
Босқа жүр талай мырза сеніп бойға.

\* \* \*

Кір жуған, кіндік кескен жер де аман бол<sup>1</sup>,  
Женге, келін, ағайын, ел де аман бол.  
Қиыр жайлап, кеңінен қонған қоныс.  
Балашақпақ, Байқошқар сен де аман бол.

Майөзек, қош аман бол, Буратиген,  
Ақ ауыл көрінбейтін тіккен үйден.  
Сайрандап саянда өскен иелерің,  
Шаң қауып бауыр жайлап, күнгеге күйген.

Шалғын мен су, құм мен тас, жар аман бол,  
Ен жатқан бұлактардың бәрі аман бол.  
Бойжеткен қыз секілді бұландаған,  
Жапырағы саялы тал аман бол.

Өлкені өрлей, құлдай қонған ауыл,  
Мал мен тілеу біріккен бәрі бауыр.  
Ішкен мас, жеген тоқ боп жұруші еді,  
Сонысы еске түссе тиеді ауыр.

Көзіме жас келеді өткенді ойлап,  
Дүние қызығына бар ма тоймақ,  
Мал сойып ауыл басы кымыз ішіп,  
Ән салып жұруші едік күліп-ойнап.

Ат пен ас, мал мен тілеу бәрі де ортак,  
Атқа мінген жас түгіл, кәрі де ортак.  
Менікі — сенікі деп айтпаушы еді,  
Бірге туған кісідей жаны да ортак.

Соны іздел жетімсіреп шіркін көңіл,  
Күннен күнгеге салқындал қызық кемір.  
Бір күн ішін қөрсетіп, бір күн сыртын,  
Опасы жок, баянсыз бұлдыр өмір.

<sup>1</sup> Жаз жайлауга көшіп-қонудан қалып, тұрмыс-хөлі нашарлаган кезде, 1928 жылы жазылған өлең.

\* \* \*

Күнірекен мұнды дауыс, шуылдақан<sup>1</sup>,  
Мұнайып тұнергендей басыңа аспан.  
Алдында ажал тартқандай бауырына,  
Үйренген дүниесінен бала жастан.

Кейде үміт бойын жеңіп, кейде қауіп,  
Ісінен құтыла алмай айла тауып.  
Өзегі от жаққандай өртенеді,  
Азаттық еске түсіп, ойын-сауық.

Табалмай бұған айла, ақыл, талап,  
Бұл істен алып шығар арашалап.  
Сасқан соң, жаратушы жәрдемшіге  
Жалынышты мұлгиді көзбен қарап...

\* \* \*

Маңымда ешбір дыбыс. білінбейді,  
Дыбыссыз құлақ текке түрілмейді.  
Пәлен жер айғай-қиқу, ойын-той деп,  
Майда жел бірдемені күбірлейді.  
Шіркін-ай, сол қызықты көрсем-ау деп,  
Талпынып көңіл шіркін күлімдейді.

Баяғы ертегінің ертесінде,  
Өзіне өзі мырза еркесінде.  
Үй артында үры бар кім сезеді,  
Заман үры отырған желкесінде.

Ол кезде сансыз байлық біткен елге,  
Төрт түлік мал симаған қара жерге.  
Шалқар дәулет қолында тұрган елдің,  
Көңілі еш уақытта шегінген бе.  
Өңшең ұлан күлтелі ерке жандар,  
Болады кімдерге құл, кімге пенде.

Кей мезгіл боз торғайлар октан-тектен,  
Жоғары көтеріліп көде шептеп.  
Жалғыз мен айдалада дегендей бол,  
Шығады нәзік дауысы шыр-шыр еткен.  
Өйткенмен ұзақ уақыт тұра алмайды,  
Макұлықтай бір нәрседен қауіп еткен...<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Олең 1931 жылы ашаршылық жылы жазылыпты. Бұл ұзақ олең екен, соңғы жағы табылмады. — К. М.

<sup>2</sup> Бұл ұзақ олең түгел сақталмаған.

\* \* \*

Шыңғыстау кеткенің бе енді жат бол<sup>1</sup>,  
Бір іздел барад едім астында ат жоқ.  
Саялы, көлеңкелі биігінде  
Жүретін күн бола ма көңіл шат бол.

Жидебай қош аман бол, Қыдыры, Шұнай,  
Болжасыз өткен өмір бұдан былай.  
Доғалан, Орда, Көкен сен де аман бол,  
Жазғай-ақ көрсетуге жаппар Құдай.

Жеті ел кеп бізден бұрын, жеті ел кеткен,  
Қалмакты Мамай қуып, мекен еткен.  
Тиянақсыз, байлаусыз жаратылыс,  
Бізге де босатуга уақыт жеткен.

Жаз жайлап, қыс қыстаған жер аман бол,  
Өсірген еркелетіп ел аман бол.  
Көрсе көзің тойғандай шебі шүйгін,  
Жер көркі көлкілдеген көл аман бол.

Қайғысыз қара суға семірген ел,  
Болдың ба қайран Олжай бұл қунде нөл.  
Қан тамған қылышынан бұл бір заман,  
Мойныңнан қан сорғалап мұны да көр.

\* \* \*

Ауылды сорлы жүрек сағынады,  
Шарықтап жүйрік қиял ағылады.  
Қаңтарда я көктемнің мезгілінде,  
Енді бір көрсетші деп жалынады.

Бар ма екен баяғыдай ескі күйі,  
Мал сойып, қазан асып әрбір үйі.  
Түстеніс түс кезінде я қуырдақ,  
Бұрқырап көк түтіні жиі-жиі.

Болмаса елдің көркі күл бол ұшып,  
Құт қашып, қуат кетіп, еңсе түсіп.  
Жүр ме екен бүрсендетіп сорлыларды,  
Қаңтарда қалтыратып ызғар қысып.

---

<sup>1</sup> 1931 жылы өз слінен кетіп, Үржар ауданына барып бас сауғалап жүрген кезінде айткан олеңі (-К.М.).

## ШАҢКӘРІМ

Әдебиетіміздің тарихында ұзак жыл орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын-жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен Шаңкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені, ол – Абайдың нағызы мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда – бірегейі.

Олай дейтініміз, Абай шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп жазғаны да – Шаңкәрім. Ол – әрі лирик, әрі ақын және прозаик, ол – композитор және музикант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырган шебер аудармаши, ол – терең ойшыл әрі бармағынан бал тамған сегіз қырлы өнерпаз – үлкен мәдениет қайраткері.

Мұхтар Әуезов “Абай ақындығының айналасы” атты мақаласында “Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен” ақындар туралы айта келіп: “Мұндай ақын – төртеу, – дейді. – Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия

Абайдың балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шаңкәрім. Осы торт ақын Абайдың нағызы толық магынадағы шәкірттері, Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның олең мен қара сөздерін окушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған... Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады” (М.О.Әуезов. – “Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер”. Қазақ ССР-інің “Фылым” баспасы, 1967 ж., 244-бет.).

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ең ірі ақынның – Шаңкәрім. Ұлы ақын дүниеден қайтқан соң, халық Шаңкәрімді екінші Абайымыз деп танып, ерекше құрметтеген.

Озінің ұлы ұстазы – Абай ағасының “Өзің үшін еңбек қылсан”, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсан, Алланың сүйген құлышының бірі боласың”, – деген өснегін берік ұстаған

Шаһкәрім, өзінің өмірдегі мұрат-мақсатын айқындаپ, ашып айттып, халқының алдында серт беріп:

Адамдық борыш, ар үшін,  
Барша адамзат қамы үшін,  
Серт қылғам еңбек етем деп,  
Алдағы атар таң үшін, –

дейді. Ақын осы айтқан сертінен өле-өлгенише танған емес. Ақынның бір айтқан сертінен айнымайтын адалдығына, оның адамгершілік қасиетіне көзі жетіп, көңілі сенген туған халқы ардагер азамат ақынын ардақтаған.

“Әкесінің баласы – адамның дүшпаны. Адамның баласы – бауырың”, – деген Абай қағидасын Шаһкәрім бүкіл өмір бойы берік үстап өткен адам. Ақын:

Адамның маған бәрі бір,  
Не мұсылман, не кепір.  
Тамам адам бір бауыр,  
Бөлінбесе өлген соң, –

десе, Шаһкәрім туралы Сұлтанмахмұт Торайғыров былай дейді:

Бұл қазақтан мақсұты биік-алыс,  
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.  
“Қазақ” деп жекелеме, “адамзат” де,  
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

Деменіз тымақ киген бір жай қазақ,  
Киген киім, жүрісі, түріне қарап.  
Надандар, оны өлшектің өлшеуің жоқ,  
Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап!

Белгілі журналист, жазушы әрі тарихшы Сабыржан Фаббасов 1915 жылы “Айқап” журналында жарияланған “Тарих қазақ жайынан” деп аталатын еңбегінде Абай мен Шаһкәрім туралы да жазған:

“Ибраһим мырза, яғни Абайды білмеген жүрт жоқ. Абай мырза өте дана, өте шайыр (акын – Қ.М.), философ бір адам. Бірақ, жүрт қадірін тірі шағында білмесе де, осы күні әркім оны сағынады. Өлгеніне бірнеше жыл болған Құнанбай мырза менен Абай марқұмды жүрттық жадына қадірлі аксақал Шаһкәрім Құдайберді баласы да түсіреді. Бұл адамның жазған кітаптарын қолға алып қарай бастағанда, бұл кітап жазушы аксақ-алдың үлкен әкесі марқұм қажы Құнанбай болғанда, ағасы Абай қандай болған деп ойға алынады...

Бұл күнде мииләтіне (ұлтына – К.М.) қаламымен қызмет қылып жатқан құрметті, аса қадірлі Шаһкәрім күміс ер-токым, күміс белдік, жуан бос құрсаққа мае болып, қажы деген сөзге төбесі қекке жеткендей болып жұрген қажыларымызға үлкен-ақ үлгі боларлық зат... Шаһкәрім сиякты аксақалдарымыздың ғұмырына берекет беріп, оқыған жастарымызға Шаһкәрімдей болуға нәсіп етсін”, – дейді (“Айқап”, N 6, 1915 жыл, 95-бет.).

Сабыржан Фаббасов Шаһкәрімді жақсы білетін адам. Сабыржанның туып өскен жері – Аягөз, Шыңғыстаумен көршілес. “Айқап” журналы шыға бастағаннан бері Сабыржан сол журналдың тұрақты жазушыларының бірі болған. Шаһкәрім де “Айқапқа” жазып тұрган. Шаһкәрімнің басылып шыққан еңбектерінен Сабыржанның оқыған кітаптары: “Түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі” (1911), “Қазақ айнасы” (Өлеңдер жинағы, 1912), “Қалқаман-Мамыр” (1912), “Еңлік-Кебек” (1912) поэмалары т.б.

Шаһкәрімнің қалдырған мұрасы сан салалы, сан алуан, ешқашан маңызын жоймайтын мол қазына.

\* \* \*

Шаһкәрімнің аты, еңбегі елге ерте әйгілі болғанымен, оның өмірбаяны зерттеліп жазылған емес. Өмірбаянынан мағлұматымыз болмай тұрып, жалаң оймен ақын туралы айтқан пікір ешкімді де иландыра алмайды.

Ақын өзі туралы былай дейді:

Кетермін, артта жазған сөзім қалар,  
Кейінгі талапты жас қолына алар.  
Бірі жөн, бірі теріс айтыпты деп,  
Таласып өздерінше сынға салар.

Табиғи жол өткенді жаңа сыннау,  
Жаманнан жиіркеніп, жақсыны ұнау.  
Дәлелдеуге өлген соң, келмес тілім,  
Тіршіліктеке айтатын сөзім мынау:

– Сынау қызын біреудің сырын білмей,  
Кетпе өмірін, ортасын көзіңе ілмей.  
Ауыр жүк арқалаған жолаушыға,  
Жағада жүксіз тұрган жанша күлмей.

Қайықпен кездім теңіз ауыр күнде,  
Қанды оқпын, қатты толқын, қара түнде.  
Заманым заманыңа сәйкес келмес,  
Сынап көр сол қайыққа сен де мін де.

Иесіз өзім кестім кіндігімді,  
Зорға аштым тар үңгірде тұндігімді.  
Откен өмір жайымды түгел үқсан, —  
Сонда анық білерсін кімдігімді.

Енді қолда бар мағлұмат, деректер бойынша, ақынның өмір тарихына шолу жасап көрейік.

Құнанбайдың Құңке дейтін бәйбішесінен туған жалғыз ұлы Құдайберді. Құдайбердінің Дәметкен (Төлебике) дейтін бәйбішесінен төрт ұлы болған: Омар, Мұртаза, Шаймардан (Шәке), кенжесі — Шаһкәрім.

Құнанбайдың екінші өйелі Ұлжаннан туған балаларының бірі — Абай. Сөйтіп, Құдайберді Абайдың ағасы болады. Құдайбердінің баласы Шаһкәрім — Абайдың немере інісі.

Шаһкәрім 1858 жылы, ескіше 11 шілдеде дүниеге келген. Бес жасында окуга беріліп, жеті жасына шейін оқу оқиды. Құдайберді 1866 жылы 37 жасында дүниеден өтіп, Шаһкәрім жеті жасында жетім қалды.

Шаһкәрім жеті жасында өлең шығарып жаза бастаған. Ол өзінің бір өңгімесінде былай дейді:

— Жазғытурым әкем өліп, ауылға ат қойып келіп жатқан адам көп болды. Мен осы кезде есік алдындағы төбешікте отыр едім, тасқа өрмелеп бара жатқан жулдыз құртты көріп, оны езіп өлтірдім. Әлден соң, өлген құртқа жаным ашып, аядым. Сонда жылап отырып, құрт болып өлең айтқаным бар. Содан ойымда қалғаны.

Өлтірдің, не таптың сен онан пайда,  
Өмір сүріп жүруші ем жазда сайда.  
Олімнің қандайлығын көзің көрді,  
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?

Мениң де жетім қалды балаларым,  
Олар да жылайды іздеп аналарын.  
Өзің жетім, жетімді аясаңыш,  
Жоқ екен басында ми, саналарың...

Сонда жазған өлеңімді шешелеріме оқып беріп, олар жылап, өлең жазба дегені есімде, — дейді.

Шаһкәрім әкеден жетім қалды деген аты болмаса, жетімдік көрмеген, Құнанбайдың ерке немересі болып өсken. “Қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан маҳрум қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім”, —

дейді (Шаһкөрім Құдайбердіңғылы. “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі”. 1911 ж., 72-бет).

“Ойыма не келсе, соны істеп” дегенде, ерке жетім, жас бала Шаһкөрім не істеген? Оны өзінің өлеңімен жазған Әмірбаянын көреміз:

...Он жасыма келген соң,  
Домбыра, гармонь білген соң,  
Мылтық атып жүрген соң,  
Аңшы боп түстім азапқа.

Өзгеше болмақ сүйгенім,  
Осыған басты игенім,  
Киімді бөтен кигенім,  
Ұқсатпай орыс, қазаққа.

Сағат пен орган<sup>1</sup> жүргенін,  
Таңырқап ашып көргемін.  
Оның да сырын білгемін,  
Ұзатпай біраз заматқа.

Телеграмма жайын білуге,  
Оны да сынай жүруге,  
Бір үйден тарттым бір үйге,  
Ішекті керіп қадаққа.

Телеграмма олай емес қой,  
Ұқсатар ма екем деген ой,  
Құлақпен естіп, жетпей бой,  
Тым жас едім ол уақытта.  
Шеберлікке де бет қойдым,  
Сурет салып, түр ойдым.  
Ұқсамақ емес бұл ойдың  
Түбі олақ намартқа.  
Он бесіме келгенде,  
Қаршыға, бүркіт көргенде,  
Құс салып жүрдім серуенде,  
Еркіндеп шығып азатқа.

Ойым бар өлең айтқандай,  
Фылымға таман қайтқандай,  
Жыбырлатып тартқандай,  
Қармақ салып шабаққа.

---

<sup>1</sup> Орган – күйсандық.

Бұл, әрине, ойына не келсе соны істейтін, женіл мінезді, ақылдан ада, ойсыз ерке, шолжың баланың істейтін ісі емес. Туысынан талантты, табиғи дарынды, әр нәрсенің сырын білуге құштар, зерделі, зерек, қабілетті, талапты жасқағана тән ерекше мінез. Жас шағынан бастап, құштар болған жан-жақты өнерін Шаһкәрім өмір бойы шындал, өркендептіп, өсіріп отырған. Абайдың: “Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес”, – дейтіні осы болады.

Жасы он бестен асқанда, ақылы кемелденіп, ой өрісі теренде өсе бастаған Шаһкәрім ғылым жолына ойысып, ақындық өнерін де жарыққа шығара бастайды.

Жиырмадан өткенде,  
Азғана ғылым оқыдым.  
Алғызып кітап шеттен де,  
Көңілге біраз тоқыдым.

Білмегенді сұрадым,  
Жиыстырдым, құрадым.  
Оқыған сайын ұнадым,  
Жолына түстім осының.

Білімге салып тілекті,  
Сыбанып едім білекті,  
Агартуға жүректі,  
Аршымақ болып қоқымын.

Өлең мен сөзді шеберлеп,  
Айтқаным мақұл болар деп,  
Ындын қойып ентелеп,  
Жарайды деп осыним.

Ондағы өлең, жырларым,  
Ұнадым жастар тыңдарын,  
Ескермей елдің мұндарын,  
Қаси алмадым қотырын.

Ұлы ұстазы Абай ағасының: “Ғылым таппай мақтанба, пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білүге, артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге”, – деген ақылын алған саналы інісі Шаһкәрім ғылым-білім ізденуге білек сыйбанып, құлышына кіріспіп, тіпті “шеттен де кітап алғызып”, құныға окуға салынады.

“Білмегенді сұрап” білетін ақылшысы қасында болады. “Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, – дейді

ол шежіре кітабында. – Қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша, һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бүл қазақтан бөлек, дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тағым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тындал, азғана ғылымның сөүлесін сездім”, – дейді (“Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі”. Орынбор, 1911, 72-б.). Шаһкәрім ауылдан үзап шығып, ешбір оқу орнында оқымаған адам. Оның мектебі де, университеті де – Абай.

“Олеңмен сөзді шеберлең, айтқаным мақұл болар деп”, анық ақындық өнер жолына түскенде, он тоғыз жасында жазған өлеңін өзі құрбылас талапты жастарға арнап, оларды Абайдан үлгі-өнеге үйреніп, тәлім алуға шақырады.

Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Отпес өмір, таусылмас мал берерлік,  
Бір білімді данышпан жан табалық.,

Ал, енді олай болса кімді алалық,  
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық...  
...Жұз айтқанмен өзгениң бәрі надан,  
Жалыналық Абайға, жүр баралық.

Білімді сол кісіден ізденелік,  
Әдейі іздел біз келдік, сізге делік.  
Өмір зая болмастық өнер үйрет,  
Ақылынды аяма бізге делік.

Көп құға көзінізді сүзбе делік,  
Ұқпас деп бізден үміт үзбе делік.  
Залымдар зан үйретіп адастырды,  
Бізді сал жөнделерлік ізге делік...

...Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді үгарлық.  
Амалы жоқ айналды енді ,бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық...

Ақынның жиырма жастарында жазғандары, көбінше, жастық, махаббат өлеңдері болады. Мысалы:

Гауһардай көзі,  
Бұлбұлдай сөзі,  
Жаннан асқан бір пері.

Жұзі бар айдай,  
Мінезі майдай,  
Өзгеден артық сол жері.  
Дариядай ақыл мол еді,  
Жан ғашығым сол еді... –

деп басталатын өлеңін 21 жасында жазған. Енді бір өлеңі:

Жиырма үш жасымда бұл өлең жазылған,  
Табылмай басында өзіне лайықты ән... –

деп басталады. Бұндай өлеңдері көп және өлеңдерінің бәрі де Абай үлгісімен жазылған. Әрбір өлеңіне арнап әнін де қоса шығарған.

Ақынның 21 жасында жазған және Абай сын айтатын көрілік туралы ұзақ өлеңі былай аяқталады:

Қызысyz тәнің,  
Сезімсіз жаның,  
Болады көрілік белгісі.  
Оны да сезбей,  
Үмітін үзбей,  
Келмейді шалдың өлгісі.  
Алпыстан ары бармандар,  
Байқамай шал бол қалмандар!

Бұл арада Мұхтар Әуезовті сөйлетудің реті келіп тұр. Мұхтардың сөзінен үзінді келтірейік:

“Ақын болмақ болып, талаптанып өлең шығарып көруге Абайдың іні, балаларының барлығы да үмтүлған. Бұл жағына келгенде Абайдың алды бір жағынан “әдебиет мектебі” сияқты да болады. Сол ретпен өлең шыгаратын Көкбай, “Шаһкөрім, Абайдың өз балаларынан Ақылбай, Мағауия болады. Бұлардың бәрі де қысқа өлең, есінет өлең айту Абайдың жол, дағдысы болғандықтан, өздеріне бөлек бет іздеген сияқты. Сондықтан төртеуі де ұзақ әңгімелі өлең жазады. Сонда Көкбай, Шаһкөрім қазақ елінің ескі емірінен тарихи оқигаларды жазса, Ақылбай, Мағауия Европа ақындарының салтымен Кавказды, Зұлысты, Африканы өлең қылып, махаббатты жырлайтын сезімді поэмалың (романтическая поэма) үлгісін ұстағысы келеді.

Әрине, қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде окушы тауып отыратын жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын қабылдаған. Кейбіріне... өзі тақырып та беріп отырган. Бірақ, бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қатты сыйнын түтел қояды. Сондықтан сөздері ұнамаган уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселең, Көкбай, Әріп, Шаһкөрім үшеуінің үш түрлі өлеңдерін еске алып:

Сәз айттым Әзірет Әлі, айдаңарсыз,  
Мұнда жоқ алтын иек сарала қызы.  
Көрілікті жамандап өлім тілең,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, —

дейді. “Әзірет Әлі, айдаңарды” Көкбайдың кисса жазғыш болғандығынан айтты, “Алтын иек сарала қызы” деп Сыбан Әріп деген ақын “Зияда” деген қисссасында сұлу қызды сипаттаймын деп, иегі алтын, көзі гаунар деп мақтауын асырып, түсіне қарамай, асыл тастарды санай берсе керек. Соған айтылған. Соңғы екі ауыз көрілікті жамандап айтқан Шаһкөрім өлеңіне арналған (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ, 1933 ж., 382–383 беттер).

Енді Шаһкөрімнің өмір кезеңдерін шолуымызға келейік. Шаһкөрімнің өзінің жазған өмірбаянынан: “Жиырмадан өткенде, азғанағылым оқыдым...” — деген сөзін жоғарыда келтірдік. Енді Шаһкөрім өмірінің осы бір кезеңі туралы Мұхтар Әуезовтің жазғанын келтірейік: “Ысқақты үдайы үш сайлау 9 жыл болыс қылған соң, төртінші сайлауда: “Енді болыстықты Бәкемнің орнына беремін” деп, жасы 20-ға әрең толған Шаһкөрімді болыс сайлатады. Бәкем деп өзінің үлкен шешесі Құнкеден туған Құдайберді деген ағасын айтады. Ол кісі ертерек өліп, артында екі-үш баласы жетім қалған. Сол ағасының аруағын сыйлаған-дықтан, жасы жетер-жетпесте, Ысқақты өкпелетіп, Шаһкөрімді сайлады. Шаһкөрім бір сайлау болыс болып, 84-жылдың сайлауына келгенде, Абай ендігі болыстықты өзімен бірге туған кенже інісі Оспанға бермек болады”, — дейді (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ, 1933 ж., 365-бет).

Бұл жөнінде Шаһкөрім өзінің өмірбаянында былай деп жазады:

Өнерлі шебер тіл-жақты,  
Алады деп бұл бақты,  
Еріксіз маған ел жалты,  
Болыстықтың тоқымын.  
Болыстық салды жаман ой,

Фылымды әзір қума, қой,  
Ұлықтық деген ұлкен той,  
Деп, осыған локыдым.  
Ашылмас кесел болды бұл,  
Іздеген ғылым қалды тұл,  
Азат басым болды құл,  
Еріксіз жемтік шоқыдым.

Сөйтіп, Шаһкәрім ел басқару ісіне еріксіз араласқанын өмірінің өкінішті бір кезеңі деп біледі. “Жиырма мен қырықтың арасы: жас өмірдің сарасы, бос өткенін қарашы”, – деп налиды. “Тұған елім надан ел” деп қапалана отырып, өз мінін де ашық айтып, аяусыз сынайды.

Тұған елім надан жұрт,  
Жуандық тағы бір қылқұрт,  
Жетім ерке болып қырт,  
Мансапқа мінген мен бір мас.  
Осы айтылған төрт кесел,  
Жасымда болды көзге шел,  
Қырыққа келіп астым бел,  
Деді бір ой: көзінді аш!

Көзін ашып, есіп өзгерген санамен, жаңарып жаңғырған үгыммен ғылым дүниесіне терең бойлауға берік бекінеді. Шығыс тілдерін, орыс тілін емін-еркін менгеруге бой үрады.

“Ақыл сенбей сенбеніз, бір іске кез келсеңіз”, – деген Абай қағидасын берік ұстаған Шаһкәрім шала молдалардың соқыр сенімін мансұқ етіп, олардың азғындығын әшкерелейді. Фалым, ойшылдардың жазғандарына да талғаусыз табына бермейді, өз ақылына жүгініп, сыншыл ой көзімен қарап оқиды.

Адасып дінші азғанын,  
Пәншілер ғылым қазғанын,  
Философ ойшыл жазғанын,  
Сынауға енді бүрдым бас, –

дейді. Өзінің зерлеп іздену жолы осындаған болса, сол кезде өз халқының құйінішті тағдырына дерттеніп, терең тебіреніп, көп өлең жазады. Ол өлеңдері туралы айта келіп, былай дейді:

Тағы да талай сөз жаздым,  
Елім тәлім алсын деп.

Қазақтың мінін көп қаздым,  
Адам емес, аңсың деп.  
Өнер-білім білмеген,  
Бірінді-бірің күндеген,  
Тура жолмен жүрмеген,  
Төрт аяқты малсың деп,  
Сөзіме құлақ қоймады,  
Партияға тоймады.  
Кім өз елін ойлады,  
Надандықта қалсын деп?!

Шаһкәрім өзінің жазған өмірбаянында ойлаған ойын,  
сезім-сырын, наным-танымын, істеген ісін, қысқасы, бар  
шынын – жасырмай да асырмай, қалтқысыз көңілмен ай-  
қындалап, ашық айтады.

Қырықтан аса бергенде,  
Ақылым қылды шерменде.  
Дінім қалай, жаным не?  
Жоғалам ба өлгенде?

Әлемді кім жаратқан,  
Осынша түрлеп таратқан.  
Көрінген сансыз планета,  
Бірінен бірі бөлек пе?

Ахирет деген немене?  
Шыққан жан қайта келе ме?  
Кіре ме осы денеге,  
Дәлелі қайсы сенгенде?

Осы оймен Мекке барғамын,  
Әр түрлі кітап алғамын,  
Ақынға сыймас жалғанын  
Алмадым сынай келгенде.

Ноқтасыз оймен тексердім,  
Бояулы діннен сескендім,  
Дін шатағын көп көрдім,  
Қатесін сынап тергенде.

Іздедім, таптым анығын,  
Таstadtым ескі танығын.  
Хақиқат нұрдың жарығын,  
Жарылды жүрек көргенде.

Шаһқәрім Меккеге барғанда, шаригаттың мұсылман-дарға міндет еткен бес парызының бірі – қажылық борышын өтеу үшін ғана бармаған. Тағы не үшін барғанын өзі де ашық айтып отыр. Шаһқәрім бұл сапарында басқа үлкен қалаларда – Стамбулда, Парижда болған.

Бұл сапарға шығу мақсатын тағы бір ұзақ өлеңінде то-лығырақ айтады. Сол өлеңінен үзінді келтірейік:

...Алақтап іздедім қару,  
Бекілген артыма бару,  
Керек боп көп ғылым табу,  
Болып түр күн қағаң, һай-һай!  
Орысша, не арабшадан,  
Тілім жоқ жетіліп алған,  
Кітап оқып түрік жазған,  
Ұғындым осыны азғантай.  
Білімдінің кітаптарын,  
Жазыпты түрікше бәрін.  
Философ, білгіш ойларын,  
Сезіндім біразын байқай.  
Кітап, ғылым, ой алмақта,  
Маған жол болды сол жаққа,  
Жұмылдым Мекке бармаққа,  
Тыныш үйиқтап, ішे алмай шай.  
Пароходта жүрдім жолда,  
Әр елден кез келіп молда,  
Он үш күн боп Стамбулда,  
Керек кітап табылғаны-ай!  
Парижда да оқыған жан,  
Түрік, шеркеш һәм үндістан.  
Араб, башқұрт, қызылбастан,  
Переводчик - түрік, ногай.  
Солармен керісп сөзге,  
Жоғарғы ой, мақсатым өзге,  
Түсіп сөule соқыр көзге,  
Ауыр тұман ашылғаны-ай!  
Ол ойға көп керек тармақ,  
Әр тілден словарь алмақ,  
Сынап, нағызына қанбақ,  
Наданға болмайды-ау онай,  
Сол ойды бес жыл жаздым,  
Арыздым, шаршадым, аздым,  
Көп инемен құдық қаздым,  
Сырым, ойым, жайым сондай...

Біздің қазіргі мәдениетті оқырман қауым үшін  
Шаһкөрімнің бұл сөзіне түсінік беріп жатудың өзі орын-  
сыз болар деп білемін.

Шаһкөрім сыншыл еркін ойдың, өз сөзімен айтқанда,  
“ноқтасыз ойдың”, “саяу ақылдың” адамы.

Ақылмен таппай иман жоқ,  
Ойлаудан ақыл тыйған жоқ.  
Талай дінді тексердім,  
Ешбірі ойға сыйған жоқ.

Тамам діннің түбі бір,  
Бояған, бұзған салып түр.  
Діншілдің көбі адас жүр,  
Бір орынға жиган жоқ.

Алпыстан жасым асқанша,  
Жетпіске аяқ басқанша,  
Зарладым, жаздым, ұқтырдым,  
Құлакқа ешкім құйған жоқ.

Философ, ойшыл данышпан,  
Терең ойлап алыстан,  
— Құдай бар ма? Жан бар ма? —  
Деп, ақылмен жарысқан.  
Ахирет, Құдай, жан сырын,

Тексере келіп әрбірін,  
Шеше алмай анық тағдырын,  
Әр түрлі айтып қарысқан.  
Оны да сынға салғамын,  
Керектісін алғамын.  
Қалдырып қате, жалғанын,  
Шатақ ойлап шабысқан.  
Жан сыры деп жазылған,  
Психология деген пән,  
Орайсыз ойлап адасқан,  
Оған да едім танысқан.  
Тәпсіршіл, діншіл сопының  
Кітабын да оқыдым,  
Тазартып талай қоқымын,  
Түзеттім дінді шалыстан.  
Отыз жылдай жиганым,  
Саяу ақыл, менің иманым,  
Аламын соған сыйғанын,  
Мейлің күл, мейлің намыстан, —

деп, осы айтқан сыншыл ой-пікірімен ғана шектеліп қалмайды. Одан өрі жаратылыс дүниесінің пайда болу себеп-салдарына да ой жүгірте келіп:

Жаралыс басы – қозгалыс,  
Қозгауға керек қолғабыс.  
Сол мәнменен бол таныс, –

деп ойын бір түйеді де, жаралыс тарихы туралы өз түсінігін таратып, талдаپ береді:

Жан беріп жарық жылы нұрдан,  
Күн – атам жерді буаз қылған,  
Өсімдік туған осыдан.  
Жетіліп, өсіп толғанда тән,  
Құрт болған дәnde неше мың сан,  
Жаралып шықтық біз сонан.  
Ұсақ құрт дәннен жарып шыққан,  
Жасаған құрттар әр түрлі тән.  
Құс, балық, шаян, көп айуан,  
Айуаннан өсіп болдық адам,  
Кейіміз есті, кейіміз надан.  
Жанымыз – күннен келген нұрдан,  
Тәніміз – топырақ пен судан,  
Күн – атам, анық жер – анам, –

деп қорытады. Шаһкөрімнің философиялық ой жүйесін терең зерттеп, ғылыми талдау жасау, әділ айту философ ғалымдарымызға тиісті. Оны Шаһкөрімнің өзі де өснеге етіп айтты:

Кім айтса да, сынамай қойма, жаным,  
Ақылына сынатып, ойла, жаным.  
Пәленше-екем айтқан сөз дұрыс қой деп,  
Жүректің таразысын жойма жаным, –

деген және: “Көп білім жоқ бойымда, шын мақтан жоқ ойымда, кеш созімнің кемдігін”, – деп, қате айтқаны болса, оған кешірім сұрайды.

“Көп білімім жоқ” дегені – білген білім қолеміне көңілі толмай, қанағаттанбай, місе тұтпаудан барып айтқаны болар деп ойлаймыз. Әйтпесе, ол кісінің өз бетімен ізденіп, қолы жеткен білімі аз болмаған. Әдебиет, өнер жағын былай қойғанда, дүние жүзіне аты өйгілі философтардың біразын оқып білгені анық байқалады. Мысалы, XIX ғасыр-

дың екінші жартысында пессимистік философиясы бүкіл Европага кең тарап, етек алған, неміс философы Шопенгауэрді (1788–1860) Шаһкәрімнің оқығанын көреміз. Оқып қоймаған, оның пессимистік философиясын сынап, өзінің батыл ой-пікірін айтқан.

— Шопенгауэрдің дүние — дозақ, дүниеде тыныш өмір сүрге болмайды дегені дұрыс емес, — дей келіп: дүние — дозақ емес, бейіс, бейісті дозақ етіп отырған адам баласының, үстем таптың зорлығы, өзімшілдік күш қаруы, қасқырлығы. Егер адам бір-біріне зорлық-зомбылық, қиянат жасамай, барлық адам бір-біріне бір бауырдай болып, өнер білімімен, таза еңбекпен табиғаттың байлығынан пайдаланып отырса, дүние бейіс болуында сөз жок. Мұны сезбей, Шопенгауэр адасқан, — дейді. Шаһкәрім философиясы өз алдына арнайы зерттелетін мәселе.

Енді ақынның өмірбаянына қайта оралайық.

Сыр айтайын мен сізге,  
Әр түрлі жай бар басымда.  
Елімнен кеттім елсізге,  
Елуден аскан жасымда.  
Қора салған жеріме,  
Кіргендей бол көріме,  
Оқпеледім еліме,  
Отырман деп қасында.  
Аңшылық ескі салтым деп,  
Көрермін ақыр артын деп,  
Партия қылдың халқым деп,  
Кәріңіз бен жасың да.  
Қауымнан қатты қағылып,  
Оңаша өмір сағынып,  
Жасымда біткен тағылық,  
Осы екен гой асылда.  
Ойға оңаша жер керек,  
Ойынды үғар ел керек,  
Партия күған ебелек,  
Ел өзіңе масыл да.

Сөйтіп, Шаһкәрім 1909–1910 жылдар ел ортасын тастап, оңаша елсізге кетіп, оқу, ойлау, жазумен болған. Жеті жасынан өлең жаза бастаған ақынның өмір бойы қаламы қолынан түспеген.

Тыныштық жок, тыным жок,  
Ойсыз менің күнім жок.

Қайғырамын қан жұтып,  
Көзімді ілер түнім жоқ.  
Ойлаумен күнді батырам,  
Жазумен танды атырам,  
Тесіле қарап кітапқа,  
Сілемді сүйтіп қатырам, —

дейді. Ақынның барлық жазғандарын бұл арада атап айттып жеткізу мүмкін емес. Жазғандары өте көп болған. Шаһкәрім бір әңгімесінде: “Отыз жас шамасында бір айдай тілім байланып, сөйлей алмай қалдым. Осы кезде жеті жастан бастап жазған өлеңдерімді өртеп жібердім. Артынан Абай үрысты, өзім де өкіндім”, дейді.

Шаһкәрімнің табиғи ақындық қуатын, өнер-білімге құштарлық қасиетін және зор қабілетін ерте танып, ерекше бағалаған Абай оған алдымен қазақ шежіресін жазуды тапсырып, мәслихат етеді.

— Абай қазақ шежіресін жаз деп, он тоғыз жасынан қазақ шежіресін жинай бастадым. Абайдың ұқтыруымен және сол кісінің ел-елге жіберіп, хат жазып жинақтаған мағлұматтары да шежіреде бар, — дейді.

Абайдың Шаһкәрімге қазақ шежіресін жазуды тапсыру мәселесіндегі негізгі мұрат-мақсатын оның “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деп аталатын, ғылыми дәлелді, тарихи деректі, шағын ғана зерттеу еңбегіне көз жіберіп, қоңыл бөлсек, тереңірек түсінеміз. Абай былай деген: “Біздің қазақтың ықыласы атасын ғарабтан (арастан. — К.М.) шықты дегенді, яки бәни Исраилдан шықты дегенді ұнатқандай. Онысы, әрне тауарихтан (тарихтан. — К.М.) хабар тисе, сол жактан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз, қараңғылықта қалғандықтан болған іс”, — деп қазақ халқының тарихына жат, жалған пікірдің сырын айқындал ашып, түсіндірген. “Қазақтың түбі қайдан шыққанын” тарихи деректер негізінде зерттеп, ғылыми түрғыдан қарап, қысқаша баяндап жазған.

Қазақтың түбі қайдан шыққанын ғылыми дәлелді, тарихи деректі етіп, қазақ шежіресін жазу жолын Шаһкәрімге Абай өзі бастап көрсетіп берген. Шаһкәрім Абайдың мәслихаты бойынша, тарихшы ғалымдардың, оқымысты жазушылардың сол кезде қолы жеткен кітаптарын зерлеп оқып, терең зерттеп, ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, мол мағлұмат жинап, тұнғыш қазақ шежіресін жазуға кіріскең. Шежіре кітабының кіріспесінде Шаһкәрім былай дейді: “Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, коп уақыт-

тан бері сол туралы естіген-білгенімді жазып алған және өр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдыым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: Табари. “Тарих гумуми”, “Тарих ғұсмани”, “Тарих антшар ал-алам”, Нәжип Фасымбектің “Түрік тарихы”, Әбліғазы Баһадүр ханның жазған “Шежіре түрік” және өр түрлі кітаптардан алынған сөздер”.

Осы оқыған кітаптардың бәрін бірдей атап, түсінік беріп жатпасақ та, ен бірінші аталған тарихшы Табари туралығана бір-екі ауыз айта кетейік. Ат-Табари — арабтың тарихшы ғалымы. Оның туган жылы белгісіз, бұдан 1066 жыл бұрын, яғни 923 жылы олген адам. Шаһкөрім Табаридың “Тарих гумуми” (“Всеобщая история”) деген кітабын оқыған. Табаридың бұл тарихи еңбегі туралы орыс ғалымдарының пікірі мынадай: “Многотомное произведение ат-Табари служило основным источником для европейских историков-арабистов XIX в. Своего исключительно важного значения оно не утратило и в наше время” (Е.А.Беляев). Шаһкөрім, әрине, Табари кітабын түпнұсқасынан араб тілінде оқыған.

Шаһкөрім көп оқып, көп білген оқымысты. “Орысша кітаптан, — дейді Шаһкөрім, оқығаным: Радловтың үйғыр туралы (“К вопросу об уйгурах” деген 1893 жылы Петербургте басылып шыққан кітабын айтады. — К.М.), Аристовтың түрік туралы: дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірлерінен орысшага көшірілген сөздері, оның ішінде түріктің ен ескі замандағы шежіре кітаптары: “Құтадғу білік” (Жусіп Баласағұнның дастаны, XI ғасыр. — К.М.), Қоشا-цайдам деген кітаптың сөзі (Орхон жазбалары, VI—VIII ғасыр. — К.М.) және қытайдың Юань-Чао-Ши деген жазушысының сөзі. Және ғараб, парсы, Рум, Европа жазушыларының сөзі”, — дейді.

Араб тарихшы-ғалымдарынан, Табаридан басқа, Ибн-ал-Асирдің (1160–1233), Ибн Ҳалдунның (1332–1406) еңбектерімен де таныс болған.

Бұлардан басқа орыс тарихшы-ғалымдары: Березин, Левшин, Спасский, Маевскийлерді шежіреде атап айтып, олардың еңбектеріне сілтеме жасап отырады.

Сөйтіп, Шаһкөрім он тоғыз жасынан бастап, қазақ шежіресін жазу жұмысына кіріспі, Абайдың көзі тірісінді негізінен аяқтап, Абай қайтыс болған соң, баспаға әзірлеп, “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” деген атпен 1911 жылы Орынборда өз қарожатымен бір мың дана кітап бастырып шыгарған.

“Шежіре” — Шаһкөрімнің тұңғыш жарық көрген еңбегі.

Басқа еңбектері сияқты, Шаһкәрімнің бұл қазақ шежіресі де әлі зерттелген жоқ. Жазушы, оқымысты тарихшының шежіре кітабын зерттеп, әділ пікір айту, ең алдымен, біздің тарихшы-ғалымдарымыздың борышы болуы керек.

Шаһкәрім шежіресі қазақ халқының тарихын дүрыс баяндау және қазақтың тұп атасын анықтап беру мәселеіндегі ешқашан тарихи мән-маңызын жоймайтын құнды мұра.

Баяғы отаршыл патша үкіметінің қол астындағы “бұратана” атанған халықтар жөніндегі қолданған зұлымдық саясатының бірі – олардың тарихын жоққа шығарып, атабабаларын ұмыттырып, үлттық қасиетін мұлдем жою болатын. Кешегі сталинизм дәүірінде де “көсемге” көз жұмып табынған ресми тарихшылардың бүрмалап, өтірікті шындаі, ақсақты тындаі етіп жазып келгені баршаға мәлім. Сталиннің кеселді кер заманында ата-бабаларымыздың атын атаудан қорықтық. “Түрік” деген сөз аузынан шықса, “пантюркизм” дейтін пәллеге қалдық, “ұлт” десек, үлтшыл атандық, “хан”, “би” дейтін сөздердің өзі құбыжық қөрінетін болды. Сондықтан Шаһкәрім шежіресі 1911 жылдан кейін жарық қөруден қалды.

Тіпті, жариялышық заманы тұған күннің өзінде де Шаһкәрім шежіресіне үрке қарап, құдік-күмәннан арыла алмай жүрдік. Енді бүтін Шаһкәрімнің тарихи еңбегін оның мұрагер халқына жеткізу кезі келді деп білеміз.

Шаһкәрім орыс ғалымдарының, Шығыстың оқымысты тарихшыларының еңбектерін зерттеп оқып, оларға тарих шолу жасайды. Ел аузында ежелден сақталып келе жатқан тарихи аңыз-әңгімелерге де қоңіл бөліп, онда айтылатын уақығаларды тарих кітаптарындағы мағлұматтармен салыстырып барып, өз еңбегінде пайдаланып отырады.

Шаһкәрімнің шежіре кітабында жалпы тарих, әдебиет, тіл, этнография жайында, тарихи тұлғалар жөнінде, тағы басқа тарихи-әлеуметтік мәселелерге байланысты мағлұмат-деректер мол екенін көреміз. Шежіредегі мұндаидар мағлұмат-деректер қазақ халқы тарихының, әдебиетінің кейір жеке мәселелерін айқындаپ, анығырақ түсінуге бағдарлайды.

Абай жинақтаған мағлұматтардың да шежіреде пайдаланылғаны туралы Шаһкәрімнің сөзін жоғарыда айтқан едім. Енді сол мағлұматтарды шежіреде қай түрде, қалай пайдаланғанын көрсетіп, салыстыру ретінде бірер мысал келтірейік. Ол Абайдың жазғандарын сол қалпында көшіре салмайды.

Шаһкәрім қазақтың тарихи аңыз әңгімесін пайдала-

нып және Әбілғазы Баһадүр мен Аристов кітаптарындағы мағлұматтарға сүйеніп, қазақ шежіресінде бір мәселе туралы былай деп жазады: “Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады: Әз Жәнібек қазақты Қашғардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей, сол кезде қазақтың һәм көшпелі басқа елдерді Жұніс ханың Ахмед деген баласы билеп, оның ағасы Жәніке (шын аты Махмұд) деген Ташкенде үлкен хан болыпты”, – дей келіп, Ахмед ханың қазақтан өскер жасақтап, қалмақты шапқанын баяндайды.

“...Қалмақты шаба берген соң, – дейді шежіреде, -қалмақтар Ахмед ханды “алашы” койыпты, мағынасы жан алғыш дегені. Оны естіген Ахмед хан, қалмақ бүл атты қорықкан соң қойды; енді қалмақты шапқанда “алашылап” шабындар деген соң, қазақтар “алашы” деп шауып, сол қазаққа үран болыпты.

“Алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмадық” деп қазақтың мақтанатұғыны сол”, – дейді. Одан әрі Жошы нәсілінен шыққан Шайбақ ханың Әмір Темір нәсіліне қарсы соғысын баяндай келіп: “Шайбақ Ташкені алмақ болғанда, қазақты билеген Ахмед-Алаша мен ағасы Жәніке-Махмұд Үратөбеде Шайбақпен соғысқанда, қазақтар: “Шыңғыс тірі құнінде бізді Жошы ұлысына беріп еді. Шағатай біздің ханымыз емес, тәжік-сарт туысқанымыз да емес, “Өзбек – өз ағам, сарт – садағам”, – деп, Шайбақ ханға қосылды. Сол соғыста Шайбақ жеңіп, Жәніке-Махмұд пен Ахмед-Алашты өлтірген соң, ондағы Шағатай нәсіліне қарап жүрген қазақпен жақын елдер және қазаққа қосылды. Бұл сөздің анықтығы Әбілғазы Баһадүр, Аристов екеуінің кітабында да бар. Сол себептен қазақтың ауыз сезі де рас шықты.

Ол уақытта Әз Жәнібектің баласы Қасым хан еді. Қол астындағы халқы бір миллиондай” болды (“Қазақ шежіресі”, 32–33-беттер).

Осы тарихты Абай былайша баяндап жазған:

“...Әмір Темір нәсілінен Құмарشاих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Тащкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юнус ханың балалары болған. Сол қазақты билегенің аты Ахмет екен... Сол өз уақытында аттанысқа жааралық, қазақтан үш жұз өскер шығарып, үш жұзбасыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың “Үш жүздің баласы” дейтүғыны сол.

Ахмед хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қал-

мақ рақымсыздығына қарай: “Мынау бір алашы болды ғой” дейді, жан алушы болды дегенниң орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. “Бабыр намада” солай жазылған. Сонан соң хан, бұл атты қалмақ, қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта “алашы-алашы” деп ұран-сүрен салыңыздар деп бұйырып, бұлар айғай салғанда, көп жанның айғайымен “алаш-алаш” деп кетіпті. Сондықтан: “алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік” деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен”, – дейді. Одан әрі Шайбақ ханның соғысын Абай былай баяндайды: “Бұлар Шагатай нәсіліне қарап жүргенде, Жошы нәсілі өзбек халқын билеп жүрген екен. Сол Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір Темір тұқымынан һират (Фират. – Қ.М.) Бұхар, Самарқан шаарларын тартып алып жүргенде, акырында мұның алдынан Алаша хан Ташкенттегі Жәніке хан деген ағасымен қосылып, қалың әскермен шығып, Үратобеде жеңіліп, ағайынды екеуін де, бала-шагаларына дейін Шайбақ өлтіргенде, біздің қазак; біз өуелден өзбек жұртымен аталас едік және де Шыңғысхан тірі қунінде бізді Жошыға тапсырған еді. “Сарт – садағам, өзбек – өз ағам” деп, Шайбаққа қарап кетті. Сол сөз осы қунге шейін мақал болып қалған. Соңан кейін бізді қайтып Шайбақ тұқымы билеген емес. Онан соң біздің ханымыз, төреміз – бәрі де Жошы нәсілінен бола келген” (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1977, “Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққаны туралы”, 233–234-беттер),

Біз бұл арада Абай мен Шаһкәрімнің Юнус (Жұніс) ханның балалары; Ахмед-Алаша мен оның ағасы Жәніке (Махмұд) хан туралы тарихи дұрыс дәлелдеп, толық баяндап жазғанына көніл бөліп отырмыз.

Абай мен Шаһкәрім баяндап жазған осындай тарихи мағлұматтарды бес томдық “Қазақ ССР тарихы” кітаптарынанда, Қазақ Совет энциклопедиясынан да қанағаттанып оқи алмаймыз. Тарих кітабында Юнус ханның баласы Ахмед-Алаша хан аталғанымен, оның “Алаша хан” аталуы туралы айтылмайды және ол жайында Абай, Шаһкәрім жазған мағлұматтар кездеспейді (История Казахской ССР. Том 2, Алма-Ата, 1979, стр. 263).

Қазақ Совет энциклопедиясындағы мақалада да Алаша хан тарихы жоқ, ол туралы Абай мен Шаһкәрім беретін мағлұматтар аталмайды. ҚСЭ: “Султан (Алачә) хан (1465–1503) Моголстан ханы, Жұніс ханның баласы... Ол 1470–1503 ж. (1470 жылы Ахмед 4–5 жасар бала ғой. – Қ.М.)

біртұтас мемлекет күру үшін қазақ хандарымен Қашғар мен Жаркентті бағындыру ниетімен Дулат әмірі Мырза Әбу Бекірмен соғысып, жеңіске жете алмады. 1503 ж. Мұхаммед Шайбаниден жеңіліп, Ақсуда қайтыс болды” (ҚСЭ, 10-том, 461-бет), – деген ғана мағлұмат береді.

Ал, Абай мен Шаһкөрімнің берген мағлұматтарын академик В.В.Бартольдтың еңбектерінен көреміз. Жүністі, оның үлкен баласы Махмұтты (Жәнікені), одан кейінгі баласы Ахмедті айта келіп, Бартольд былай деп жазады: “Ахмед, родившийся в 870 (1465-55 г.), нисколько не походил на своего брата. По описанию его племянника Бабура, это был настоящий сын степи: человек крепкого телосложения, суровый и храбрый воин... Ахмед в двух битвах разбил калмыцкого предводителя Тайчжи-эсена, его подвиги навели на калмыков такой страх, что они дали ему прозвище Алача или Алачи, т.е. “Убийца”...

...Призванный своим братом на помощь, Ахмед... отправился в Ташкент. Шайбани в 1503 г. при Ахсикете напал врасплох на монгольское войско и взял в плен обоих братьев...”, – дейді (Академик В.В.Бартольд. Сочинения, том II, часть I, Москва, 1963, стр. 90). Сөйтіп, Ахмед-Алаша хан тарихын Бартольд та, Абай да Бабырдың жазғаны бойынша баяндаганын көреміз.

Осы айтқандарымыздың өзі де Шаһкөрім шежіресі Абайдың мәслихаты бойынша жазылған деуімізге тағы бір дәлел.

Шаһкөрім шежіресі қазіргі шала-шарпы, үстірт жазылып жүрген кейбір тарихи мағлұматтарымызды дұрыс түсініп-білуімізге кең көмек көрсетеді. Дәлел ретінде бірер ғана мысал келтірейік.

ҚСЭ-ның 4-том, 278-бетіндегі мақаланы оқып көрейік: “Жаныш сұлтан (т., ө.ж. белгісіз) – 15 ғ. соны мен 16 ғ. басында әмір сүрген әскер басы. Ата-тегі туралы нақты дерек жоқ. Ж.с. Қасым ханның тұсында қазактармен Шайбани әuletiniң арасындағы құрес тарихында еске алынады” (Мақаланың авторы және әдебиет көрсетілмеген. – Қ.М.). Энциклопедияда “ата-тегі туралы нақты дерек жоқ”, деген Жаныштың кім екенін Шаһкөрім шежіресі анықтап береді. Шежіреде аргы аталарынан бастап, Әбусағидқа келеді де: “Әбусағид хан. Әз Жәнібек аталған осы Әбусағид еді... Мұның тогызы баласы: Ераншы, Махмуд, Қасымхан, Айтек, Жаныс, Қамбар, Тыныш, Өсік, Жәдік. Осы айтылған Қасымхан, біздің қазақтың “Қасымханың қасқа жолы” деген білім жолын шыгарған хан еді”, – деп жазады (Шежіре, 82–83-бет). Олай болса энциклопедиядағы

“Жаныш” дегені – Жаныс, Қасымханмен бір туысқан Әз Жәнібектің баласы болады. Қазақ ССР тарихының екінші томында (орыс тіліндегі) Жәнібектің баласы Қасымханмен бірге Жәнібектің басқа балалары да аталағып, Жаныс – Джаныш (267, 268-329-бет) деп, Тыныш – Таныш (269, 329-бет) деп жазылған.

Тарихта белгілі “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” деп аталатын аса ауыр халді Шаһкәрім шежіресінде қысқаша былай баяндайды:

“...1723 жылы қазақ-қалмақ болып жиылды соғысқанда, қалмақтың бастығы Цэван-Рабтан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш жаяу шұбап, бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір аксақал кісі айтты: “Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай үмытпаса, жаманыштың көргенін де сондай үмытпауы керек. Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты: “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын”, – депті. Мағынасы: табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн дегені. Және сол жолда айттылған қазақтың ескі өлеңі мынау:

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Қарындастан айрылыған қын екен,  
Қара көзден мөлдіреп жас келеді...

Ауып көшкенде, Қаратаудан көш асқанда, енесін артып алған бір тайлақ көшті жанап боздайды, қарындастың жақының қалмақтар өлтірген жылаулар оны жоқтал, ол да зарлайды. Көштің алды артын шолып жүрген батырлар қарауылда отырып, соны көріп айтқан өлеңдері еді”, – дейді (Шежіре, 36–37-бет).

Осы уақыға ресми тарих кітабында: “1723 жылдың көктемінде жонғарлардың сансыз қолы Қаратай тауларынан асып, Талас өзенінің аңғарын басып кірген. Қазақтар бұл кезде шабуыл болатынын күтпеген еді де, қыстауларапынан жазғы жайылымға көшуге дайындалып жатқан еді. Мұндағы қазақ халқының бері түгелімен дерлік қырылып кетті, ал тірі қалғандары мал-мұлқін тастап қашуға мәжбүр болды” (Қазақ ССР тарихы. I том, 1957, 249-бет), – деп жалаң да жадағай баяндалған.

Шаһкәрім шежіресінде елдің беріне бірдей түсінікті бола бермейтін, басқа тілдерден кірген сөздерге, көнерген сөздерге түсінік беріп отыруды қажет деп білген. Мысалы: “Қаратадың басынан көш келеді” өлеңіндегі “Мына за-

ман қай заман — бағы заман” деген өлең жолындағы “бағы” деген сөзге: “Бағы” деген — “өзін-өзі билеп, низамға қарсы келгендер” деп түсінік береді, яғни “Ақтабан шұбырындыға” ұшыраған елдің береке-бірлігі кетіп, бет-бетімен босып, бұлғыншылік заманға, “бағы заманға” душар болуы. “Бағы” — араб сөзі, “Арабша-орысша сөздікте” — “Несправедливость, притеснение”, — деп түсіндіріледі (“Арабско-русский словарь”. Москва, 1970, стр. 97).

Осы бір сөзге ерекше қоңіл аударып отырғанымыздың себебі, осы күні “бағы” деген сөз “баяғы заман, қоңе заман” ұғымында қолданылып жүр. Оған мысал өте көп. Бәрін тізіп жатпай-ак, тілші-ғалымдарымыздың, әдебиетшілеріміздің жазғандарынан бірер мысал келтіреік.

“Қазақ әдебиетінің тарихында” (1-том, бірінші кітап) былай деп жазады: “...тарихи туындыларда баяндалатын қолбасы, батырлар бұрынғы бағы заман батырларынша суреттеледі” (1960 ж., 487-бет). “Бағы заман батырлары сиякты Олжабай өз руының, Мейрам-Сүйіндік руының жоғын жоқтап Абылайға қарсы аттанады” (598-бет). Республикалық базасынан мүндей мысалдарды жүзденесіп-мындаған келтіруге болады.

Ерте заманда бір мағынада қолданылған кейбір сөздердің кейінгі замандарда екінші мағынаға ауысып кететіндері болатынын білеміз. Бірақ, ерекше тарихи уақығаға байланысты, басқа тілден алынып, қолданылып, берік қалыптасқан “бағы” сөзі бүрмалауға келе қоймас. Сол сиякты “бағзы” деген сөз де осы күні көп жерде “баяғы, ерте заман” мағынасында орынсыз қолданылып жүр.

Шаһкәрім шежіреде “бағыдан” басқа да бірталай сөздің түп төркінін анықтауга қоңіл беліп, өзінің пікірін жазып отырады. Бірер ғана мысал келтіреік. Мысалы: “Нәсілі бір болмас да екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке яки қымызға қосып беліп іshedі де, қаны қосылған қарындас болдық деседі. Оны “анда” дейді. Біздің қазақтың куда-анда дегендегі “андасы” осы сөз”, — дейді (Шежіре, 18-бет). “hүндар (гүндар. — Қ.М.) ханының қатынын “иенші” деуші еді. Біздің қазақтың өзінен үлкен кісінің қатынын “женеше” дегені сол сөз болады” (Шежіре, 13-бет), деген жорамал айтады.

Түркі этнонимдерін этимологиялық талдау жасау мәселеіне де шежіреде көп қоңіл белінеді. Шаһкәрім бұл мәселеде өзінен бұрынғы тарихшы — ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, өзінің ой-пікірлерін, болжауларын дәлелдей келтіріп отырады.

Шаһкәрімнің “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек”,

“Нартайлақ-Айсұлу” поэмалары уақығасының тарихтық неғізі шежірде бар. Ақынның бұл көркем шығармаларын – тарихи дастандар деуімізге әбден болады. Шежірде баяндалатын уақығалар оның поэмаларында көркем суретtelіп, көсіле жырланады. Шежірде ықшамдаپ берілген кейір тарихтық маглұмат-деректер дастандарында кеңейтіліп, айқындалып сипатталады. Шежіресі мен поэмалары терең тамырласып жатады. Мысалы, жаңағы “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” уақығасы баяндалғанда: “...бір көлдің басына келіп көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал айтыпты”, – десе, “бір көлі” – қай көл, “бір ақсақалы” кім, осының бәрін “Еңлік-Кебек” поэмасында айқындалап, ашып береді.

... Сырдан қалмақ құған соң біздің елді,  
Күні-түні жүре алмай, халі құрып,  
Сұлап жатты айнала Саумалқөлді,  
Сонда Шақшақ Жәнібек сөз сөйлепті,  
Балалар, осы сөзді ұмытпа депті,  
“Ақтабан шұбырынды” мұның аты,  
Құдай қосса алармыз біз де кекті... –

деп, одан әрі “Ақтабан шұбырындыдан” кейін қазактың қай елі қай жерлерге қоныстанған тарихын баяндал береді де, “Еңлік-Кебек” дастанын бастайды. “Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы, Жуантаяқ, Тоқтамыс деген кісі”, - деген өлең жолындағы “жуантаяқ” деген сөзге: “Тобықтының бір тап елінің аты”, – деп түсінік береді. Ал енді “жуантаяқ” деген сөздің анықтамасын, түп төркінін шежіреден білеміз. Шаһкөрім “...Тобықтының екі баласы: Ырысбетек, Дәүлетек. Бұл Дәүлетек бір аста жуан таяқ ұстап, ошақ басын қорғағаннан “Жуантаяқ” атанип, нәсілі де сол атпен атанды”, – дейді. Және “абыз” сөзінің төркінін: “Дәүлетектің үш баласы: Байғара, Байшора, Жиеншора. Бұл Жиеншора оқымысты кісі болған соң, “хазғиз” дейміз деп, тілі келмей “абыз” атандырыпты”, – деп түсінідіріп береді (Шежіре, 64-бет).

Шаһкөрімнің көркем шығармаларын, тарихи өңгімелерін толық, терең түсініп оқу үшін оның шежіресін жақсы білуіміз керек. Мысалы:

“Ақтабан шұбырынды...” уақығасын баяндай келіп: “Біздің Әнет бабаң деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы. Бабаңмен туысқан Қалқаманның Мәмбетейдің Мамыр деген қызы туралы оққа байладың деп, Әнет бабаңа өкпелеп, Бұхара төңірегіне кеткені де осы жолының аз ғана алды еді” (Шежіре, 34-бет) немесе:

“...Эйтектің бәйбішесінен Олжай, тоқалдан Байбері, Қалқаман Мәмбетейлердің бір Мамыр деген қызыны (Мамырдың әкесінің аты – Байғазы. – Қ.М.) алып қашып, сол тақырыпты садақлен атуға бүйірылып, садақ қара санына тиіп, өлмей қалып, Әнет бабана өкпелеп, Бұхар манындағы елге барыпты. Тұқымы бар деп естіміз. Мұнымен туысқан Байбері “Бекең” атанип, оның нәсілі мұнда жұз үйдей бар” (Шежіре, 68-бет), – деген үзінділерді алайық.

Шежіреде баяндалған осы тарихи уақыға бойынша Шаһкәрім “Қалқаман-Мамыр” дастанын жазған.

Откен іс, ойға күңгірт, көзге танық,  
Көрмесе де білгенге бәрі қанық.  
Мың жеті жұз жиырма екінші жыл,  
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.  
Әнет бабаң аргынның ел ағасы,  
Әрі би, әрі молда ғұламасы.  
Орта жүзге үлгі айтқан ғаділ екен,  
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.  
Кішік деген бабаңың өз атасы,  
Мәмбетей ол Кішіктің бір ағасы.  
Мәмбетсопы, Кішіктің шешесі бір,  
Қатаған Тұрсын ханының ханышасы.

Мәмбетсопы мен Кішік бір шешеден туған екен, олардың шешесі “Қатаған Тұрсын ханының ханышасы”, яғни қызы екен. Сонда: “Қатаған, Тұрсын хан дегені кім? Оның ханышасы (қызы) кім?” деген сұрақтар тудады. Бұл сұрақтарға “Қалқаман-Мамыр” поэмасынан жауап таба алмаймыз. Ондай мәселені ақын поэмасында тәптіштеп айттып жатпайды. “Еңлік-Кебек” дастанындағы “Әңгіме алдында аз сөз” деген өлеңінде Шаһкәрімнің: “Керек болса оқындар Шежіремнен, жазылған сонда анықтап түгел сөзі”, – дегені бар. Сондықтан “Қалқаман-Мамырда” айттылған: “Мәмбетсопы, Кішіктің шешесі бір, Қатаған Тұрсын ханының ханышасы” деген сөзінің сырын анықтап білгіміз келсе, ол мәселені шежіреден қарасақ, айқындаپ ашып береді. Шежіреде былай баяндалған: “...Есім хан 1628 жылы Тұрсын Мухаммед ханды өлтіріп, Қатаған елін щапты. Бұл сөздің анығы мынау: “Шежіре түрікті жазған Әбліғазы Баһадүр хан туыскандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, осы Есім ханының қолына келіп түрдым”, – дейді.

“Сонда Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды

шапты, – дейді. – Жәрдем көремін деп келген хандардың жайы бұлай болған соң, Есім ханнан рұқсат алып қайттым”, – дейді.

Бұлай болғанда біздің тоғызынышы атамыз Сарының қатыны, Тұрсын ханның қызы – Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болды. Оны қазактар былай айтушы еді: Атамыз Сарымен бір туысқан інісі Әлі деген бір сартта қызметкер болып жүргендеге, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріп, Ташкенді қайта алышты деп хабар келіпті. Мұны естіген соң, Әлі сарттың жемге байлаған екі атын мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, өкесінің өлгенінен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсын ханның қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай, елге келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсын ханның қыздарын, қанша нөкөр қызы һәм жасау, жолдастарыменен алып келген соң, Әлі көріп-бастап барған жүлдесіне Қоңырбикені барша киім, шатыр-сайманыменен берген соң, жасау, киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің сегізінші атамыз – Кішік пен Мәмбетсопы туыпты” (Шежіре, 34–35-бет).

“...Мұсабай бидің бір баласы - Сүйірбас, Сүйірбастың үш баласы: Әлі, Сары, Қожаберген... Сарының бәйбішесінен екі баласы: Мәмбетей, Үмбетей және Тұрсын ханның қызы Қоңырбикеден тұған баласы: Мәмбетсопы, Кішік...” (Шежіре, 66-бет).

“Мәмбетсопы, Кішіктің шешесі бір, Қатаған Тұрсын ханның ханышасы” деген сөздің қысқаша тарихы осы.

Шежіреде тарихи дұрыс баяндалған осы уақыға Сәбит Мұқановтың “Жарқын жұлдыздар” кітабында: “...1629 (?) жылы Есім ханға еріп барып Түркістан қаласын жаулатын (дұрысы Ташкент қаласы. – К.М.) аргынның бір батыры – Әлі (?). Сол өлтірілген Түркістан ханы (дұрысы Ташкент ханы. – К.М.) Тұрсынның қызы – Қоңырбикені Әлі еліне алып кеп, інісі (дұрысы ағасы. – К.М.) Сарыға қосқан...” (“Жарқын жұлдыздар”, 1964 жыл, 163-бет), – деп тарихи шындықтан шығынқырап, бұрмалана баяндалған.

Әлі алып келетін Тұрсын ханның үш қызы: Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген едік. Қоңырбикенің тарихын айттық. Енді Айбике мен Нұрбикенің тарихына қысқаша тоқтайық.

Айбикені де, Нұрбикені де Шаншар деген кісі алған. Шаншардың аргы аталарын Шаһкәрім былай таратады: “Арғын ағаның нәсілінен – Қодан, Қоданнан – Дайырқожа (Ақжол), Дайырқожаның бәйбішесінен – Қарақожа,

Қарақожаның бәйбішесінен – Куандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік. Кіші әйелінен – Болат (Болатқожа), лақап аты – Қарекесек. Болатқожаның нағызы екі баласы: Майқы, Башан, асыранды екі баласы: Жалықлас, Қамбар. Осы төртеуінің нәсілі Қарекесек атанады.

Бошанның бес баласының бірі – Шаншар, Тұрсын ханың Айбике, Нұрбике дейтін қыздарын алатын Шаншар осы.

Шаншар мен Айбикеден туған төрт баласының бірі – Келдібек, Келдібектің алты баласының бірі – Қазыбек (қаз дауысты Қазыбек).

Қазыбектің баласы – Бекболат, одан – Тіленші, одан – Алшымбай. Алшымбайдың Жұсіп деген баласының қызы Ділда - Абайдың бәйбішесі болады.

Шаншар мен Нұрбикеден туған үш баласының бірі – Бертіс, оның үш баласының бірі – Бектемір, Бектемірдің баласы – Мешеке, Мешекенің балалары: Қазанқап, Битен, Шитен. Қазанқаптың баласы атақты күйші, домбырашы – Тәттімбет (1815–1862). Битеннің балалары: Тонтай, Қонтай. Тонтайдан – Тұрпан. Тұрпанның қызы Үлжан - Құнанбайдың әйелі, Абайдың шешесі болады.

Революциядан бұрын Қарқаралы уезінің екі болыс елі Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар деп аталатыны тарихта белгілі.

Қазақ Совет энциклопедиясында “Айбике” деген мақалада: “Айбике – Орта жұз Арғын ішіндегі Қарекесек руының бір атасы (?). Революциядан бұрын “екі мың үй Айбике” аталған (санына қарай). Атақты Қазыбек би осы Айбикеден шыққан. Бұлардың енді бір атасы – Нұрбике. Кейде екеуін қосып, Айбике-Нұрбике деп те атайды. Атақты күйші Тәттімбет Қазанқапұлы, оның әкесі Мұшке (дұрысы Мөшеке. – К.М.) күйші осы Нұрбикеден шыққан... Ойын-сауыққа, мысқыл-мазакқа күмар ел болған. Сондықтан олар “шаншар”, “шаншардың кулары” аталған”, – деп түсіндіреді (КСӘ, 1-том, 161-бет).

Мақала жалпы үстірттеу жазылған және “Шаншар” деген атаудың түп төркінін түсінбей, Шаншар деген кісінің есімі, содан тараган рудың аты екені аңғармай баяндалған.

Энциклопедияның 12-томындағы мақалада. “Шаншар 18 және 19 ғ-да өз бойындағы табиғи қызылықты іс-әрекеттерімен, өткір сыйқақ-келемеждерімен және шанышпа әжュー-қалжындарымен халық арасына кең танылған - Қарекесек руынан шыққан күлдіргі өнершілер өүлесті...” – дедінген. Бұл мақалада да “Шаншар” деген тарихи адам

есімі, сол есімнен туған ру аты деп білмейді, “шанышпа”, “әжүа-қалжыңнан” туындаған сөз деп, яғни “құлдіргі” юморист ұғымында түсіндіреді.

Мұхтар Әуезов: “Абайдың өз шешесі Қарекесек ішінде Бертіс бидің тұқымы болады. Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары – Қонтай, Тонтай – Орта жүзге қалжыңмен тегіс аты жайылған, белгілі мыскылшыл, тапқыш, құлдіргі болған. Бұл әдет Бертіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез”, – деп. Шаншар-кісінің есімі, ру аты екенін анық, ашық жазған. (Абай. Толық жинақ. 1933, 343-бет).

Казушы, әдебиетші, тарихшы ғалымдар Шаһкәрім шежіресіне әр кезде көңіл беліп, өздерінің зерттеу еңбектерінде пайдаланып отырған. Мысалы, Сәкен Сейфуллин “Қазақ әдебиеті” (Бірінші кітап. “Билер дәуірінің әдебиеті”, 1932 ж.) кітабында Ахмед-Алаша хан туралы айта келіп, Шаһкәрім шежіресіне сілтеме жасайды. Және “Қобыланды батыр” жырына талдау жасай отырып, Сәкен былай дейді: “Белгілі қазақ шежірешісі, ақын Шаһкәрімнің шежіресінде Қобыланды батыр болған адам. Мұны Шаһкәрім шежіресі толық айтады. Оның айтуына қарағанда, Қобыланды батыр – қазақ атаулы елдің ногайлы атымен жүрген заманының адамы. Шаһкәрім шежіресі бойынша, Қобыланды батыр Арғын Дайырқожа биді өлтіргенде, Дайырқожаның әкесі Қыдан деген ақын жылап, баласына мына бір жырды айтқан екен дейді:

...Қара қыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді құлыным!  
Сексен асып, таяғанда тоқсанға,  
Тура алмастай үзілді ме жұлыным.  
Адасқаның жолға салдың  
Бұл ногайлы елінің.  
Аққан бұлак, жанған шырак,  
Жалғыз құнде құрыдың!  
Қара Қыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным!”

Міне, мұнда қазақ атаулы рулардың ол кезде ногайлы болып жүргенін айқын айтады.

Бұл уақыға Шаһкәрім шежіресінің 31-бетінде айтылады. Шаһкәрім одан кейін былай дейді:

“...Қыдан тайшы деген өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың Арғын атасы Қотан ақын дейтіні осы. Және бұл сөзге бір дәлел Арғын Жанак ақынның Уақ Жарқын биге

айтқан өлеңі. Жарқын би: – Атанда ақындық бар ма еді, – дегенде, Жанақ айтыпты:

Алашта Арғын аға болған зерек,  
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.  
Арғынның түп атасы ақын Қотан  
Өлеңге бізден ұста болса керек...”

*(Шежіре, 31–32-бет).*

Шежіредегі осы мағлұмatty Әлкей Марғұлан өзінін “О носителях древней поэтической культуры казахского народа” атты мақаласында келтіреді. Бірақ, Ә.Марғұлан Шаһкәрім шежіресіне сілтеме жасамаған және Жарқын биді қазіргі Абай ауданының адамы деген. Дұрысы Жарқын қазіргі Жаңасемей ауданының адамы. Өлендегі: Алашта Арғын аға болған зерек” деген жолдағы екі сөзді өзгертіп: “Ертеде Арғын ата болған зерек” деп берген.

Сәбит Мұқанов та шежірені атамай және ешбір сілтеме жасамай, былай деп жазады: “Қазақ арасында “Арғын атасы Қотан ақын” дейтін мәтел бар, сол “Қотан” дегені осы Қодан. Қоданның ақын болғандығы туралы XIX ғасырдың ортасында жасаған, Арғын руынан шыққан Жанақ ақынның бір ауыз өлеңі бар. Уақ руынан Жарқын деген би Жанак ақынға “Атанда ақын болған кім бар?” деп сұрау қойғанда, Жанақ:

Алашта Арғын ата (?) туған зерек,  
Өзгеден сол кісінің жөні бөлек.  
Арғынның түп атасы ақын Қотан  
Өлеңге бізден ұста болса керек...”

*(“Жарқын жұлдыздар”. 1964 ж., 161–162-беттер).*

Жоғарыда айтылған С.Сейфуллиннің Шаһкәрім шежіресінен келтірген Дайырқожа, Қобыланды батыр жайындағы мағлұматын және Ә.Марғұлан мен С.Мұқановтың шежіреден алған деректерін Мұхтар Мағауин “Қобыз сарыны” (1968) монографиясында, Шаһкәрімге сілтеме жасай отырып, дұрыс берген (“Қобыз сарыны”, 12-13-бет). Тек өлеңіндегі: “Арғын аға” деген сөзді “Арғын ата” депті.

Сәбит Мұқанов “Жарқын жұлдыздар” (1964) атты монографиясында Абайға арналған бөлімінде Шаһкәрім шежіресіндегі тарихи мағлұматтарды мол пайдаланған. Бірақ ешбір жерде Шаһкәрім шежіресі аталмайды, шежіреге

сілтеме жасалмайды. Бірнеше ғана мысал келтіреік. “Абайдың ата тегі” деген тарауында С.Мұқанов былай деп жазады: “Арғын” деген аттың қайдан шыққаны туралы ғылымда мынандай жорамалдар бар: ескі қытай тарихында, монголдардың батысында (?) көшіп жүретін, түрік тұқымдас “Бай-Егу” дейтін ел бар. Қытайлар “р” дыбысын айтпайды және сөздің аяққы дыбысын тастан сөйлейді. Егер “Бай-Егудің” ортасына “р” әрпін қойса, аяғына “и” қосса “Бай-Ергун” бол шығады. Бай – қытайда “зор”, “ұлы” (түрікше “улуг” деген сөз) деген мағынада. Олай болса – Бай-Ергун – “Ұлы-Ергун”, яғни “Улут-Ергун” болады...” (“Жарқын жұлдыздар”, 159-бет).

“Арғын” деп не себептен аталғаны туралы орыс жазушылары әр түрлі сөз айтады. Соның ішіндегі қисындысы түрік Орхонский надписында “Улуг-Ергин” деген сөз сыйылды көрінеді. Бұрынғы заманда осы “Улуг-Ергин” деген тап монғол жұртының құншығысында жүрген. Оны қытайлар “Бойе-гу” дейді. Себебі, қытайда “р” харпі жоқ және сөздің аяғындағы харпіті тастан айтатуғын әдettері бар. “Байе-гудің” ортасына “ра” қосып, ақырына “нон” харпін қосса, “Бай-ергун” болады. “Бай-ергун” һәм “Улуг аргу” – екеуі де “Улуг аргун” дегенге келеді (Шежіре, 61-бет).

Және Сәбит Мұқанов былай дейді:

“Тарихта Арғын-ага деген кісі болған. 1262 жылы Шыңғысханның кеңже баласы Толы Харасан деген елге Ойрат атанған елден Арғын-ага деген кісіні хан сайлаған...” (“Жарқын жұлдыздар”, 159-бет). Бұл да Шаһкөрім шежіресінен алынған дерек.

Шаһкөрім былай дейді: “...Менің өз ойымша, біздің осы Орта жүздегі Арғынның атасы Әбілгазы ханының шежіресінде айттылатуғын Ойрат Арғын аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мұнау: “Шыңғысханның кеңже баласы Толы үлкен хақан болған кезде, Ойрат атанған елден Арғын-ага деген кісіні Харасан деген жерге хан қойған. Сол мұсылманша 440 жылы, орысша 1262 жылы еді...” (Шежіре, 62-бет).

Сәбит Мұқанов тағы да былай деп жазады:

“1822 жылы жоғарыда аталған “Сібір қазактарын басқарудың уақытша ережелерін” шығарады. Бұл ережеге наразы болғандар, Россияға бағынбаған жаққа көшуге қобалжып кейбір елдер көшіп жатқанда, Балқаш көліне құятын Тоқырауын өзенінің бойында отырган Тобықтының Дадан дейтін руының биі Қараменде Шыңғыс тауында отырган Мұсабай руының биі Кенгірбайға өлеңмен былай сөлем айтады:

Басында Сырдан шығып Орга келдік,  
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.  
“Қол (?) алдынан құрулы талқы” деген,  
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік?  
Сәлем де, Кеңгіrbайға, кел кетелік.  
Мықты сабаз атанды терлетеңік.  
Мұсылманның жұртына мандай қойып,  
Аты жақсы дариядан әрі өтелік.

Кеңгіrbай бастаған Шыңғыс тауындағы Тобықты Қараменденің ол сәлеміне қызбайды”. (“Жарқын жұлдыздар”, 166–167-6.).

Сәбит Мұқанов бұл мағлұматты Шаһкәрім шежіресінен алса да, анахронизмге ұрынып қалған. ХVIII ғасырда болған уақиғаны XIX ғасырдағы мәселе мен шатастырып алған.

Шаһкәrіm былай дейді:

“1723 жылы қалмақтан жеңіліп, “Ақтабан шұбырынды” көріп, Орта жұз Ешім (Есіл), Нұра, Сарысуға барғанда, біздің Тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың Қарағашына барған. Оман да әрі барған Кіші жұз қазағы орысқа қарамақ болыпты деген соң, соナン қорқып Тобықты қөшіп, Ыргыз, Торғай өзендеріне келген. Сонда біздің төртінші атамыз Ыргызбай менен інісі Торғайда туып, аттарын сол өзен атымен қойыпты. Онан және бері қарай қөшіп, Мамай батыр бастап, осы Қекен, Орда, Догалан, тауларының ортасына келіпті. Сол кезде Орта жұз де орысқа қарамақ болды дегенде, Дадан Тобықты Қараменде бидің біздің Кеңгіrbай биге сәлем айтқан өлеңі мынау:

Басында Сырдан шығып, Орга келдік,  
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.  
“Құл алдынан құрулы талқы” деген,  
Бұл жаққа баққа келмей сорға келдік.  
Сәлем де, Кеңгіrbайға кел кетелік,  
Мықты сабаз атанды терлетеңік.  
Мұсылманның жұртына мандай қойып,  
Аты жақсы дариядан әрі өтелік”

(Шежіre, 44-бет).

Мұхтар Әуезов те Абайға арнаған әдеби және ғылыми зерттеу жұмыстарында Шаһкәrіm шежіресін және басқа еңбектерін де орынды пайдаланып отырған. Шаһкәrіm мен Мұхтардың жалпы қарым-қатынасы, творчествоның байланысы өз алдына бір әңгіме.

Шаһкәрімнің “Құр шежіре демеңіз мұның өзін, ойлаңыз гибрат алып әрбір сөзін”, — дегенін өнегелі осиет деп біліп, Шаһкәрім шежіресін ғылым түрғысынан ^арап, терен зерттеп оқып, гибрат алуымыз керек.

Шаһкәрім шежіресінің құрылышы. Кіріспесі “Шежіреден бұрын” деп аталған. Кіріспеден кейін “Шежіре басы” деп тақырып қойып, мұнда ол түрік тарихшысы Нәжіп Фасамбектің, Әбілғазы Баһадүр ханның т.б. шығыс тарихшыларының еңбектеріне шолу жасап, талдайды (4–27-бет). “Қазактың қайдан шыққаны” деген тарауында “түрік” сөзінің төркінін баяндаудан бастап, казақтың шыққан тегінің тарихын, басынан кешкен дәуірін баяндап, 19 ғасырға дейін әкеліп: “Ақырында 1868-інші жылы жаңа закон шыққан соң, қазақ біржолата орыс законына қарады”, — дейді (28–48-беттер).

Шежіре кітабының 49-бетінен уш жүздің және негізгі-негізгі рулардың (қаңлы, қыпшак, керей, наймам, уақ, төлеңгіт, тарақты, арғын) шежіресін қысқаша баяндай келіп, “Орта жүздегі арғының рулары” деп аталған тақырып кеңірек баяндалады (63–75-беттер).

“Хан шежіресі” (73–80-бет), “Шыңғысхан шежіресі” (80–91-бет) баян етіліп, “Стамболдағы ғұсманлы түрік һәм сұлтандары”, “Фарсыдағы һәм Закавказдағы түрік һәсілі” туралы жазылады. “Сарт”, “Өзбек” атаулары жайын сөз ете келіп, “Ноғай” шежіресін кеңірек баяндайды. “Башқұрт”, “Қалмақ һәм тілеуіт”, “Түрікмен”, “Якут”, “Ұранқай” шежіресін сөз етеді. “Енесейдегі түрік”, “Күншығыстағы түріктөр” тарихын баяндап барып, “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” аяқталады. Шежіренің соңында: “Мақсұд”, “Қазақ”, “Насихат”, “Тағы сорлы қазақ” және “Қош” деп аталатын бес өлеңі жарияланған.

Шаһкәрімнің әлі жарияланбаған “Қазактың түп атасы” деген өлеңмен жазылған шежіресі де бар.

\* \* \*

Шаһкәрімнің 1878 жылдан бастап, 1904 жылға дейінгі жазған өлеңдері “Қазақ айнасы” (бірінші бөлім) деп аталаип, 1912 жылы жеке кітап болып Семейде басылып шықты. “Қазақ айнасының” қара сөзбен жазылған екінші бөлімінің қолжазбасын Шаһкәрімнің баласы Ахатты 1937 жылы НКВД түткynдаған кезде алып кеткен.

1888 жылы жазылған “Қалқаман-Мамыр”, 1891 жылы жазылған “Еңлік-Кебек” атты тарихи дастандары да 1912 жылы Семейде басылып шығады. 1911 жылы Орынборда басылып шыққан шежіресі және “Мұсылмандық шартты”

кітаптары - екі жылдың ішінде жарық көрген бес кітабы арқылы бұрын да елге әйгілі Шаһкәрімнің даңқы халық арасында кең жайылды.

Шаһкәрім 1907 жылы Азербайжанның ұлы ақыны Мұхаммед Сүлейменұлы Физулидың (1494–1563) бүкіл әлемге әйгілі “Ләйлі-Мәжнүн (1537) поэмасын еркін аударған. Поэманың кіріспесінде:

Біле ме біздің қазақ ғашық жайын,  
Ұқсаныз білгенімше сипаттайын.  
Ғашықтық махаббаттың ең күштісі,  
Жүрекке қатты орнығар басқан сайын.

Әркімде ондай ғашық жаралмайды,  
Шын асыл көп халықта таралмайды.  
Мәжнүннің Ләйліменен сыры қыын,  
Еш адам байыбына бара алмайды.

Талай жан оның сырын ұға алмаған,  
Ойсыздың жүргегіне жұға алмаған.  
“Тез оңар әсірекзыл” болмаған соң,  
Әр елге өлең болып шыға алмаған.

Бұрынғы бәйітшіні білемісін,  
Мен айтсам, оның кім деп күлемісін.  
Сабыrbай, Жанақ, Шөже, Кеншімбай деп,  
Түк білмей онан өзге жүремісін.

Науай, Сағди, Шәмси, Фзули бар,  
Сайқали, Қожа Хафіз, Фердаусилар...  
Бәйітші елден асқан шешен болып,  
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.

Мәжнүннің Ләйліменен жоқ жұмысы,  
Әнен сол шын ғашықтың қылған ісі.  
Бұлардың әфсәнәсін жазған адам –  
Фзули Бағдади деген кісі.

Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған,  
Нақысын шын келтіріп қаза алмаған.  
Кітабын Физулидың іздел тауып,  
Кез болды былтырғы жыл азар маған.

Мен оның келтіре алман мыңдан бірін,  
Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын.  
Мәжнүннің атын білер, жайын білмес,  
Қазаққа үқтырайын біраз сырын, –

дейді Шаһкәрім ақын.

Шаһкәрімнің “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасы тұнғыш рет “Шолпан” (Ташкент) журналының 1922—1923 жылғы сандарында жарияланды. Поэманың Шаһкәрім берген қолжазбасын “Шолпан” журналына Мұхтар Әуезов апарып (1922) тапсырған.

“Шолпан” журналында басылған “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасының шыркы бұзылып, сапасыз болып шыққанына қатты ренжіген Шаһкәрім Семейде шығатын “Қазақ тілі” газетіне хат жазып жариялаған:

### “Қазақ тілі” газетінің басқармасына өтініш

*Төменгі сөзіме газетінізден орын берсеңіз екен. Баяғы түркітің атақты ақыны (поэт) Фзули өлеңінің басында айтқан: “А, Кудай! Менің өлеңімді үш түрлі аитұрғаннан сакта. Бірінші, әннің ретін білмейтін кісіден сакта, себебі: ондай кісіге айтқан жақсы өлең де жаман көрініп, байыбына бара алмайды. Екінші, күншілден сакта, оның себебі: жақсы өлеңімді жамандап, теріс мағыналап, халықтың жүргегіне азғыру салады. Үшінші, қате жазушыдан сакта, оның себебі: менің “көз” деп жазғанымды “көр” деп жазып, ашық қозімді соқыр көрсетеді”, - деген.*

Сол айтқандайын, Ташкенттегі “Шолпан” журналы менің өлең қылған “Ләйлі-Мәжнүн” әңгімесін соншалық көп қате қылып басыпты. Оны түзету қайтадан бір кітап жазғаннан қыын.

Кей өлең мұлде жеке, кейінің жартысы жеке, өріп қатесіндеңіз көп. Өлеңімді: соқыр, ақсақ, шолақ қол қылыпты. Өлеңнен хабары бар кісі оқыса, ол менің кемшилігім емес екенин білер. Шаһкәрім (“Қазақ тілі”, 1924 жыл, N 13 (412).

“Ләйлі-Мәжнүн” поэмасын Сәкен Сейфуллин 1935 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарды.

А.С.Пушкиннің “Дубровский” атты повесін Шаһкәрім “Дубровский әңгімесі” деп атап, 1908 жылдары өлеңмен аударған. Бұл шығармасы 1924 жылы жеке кітап болып, араб әрпімен басылып шықты. “Дубровский әңгімесін” аударған жылдары Пушкиннің “Метель” деген әңгімесін “Боран” деп атап, оны да өлеңмен аударған. “Боран” “Әдебиет майданы” журналының екінші санында, 1936 жылы жарияланған.

“Жасымнан жетік білдім түрік тілін” дейтін Шаһкәрім кейін араб, парсы және орыс тілін менгеріп алған. Сөйтіп төрт халықтың тілін жетік білген ақын. Шығыс және орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын түпнұсқасы бойынша қазақ тіліне емін-еркін аударған.

Әлемге өйгілі, “Шираз бұлбұлы” атанған Қожа Хафиздің (1325–1389) терең сырлы лирикасын (газелдер) парсы тәлінен аударған (қолемі 300 жолдай өлең). Америкадағы құл иелену озырылығы туралы жазған “Хижина дяди Тома” романын “Том ағайдың балағаны” деп атап, көркем қара сөзben аударған.

Шаһкөрім көркем шығарманы басқа тілден аудару мәселесіне аса жауапты қараған жазушы. Аударма туралы пікірі:

— Ақын, жазушы өзінің жазған тума шығармасына жауаптылықпен қарau қажеттілігі сөзсіз. Ал өте жауапты нәрсе – біреудің шығармасын аудару. Бұған өте шеберлік керек.

Шығарманы аударушы адам, сол шығарманың барлық мазмұнын түсінумен қатар, жазушының нәзік сезімін, шеберлігін, шығарманың қандай күйде, қандай рухта жазылғанын жақсы білу керек. Демек: аудармашы сол аударманың авторынан ой-санасы, сезімі төмен болса, онда аударма дәл болып шықлады. Шығарма аударылғанда рухынан айырылып қалса, онда аудармашының жазушыға қиянат істегені болады, – дейді.

Шаһкөрім аударма жұмысынан өмірінің акырғы кезеңіне дейін қол үзбеген.

Лев Толстойдан: “Асархидон-Лаэли” (қара сөзben), “Үш сауал” (қара сөзben), “Крез патша” (өлеңмен) әңгімелерін аударған. Құншығыс әңгімесінен: “Ұждан” (қара сөзben), “Пан-Жи-Зан-хан” (өлеңмен), “Қолшатыр бүйрығы” (өлеңмен) әңгімелерін аударған. Бұл әңгімелер 1924 жылы аударылған.

Осы алты әңгімені аударғандағы мақсатын ақын ашып айттып, былай дейді:

Алты әңгіме окуға жайың бар ма?  
Ұсындым жаңа өспірім ғалымдарға.  
Әншейін бос сөз демей гибрат ал,  
Ой жібер ішкі сырын пайымдарға.

Алдыңғы біз ел жедік обал демей,  
Зарлады талай момын, талай кедей.  
Нәпсі, мақтанға алданба, қарақтарым,  
Үміті кім бұл елдің, сендер емей.

Орыс, қазақ адамның бәрі бірдей,  
Ешкімді алалама оны білмей.  
Кем-кетіккө қарасу ар міндеті,  
Халқыңа пайда тигіз босқа журмей.

Жанынды аяй көрме жардамынан,  
Сөйткенде арың шығар арманынан,  
Әйтпесе бүл өмірің артық емес,  
Тәнінді топырақ басып қалғанынан.

Шаһкөрім Лев Толстойды нағыз әділеттің, анық ардың иесі деп танып, оның данышпандығын, ұлы адамгершілік қасиетін адал жүрек, ақ көнілімен ардақтап, өзін Толстойдың шәкіртімін деп білген. Абай өлгеннен кейін Толстойды ұстаз тұтып, одан ақыл сұрап хат жазған. Толстойға хат жазып, одан хатына жауап алғаны туралы Шаһкөрім байлай деген:

Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Толстой сұрақтарыма өте қымбатты жауап қайырды. Әсіреле, сол жауаптары мені толғандырып, ғибрат алатын сабак болып, көnlімде орнап қалды. Бірінші сұрағым: Адамның арына тиетін, өзім білетін жағымсыз қылыштардың бәрін тізіп жаздым да, осылардың ішінде және Сіз білетін, арға ең ауыр тиетін не? - дедім. Толстой бұған:

- Осы тізіп жазғаныңдың бәрі де адамшылық арға тиетін нәрселер. Менше, арға ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол: егер адам көпшілікке не жалпы қоғамға зиян келтіретін істі хакиқат біліп, соны үш нәрседен қорғанып, сол хакиқатты айтпай қалса, сол арға өте ауыр тиеді. Бірінші, сен өте бай болып, сол хакиқатты айтсан, малыңа, байлығыңа зиян тиетін болса, екінші, сен мансап иесі болып, сол хакиқатты айтсан, мансабыңынан айрылатын болсан, үшінші, сол хакиқатты айтсан, басың жазага тартылатын болса. Міне, осы үш түрлі зардаптан қорғанып, көпке зиян келетін хакиқатты біле тұра айтпай қалсан, арға ең ауыр тиетін осы, - деп жауап берді.

Екінші сұрағым: ірі шығармалар жазуға бет алдым. Бұған қандай кеңес бересіз? - деп, көлемді шығарма жазу жайында ақыл сұрадым. Толстой бұған:

- Көп адамдар қатысқан шығарма болсын не үсақ әңгіме болсын, алдымен сол әңгіменің уақығасына, іс-әрекетіне жазушы өзі араласқандай жетік болуға керек. Сол уақығаның ізі, сырғы қоғамға байланысты әрекетіне жазушы өзі араласқандай жетік болуға керек. Сол уақығаның жайы жазушыға айнадай айқындалып, сезіліп түргандай болуы керек. Олай болмаған күнде, әңгіме дәл, қызықты болып шықпайды. “Коленкеге пішкен тон бойға шақ келмейді”, - деген мақалды жазушы ойдан шығармауға керек. Ішіне араласпай, сырттай ой-жотамен жазған шығарма шындықта жанаспайды, қызықты болып шықпайды, - деп жауап жазды.

Үшінші сұрагым: жазушы, оның ішінде мен, өз жазғанымның дұрыс, терісін сынай алмаймын. Өз шығармасының қатесін қандай әдіспен көріп, сынап, түзетуге болады?

Үшінші сұрагыма Толстой:

— Жазушының артық қасиеті — өз қатесін көріп, оны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. “Біреудің қатесін біреу көреді” деген бар. Бәрінен де адам өз қатесін өзі түзегені артық. Өз қатесін өзі түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол — адамға біткен ақ жүрек. Егер адам өзі істеген ісін, жазған сөзін ақ жүргегіне сыната білсе, ақ жүректің нәзік сезімін ашып бере алады. Ақыл толғауынан еткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ықпалына беріліп дағыланған адам өз мінін де, біреудің мінін де көре алады. Сондықтан, әділ сыншың — ақ жүргегің, — деп жауап берді. Осындай ақыл, кенес берген Толстойды мен үстазым деп бағалап, ардақтаймын, — дейді Шаһкәрім. Сондықтан Толстойға арнаған өлеңінде:

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,  
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.  
Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,  
Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Толстой кәпір емес, кәпір өзін,  
Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзің.  
Көңілің соқыр надансың, бейілің қара,  
Нұр жарығын қалайша көрсін көзің.

Көнбеймін дінді теріс бүрғаныңа,  
Сопының бара қойман құрбанына.  
Хақиқат сырымды айтсам, Толстойдың  
Алмаймын мың сопыны тырнағына.

Адаспайсың ақылды, арлыға ерсен,  
Жолай көрме, жылмайы сопы көрсөн.  
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың,  
Алданбайсың артынан ере берсөн.

Жазушылық қызметінде Абай мен Толстойдың дәстүрін берік үстаған Шаһкәрім ешкімнің де беті-жүзінде қарамай, шындықты жазудан, анық ақиқатты ашық айтудан тайсалмаған, мал-басыма зардабы тиер деп, қобалжымаған да қорықлаған. Ақынның бул қасиетін оның шығармаларынан айналтпай танимыз.

Шаһкәрім, Толстой айтқандай, “өзі істеген ісін, жазған сөзін ақ жүргегіне сыната білген” адам. Ертеде жазған, жарияланған еңбектерін қайта қарап, қатесі болса мойын-дап, кемшілігін түзетуге батыл барған.

Шаһкәрім өмірінің ақырына дейін, өзі жазған шыгармаларын қайта қарап, қатесін өзі тауып мойындаған, кемшілігін толықтырып түзеумен болған. Мысалы, өлер алдындағы жазған бір хатында: "...Шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып, бүрынғы басылғандарында қате һөм қосылмаған сөздер бар болғандықтан, көшіріп, түзеп жатырмын", – дейді. Ақын өзінің бір өлеңінде:

Дұрыс деме, құр ойлап,  
Ақылға сынат, сабыр қыл.  
Жығылмайтын дәлел тап,  
Бірезу болма өзімшіл.  
Мінінді тапса, кім сынап,  
Аяғына, бар, жығыл.  
Қап, бәлем деп, көкті ұнап,  
Сақтай қөрме ойға зіл.  
Тікенің болса бойында,  
Ауырса да өзің жүл, –

депті.

\* \* \*

Енді ақынның өмірбаянына қайта оралайық, 1917 жылы февраль революциясы жеңіп, патша өкіметі қулаганнан кеін тамыз (август) айында Орынборда Бірінші жалпықазақ съезі өткізіліп, съезде қабылданған қарап бойынша, Казакстанда Алаш партиясы құрылып жөне губернияларда, уездерде партияның облыстық Комитеттері ашылады. "Қазак" газетінің 1917 жылы 2 желтоқсандағы санында Семейде Алаш партиясының облыстық Комитеті ашылғанын хабарлап, Комитетке кірген кісілерді атайды. Олар: "Әлімқан Ермекулы, Райымжан Мәрсекулы, Имам Әлімбекулы, Ақыметжан Қозыбағарулы, Турағұл Абайұлы, Халел Фаббасұлы, Сыдық Әйсембіұлы, Әлихан Бекейханұлы, Мұстақим Малдыбайұлы, Анияр Молдабайұлы, Биахмет Сәрсенұлы". Бұлардың ішінде төртеуі: Ақыметжан, Турағұл Абайұлы, Халел, Аниярлар Абай елінің адамдары, ұлы ақынның шәкірттері. Абайдың ақын шәкірттері түгелдей Алаш партиясын қолдаған. Мысалы, Семей уездік земствонының мүшелері 1917 жылы "Сарыарқа" (Семей) газетінің 26-санында халыққа үндеу жариялаған. Үндеуге қол қойғандардың ішінде Абайдың ақын шәкірттері Қекбай Жанатайұлы мен Иманбазар Қазанғапұлы да бар. Үндеудің қорытындысында:

"Біз Алаш партиясының соңынан ереміз, анық көшбасшыларымыз сонда", – деген.

Сөйтіп, Шаһкәрім бастатқан Абай шәкірттері Алаш партиясын, оның басшыларын қазақ халқының нағызы жаңашыр қамкоры деп таныған, шексіз сенген.

1917 жылы 5–13 желтоқсан күндері Орынборда өткізілген Екінші жалпықазақ съезіне Шаһкәрім айрықша арналып шақырылады.

“Сарыарқа” газетінің 1918 жыл, 25 қаңтардағы санында съездің үлкен қаулысы жарияланған. Сол қаулыдан үзінді келтірейік:

“...бүкіл қазақ-қырғызды билейтін өкімет керектігін ескеріп съез бірауыздан қаулы қылды:

I. Бекей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы және Амудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губернасындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі. Халқы қазақ, қырғыз. Хәлі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына үлттық жерлі автономия құруға.

II. Қазақ-қырғыз автономиясы “Алаш” деп аталын.

...ІІ. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша ұлт Кеңесін құруға. Мұның аты Алаш Орда болсын.

...Алаш Ордасының уақытша тұратын орны Семей қаласы. Алаш Орда бұ қүннен бастап, қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады.

...Осы күнде мемлекет ішінде бассызыңыз, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін съез төмендегі қаулыны қабыл етеді:

Ешір тоқтаусыз милиция түзеуге кірісуі тиіс...

Шаһкәрім Алаш Орданың қазысы, яғни биі болады.

Түзелер деп қазағым,  
Николай құлап, өлген соң,  
Тағы да тартып азабын  
Алпысқа жасым келген соң.  
Құлдықтан қазақ босады,  
Білмеймін қайдан тосады,  
Күн шыққанға үсады,  
Бостандық сәуле берген соң.  
Оқыған жастың етегін,  
Қабыл алдым жетегін.  
Босқа жатып нетемін  
Бостандық туын көрген соң, —

дейді ақын.

\* \* \*

Семейде милиция құрылуына байланысты болған бір қайғылы уақиға туралы Бейімбет Майліннің “Сарыарқа” газетінің 1918 жылы 18 наурызда жарияланған үлкен мақаласының Шаһкәрімге де тікелей қатысы болғандықтан, сол мақаладан үзінділер көлтіреміз. Мақала “Тұңғыш құрбан” деп аталған.

“Соңғы жалпы қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы бойынша, Семейде атты-жаяу милиция құрылған еді. Мұны соңғы кезде болшебектер ұнатпай, “Ойыныңды тоқтат, мылтықты бер” деп, мінез көрсетіп жүрді. Оған біздің милиционерлер-қорғаушылар өз жүректерінде үлт сактаудан басқа ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы да келмеді, ойынын да тоқтатпады.

6 марта, таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында (қазіргі Жаңасемей. – К.М.) мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың жаңына 10—15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықты бір-екі басып қалады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық дауысы шыққан соң, бірліжарымды жігіт қашуға айналғанда, милиция бастығы, учительский семинария шәкірті Қазы Нұрмұқамбетұлы айғайлап: “Қайда барасыңдар? Жазықсыз өлсек өлейік, бәрімізді қырмас” деп, тоқтау айтып, өзі орнында тұрды. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қазының өзіне де, атына да оқ тиді. Оқ жүрекten тиген. Есіл жас сол арада жан тапсырды.

Марқұмның жолдастары ботадай боздап, басын құшактап, шуласты. Қөрген, естіген жан қайғырды... ертеңінде халық көп жиналып, жаназасы шығарылды...

Қабірге қойып, құран оқылып болғаннан кейін, Шаһкәрім ақсақал халыққа қарап, сөз сөйледі:

“Әлеумет! Мынау жатқан кім, білесіндер ме? Бұл үлтүшін шыбын жаңын құрбан қылған алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер, бұл өлген жоқ. Бұл күнгі және мұнан соңғы “үлтүм” деген азаматтар, мына мен сияқты болып, “үлтүм” деңдер деп, өзінің үлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті.

Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы - би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Карағым, Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ. Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек.

Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарының ұмыта көрмендер. Мұның үй-ішінің міндеті сендердің мойындарында. Бір кішкентай көзінің қарашибыры, бір жасар үл баласы қалыпты. Соны тәрбиелеп, адам қылу бәріннің – барлық

алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғага қажымаңдар. Құдай тағала Алашқа шын үл бергеніне бүгінғана көзім жетті: Алпыс жасқа келгенде мұндай үлтү үшін жанын қып, құрбан болатын азаматты көрермін деген үмітім жоқ еді. Қөрдім. Енді бүгін өлсем де, арманым жоқ.

Қарағым, Қазыжан! Қадірінді біліп, құрметтей алмасақ, кешу қыл, қош. Қабірін нұрлы болсын!” – деді.

Жиылған әлеумет жылап-еңірел жіберді.

Сонан кейін Міржақып тұрып, мынаны айтты:

Мынау кім жатқан, әлеумет,  
Жас қабірді жамылып?  
Мұнша ардақты кім еді,  
Тұрсындар бәрің жабығып,  
Жалғызы ма еді біреудің,  
Тілеп алған зарығып.  
Байы ма еді бұл елдің,  
Құрметтейтін жабылып?  
Би мен бектің бірі ме ед,  
Жылардай жұрты сағынып?  
Ханзада яки Сейіт пе,  
Караши шулар қамығып?  
Жоқ, әлеумет, бұл жатқан:  
Жалғыз да емес,  
Бай да емес,  
Биі де емес,  
Бек те емес,  
Сейіт те емес  
Хан да емес,  
Бусанып жатқан жас қабір,  
Иесін мұның айтайын:  
Мақсұты үлттың жолына,  
Туын ұстап қолына,  
Жас өмірін пида еткен,  
Жар-жолдасын құйзелткен,  
Алаштың адал баласы,  
Армансыз өлген данасы.  
Жүректен жалғыз оқ тиген,  
Жаза баспай, дәп тиген.  
Алаштың бұл құрбаны –  
Аяулы жолдас, Қазы жас.  
Қош бауырым, жолдасым!  
Армансыз сенің өз басың.  
Қабыл болып құрбаны,  
Алашты Құдай ондасын!

Жиылған халық қамығып, көнілі босап, көзіне жас алды. Бұлардан кейін Райымжан, Жанғали қажы, Мұтақым сөз сөйлемеді.

Ақырында Қазының бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек (Аймауытұлы. – К.М.) еніреп тұрып: “Жан бауырым, жолдасым! Қош бол, жасаған алдыңды өзіңе, артыңды бізге қайырлы қылсын! Талаптандың, талпындың, оқып қатарға кірдің. Бұл күнде мынадай мезгілсіз қазаға душар болдың. Өкінбе, ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеуденде бір-ақ арманың кетті, ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа үштың. Тым болмаса ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің. Қош бауырым, жолдасым, қош”, – деп, көзінің жасын тыя алмай, сөзін өзөр токтатты.

Сөйтіп 7 марта бейсенбі күні Алаштың тұңғыш құрбанын баянды сапарына жөнелтіп, жұрты тарқасты.

...Қазы марқұм жасы 22-де, Семей уйеzi, Еңірекей болысында, Сыбан деген рудан еді. ...1915 жылы семинарияға түсті. Оны ендігі жылы бітіремін деп жүргенде, ұлт тілегін зор көріп, бірге оқып жүрген жолдастарымен милициеге жазылды. Қыс ортасынан бері атты милициені басқарып тұрушы еді.

...Жастар үйимы марқұмның жетісі толған күні жүртты шақырып, қуран оқытты, дұға қылдырды.

Алаш аман болса, бұл тұңғыш қурбан ұмытылmas, тарихта аты қалар. Бірақ, біздің бұдан үлгі алып, жүргегімізді соның жүргегіндей қылуымыз керек.

Рұхың шат болсын, шейіт болған Алаштың шын баласы! Біз де сенің ізінде, қош, жолдасым!”

Осы оқиғадан кейін Алаш Орда көп өмір сүре алмады.

1919 жылы 1 желтоқсанда Семей облысында да Кеңес үкіметі орнады.

\* \* \*

Кеңес дәуірінде де Шаһқөрімнің қаламы қолынан түскен емес. Ол көп жазды. Оның жазған шығармаларының тақырыбының өзін атап, тізіп шығу бұл мақалада мүмкін емес.

Ақын ертеректе жазған, қолжазба қалпында халыққа тарап кеткен шығармаларын жинақтап, баспаға өзірледі. 1907 жылы жазған “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасының қолжазбасын 1921 жылы Мұхтар Әуезовке тапсырады. Поэма сол жылы “Шолпан” журналында (Ташкент) басылып шықты. 1908 жылы Пушкиннен аударған “Дубровский әңгімесі”

атты поэмасын Семейдің губерниялық қазақ баспа жұмыстарын қарайтын комиссия 1924 жылы бастырып шығарды.

Шаһкөрім баспасөз жұмысына да ат салысып, жазып түрған. Мысалы, “Қазақ тілі” (Семей) газетінде 1924 жылы әдебиет сыйны туралы жазған екі мақаласы жарияланыпты. Ол мақалалары: “Сын һәм сынауды сынау”, “Қазақ тілі” газетінің басқармасына өтініш” деп аталған. Бұл мақалалары қазір де маңызын жойған жоқ.

1925 жылы Семейде “Тан” журналы шыға бастағанда өз әнімен қоса екі өлең шығарып, жариялады.

“Тан” журналында ертедегі шешендердің сөздерін жариялады. Мысалы, “Қазыбек би сөзі”, “Ескі билік” (“Мөшеке би мен Бекболат”), “Қараменде мен Кеңгірбай”, “Шаһкөрім ақсақалдың айтуынша” деп журналдың үшінші санында жарияланған.

Көптеген өлең, әңгімелер және пьеса жазады. Акан сері туралы шығарма және “Шыныбақ” атты поэма жазады.

“Әділ-Мария” атты романын 1925 жылы аяқтады. Романың қолжазбасы сактаулы. Орыс, Шығыс ақындарының шығармаларын аудару жұмысымен шұғылданады. Әзірге бізге мәлім емес еңбектері де көп.

Шаһкөрімнің музыка саласындағы еңбегі өз алдына бір төбе. Ол жиырмадан астам ән шығарған. Музыка өнері туралы бірнеше өлең жазған. Бір өлеңі былай аяқталады:

Гомер ән сиқырын анғартқан Сиреннен,  
Киялдаған оймен тереңнен.  
Ол әннің жайын айтып берумен,  
Күткен сондай әнді өреннен.

Шығардым әндер жаңалап,  
Саларсың сынға саралап,  
Ұнаса, ойладым, әншілер салсын деп,  
Белгі болып бір мұра кейінгіге  
Әнімнен де қалсын деп.

(Ариаулы әні бар).

Ақынның сан салалы мол еңбегін біз бұл мақалада айтып жеткізе алмаймыз.

Озі еңбек сүйгіш ақын адал еңбек адамын шығармаларында мадақтаған, мактаған. Арамтамак, екі жүзді, арсыз атқамінер куларды өткір тілмен түйреп, әшкерелеген. Сондықтан олар ақынға іштерінен қас болған, көре алмаған, сыртынан өсек-аяң жүргізген надан молдалар оны “көпір” деген. Ақынның өзі: “найзаны тұра саламын, аямай

мінін аламын. Аңы тілмен у тегіс – бәрін қылған маған қас”, – дейді.

Шаһкөрімді бұқара халық ерекше құрметтеп, адамгершілігі зор, адал журек ақынын ардақтаған.

1930 жылдан бастап, ақынның ақырғы кезеңі аса бір ауыр халде, қайғы-қасіретпен өтті. 1930 жылы 1 ақпанда ең алдымен Шаһкөрімнің үлкен баласы Faфурды (Фабдуллағафур) конфискациялана, Баязит деген баласымен бірге айдал апарып, Семей түрмесіне жабады. Ақпанның 7-і күні Шаһкөрімнің өзін конфискациялана, қамауға алады.

Түрмеде тергеусіз жатқан Faфур ақырында өзін-өзі бауыздап өледі. Қайғы-қасіретке толы осы оқиғаны Шаһкөрім өзі жеріне жеткізе, толық жазыпты. Бұл қайғылы өлеңді еш жерде жарияланбағандықтан және ақынның ауыр хал үстіндегі көңіл-күйін, сезім-сырын терең сипаттайтын болғандықтан, өлеңнің толық нұскасын қалың оқырман қауым-ға жеткізуді мақұл көрдік.

Мың тоғыз жұз отызынши,  
Февральдың бір жетісі –  
Журекке салған от сөнбей.  
Алтыншы июль тым ауыр күн,  
Болып маған қаранғы түн,  
Бұларды ұмытпаймын өлмей.  
Бірінде кеп Faфурды алды,  
Баласы да қосақталды,  
Сен қалма деп көнделмей!  
Мұлік-малын түгел алып,  
Екеуін түрмеге салып,  
Біраз ғана аял бермей.  
Жетісінде өзімді алды.  
Сыпрып үй, жасау, малды,  
Кетерме ойдан өлім келмей.  
Онында мені шығарды,  
Үй тұтқын қып, қағаз алды,  
Жатасың деп, іс жөнделмей.  
Faфурды алып Семей барды,  
Екеуін түрмеге салды,  
“Под судом” деп бір тексермей.  
Абақтыда бес ай өтіп,  
Июльдің алтысы жетіп,  
Faфур өлді атақты ердей.  
– Жазасызға жаным қурбан  
Деп, осы оймен бауыздалған,  
Кетем деп қорлыққа көнбей.

Әдейі Аллаға кеткен,  
Шаниттікке қолы жеткен,  
Бұл жалғанға қоңыл бөлмей.  
Сездірмеген еш жолдасқа,  
Не баласы, не достасқа,  
Мұны қалған адам көрмей.  
Алдына қойған леген,  
Сол қолын жерге тіреген,  
Он қолымен бәкі сермей.  
Бір тартқанын біреу көріп,  
Күре қиған тағы орып,  
Ағызып қан қызыл селдей.  
Бұл не? - деп, жолдасы жеткен,  
Өзім деп, ишарат еткен,  
Алыс жолға жөнелгендей.  
Әділетсіз баламды алды,  
Бір үл мен төрт қызы қалды,  
Енесі өлген жетім төлдей.  
Ата-ана мен бауырлары,  
Балалар мен қосақ жары,  
Ағызды көз жасын көлдей!  
Ағайын, көрші, дос, құда,  
Faфур деп, зарлады бұ да.  
Жиылып көп, ошар елдей.  
Әкеткенге міне бүгін  
Толып бір жыл, жетінші күн  
Өте шықты өмір желдей.  
Сен өткенге жеті ай болды,  
Соны ойлап, сабырым өлді,  
Жаман тамым болып көрдей.  
Білмедім қайғы ма, шын ба?  
Бүгін бар деді осында,  
Сиқырышы үшкірген желдей.  
Шыдап, ішке толып жалын,  
Міне, шықты болып сарын,  
Аулакта зарлап именбей.  
Ана күні тұсіме ендің,  
Ақ күмбезден тұра келдің,  
Таяу тұрдың есік пен төрдей.  
Өткенің тұр қөнілімде,  
Бізге ермес өлік деп мүлде,  
Жүзін тұр бейне құлгендей.  
Халыққа бірдеме дедің,  
Куанып, ұмытқаным менің  
Тұсімді өңім деп сенбей.

Шешілді сол тұсім енді,  
 Депсін сен: февраль келді,  
 Ұмытыптын мен есіме енбей.  
 Осы февраль, осы тұсім,  
 Қабат келіп жарылды ішім,  
 Жүрекке қанжар ілгендей.  
 Осыны ойлап, ағып жасым,  
 Су боп қағаз, қарындашым,  
 Неше бұзылып, неше жөндей.  
 Иесіз тамым болып мола,  
 Сабырым кетті біржола,  
 Отырмын жазуым өнбей.  
 Қарағым, момыным Faфур!  
 Бүгін болып әкең пакыр,  
 Қоя алмадым бір күніренбей.  
 Құлыным қош! Бақытты бол!  
 Жаңа февраль, алтынши июль  
 Ұмытылмайды мені көмбей!  
 Ол ай келсе, осы жырым,  
 Тұсірер ойға әрбірін,  
 Құсайын, Кербала шөлдей<sup>1</sup>

Шаһкөрімнің басына тәнген қайғы-қасірет бұлты онан сайын қалындаған түседі. Faфурдан кейінгі баласы Ахат та сол жылы (1930) сотталып, Семей түрмесіне жабылады.

1931 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров Шыңғыстауға (казіргі Абай ауданы) келгенде, Шаһкөрімнің Елтайға әдейі барып жолыбып, сөйлесіп шыққанын көрген Аюбай Кенесарин (1906 жылы туған) былай дейді: “Осы ауданға Қазақ үкіметінің бастығы Елтай Ерназаров келгенде (1931) Шаһкөрім сол кісіге кіріп, үзақ әңгімелесіп шығып тұрғанда көрдім. Жаздықұні болатын. Елтайға арналып Қарауыл өзенінің жағасына бірнеше қазақ үй тігілгенді. Елтай отырған үйді милиция адамдары күзетіп тұрды. Арыз айта келгендер ете көп еді. Бірқатары кіруге рұқсат ала алмай күнүзак тосумен болды. Сол күні атақты өнер иесі, әнші Ағашаяқ ретін тауып кіріп, сирыымды қайтарып беретін болды деп қуанып шықты. Басқалары арызымыз шешілмеді деп ренжіп шығып жатты.

Бір кезде Елтай отырған үйден Шаһкөрім де шығып келіп, тұрған халыққа:

---

<sup>1</sup> Кербала шөлінде соғыста өлген, Әзірет Әлінің баласы, Мұхаммед пайғамбардың жисін – Құсайынды айтады. – Қ.М.

— “Малдан айырылған елдің ашыға бастағанын айтып тәуір-ақ сөйлестім. Қенбеді. Мәселе шешетін басшыға ұқсамайды. Босқа әуре боп кірмей-ақ қойындар”, — деп атына мініп, жүріп кетті.

Елтай сияқты басшыдан өбден көнілі қалып, күдер үзген қаралы қарт ақын “Өтініш зарым” деген өлеңін жазыпты. Бұл өлеңі өлі жарияланбағандықтан, сәл қысқартылған нұсқасын келтірейік:

Отырмын таудың басында,  
Жетпістен асқан жасымда.  
Жапанды жалғыз күзетіп,  
Жолдасым жоқ қасымда,  
Елсізде қалған мен бір шал.

Даланы басқан қалың қар,  
Ойымда қайғы, зарым бар,  
Артым — тұман, алдым — көр,  
Көз жетпес бұлдыр, жолым тар,  
Үққаның зарға құлақ сал.

— ...Бостандыққа елім қана алмай,  
Әділет жолын таба алмай.  
Басшыға айтқан мұндары  
Есепке жатыр саналмай,  
Көп арыз жолда қалатын.

Түзелмей отыр басшылар,  
Қойылса еken жақсылар,  
Елменен еркін санасар  
Саналы, ойлы сақшылар,  
Әділет жолға салатын.  
...Қазактың басшы баласын  
Сөйлестім, көріп шамасын.  
Қалайша қалап қойған ел  
Сезімсіз, ойсыз шаласын,  
Түк келмейтін қолынан?!

Ел мұңын ондай үға алмас,  
Бастық та болып тұра алмас.  
Мансапқа өзің мақтансаң,  
Еліңнің басы құралмас,  
Адасар айқын жолынан...

Шектен шыққан орасан озбырлықтан, зорлық-зомбылыштан еңіреген елін құтқарып алу қолынан келмейтініне әбден көзі жеткен Шаһкәрім:

Қанды қанау айналам,  
Соларды көріп ойланам.  
Құтқарып алар қуат жок,  
Құр саламын байбалам, —

деп зарланады.

Ақырында елден аулактағы өзінің саят қорасына көтеді. Елден оңашаға кетудегі ендігі мақсатын ашық айтып:

Мен кеттім, сендер елде қойдың қалып,  
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып.  
Елу бес жыл жинаған қазынамды,  
Оңашада қорытам ойға салып, —

дейді.

Ол елсіздегі қорада жалғыз жатады. Бар шаруасын өзі істейді. Қасында ешкім болмайды. “Жұмысты әлім келген біреуге артып, құлданбақ азаттарды жөн демеймін”, — дейді. Әрбір басынан кешкен өмірін қүнделік ретінде өлеңмен жазып отырады. Ақынның басынан кешкен бір ғана уақиғаны келтірейік:

...Қалса да халқым білмей өлгенімді,  
Тағдырға байқадың ба көнгенімді.  
Кез келген кезіп жүріп өз басыма,  
Айтайын бір азғана көргенімді, —

дей келіп, ылғи жалғыз жаттым, ит жүгіртіп, бүркіт салып жүргенім жоқ. Аулақта жатып, ойға келген өлеңімді жазам, еріксем, елге барып қайтам, кетерде есігіме құлып салып кетем, қайтарда отын алып келем, дейді. Бір күні қайтып келсе, өзі жоқта белгісіз екі адам есігін ашып кіріп, тамағын жеп кеткенін көреді. Келіп жүрген аңшылар маекен, кімдер екен деп, білгісі келеді:

Жүр едім сол екеудің ізін шалып,  
ГПУ-дің солдаттары келіп қалып:  
— Қашқынмен хабарласып жүрсің гой деп,  
Әкетті Бақанасқа ұстап алып.

Мені олар Бақанасқа алып барды,  
Жайымды айтып бастыққа хабар салды, —

дейді. Бастық ертеңінде Шаһкәрімнен жауап алады. Жауап алған кісі – қаладан келген ГПУ қызметкері, ақ пен қараны ажырата алатын, адамды тани біletтін, шын мен жалғанды айыра билеттін байыпты адам болған. Шаһкәрім оған өзінің кім екенін жеріне жеткізе айтқан. Ол 73 жастағы қазақтың ақ жүрек ақсақалын, атақты ақынын таныған, ұққан. Жамандыққа баспайтын, зиянсыз адам екеніне өбден көзі жеткен соң, Шаһкәрімді тұтқыннан босатқан.

Қайтер ем сонда мені қойса жауып,  
Құтылғам жоқ жалғанмен, айла тауып,  
Шынды айттым, шынға сенді, шын –  
сүйенішім,  
Аққа бәле жүғар деп қылман қауіп, –

дейді ақын.

Ал, жергілікті ГПУ бастығы шаш ал десе, бас алатын, таяз ақыл, тасырдың нақ өзі болады. Ол Шаһкәрімді: бай, жуан, қажы яғни жау деп қана білген. Және Шаһкәрімнің елден аулақта жападан жалғыз жүруі аудандық ГПУ-дағылардың күдігін күшейте түскең. Оның үстіне 1931 жылы елді зорлықпен күштеп, қорқыту, үркіту арқылы жаптай коллективтедіру нәтижесінде мал-мұлқінен айырылып, аштыққа үшырап қырыла бастаған шаруалар бас көтеріп, көтеріліске шығып, қырқүйек айында ауданға шабуыл жасайды. Аудан басшылары, әсіресе ГПУ бастығы, көтерілісті үйымдастыруши басшысы Шаһкәрім деп білген.

Ауданға шабуыл жасаған көтерілісшілерді қырып-жойып, олардың бас сауғалап, қашып кеткендерін қуып үстап, жазалауға ГПУ бастығы Қарасартов бастаған отряд шығады. Сол күні ауданға бет алып келе жатқан Шаһкәрім Қарасартовтарға кездеседі. Олар анадайдан көре сала, сөзге келмestен, Шаһкәрімді атады. Оқ тиіп, жараланып жатқан ақын тілге келіп: – Мені ауданға апарындар... – дегеніше болмай, екінші біреуі тағы атады. Ақын оледі. Бұл сүмдүк, оқиға 1931 жылы 2 қазан күні болған. Сөйтіп, Шаһкәрім ақын 73 жасында жазықсыз оққа үшып, қызыл империяның қара жүрек, қанды қол жендеттерінің қолынан қаза табады.

Жендеттер ақынды атып өлтіргеннен кейін, оның сүйегін ессіз даладағы ескі бір құр құдыққа апарып тастап, кете барады.

\* \* \*

Шаһкәрімнің сүйегі отыз жыл бойы құдықта жатты. Тек 1961 жылы ғана ақынның баласы Ахат (1900–1985) өкесінің сүйегін құдықтан қазып алғып, Жидебайдағы Абай зиратының жанына жерледі. Бұл туралы Ахат былайша баяндайды: “1961 жылы 26 июльде Бақанасқа бардым. Әкемнің сүйегін тастаған құдықты жалғыз қазып, ол күні метрден азақ артық қаза алдым. Жанымға адам алмай жалғыз қазған себебім: біреу болса, ол асығып, сүйектің бір жерін сындырып алар деген ой келді. 28 июльде және қазып, барлық сүйегін түгел алдым. Тек, оқ, бұлдірген екі сүйегі болды. Бір оқ оң жақта тоқпан жіліктің басын үзген. Екінші атқан оқ төс бүйектің ортасынан өтіп, оң жақ омыртқа-ның қанатын сындырган. Кейбір сүйектерін өлшеп алдым...”

Әкей өте үзын бойлы адам болатын. Сүйегін ауданға алғып келдік. 7 август қабыры қазылды, 8 август күні Абай зиратының қасына жерленді. Жүздеген адам қойысты. Сүйек келгенде жыламаған жан болмады. Көздерінің жа-сымен бірге қуаныштары да байқалды...”

Қыскаша айтқанда, Шаһкәрімнің өмірі мен тағдыры жайындағы шындық осындей.

## ӘРХАМ КӘКІТАЙҰЛЫ ЫСҚАҚОВ

(1885–1963)

Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов 1885 жылы, Семей облысы, қазіргі Абай ауданында дүниеге келген. Әрхамның әкесі Кәкітай (шын аты Фабдулхакім), Абайдың бір туған інісі, Ысқақтың баласы. Әрхамның әкесі қандай адам болғаны туралы, Мұхтар Әуезов былай дейді:

“...Қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сінірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған жас жүртшылықтың көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айырықша айту керек.

Кәкітай Абай шығармаларының ең алғашкы тандамалы жинағын, бірінші рет, Петербургтегі Бораганский баспасында 1909 жылы шығарды. Сол жинақтың аяғында ақынның Кәкітай жазған бірінші өмірбаяны беріледі...

Абайдың баспаға шығуында тарихтың бірінші зор еңбек етуші – Кәкітай дейміз” (М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев. . Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967).

Кәкітайды он жасынан бастап, Абай өз колына альш, тәрбиелеп өсірген.

Кәкітай Әрхамды тоғыз жасында ауыл мектебіне окуға береді, ауыл молдасынан төрт-бес жыл сабак алып, сауатын ашып, хат танитын болып шығады.

Әрхам, ер жетіп ел білген шағынан бастап, үнемі Абайдың алдында болып, ұлы ұстаздың өнегелі өситет сөздерін өз аузынан естіп, тағылым алған жас жеткіншек шәкірті болады.

Абай дүниеден өткен (1904) Әрхам он тоғыз жастағы жігіт еді.

Әрхамның қазан төңкерісіне дейінгі өмірін еске алсақ, оның үлгі-өнеге алған мәдени ортасы – Абай мектебінін талантты ақын шәкірттер легі: Шаңқәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия, Турағұлдар көз алдымызға келеді.

Әрхам осы ақындардың өлең-жырларын, дастандарын бес саусағындағы білетін еді.

Абайдың тандамалы өлеңдер жинағы түнғыш рет басылғып шыққан жылы (1909) Әрхам жиырма төрт жастағы жас

жігіт болатын. Абай кітабы өмір бойы оның қолынан түскен емес. Ол Абай өлеңдерін жатқа білетін. Кейін ақын жинағының толық болып шығуына және өлеңдерінің дұрыс бағытуына Әрхам аяnbай ат салысты.

Әрхам адамгершілігі зор, мәдениетті, аса байыпты, са-бырлы, еліне абыройлы болған адам.

Заман ағымын дұрыс байымдап, жақсы түсіне білетін Әрхам, қазан төңкөрісінен кейін өзгерген дәуір ауқымына бейімделіп өмір сүре бастайды. Төңкөрістен кейінгі жылдарда заман талабына қарай колданған іс өрекеті туралы, өзі жазған өміrbаянында:

“Совет өкіметі орнағаннан кейін, – дейді Әрхам, – 1924 жылы Тобықтының ішіне көшіп барып, Керей, Найманмен шектес қонатуғын жайлауындағы Байқошқар, Бақанас деген өзенге алпыс үй еңбек сүйетін кедей шаруаларды ертіп барып, өзеннен тоған қаздырып, суармалы егін салдырып, диірмен орнаттырып, мектеп салғызып, кооператив ашқызып, өзім бес жылдай сол елмен бірге жұмыс істеп, отырықшы больш үйымдастырып, еңбек етуге басшылық еттім. Қолымдағы аздаған малымды сол көптің игілік жұмысына сарп еттім” – деп жазады. Бұл айтқандарының бәрі де шындық: Бірақ, елді отырықшыландыру мәселесі қалай басталғаны, оны кім бастағаны және бұл мәселені жүзеге асыру жолын көрсетіп, басшылық еткен адам аталаған айттымаған.

Бұндай аса күрделі мәселені өуел бастаушы және үйымдастырушы адам – Мұхтар Әуезов болады.

Мұхтармен 1911 жылдан бастап жақсы таныс болған замандасы, жиырмасыншы жылдар қызмет жөнінде істес болған жолдасы, Қазақ Республикасына еңбегі сіңген экономист – Алин Ишмухамет (Ишман), Мұхтар туралы естелігінде былай дейді:

“1922 жылдың күздінде Әрхам Ысқақов маған Мұхтардан бір хат әкеліп тапсырды. Хатта Мұхтар былай деген екен:

“Сенің uezdіk жер бөліміне бастық болғаның дұрыс. Ауыл шаруашылығының өмір жок. Үкіметтің мақсаты қазақ халқын көшпелілікпен отырықшылық түрмисқа аударып, поселка салдырмақ екені өзіңе белгілі гой. Бірнеше үйлер бір жерге жиналып, поселка салса, мал кәсібімен бірге егін кәсібін де істеуге болады. Мал түкімьын асылдандырып, мал шаруашылығын өркендетуге болады. Бала оқыту жағына да пайдалы. Бір жерге жиналып поселке салған қазақтарға үкіметтің беретін комек-жәрдемі де көп. Жер бөлімінің бастығы болсан, бұл жұмыстардың барлығы сенің қарауындағой.

Мен өзіміздің ауылдың шаруаларын үтітеп, бір жерге жиналып поселка салуға көндірдім. Жерлері өте жақсы – Бақанас өзенінің жиегінде Байқошқар деген жер. Поселка салу жөніндегі шаруалардың өкілі, мына хатты апарып тапсырушы, Әрхам Ысқақов. Мениң сенен сұрайтының: поселка салуға жәрдемдес, үкіметтің заңы бойынша берілетін көмек-жәрдемдерін бер”.

Мен жер бөлімінің бастығы болып тұрғанымда Байқошқар посежасын салуға тиісті көмек-жәрдем көрсетіп түрдым”, – дейді (Ишмұхамет Әлин. “Ол қоғамшыл еді”. Біздің Мұхтар” М. О. Әуезов туралы естеліктер. Алматы. – 1976, 376-бет).

Сөйтіп, 1922 жылды Мұхтар бастаған, елді отырықшылық тұрмысқа көшіру мәселеі, екі-үш жылдың ішінде, Әрхам Ықсақовтың қүш-жігерінің, үйымдастырушылық қабілеттінің арқасында іске асырылған.

Әрхам, жогарыда келтірілген өмір баянында, отырықшылық шаруасына “бес жылдай” басшылық еткенін ғана жазады. Одан кейінгі өмірі туралы еш нәрсе айтпайды. “Бес жылдай” дегені: 1924 жылдан бастап, 1928 жылға дейінгі уақытты айтқаны болады

Жиырма сегізінші жылды қазақ байларының мал-мұлкін көмпескелеп, өздерін жер аудару науқаны басталғанда, ең алдымен күгін-сүргінге ұшыраған Құнанбай үрпактары болды.

Әрхам кеңестің қанды құрығынан қашып, өзбек ағайынның еліне барып паналайды. Сол жақта он жылдай уақыт бас сауғалап жүріп, кейін еліне оралады.

Абайдың туганына 95 жыл толатын мерекесі алдында, 1939 жылды Семей облыстық Атқару Комитеті Әрхам Ысқақовты арнайы шақыртып, Абай мерекесіне дайындық жұмысына ат салысады тапсырды. Әрхам ең алдымен, Абайды көрген, жақсы білген, көзі тірі замандастарының, акын туралы естеліктерін жинауға кірісті. Әр жерде тұратын Абайды білетін адамдарды іздел тауып, оларды” естеліктерін өз ауыздарынан естіп, қағаз бетінде түсірді. Жетпістен астам естелік әңгіме, қымбатты мағлұматтар жинады.

Абайдың ертекші досы Баймағамбет, ақынның өз ауынан естіп, жаттап алып, ертегі ретінде айтып, елге таратқан, Европа жазушыларының қызықты романдарының уақығасын, тұнғыш рет, Әрхам қағазға түсірді.

Абай оқыған және романдарының уақығасын Баймағамбетке айтып берген жазушылары – Лесаж, Ален Рене, Фенимор Купер, Майн Рид, Александр Дюма және Бальзак болатын.

Бұлардың шығармаларынан Баймағамбет ертек етіп айттының романдары:

“Асқақ франсоз” (орысшасы “Хромой бес”), “Разбойник Сохаты”, “Шерлок Холмс”, “Үш мушкетер”, “Шегрен былғары” (“Шегреновая кожа”) т. б.

Осыларды қағаз бетіне түсіруі – Әрхамның зор еңбегі, абаитануға қосқан үлестерінің бірі.

Әрхамның айтуы бойынша, Абай әндерін, 1935 жылы, композитор Латиф Хамиди түнғыш рет нотаға түсірді. Ол кезде Хамиди Семей театрында қызмет істейтін еді. Әрхамның айтып берген Абай әндері: “Серіз аяқ”, “Көзімнің қарасы”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Біреуден біреу артылса”, “Ішім өлген, сыртым сау”, “Қор болды жаным”, “Сен мені не етесің”, “Татьянаның Онегинге жазған хаты”. “Татьяна сөзі”, “Айттым сәлем, қаламқас”, “Көзімнің қарасы”, “Бойы бұлғаң”, “Сүргілт тұман дым бұркіп”, “Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа”, “Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма”, “Қарашада өмір тұр”, “Қараңғы түнде тау қалғып”.

Композитор Абайдың музыка өнері саласындағы асыл мұрасын, алғаш рет айнайтпай, нотаға түсірту – Әрхамның зор еңбегі болды.

1940 жылы ашылған Абай музейінің алғашкы ірге тасын қаласып, шаңырағын көтерісп үлкен еңбек еткен адамдардың бірі – Әрхам Кәкітайұлы Ыскаков. Әрхам ерінбейтталмай Абайдан қалған заттарды тауып әкеп музей қорына қосты.

Әрхам Абайдың қалта сағатын да тауып әкеліп еді. Абай сағатының бетінде арабша жазылған: “Хақиҳат” деген жазуы бар еді. Музейдің ең қымбатты экспонаттарының бірі – осы сағат, ақыры қолды болды (үрланды).

Абай музейі ашылғаннан бастап, Әрхам музей қызметінде болды. Кәкітайдың толық өмір тарихын жазды.

Абайды көргенін, білгенін, Абай туралы ез әкесінен және басқа, ақынды білген адамдардан естігендерін жинақтап: “Абайдың өмір жолы” (акын өмірінен естігенім, білгенім және көргенім) деген көлемді еңбек жазды.

Бұл еңбегінде ақынның өміріне байланысты нақтылы деректі мағлұмат аз емес. Абайдың қай кезде, қай жерде, қай айда, қай күні дүниеге келгенін дәл анықтап береді. “Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа қоңғаннан кейін, 1845 жылы, ескіше 10 август күні Құнанбайдың әйелі Ұлжан толғатып, бір үл дүниеге келеді. Құнанбайдың будан бүрын туып, ер жетіп қалған екі ұлы болатын. Өзінің алғашкы бәйбішесі Құнкеден туған ұлының атын Құдайберді, Ұлжан-

нан туған ұлының атын Тәнірберді қойған. Мына үшінші ұлының атын Ибраһим деп, арабшалап қояды” – дейді.

Бұрын бізге мәлім болмаған, Абайдың өмір жолына байланысты мағлұматтардан тағы біреуін келтірейік:

“Абай Қарқаралы дуанынан, – дейді Әрхаш, – қазақтын неше алуан шешен сөздерін, мақал-мәтелдерін, сайдықымазақ шанышпа тілдерін, Бошан ортасында болған ақындар: Қалдыбай, Бурақанның айтқан өлеңдерін, олардың еткір сын, өтімді теңеулерін жадына сактап қайтады. Мысалы Қалдыбай ақынға Тіленші би: “Сен ылғый кісіні мақтап өлең айтасың мені бір ауыз өлеңмен әрі мақтап, әрі жамандап айтшы дегенде, Қалдыбай былай депті:

Тіленші Бекболаттан туған ұлсын,  
Базарда бағаң артық қымбат бұлсын.  
Кейде олай, кейде бұлай міnezін бар,  
Жұтіндей ақ түйенін аума құлсын.

Қайырымын бар еді жоқ-жарлыға,  
Бітіруші ең ер құнын келсе алдыңа.  
Әулиесіп фақырға көп күлуші ең,  
Қатының ақсак, балаң таз – келді алдыңа, –

депті. Тіленші бидің әйелінің бір аяғы кем екен де, баласы Алшынбай қасқа бас кісі екен. Сонда Тіленші ашуланып, аз ойланып отырыпты да: “Ендігөрі маған өлең айтушы болма!” – депті.

“Тіленші бидің баласы Алшынбай: Майқы, Бошан, Тобықтыны түгел билеп, айтқан Әмірі екі болмапты, – дейді Әрхам, – бірақ, пара алғыш, өзі басқаға түк бермейтін сараң адам болыпты. Сол кезде Қалдыбай ақын картайып, оның ақындығын Бурақан деген қожа ұстапты. Ол Алшынбайға көп жоламай, басқа мырзаларға еріп, өлең айтап жүреді екен. Бір топта Алшынбайға кездесіп сәлем бергенде, Алшынбай оған:

“Әй қожа, сен маған неге жоламай қойдың, елдің берген сыйын мен де беремін дегенде, Бурақан ақын:

Алшеке, аузың берер, қолың бермес,  
Өтірікші қудайдың жүзін көрмес.  
Әйелден ұлken ауыз – сіздің ауыз,  
Өзі алмаса, өзгеге беруші емес, –

депті. Алшынбайдың пара алғыштығын, сарандығын бір ауыз өлеңге сиғызып, өз көзіне айтқаны Абайға күшті әсер етеді”.

Эрхамның бұл еңбегінде Абайдың өмір тарихына тікелей байланысы бар, тарихи құнды, көп мағлұмат жинақталған.

Эрхамның өлең жазуға да қабілеті бар еді. Бірақ, “Дарияның қасында құдық қазба” деген қағиданы ұстанып, ақындық өнерді арнайы мақсат етпеген адам.

Көніл күй түскен кездерде, жан тебіренткен сезім-сырын толғаған өлендері – Эрхамның ақындық таланттың анық танытады. Елінен аулакта, 1930 жылдары, Ташкент жақта бас панарап жүрген кездерінде, туған жерін, ескен елін сағынған Эрхашың, қоніл күйін, сағынып сезімін көркем суреттеген: “Бақанас”, “Бақанастағы туған туыстарыма” деген өлендері бар.

Абайдың өмір бойы басынан кешкен уақыгаларын, түгелдей дерлік, жақсы білетін және ол туралы жинаған нақтылы маглұмматтары көп еді.

Ұлы ақын атасының дүниеге келгеніне 95 жыл толатын мерекесінің алдында, Абайдың басынан кешкен бір уақығасын, өлеңмен өрнектеп жазуға бел байлаپ, қолына қалам алған қарт ақын, тарихи дастан жазып шықты. Бұл шығармасында, әйелдің бас бостандығын қорғау жолында, Абайдың ескі әдет-ғұрыпқа қарсы құресі баяндады.

Дастан “Загипа” деп аталады. Дастанның бас кейіпкері Загипа, Әбді деген адамның қызы. Әбді – Тобықты – Жігітек, Кенгіrbай бидің үрпағы, рубасы, қатал мінезді, қайырымсыз адам екен.

Төлеген деген бай Загипаны баласына айттырып, Әбдіге көп қалыңмал береді.

Загипа Төлегеннің таз баласын менсінбейді.

...Төлегеннің мырзасы,  
Жалтырап таз тұр басы.

Загипа көріп күйеуін,  
...Нүр жүзі күл боп сөнеді,  
Қайғыға толып жүрегі,  
Аурудай азып жүреді.  
Мұң шағарлық адам жок,  
Өлең айтып зарланып,  
Тең құрбыдан арланып,  
Қолдан келер амал жок.

Загипаның касірет-зары Абайға жетеді. Ақын былай деп жазады:

Болса да Абай әлі жас,  
Үлгі айтып елге болған бас,

Тұзулік жолды жақтаған.  
Загипаның зар үнін,  
Зарлауда өткен тар күнін,  
Абайға біреу даттаған.  
Абайдың ары оянып,  
Құтқаруды ойланып,  
Шақыртып алды Әбдіні.  
— Қызыңды берме жылатып,  
Тұрмаған соң ұнатып,  
Теңім демей малдыны.  
— Төлеген малын қайтып бер,  
Үқтәрып мәнін айтып бер.  
Зағипа оған бармайды.

Әбді Абайдың ақылын алмайды, айтқанына көнбейді, қайта өзіне қарсы шығып, өктемдік көрсетеді.

Сөйтіп, уақыға барған сайын шиеленіспіп, ұзақ таластартысқа, дау-дамайға айналады. Абай алған бетінен қайтпай, Загипаны зорлықтан құтқарып, бас бостандығын алып бергенге дейін, барын салып, ақырына дейін аянбай алышады.

Қарт ақын Әрхам, өзінің дастанында, өмірде болған шын уақығаны бұлжытпай баяндап, шама-шарқынша суреттеп берген.

...Асырып айтып мактамай,  
Шындығын жаздым тарихтың,  
Алтынын жезге алмаған.  
Қамқасын бөзге салмаған,  
Жайыш жаздым халықтың.  
Бұдан бұрын жетпіс жыл  
Откен істі етіп жыр  
Тартым жастың алдында...  
Жастар берер бағасын,  
Кімнің ақ, кімнің қарасын,  
Өздерің сынға салындар.  
Келгені осы-ақ шамамның,  
Бұрынғы откен заманның  
Хал-жайын естіп қалындар, —

деп, ақын дастанын аяқтайды.

Дастан жеке кітап бол 1961 жылы басылып шықты.

Әрхам Кәкітая ұлының, ақын ретінде, қалдырган бірден-бір мұрасы — “Загипа” дастаны.

Әрхаммен 1939 жылдан бастап таныс болып, Абай му-

зейінде бірге қызмет істедік. Өмір бойы қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Адамгершілігі зор, кішіпейіл, аса инабатты Әрхам жарықтықты жақсы көріп, құрметтеп – Әрхаш аға” дейтін едік.

Әрхам Кәкімтайұлы Ысқақов, 1963 жылы 83 жасында, өз елінде, туған жерінде қайтыс болды.

Әрхамның балаларынан қазіргі біз билетіндеріміз: қызы Мінаш, ұлы Азат, немересі Асылжан. Мінаш пен Азат жоғары дәрежелі білімі бар, бай тәжірибелі педагогтар.

Бұл үрпақтары, ақын бабаларының еңбектерін жинастырып, шамалары келгенше жұртшылық жүргегіне ұсынып жур. Ұлы Азат өз қаржысымен Аякөздегі орта мектептің жанынан жұбайы Қарлығаш Құлшықбекқызы Бидалинова екеуі Абай мұражайын ашып, игілікті іс тындырыған еді. Сол өзі түрган Аякөз қаласында 1996 жылы қайтыс болды. Ал, Мінаш ақын аталарының өмір тарихын зерттеп, еңбек жазып жур. Асылжан да атасының шығармаларын жинауға атсалысуда.

Әрхамның өмір тарихы өлі толық жазылған жоқ. Бұл жұмыспен Абай музейі және Мінаш, Балташ бастатқан үрпақтары шүғылдануы керек!

## **Мазмұны**

Абайдың ақын шәкірттері.....	5
<b>Ақылбай Абайұлы Құнанбаев.....</b>	<b>14</b>
“Дағыстан”.....	18
“Зұлыс”.....	36
Дағыстан ( <i>поэма</i> ).....	58
Зұлыс ( <i>поэма</i> ).....	74
Өлендері.....	81
Магауия өлгенде қызы Уәсилаға Ақылбайдың жазып берген жоқтауы.....	82
<b>Магауия Абайұлы Құнанбаев.....</b>	<b>84</b>
Магауианың поэмалары.....	96
“Медіғат – Қасым” поэмасы.....	98
“Еңлік – Кебек” поэмасы.....	124
Өлендері.....	133
Әбішке хат.....	135
Әбішке.....	136
Әбіш өлгенде.....	137
Медіғат-Қасым ( <i>поэма</i> ) .....	140
Еңлік-Кебек ( <i>поэма</i> ).....	161
<b>Турағұл Абайұлы Құнанбаев.....</b>	<b>171</b>
“Алаш партиясы”.....	175
Өлендері.....	179
Хат.....	179
Жауап хат.....	180
Әбішке (хат).....	182
“Челкаш”. Максим Горькийден ( <i>аударма</i> ).....	184
Әкем Абай туралы ( <i>естелік</i> ).....	198
<b>Кәкіттай Ыскакұлы Құнанбай иемересі.....</b>	<b>221</b>
“Қош, қарағым!” .....	230
Әбішке (хат).....	235
Әбішке.....	235
Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі.....	238

<b>Әубәкір ақын.....</b>	<b>248</b>
Билерге.....	253
Ғабидоллаға.....	253
Қайырбекке.....	254
Қайырбек пен келіні.....	254
Досмағамбетке.....	254
Қыз бен өзі.....	255
Бұркітімен айтысы.....	256
Имашқа.....	258
Жакеге.....	258
Етембай байға.....	258
Өтірікшілерге.....	259
Өзіне.....	259
Көпераатив.....	260
Бір адамға.....	262
Өзі туралы.....	263
 <b>Шаһкәрім.....</b>	 267
<b>Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов.....</b>	<b>317</b>

Баспа директоры Дидахмет Әшімханұлы

*ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ*

*III том*

*Шығармалары*

Редакторы *P. Райбаева*

Техникалық редакторы *A. Тілеукеева*

Суретші *Ж. Айдос*

Корректоры *Л. Саяқызы*

Беттеген *Д. Дидахметұлы*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық кітапханасы  
Сыйлық дана

Теруге 17.09.2005 ж. берілді. Басуға 1.12.2005 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/32. Қаріп түрі «Times Kaz». Шартты баспа  
табағы 17.2 б. Есептік баспа табағы 19.0. Таралымы 2000.  
Тапсырыс № 1455

“Алаш” баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.  
Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90,  
E-mail: rpik-dauir\_81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru